
HALYK BANK

100 Halyk

Жылдық есеп
2022

ЭКОЖҮЙЕЛЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ



1


Мазмұны

МАЗМҰНЫ

1.	Глоссарий	3
2.	Halyk Bank-ке қысқаша шолу	5
3.	Бизнес-үлгі	8
4.	Директорлар кеңесі Төрағасының сөзі	11
5.	Басқарма Төрағасының сөзі	14
6.	Директорлар кеңесі	18
7.	Басқарма	22
8.	Негізгі оқиғалар	27
9.	Марапаттар	31
10.	Қазақстан Республикасының макроэкономикасына және банктік секторына шолу	33
11.	Қаржылық қызметтің нәтижелеріне шолу	40
12.	Қызметтің негізгі бағыттарына шолу	43
13.	Тәуекелдерді басқару	55
14.	Корпоративтік басқару туралы есеп	61
15.	Әлеуметтік есеп	78
16.	Жауапкершілік туралы мәлімдеме	88
17.	Даму перспективалары	90
18.	2022 жылғы аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік (Тәуелсіз аудиторлар есебін қоса алғанда), 2022 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер	93
19.	Акционерлерге арналған ақпарат	204

1

Глоссарий



1

Глоссарий

ГЛОССАРИЙ

«Altyn Bank» АҚ	«Altyn Bank» АҚ (China Citic Bank Corporation Ltd ЕБ)
«БЖЗҚ» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ
ҚНРДА	Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
ЕДБ	Екінші деңгейдегі банк
АЖЖЖ	Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы
«Halyk» тобы, Топ	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ компаниялар тобы
ІАД	Ішкі аудит департаменті
Бизнестің жол картасы-2025	«Бизнестің жол картасы-2025» кәсіпкерлікті қолдау мен бизнесті дамытудың бірыңғай бағдарламасы
АҚ	Ақпараттық қауіпсіздік
АЖ	Ақпараттық жүйе
АТ	Ақпараттық технологиялар
КБ	Корпоративтік бизнес
КД	Банктің Коммерциялық дирекциясы
ФКК	Филиалдың кредиттік комитеті
ФЖКК	Филиал желісінің кредиттік комитеті
АПКОМ	Активтер мен пассивтерді басқару комитеті
ШБ	Шағын бизнес
ФШКК	Облыстық/өңірлік филиалдың шағын кредиттік комитеті
ШОБ	Шағын және орта бизнес
Halyk Bank, Банк	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ

ҚРҰБ	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
ҰКП	Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
ҰҚ	Қазақстан Республикасының Ұлттық Қоры
ОПЕРБ	Операциялық басқарма
КАБҰ	«Халық Актив» ЖШС, «КУСА Халық» ЖШС
ОФ/ӨФ	Облыстық филиал / Өңірлік филиал
ҚКЗ/ТҚ	Заңсыз жолмен алынған кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл
ББ	Бөлшек бизнес
ҚР	Қазақстан Республикасы
БКК	Бас банктің Бөлшек кредиттік комитеті
ЕККҚ	Есептік-кассалық қызмет көрсету
ОБ	Орта бизнес
ҚОЖ	Қашықтан оқыту жүйесі
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
ШОКС	Шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі
«Даму» қоры	«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
ШҚО	Шешімдерді қабылдау орталығы
GDR	Global Depositary Receipt / Жаһандық депозитарлық қолхат
KASE	Қазақстан қор биржасы

2

Halyk Bank қысқаша шолу



ЭКОЖҮЙЕЛЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

2

Halyk Bank
қысқаша шолу

HALYK BANK ҚЫСҚАША ШОЛУ

Шоғырландырылған негізде қызметтің қаржылық көрсеткіштері

Көрсеткіш	01.01.2023		01.01.2022	
	млн. теңге	млн. АҚШ долл.*	млн. теңге	млн. АҚШ долл.*
Клиенттерге берілетін заемдар	7 857 902	16 985	5 872 228	13 604
Активтер жиыны	14 311 372	30 933	12 091 370	28 011
Клиенттердің қаражаты	10 487 615	22 669	8 473 407	19 629
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	462 817	1 000	499 812	1 158
Кредиттік мекемелердің қаражаты	878 665	1899	1 071 642	2 483
Меншікті капитал жиыны	1 911 234	4131	1 573 604	3 645

Көрсеткіш	2022		2021	
	млн. теңге	млн. АҚШ долл.*	млн. теңге	млн. АҚШ долл.*
Таза пайыздық кіріс	563 421	1 224	517 077	1 214
Қызметтер мен комиссиялар бойынша кіріс	180 066	391	138 389	325
Операциялық шығыстар (қаржылық емес активтердің құнсыздануынан залалдарды есепке алғанда)	(198 022)	(430)	(181 281)	(426)
Таза кіріс	553 752	1 203	462 378	1 085

Көрсеткіш	2022	2021
Орташа меншікті капиталға қайтарым	31,7%	29,7%
Орташа активтерге қайтарым	4,1%	4,2%
Таза пайыздық маржа	5,6%	5,2%
Операциялық шығыстар / операциялық кірістер	19,0%	24,1%
Операциялық шығыстар / активтер	1,5%	1,6%
Негізгі капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (CET)	18,2%	19,3%
Бірінші деңгейдегі капитал жеткіліктілігінің коэффициенті	18,2%	19,3%
Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті	18,6%	19,9%

Клиенттер/шоттар саны

Көрсеткіш	01.01.2023	01.01.2022
Бөлшек бизнес клиенттері (белсенді), мың	9,852	9,025
ЕККҚ-дағы ШОБ-тың белсенді клиенттері, мың	310.7	246.2
Белсенді корпоративтік клиенттер, мың	2.3	1.9
Төлем карталары, мың дана	17,456	15,501
Бөлшек кредиттер, мың дана	2,181	1,640
Ипотекалық кредиттер, мың дана	43	29
Өзге тұтынушылық кепілді және кепілсіз кредиттер, мың дана	2,138	1,611
Интернет-банкингті пайдаланушылар саны, мың - жеке тұлғалар - заңды тұлғалар	 9,416 418	 7,999 273

* Тиісті күнге ҚРҰБ ресми бағамы бойынша аударғанда.

** Тиісті кезең үшін ҚРҰБ орташа ресми бағамы бойынша аударғанда.

2

Halyk Bank
қысқаша шолу

Тарау желісі

Halyk Bank	572 қызмет көрсету орны, оған қоса:
	• 24 облыстық және өңірлік фили
	• 120 аудандық басқарма
	• 328 дербес сервис орталығы (ДСО)
	• 3 VIP-сервис орталығы
	• 49 банктік қызмет көрсету орталығы (БҚКО)
	• 15 есептік-кассалық бөлімше (ЕКБ)
	• 33 бизнес орталығы (ЗТ қызмет көрсету)
	4 580 банкомат
	275 812 POS-терминал
	944 төлем терминалы
«Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ	18 филиал, 100 астам сауда орны
«Халық-Life» АҚ	20 филиал, және 7 өкілдік
«Halyk Finance» АҚ	1 филиал
«Halyk Инкассация» ЖШС	20 филиал, 34 бөлімше
«Халық Банк Қырғызстан» ААҚ	10 филиал, 13 жинақ кассасы, 17 көшпелі касса
«Халық Банк Грузия» АҚ	8 филиал
«Tenge Bank» АКБ	17 филиал (5 БҚО және 12 БСО), 7 әмбебап касса
«Қазтелепорт» АҚ	Өзбекстан Республикасында 1 еншілес ұйым
«Халық Актив» ЖШС	Ресей Федерациясында 1 филиал
«КУСА Халық» ЖШС	Ресей Федерациясында 1 филиал

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Halyk» тобы толық жұмыспен қамтылу баламасындағы саны 16 325 қызметкерді құрады.



Осы жылдық есепті жариялау күніндегі жағдай бойынша:

- Halyk Bank-тің «Altyn Bank» (China Citic Bank Corporation Ltd ЕБ) АҚ-тың акционерлік капиталына қатысу үлесі 40%-ды құрайды;
- Halyk Bank-тің «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС-ның капиталына қатысу үлесі 38,8%-ды құрайды.

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың орналастырылған жай акцияларының (бұдан әрі – акция) кемінде 5%-на иеленетін «Halyk» тобының акционерлері туралы мәліметтер[1]:

Атауы	Иеліктегі акциялардың жиыны, дана Иелігіндегі акциялардың жиыны, дана	Иеліктегі акциялардың жиыны айналымдағы акциялар жиынының %-ы түрінде
Жарияланған акциялардың барлығы	25 000 000 000	-
«АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ	7 583 538 228	69,7%
ЖДҚ ұстаушылары (ISIN: US46627J3023/US46627J2033)	3 090 660 400	28,4%
Басқалары	209 669 751	1,9%
Айналымдағы акциялардың барлығы	10 883 868 379	100,0%
Банк құнын өтеп сатып алған акциялар	(2 539 270 930)	-
Топ компаниялары ұстап тұрған акциялар	(24 405 473)	-
Орналастырылған акциялардың барлығы	13 447 544 782	-
Еркін айналымдағы акциялардың барлығы (KASE-нің листингтік ережелеріне сәйкес)	3 324 710 994	-
Акцияның нарықтық бағасы, теңге *	131,00	-
Жаһандық депозитарлық қолхаттардың (GDR) нарықтық бағасы, теңге / АҚШ доллары**	4 840,06 / 10,40	-
Рыночная цена Глобальных депозитарных расписок (GDR), тенге / доллар США**		


* 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша KASE айқындайтын және KASE-нің интернет сайтында (www.kase.kz) жариялайтын акцияның нарықтық бағасы.
** Лондон қор биржасының (LSE) мәліметтері бойынша 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Жаһандық депозитарлық қолхаттардың (GDR) нарықтық бағасы.

«АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акцияларының бақылау пакетін иеленетін холдингтік компания болып табылады.

[1]Банктің жай акциялары 1998 жылы Қазақстан Қор Биржасының ресми тізіміне енгізілді, Банктің жай акциялары 2006 жылы Лондон Қор Биржасының ресми тізіміне жаһандық депозитарлық қолхаттар нысанында енгізілді, Банктің жай акциялары 2019 жылы Astana International Exchange ресми тізіміне енгізілді.

3

Бизнес-үлгі



ЭКОЖҮЙЕЛЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

3

Бизнес-үлгі

БИЗНЕС-ҮЛГІ

Жаңа макроэкономикалық сын-қатерлер жағдайындағы сенімді қаржылық жағдай

- Макротәуекелдерге төзімді бизнес-үлгі (2012-2022 жж. RoAE және Cost-to-Income орташа мәні 25,9% және 28,1%);
- капиталдандырудың жоғарғы деңгейі: негізгі капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (CET1) – 18,2%, бірінші деңгейдегі капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (Tier 1 capital) – 18,2%, меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (Total capital) – 18,6%;
- акционерлердің кірістілігін ұстап тұратын өтімділіктің жоғары деңгейі (2022 ж. үшін RoAE мәні 31,7%);
- өтімділіктің жоғары деңгейі: жалпы активтерге өтімді активтер – 32,1%, қолжетімді тұрақты қорландырудың талап етілетін тұрақты қорландыруға қатынасының коэффициенті (NSFR) – 1,57;
- қорландырудың жоғарғы сапалы базасы: кредиттер /депозиттер – 74,9 %;
- екінші деңгейдегі банктер арасында қорландырудың ең төмен мөлшерлемелерінің бірі;
- депозиттер міндеттемелердің жалпы сомасының 84,6 % құрайды, олардың 31,1 % нөлдік немесе төмен мөлшерлемесі бар ағымдағы шоттарды білдіреді (нарықтағы ең жоғары көрсеткіш);
- төмен борыштық жүктеме – борыштық бағалы қағаздар міндеттемелердің жалпы сомасының 3,7 % ғана құрайды. 2022 жылдың аяғында Банктің борыштық бағалы қағаздарына тек жергілікті нарықта шығарылған облигациялар кіреді;
- тиімді тәуекел-менеджмент, активтердің сапасын жақсарту бойынша тұрақты жұмыс: жұмыс істемейтін кредиттердің үлесі (мерзімі 90 күн және одан да көп) бір жыл ішінде – 2,6%-дан 2,6%-ға төмендеді, 3[2]-кезеңдегі заемдардың үлесі 8,6%-дан 7,5%-ға дейін төмендеді; резервтермен өтеу – 67,7%-ды құрады; тәуекел құнының көрсеткіші заңды тұлғалардың заемдары бойынша кредиттік залалдар бойынша шығыстардың неғұрлым қалыпқа келтірілген деңгейін және жеке тұлғалардың заемдары бойынша кредиттік залалдар бойынша шығыстардың неғұрлым жоғары деңгейін көрсете отырып 1,2% деңгейіне жетті;
- теңгерімді валюталық позиция – валюталық заемдардың үлесі тарихи төмен деңгейде тұр және заемдардың жалпы сомасының тек 17,0%-ын құрайды;
- табыстылықты қосымша қолдауды қамтамасыз ететін жоғары операциялық тиімділікті қолдау – 2022 жылы операциялық шығыстардың операциялық кірістерге арақатынасының көрсеткіші 19,0 % құрады;
- 2008-2009, 2015-2016 жылдары, коронавирустық пандемия дағдарысы кезінде, сондай-ақ 2022 жылы бұрын-соңды болмаған ішкі және аймақтық макрошок пен аймақтағы геосаяси шиеленісті ескере отырып, Банкті сәтті басқарған тәжірибелі менеджмент тобы;
- операциялық ортаның жаһандық және өңірлік нашарлауына қарамастан, халықаралық рейтингтік агенттіктер растаған шетелдік қатысусыз қазақстандық екінші деңгейдегі банктер арасындағы ең жоғары ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтер. Moody's Investor Services агенттігінің бағалауы бойынша Банктің рейтингі тәуелсіз деңгейде. 2022 жыл ішінде барлық үш рейтингтік агенттіктер Банктің болжамын «Тұрақты» деп растады.
  - Moody's Investor Services – Baa2 (тұрақты, 2022 ж. 12 сәуір);
  - Fitch Ratings – BBB- (тұрақты, 2022 ж. 10 сәуір);
  - Standard&Poor's – BB+ (тұрақты, 2022 ж. 26 мамыр).

Нарықтағы үстем позиция және жүйелік маңызы жоғары жетекші аймақтық қаржы институты

- ең ірі клиенттік базасы және сату арналарының желісі бар Қазақстанның жетекші әмбебап қаржы тобы: белсенді бөлшек бизнес клиенттерінің саны – 9,9 млн және корпоративтік блок пен ШОБ белсенді клиенттерінің саны 313 мың; Homebank бөлшек клиенттеріне арналған онлайн-банкинг клиенттерінің саны 9,4 млн және Onlinebank КБ және ШОБ клиенттеріне арналған онлайн-банкинг клиенттерінің саны 418 мың; ірі филиалдар желі – 572 қызмет көрсету орны. 4 580 банкомат (нарық үлесі – 37,0%), 275 812 POS-терминал (нарық үлесі – 33,8 %);
- Halyk Bank активтерінің көлемі (нарықтағы жиынтық үлесі 31,1 %), меншікті капиталдың мөлшері (36,1 %), таза пайда (34,7 %) көлемі бойынша Қазақстанда көшбасшы болып табылады; екінші деңгейдегі банктердің бөлшек депозиттер нарығында Halyk Bank үлесі 30,4 %, екінші деңгейдегі банктер арасында заңды тұлғалардың депозиттері нарығында үлесі – 35,5 %; брутто заемдары бойынша нарықтағы үлесі 33,3 %, нетто заемдары бойынша – 33,9 %, заңды тұлғаларға (КБ + ШОБ) кредит беру нарығында үлесі – 51,9 %, бөлшек кредит беру нарығында үлесі – 18,4% құрайды;
- Halyk Bank операциялық ортаны өзгерту арқылы ұсынылған мүмкіндікті сәтті пайдаланды және 2022 жылдың 2-тоқсанында бұрынғы «Сбербанк» АҚ ЕБ-нің әртараптандырылған кредиттік портфелінің бір бөлігін жақсы сапада 550 млрд теңгеге сатып алды.
- еліміздің ең ірі процессингтік банкі: 2022 жылы 41,9 трлн теңге сомаға бөлшек транзакциялар жүргізілді, бұл 2021 жылғы көрсеткіштен 31%-ға артық, ал 2020 жылға қарай өсім 75% құрады;
- еліміздің ең ірі транзакциялық банкі: 2022 жылы заңды тұлғалар 91 трлн теңге сомасына транзакциялар жүргізді, бұл 2021 жылғы көрсеткіштен 60%-ға және 2020 жылғы көрсеткіштен 2 есе артық;
- зейнетақы мен әлеуметтік төлемдерді төлеу бойынша ең ірі төлем агенті – 2.5 миллион клиент;
- кәсіпкерлер мен халықты қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламалардың белсенді қатысушысы – халықты және кәсіпкерлерді қолдаудың барлық мемлекеттік бағдарламаларына қатысу (ШОБ-қа жеңілдікпен кредит беру бағдарламасын қоса алғанда);

[2]СҚКҚ ескере отырып

3

Бизнес-үлгі

Цифрлық трансформацияның негізгі бағыттары бойынша маңызды прогресс

1. Цифрлық қызмет көрсету арналарын үздіксіз дамыту

- Homebank Қазақстандағы бөлшек бизнес клиенттері үшін жетекші интернет-банкинг платформаларының бірі болып табылады: 5,4 млн MAU (ай сайынғы белсенді пайдаланушылар) / 1,712,4 мың DAU (күнделікті белсенді пайдаланушылар) – жылдан жылға 28,6 %-ға өсім / жылдан жылға 27,4 %-ға өсім;
- КБ мен ШОБ клиенттері үшін Onlinebank – 417,5 мың онлайн-банкинг клиенті, қосымшаның Веб + мобильді нұсқасында 253,7 мың MAU (жылдан жылға өсім 62,2%).

— Homebank және Onlinebank-те клиенттерді онлайн тіркеу (ЖШС қоса алғанда);

— Бөлшек бизнес клиенттері үшін цифрлық заемдар және бөліп төлеуге берілетін заемдар;

— Заңды тұлғалар үшін (ЖШС қоса алғанда) цифрлық заемдар;

— Салық декларациясын Onlinebank арқылы тапсыру;

— Цифрлық банктік тендерлік кепілдіктер (жылдан жылға өсім 7,8 рет).

2. Елдегі ең кең ашық экожүйені дамыту

Цифрлық және экожүйелік банктік емес өнімдер мен сервистердің тұрақты дамуы:

- Halyk Market интернетінде сауда жасау үшін технологиялық шешім – 23,5 млрд теңге GMV, серіктестер саны – 2 385 (2021 жылдың соңында 673 серіктес) және 495,8 мың SKUs (2021 жылдың соңында 175 мың SKUs);
- 2022 жылдың 2-тоқсанында Банк Halyk Homebank-қа біріктірілген Halyk Invest инновациялық брокерлік қызметін іске қосты. Бұл қызметтің негізгі мақсатты клиенттері – кең ауқымды бөлшек сауда инвесторлары. Бұл ретте, Банк 2020 жылы іске қосылған және білікті бөлшек сауда және институционалдық инвесторларға бағытталған өзінің бұрынғы Halyk Finance брокерлік сервисін дамытуды жалғастыруда. 2022 жылдың 2-тоқсанынан 2022 жылдың 4-тоқсанын қоса алғанға дейінгі кезеңде Halyk Invest және Halyk Finance клиенттерінің жиынтық саны 389,4 мың клиентті құрады (өсім 4,8 есе). Halyk Invest-тің елдегі ашық брокерлік шоттардың жалпы санындағы үлесі 2022 жылы 34 % құрады. 2022 жылғы 4-тоқсанда «ҚазМұнайГаз» АҚ акцияларының бастапқы жария ұсынысы (IPO) шеңберінде Halyk Invest және Halyk Finance сервистеріндегі транзакциялардың жалпы көлемі 27,2 млрд теңгені құрады (2022 жылдың 2-тоқсанымен салыстырғанда 4,6 есе өсті). «ҚазМұнайГаз» АҚ IPO жалпы көлемінің 34%-ы біздің Банктің брокерлік инфрақұрылымы арқылы өтті;
- әуе-, т/ж билеттерін және қонақүйлерді онлайн брондау қызметтерін іздеуге, салыстыруға және сатып алуға арналған Halyk Travel қосымшасы – 291 мың билет сатылды (жылдан жылға өсім 4,7 есе);
- Kino.kz пайдаланушылары ойын-сауықтың барлық түрлеріне билеттерді таба алатын және ала алатын сервис – 2,6 млн MAU (2021 жылдың аяғында 1,6 млн MAU);
- онлайн автосақтандыру – 2,3 млрд теңге GMV (жылдан жылға өсім 8,7%), ал полистер саны 218 мың, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 13%-ға артық.
- Онлайн мемлекеттік қызметтер Банкте ЕДБ арасында мемлекеттік онлайн-қызметтердің ең көп саны бар – 2022 жылдың аяғында клиенттер үшін 35 мемлекеттік қызмет (жақын бәсекелесте 24). 2022 жылы мемлекеттік қызметтерді 10 млн рет пайдаланды.

3. Халықаралық экспансия аясында Өзбекстанға стратегиялық назар аудару

- Топтың тиімділігін арттыру үшін Тәжікстан мен Ресейдегі еншілес банктерді сату.
- Тенге Банк еншілес банкінің табысты дамуы және Халық банкінің балансынан Өзбекстандағы қазақстандық бизнестің саудасы мен трансшекаралық экспансиясын қолдаудағы жан-жақты тәсіл.

ESG үздік тәжірибелерін сақтау

- 2020 жылдан бастап Halyk Bank Банктің экологиялық, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару саласындағы қызметінің негізгі аспектілерін ашатын GRI халықаралық стандарттарына сәйкес Орнықты даму туралы есепті жариялайды.
- 2022-2024 жылдарға арналған Топтың бекітілген стратегиясы шеңберінде біз БҰҰ-ның орнықты дамуының 17 мақсатының ішінен Банкке сәйкес келетін 11 ОДМ таңдап, орнықты даму саласындағы стратегиялық басымдықтарды алғаш рет айқындадық.
- Жанама әсері бөлігінде күн тәртібін іске асыру үшін Halyk Bank:


  - халықаралық консалтингтік компанияны тартты;

  - ESG-ді тәуекел менеджменті жүйесіне біріктіруге кірісті;

  - жауапты қаржыландыру қағидаттарын енгізу бойынша жұмысты бастады.
- Halyk Bank БҰҰ-ның жаһандық шартына қосылған Қазақстандағы алғашқы банк болды.
- Halyk Bank Task Force on Climate-related Financial Disclosures (TCFD) ұсынымдарына сәйкес ашу мүмкіндігін қарастырады.

4

Директорлар кеңесінің Төрағасы сөзі



4

Директорлар кеңесінің Төрағасы сөзі

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ А.С. ПАВЛОВТЫҢ СӨЗІ

Құрметті акционерлер, клиенттер мен серіктестер!

2022 жылы пандемиядан әрең айығып, әлем турбуленттіліктің жаңа саласына енді. Covid-19 салдарымен күресудегі халықаралық күш-жігер ұлттық экономикаларда жаңа теңгерімсіздіктердің жинақталуына әкелді. Олардың ең бастысы жаһандық ауқымда шикізат пен азық-түлік бағасының рекордтық өсуі болды. Инфляциямен күрес, өз кезегінде, ақша-несие саясатының кезең-кезеңімен қатаңдатылуына әкелді және АҚШ, Еуропа және ТМД елдерінде экономикалық өсудің баяулауына әкелді. Ресей мен Украина арасындағы қарулы қақтығыс, Ресей мен Иранға қарсы батыстық санкциялардың жаңа блогы, сондай-ақ ҚХР-дағы коронавирусқа «нөлдік төзімділік» саясаты әлемдегі экономикалық және геосаяси жағдайды тұрақсыздандыруға айтарлықтай үлес қосты.

Қазақстан экономикасының жаһандық макроэкономикалық процестерге тартылуы елдің энергия ресурстарын сатуға және тұтыну және азық-түлік тауарларының импортына тәуелділігімен бірге 2022 жылдың қорытындысы бойынша ұлттық ЖІӨ өсімінің 3,2%-ға дейін баяулауына әкелді. Қазақстанның экономикалық нәтижелеріне АҚШ-тағы жоғары ставкалар саясатына байланысты дамушы нарықтардан өтімділіктің кетуі, Каспий құбыр консорциумы арқылы қазақстандық мұнайды жеткізудегі іркілістер, сондай-ақ инфляцияға қарсы күрес шеңберінде елдегі ақша-кредит жағдайларын айтарлықтай қатаңдату қосымша қысым көрсетті. Жыл ішінде Ұлттық банк базалық мөлшерлемені кезең-кезеңімен жылдық 9,75%-дан 16,75%-ға дейін көтерді, бұл елдегі тұтыну және кәсіпкерлік белсенділікті салқындатуға және жыл қорытындысы бойынша бағаның өсуін 20,3%-ға дейін бәсеңдетуге көмектесті.

2022 жыл ішінде Қазақстандағы іскерлік белсенділіктің жалпы құлдырауына қарамастан, Halyk тобы мемлекеттің аса маңызды қаржылық инфрақұрылымы ретінде өзінің стратегиялық бастамаларын іске асыруды жалғастырды. Жыл қорытындысы бойынша Halyk тобының активтері 14,3 трлн теңгеден асып, еліміздің қаржы нарығындағы біздің көшбасшылығымызды нығайтты. Бұл ретте Halyk Bank тобы несие портфелін 8,1 трлн теңгеге дейін ұлғайтты және осылайша экономиканың нақты секторын кредиттеудің басты коммерциялық арнасы атағын тағы да растады. Банктің заңды тұлғаларының қарыз портфелі бір жыл ішінде 24,3%-ға өсіп, 5,2 трлн теңгеге жетті, бұл нарықтың 52%-н құрайды. Бұл ретте осы портфельдегі ірі бизнестің үлесі 80%-ға жуық, ал Halyk Bank клиенттері Қазақстанның ірі компаниялары арасында да осындай үлеске ие.

Halyk тобының бизнесінің тиімділігін арттыру бойынша жұмыс шеңберінде 2022 жылы Halyk Bank-тің екі еншілес ұйымының инвестициялық банкинг командалары біріктірілді. Бұл ретте клиенттер портфелі «Halyk Global Markets» АҚ-тан жетекші инвестициялық банк «Halyk Finance» АҚ-қа өтті. Бұл қадам бізге ресурстардың шоғырлануын арттыруға, бизнес-процестерді оңтайландыруға, бағалы қағаздар нарығындағы ең жақсы екі команданың кәсіби тәжірибесін тиімдірек пайдалануға және нәтижесінде көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға мүмкіндік берді.



4

Директорлар кеңесінің Төрағасы сөзі

Halyk тобының бизнес құрылымындағы тағы бір үлкен өзгеріс Ресей мен Тәжікстан нарықтарынан шығу болды. Бизнестің ең перспективалы бағыттарын дамытуға ұмтыла отырып, біз өз ресурстарымыз бен күш-жігерімізді одан әрі өсу әлеуеті зор жоғары тиімді және табысты жобаларға шоғырландыруды шештік. Сондықтан, 2022 жылғы қарашада Halyk Bank «Халық Банк Тәжікстан» ЖАҚ акцияларының 100%-н сату туралы мәміле жасады. 2022 жылдың желтоқсанында Halyk Bank өзінің еншілес «Москоммерцбанк» КБ АҚ-тың 100% акциясын сатты.

Сонымен қатар, Halyk тобы Орталық Азиядағы – Өзбекстандағы ең перспективалы нарықтардың бірінде қызметін жандандырды. Көршілес мемлекеттегі экономикалық және саяси реформалардың нәтижелерін жоғары бағалай отырып, Halyk тобы соңғы үш жылда Tenge Bank еншілес АКБ-ны капиталдандыруды және қорландыруды және жергілікті компанияларды қаржыландыруды қоса алғанда, Өзбекстан экономикасына 500 миллион АҚШ долларынан астам инвестиция салды. Halyk тобының Өзбекстан экономикасына қосқан елеулі үлесін растау үшін ел басшылығы 2022 жылы Halyk Bank Басқарма Төрағасын шетелдік инвесторлар кеңесіне қосты. Біз Топтың Өзбекстанның банк секторын дамытуға одан әрі қатысуы перспективалық жобаларды одан әрі қаржыландыруды қоса алғанда, банк жүйелері мен мобильді қосымшаларды дамыту арқылы мемлекеттік органдар мен банктердің мүмкіндіктерін кеңейтеді деп жоспарлап отырмыз.

2022 жылы Банкті корпоративтік басқару кодексіне оған орнықты даму қағидаттарын имплементациялау және орнықты даму мақсаттарын іске асыруға бағытталған Директорлар кеңесі мен Басқарманың функционалдық міндеттерін кеңейту бөлігінде өзгерістер енгізілді. Сондай-ақ, Директорлар кеңесі 2022-2024 жылдарға арналған Орнықты даму қағидаттары мен мақсаттарын енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарының іске асырылуына мониторингті қамтамасыз ету және ESG күн тәртібін іске асыруға байланысты жобаларға тарту мақсатында Әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетті Орнықты даму комитетіне айналдыру туралы шешім қабылдады.

Halyk Bank-тің өнім желісін цифрландыруға және Government Technology сервистерін дамытуға, шағын және орта бизнесті қолдауға және ESG қағидаттарын ұстануға бағытталған жеке бизнес-стратегиясын іске асырудағы табыстары өткен жылы беделді халықаралық сарапшылардан жоғары баға алды. Asiamoney журналының 2022 жылы Қазақстандағы үздік банк атағына арналған жыл сайынғы конкурсының нәтижелері бойынша басылым Halyk Bank-ті бірден үш номинацияда – «Үздік инвестициялық банк», «ESG саласындағы үздік банк» және «Әртараптандыру және инклюзивтілік саласындағы үздік банк» жеңімпаз деп атады. SME Banking ақпараттық-талдау агенттігінің сарапшылары Halyk Bank-тің экожүйесін бизнес үшін ең үздіктердің бірі деп таныды және осыған ұқсас жоғары рейтингтерге Halyk-тың бизнеске арналған мобильді банкі мен Onlinebank қосымшасы ие болды. Global Finance журналы Halyk Bank-ті екінші жыл қатарынан 2023 жылы Қазақстандағы ШОБ үшін үздік банк деп таныды.

Қазақстанның ең ірі қаржы тобы бола отырып, біз Halyk тобының жетістіктері мен табыстары біздің көптеген клиенттеріміз, акционерлеріміз, серіктестеріміз, мемлекетіміз және бүкіл қазақстандық қоғам тарапынан сенімсіз, қолдаусыз және ынтымақтастықсыз мүмкін болмайтыны туралы өзімізге есеп береміз. Сонымен қатар, көшбасшыдан бейбіт заманда да, сондай-ақ қиын кезеңдерде де үлкен күш-жігерді, ел өміріне араласуын баршаның күтетіні түсінікті. Сондықтан, Halyk тобы өзінің орасан зор әлеуметтік рөлін біле отырып, қоғамды, білім беруді, мәдениетті және спортты дамытуға бағытталған жобаларды қаржыландыруға бастамашылық етеді, қолдайды және қатысады. Тек соңғы екі жылда Halyk Bank Halyk жеке қайырымдылық қорымен бірлесіп, осы мақсаттарға 50 млрд теңгеден астам қаржы бөлді.

Қиындық біздің ортақ үйге келгенде – Halyk тобы алғашқылардың бірі болып зардап шеккендер мен мұқтаж адамдарға көмек пен қолдау көрсетеді, қалыпты өмірге оралуы үшін қаражат жолдайды. Бұл Арыс қаласындағы жарылыстардан кейін болды, оны қалпына келтіруге Halyk Bank 1,1 млрд теңгеден астам қаражат аударды. Пандемия кезінде біз азық-түлік, медициналық жабдықтар мен дәрі-дәрмектерді сатып алуға көмектестік. 2022 жылы қаңтар айындағы қайғылы оқиғадан кейін біз қаза тапқан әскери қызметшілер мен полицейлердің несиелері бойынша берешектерін есептен шығардық, зардап шеккен кәсіпкерлер мен қаза тапқан әскери қызметкерлердің отбасыларына материалдық көмек көрсеттік. Қостанайдағы өрттен зардап шеккендерге де осындай көмек көрсетілді.

2023 жылы Halyk Bank-ке жүз жыл. Осы атаулы датаның құрметіне біз «100 игі іс» қайырымдылық марафонын ұйымдастырамыз, оның шеңберінде бүкіл Қазақстан бойынша ондаған мәдени, әлеуметтік және спорттық іс-шаралар өткізілетін болады. Бұл ауқымды игі істер эстафетасы – отандастарымызға сенім мен қолдау көрсетіп жүргендері үшін алғыс айту, қоғамымыздың өмірін қызықты, көңілді және бақытты ету тәсілі.

Ғасырлық тарихы, алып инфрақұрылымы және ең ауқымды клиенттік базасы бар қаржы институты ең табысты болса да, жай ғана банк болып қала алмайтынына терең сенімдімін. Біз Қазақстан халқының арқасында биіктерге жеттік және елімізге гүлденген және бақытты қоғам құруға көмектесуді өз міндетіміз деп санаймыз.

5

Басқарма Төрағасы сөзі



5

Басқарма
Төрағасы сөзі

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ Ү.Б. ШАЯХМЕТОВАНЫҢ СӨЗІ

ҚҰРМЕТТІ ХАНЫМДАР МЕН МЫРЗАЛАР!
ҚҰРМЕТТІ КЛИЕНТТЕР, СЕРІКТЕСТЕР, АКЦИОНЕРЛЕР!

Өткен жыл жаһандық ауқымда да, біздің еліміз үшін де өте күрделі және оқиғаларға толы болды. Оның басынан бастап біз бұрын-соңды болмаған қиындықтарға тап болдық, олардың бастысы қаңтардағы қайғылы оқиғалар, Ресей мен Украина арасындағы әскери қақтығыс, көптеген елдерде инфляцияның рекордтық өсуі, сондай-ақ Шығыс пен Батыс арасындағы геосаяси шиеленістің күшеюі болды. Егер «қара аққулардың» бірқатар салдары ұлттық экономиканың «әл – ауқатына» оң әсер етсе – энергия тасымалдаушыларға әлемдік бағаның өсуі және Қазақстанға ондаған ресейлік және халықаралық кәсіпорындардың орналасуы түрінде болса, қалғандары шок тудырып, біздің саяси жүйеміз бен бизнесіміздің беріктігіне жаңа тексеруді шарттады.

Бақытымызға орай, тәуелсіздік жылдарында біздің еліміз ортақ проблемалар алдында мемлекет пен бизнестің күш-жігерін біріктіру арқылы түрлі дағдарыстарды еңсерудің әмбебап және пәрменді тетігін әзірлеуге қол жеткізді. Қазақстандағы қаңтар оқиғалары кезінде коммерциялық банктер, қызмет көрсету саласындағы көптеген басқа кәсіпорындар, өкінішке орай, ондаған филиалдар мен банкоматтарға және бірқатар қалаларға қатысты вандализм көріністерімен бетпе-бет келді, байланыс болмағандықтан, сондай-ақ өз клиенттері мен қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін де жұмысты уақытша тоқтатуға мәжбүр болды. Halyk өзінің жүйе құраушы рөлін мойындай отырып, мемлекет пен қоғамға тәртіпсіздіктерден кейін мүмкіндігінше тезірек қалыпты жағдайға оралу үшін көмек көрсетуді алғашқылардың бірі болып ұсынды.

ҚР ЦДИАӨМ және «Қазақтелеком» АҚ-пен бірлесіп біз Банктің эквайринггтік жүйелерін және Halyk Homebank және Onlinebank мобильді қосымшаларын интернетсіз жұмысқа жедел ауыстырдық. Бұл ретте біздің клиенттер төлем қызметтерін қайтадан пайдаланып қана қоймай, қосымша қолдау факторына айналған қосымшалардан жаңа жаңалықтар ала алды. Басқа банктердің әріптестеріне біз олардың бөлімшелері мен банкоматтарына қолма-қол ақша инкассациясын ретке келтіруге көмектестік. Біз өз қарыз алушыларымызға төтенше жағдай кезінде несие бойынша төлемді кейінге қалдырдық, ал борышты орындау кезінде қаза тапқан әскери қызметшілер мен полицейлерге қарыздарын толығымен есептен шығардық және олардың отбасыларына 5 млн теңгеден бөлдік. Бұған қоса, Halyk «Қазақстан Халқына» қорына 3 млрд теңге және Алматы қаласындағы зардап шеккен микро- және шағын кәсіпкерлерге қираған нысандарды қалпына келтіруге 500 млн теңге аударды.

Мемлекет пен бизнестің тығыз байланысында дағдарысқа қарсы әрекет етудің бұл мысалы басқа да өзекті мәселелерді шешуде өзінің тиімділігін дәлелдеді. Үкіметтің, ҚР Ұлттық Банкінің, даму институттарының, жергілікті атқарушы билік органдарының және тауар өндірушілердің бірлескен күш-жігерімен Қазақстан



5

Басқарма
Төрағасы сөзі

ел ішінде бағаның өсуін тежеу жөніндегі шаралар кешенін іске асыра алды және жыл қорытындысы бойынша инфляцияны 20,3%-ға дейін бәсеңдетуге қол жеткізді. Бұл жұмыста монетарлық реттеушінің контрциклдік шаралары, мемлекеттің тауар өндірушілер мен сауда желілерін айналым схемасы бойынша қаржыландыруға көшуі, ШОБ-ты қайта реттеу және жеңілдікпен кредиттеу, монополиясыздандыру және көлеңкелі экономикаға қарсы күрес, салық және бюджет саясатын жетілдіру, сондай-ақ мемлекеттің экономикаға қатысуын қысқарту және шетелдік инвестицияларды тарту үлкен көмек болды. Билік пен бизнестің мұндай бірлескен іс-қимылдары қолайсыз факторлардың салдарын едәуір теңестіруге және экономиканың 3,2%-ға өсуімен жылды аяқтауға мүмкіндік берді.

Объективті қиындықтар мен қолайсыз факторлардың ықпалына қарамастан, Қазақстанның банк секторы өткен жылы қызметтің негізгі бағыттары бойынша әсерлі нәтижелерге қол жеткізді. Ақша-кредит шарттарының айтарлықтай қатаңдатылуына (базалық мөлшерлеме жыл ішінде 9,75%-дан 16,75%-ға дейін өсті) және тәуекелсіз МБҚ-ның жоғары кірістілігіне қарамастан, банктер кредиттік белсенділіктің жинақталған қарқынын сақтап қалды және жиынтық кредиттік портфельдің (негізгі борыштың) 20,1%-ға өсуін қамтамасыз ете отырып, 24,2 трлн теңге жаңа қарыздар бере алды. Сонымен қатар, оның жүйелік деңгейдегі сапасы өзгерген жоқ: NPL үлесі небәрі 0,1 пайыздық тармаққа өсті. Сектордың пайыздық маржасының 5,75%-ға дейін өсуі, активтер кірістілігінің қорландыру құнынан асып кетуіне байланысты, өз кезегінде банктердің таза табысының 13,7%-ға және олардың капитал деңгейінің 15,3%-ға өсуіне қол жеткізуге мүмкіндік берді. Корпоративтік клиенттердің салымдарының 17,6%-ға және жеке тұлғалардың 26,3%-ға өсуі банктерге экономикадағы тұтынушылық және инвестициялық сұранысты қолдауға және қазақстандық кәсіпорындардың іскерлік белсенділігін ынталандыруға мүмкіндік берді.

2022 жылы АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы енгізген бірқатар ресейлік банктерге қарсы санкциялар қазақстандық банк нарығында шоғырланудың өсуінің көпжылдық үрдісін күшейтті. Ірі ресейлік банктердің еншілес ұйымдары күрделі мәселелерге тап болды және меншік иелерінің құрылымын өзгертуге, кредит портфельдерін сатуға, активтерді, депозиттерді және валюталық келісімшарттарды қайта бөлуге мәжбүр болды.

Мемлекетке қаржы нарығындағы жағдайды тұрақтандыруға көмектесу үшін Halyk Bank 2022 жылғы сәуірде Ресей Сбербанкінің бұрынғы еншілес ұйымымен (қазір Bereke Bank) 336 млрд теңгеден астам сомаға бөлшек несие портфелінің сапалы үлесін сатып алып, мәміле жасасты. Бұл пакетке ҚДБ-дан жеңілдікті кредиттеу бағдарламасы бойынша қарыздар бойынша, сондай-ақ кепілсіз және ипотекалық кредиттер және шұғыл қажеттіліктерге арналған қарыздар бойынша талаптар кірді. Сондай-ақ, Halyk осы ұйымнан 8 мыңға жуық ШОБ кәсіпорындарының сапалы қарыздары бойынша талаптарды сатып алды. Мәміле шеңберінде Halyk Bank-ке 213 млрд теңгеден астам сомаға сапалы коммерциялық портфельдің бір бөлігі және «Даму» қорының мемлекеттік бағдарламалары бойынша берілген 4,9 млрд теңге сомаға кредиттердің үлесі көшті.

Halyk Bank өткен жылы сыртқы және ішкі күйзелістерге төзімділік сынағынан сәтті өтті, бұған үш жетекші халықаралық рейтингтік агенттіктердің бағалауы дәлел. S&P Global Ratings, Fitch Ratings және Moody's Investors Service Halyk Bank-ке бұрын берілген рейтингтерін тұрақты болжаммен растап, Банктің капиталдандыру, өтімділік және бизнестің рентабельділігі бойынша беріктік қорлары оның операциялық ортаның қолайсыз факторларына қатысты тұрақтылығын қамтамасыз ететінін атап өтті. Бұл ретте Halyk Bank рейтингтері қазақстандық банктер арасында ең жоғары рейтингтердің бірі болып қала береді.

Банктің активтері өткен жылы орташа нарықтық көрсеткішке 18,4%-ға тең өсім көрсетті және 2022 жылдың аяғында 14,3 трлн теңгені құрады. Осы кезеңде несие портфелі (брутто) 32,5%-ға өсті – бұл корпоративтік портфельдің 35,1%-ға өсуі және ШОБ және бөлшек сауда портфелінің тиісінше 23,8%-ға және 32,7%-ға ұлғаюы есебінен болды. Банктің жай акционерлеріне 2022 жылдың қорытындысы бойынша таза пайда 553,8 млрд теңгені құрады, бұл 2021 жылдың қаржылық нәтижесінен 19,8%-ға артық. Бұл несиелік бизнестің айтарлықтай кеңеюіне, соның ішінде валюталық операциялардан түскен таза кірістің және таза комиссиялық кірістің өсуіне байланысты. 2022 жылғы әсерлі қаржылық нәтиже өз кезегінде Банктің меншікті капиталын 21,5%-ға, 1,9 трлн теңгеге дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді, осылайша сыртқы ортаның жоғары құбылмалылығы жағдайында оның қосымша орнықтылығын қамтамасыз етті. Halyk Bank негізгі қаржылық көрсеткіштерінің екі таңбалы өсуі біз үшін өткен жыл бизнестің барлық бағыттарында өте табысты болғандығын айтуға мүмкіндік береді. Қазақстанның қаржы нарығында жүйелі маңызы бар аса ірі әмбебап қаржы институты бола отырып, Halyk Bank барлық клиенттік сегменттерде — корпоративтік бизнесте, ШОБ және бөлшек саудада белсенділікті арттырды және ұсынылатын сервистер спектрін едәуір кеңейте алды, клиенттердің тартылу дәрежесін арттыра алды және заңды және жеке тұлғалар арасында клиенттік базаны айтарлықтай арттыра алды.

Банк қызметін цифрландырудың ұзақ мерзімді трендін жалғастыра отырып, Halyk Bank 2022 жылы өзінің жеке және бизнес клиенттеріне қол жетімді және ыңғайлы жаңа өнімдер мен қызметтерді ұсына отырып, өзінің цифрлық экожүйесін жетілдіруді жалғастырды. Жеке тұлғаларға арналған Halyk Homebank мобильді қосымшасын пайдаланушылар Halyk Bank шотына зейнетақы мен жәрдемақы ресімдеуге, Өзбекстан азаматтарының карталарына ақша аударуға, сондай-ақ жеке инвестор ретінде әрекет етуге және «Қазмұнайгаз» компаниясының акцияларын сатып алуға мүмкіндік алды.

Бұл ретте Halyk Homebank арқылы мемлекеттік деректер базасымен интеграцияланудың арқасында бұрын тек ХҚКО арқылы қолжетімді болған бірқатар мемлекеттік қызметтер мен анықтамаларды алуға болады. Мысалы, некені тіркеуге өтініш беру немесе баланың туу туралы куәлігін алу, дауыс беру учаскесі туралы білу, тұрғылықты жері бойынша адамды тіркеу, автокөлікке иелік ету тарихын тексеру, шетелдік автокөлікті заңдастыруға өтініш беру және т.б. GovTech бағыты іске қосылған сәттен бастап екі жыл ішінде Halyk Homebank платформасында 35 мемлекеттік қызмет қолжетімді болды, бұл Halyk Bank-ті қазақстандық банктер арасында ғана емес, осы сегменттің көшбасшысы етіп алып шықты.

Жеке клиенттерге арналған сервистердің кең функционалы Halyk Homebank-ті қазақстандықтар арасында өте танымал банктік қосымшаға айналдырады. Өткен жылы сервисті бірегей пайдаланушылар саны бір айда (MAU) 29%-ға, 5,4 млн-ға дейін өсті; күніне осындай пайдаланушылар саны (DAU) – 27%-ға, 1,71 млн-ға дейін өсті. 2022 жылы қосымша арқылы клиенттер мемлекеттік қызметтерді 10 млн-нан астам рет пайдаланды және «ҚазМұнайГаз» IPO шеңберінде 69% өтінім берді, бұл клиенттердің 90 мыңға жуық шоты.

Банктің 2022 жылғы бөлшек сауда сегментіндегі жетістіктері Halyk Homebank өнім желісінің кеңеюімен және цифрлық сату арналарының танымалдылығының өсуімен шектелмеді. Дәстүрлі бөлшек сауда бизнесі де әсерлі нәтижелерге қол жеткізді. Халық депозиттерінің портфелі бір жылда 18,2%-ға, 5,2 трлн теңгеге дейін өсті; бір клиентке шаққанда бөлшек өнімдер саны 6,2%-ға, 3,4-ке дейін өсті; белсенді төлем карталарының саны 6,4 млн-ға жетті, бұл жылдық өсімнің 10,3%-ға өскенін көрсетті. Жыл қорытындысы

5

Басқарма
Төрағасы сөзі

бойынша Банк бөлшек кредиттеу нарығының 18,4%-н және халықтың депозиттері бойынша нарықтың 30,4%-н иеленді. Транзакциялық сегментте айтарлықтай өсім байқалды: Банктің дәстүрлі сату арналары мен эквайрингтік құрылғылары арқылы қолма-қол ақшасыз төлемдер мен аударымдар көлемі 2022 жылы 41,9 трлн теңгені құрады, бұл 2021 жылдың ұқсас кезеңіндегі нәтижеден 31%-ға асып түсті.

Бүгінде Банктің Қазақстанның қалалары мен ірі елді мекендерінде 572 бөлімшесі бар кең филиалдар желісі, сондай-ақ сауда және сервис кәсіпорындарында 4,6 мың банкомат пен POS-терминалды қамтитын эквайрингтік құрылғылардың ең үлкен паркі бар. Банктің клиенттік базасы 9,9 млн[3] адамға жетті, бұл Қазақстанның экономикалық белсенді халқының үлесіне сәйкес келеді.

Шағын және орта кәсіпкерлерге қызмет көрсету – бұл Halyk Bank бизнесінің тағы бір маңызды бағыты, ол клиенттік транзакциялардың көлемі мен саны бойынша да, ШОБ-ты кредиттеуінде де осы сегментте көш бастап тұр.

Банктің кәсіпкерлік транзакцияларға қызмет көрсетудегі жетістіктері озық цифрлық шешімдерді белсенді енгізуге негізделген. Олардың көмегімен біздің клиенттер онлайн режимінде тәулік бойы есеп айырысады, валютаны айырбастайды, салықтар мен бюджетке төленетін басқа да төлемдерді төлейді, QR-код арқылы төлемдер қабылдайды.

2022 жылы заңды тұлғаларға арналған Onlinebank мобильді қосымша сервистерінің тізбесі ЖШС үшін шотты қашықтан ашу, оңайлатылған салық декларациясын тапсыру, цифрлық тендерлік кепілдікті ресімдеу мүмкіндіктерімен толықтырылды. Бұдан басқа, Банк клиенттік жолдарды оңтайландырды және заңды тұлғалар үшін жаңа ыңғайлы веб-порталды іске қосты, бұл Onlinebank арқылы төлемдер көлемін жылына 60%-ға, 91 трлн теңгеге дейін арттыруға ықпал етті. Соңғы екі жылда бұл көрсеткіш екі есе өсті, бұл қосымшаның кәсіпкерлер арасында танымалдылығының артып келе жатқанын көрсетеді. Onlinebank-тің клиенттік статистикасы да осыны айғақтайды: 2022 жылдың IV тоқсанында белсенді пайдаланушылар саны (MAU) 254 мыңға жетті, бұл жылдан жылға 62,2% өскенін білдіреді.

Қазақстанда шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту көбінесе бизнес-кредиттердің қолжетімділігіне байланысты, сондықтан мемлекет 15 жыл бойы отандық бизнесмендерді қолдап, оларға түрлі мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жеңілдікті шарттармен нысаналы қарыздар беріп келеді. Бұл қолдаудың маңыздылығы әсіресе 2022 жылы ҚРҰБ базалық мөлшерлемесінің өсуіне және кредиттік ресурстардың қымбаттауына байланысты ШОБ жобаларын қаржыландыру қиынға соққан кезде өсті.

Осы ауқымды міндеттерді шешудің маңыздылығын түсіне отырып, Halyk Bank «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорымен және басқа да даму институттарымен ынтымақтасады және ШОБ-ты қолдау бағдарламаларын іске асыруға жәрдемдеседі. Олардың қатарында ШОБ-ты өңірлік қаржыландыру, өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарын қолдау, «Нұрлы Жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасы және «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бар. Олардың көпшілігінде Банк бөлінген қаражат сомасы, қол қойылған субсидиялау және кепілдік беру шарттарының саны мен көлемі бойынша көш бастап тұр.

Банктің шағын және орта кәсіпкерлерге қызмет көрсетудегі жетістіктері жыл сайын халықаралық сарапшылардың жоғары бағасына ие болады. Global Finance халықаралық басылымының зерттеу нәтижелері бойынша Halyk Bank екінші жыл қатарынан «Қазақстандағы шағын және орта бизнес үшін үздік банк – 2023» номинациясы бойынша беделді марапаттың жеңімпазы болып танылды.

Биылғы жылы Банк маңызды тарихи межеден өтеді: біздің банк жүйесінің шыңына ұзақ көтерілуіміздің басын бастаған Ақтөбе қаласында алғашқы жинақ кассасының ашылғанына жүз жыл толады. Осы уақыт ішінде біз жергілікті елдік банктен өңірлік көшбасшыға өстік. Алғашқы күндерден бастап Банк қызметінің негізгі қағидаты өз елі мен халқы үшін жұмыс, гүлденген және бақытты қоғам құруға көмектесу болды. Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізген кезде, бұл қағида Банктің кімдер үшін жұмыс істейтінін және оның жетістіктері мен табыстары үшін кімге борыштар екенін көрсету үшін біздің бренд атауында жаңа көрініс тапты.

Миллиондаған клиенттеріміздің сенімі, қолдауы мен адалдығы үшін зор ризашылығымызды сезініп, қазақстандық қоғам өміріндегі орасан зор рөлімізді мойындай отырып, біз қарапайым қазақстандықтардың өмірін жақсарту және көңілді ету үшін әрқашан жақсылықпен өтеуге тырыстық. Сондықтан Halyk Bank өзінің Halyk қайырымдылық қорымен бірге қазақстандық мәдениетті, білім мен спортты қолдайды, түрлі әлеуметтік бастамаларды қаржыландыруға қатысады. Өткен жылдың өзінде Банк қайырымдылық жобаларын қолдауға 6,5 млрд теңгеден астам қаражат аударды. Олардың қатарында – «Аяла» қорымен бірлесіп көру патологиясы бар жаңа туған нәрестелерді оңалту үшін жабдықтар сатып алу, Абай атындағы МАОБТ және Astana Opera театрлары үшін демеушілік көмек. Ұлттық Олимпиада комитеті мен гимнастика федерациясының демеушілігі, қысқы Паралимпиада ойындары – 2022, үстел теннисі турнирі және Алматы жартылай марафоны – 2022 қатысушыларының командасына демеушілік қолдау.

2023 жылы өзінің жүз жылдығында Halyk Bank өзінің мерейтойын халықпен бірге тойлау дәстүрін жалғастыра отырып, «100 игі іс» жобасын қайта іске қосты. Еліміздің әр қаласында бұқаралық мәдени, спорттық және қоғамдық іс-шаралар өтеді, оған барлық тілек білдірушілер қатыса алады. Біз үшін жобаның әрбір қонағы бай, әдемі және бейбіт елге, оның мәдениеттері мен дәстүрлерінің бірегей қоспасына, оны мекендейтін этностардың көпжылдық достығына өзінің қатыстылығын сезінуі өте маңызды. Фестивальдің ұраны – «Халықпен 100 жыл біргеміз» біздің халықпен бірлікке деген ұмтылысымызды көрсетеді, әрі қарай жылжуға күш пен сенімділік береді.

Ізгі ниетпен,

Үміт Шаяхметова

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ

[3]бөлшек сауданың белсенді клиенттері

6

Директорлар кеңесі



ЭКОЖҮЙЕЛЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

6

Директорлар кеңесі



АЛЕКСАНДР СЕРГЕЕВИЧ ПАВЛОВ (1953 ж.т.)

Директорлар кеңесінің Төрағасы, Тәуелсіз директор

Александр Сергеевич Павлов Halyk Bank Директорлар кеңесінің Төрағасы болып 2004 жылғы наурызда сайланды және көрсетілген лауазымға 2020 жылғы мамырда қайта сайланды. Өз мансабының әр жылдарында мемлекеттік аппараттарда Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары, Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Қаржы министрі, Бас салық инспекциясының бастығы – Қаржы министрінің бірінші орынбасары сияқты жоғары лауазымдарда қызмет еткен. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы экономикасының машина жасау және шикізат секторының ірі коммерциялық компанияларында басшы лауазымдарында қызмет жасаған. Түрлі халықаралық ұйымдарда Қазақстанның мүдделеріне өкілдік еткен.

Александр Сергеевич Беларусь мемлекеттік халықшаруашылығы институтын «Экономика» мамандығы бойынша (1970-1974), сондай-ақ КОКП ОК жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясын «Саясаттану» (1991) мамандығы бойынша бітірген.



АРМАН ҒАЛИАСҚАРҰЛЫ ДУНАЕВ (1966 ж.т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор

Арман Ғалиасқарұлы Дунаев 2013 жылғы қыркүйекте Halyk Bank Директорлар кеңесіне мүше болып сайланды және көрсетілген лауазымға 2020 жылғы мамырда қайта сайланды.

ҚР бірінші қаржы вице министрі, ҚР Қаржы министрі, ҚР Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің төрағасы сияқты жауапты мемлекеттік лауазымдарда жұмыс тәжірибесі бар. Квазимемлекеттік секторда басшылық позицияларда жұмыс істеген. Дунаев мырза қазіргі кезде Halyk Bank-тің бірқатар еншілес ұйымдарында Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

Арман Ғалиасқарұлы С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін «Саяси экономика» мамандығы бойынша және М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесімен бітірген.



ФРЭНК КАЙЛАРС (1958 ж.т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор

Фрэнк Кайларс 2009 жылғы сәуірде Halyk Bank Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды және көрсетілген лауазымға 2020 жылғы мамырда қайта сайланды. 1990 және 2007 жылдар аралығында ABN AMRO Bank N.V. және кейін RBS-те бірқатар жоғары лауазымдарды иеленді: Бельгияда Корпоративтік және Инвестициялық банкинг басшысы, Бразилияда өңірлік менеджер, Ресейде және Аргентинада ел бойынша менеджер. Кайларс мырза Ресейде, Қазақстанда және Өзбекстанда Бақылаушы Кеңестің мүшесі болды. 2001 жылы ол Корпоративтік Атқарушы вице-президент лауазымына тағайындалғаннан кейін ғаламдық энергетика мәселелеріне жетекшілік етумен қатар Еуропа, Орталық және Шығыс Еуропа, Таяу Шығыс және Африка елдері бойынша, сондай-ақ Корпоративтік және Инвестициялық банкинг жөніндегі атқару комитеттерінің мүшесі болды.

Ол бірнеше халықаралық ұйымда кеңесші болып табылады және ұзақ уақыттан бері Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің мүшесі болды. Кайларс мырза «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-тың Директорлар кеңесінің төрағасы, тәуелсіз директоры, сондай-ақ Amsterdam Trade Bank N.V. Қадағалау кеңесінің тәуелсіз атқарушы емес директоры, тәуелсіз мүшесі болып табылады. Кайларс мырза Eureka (Energy) Ventures B.V. меншіктенушісі мен басқарушы директоры болып табылады.

Фрэнк Кайларс Роттердам қаласындағы (Нидерланды) Эразм Университетін «Құқық магистрі» дәрежесімен бітірді, Голландияның банктер мен сақтандыру компаниялары институтында оқыды, Фонтенбло (Франция), Кембридж (Ұлыбритания), Гарвард Бизнес-Мектебі (АҚШ) секілді халықаралық институттарда дипломнан кейінгі бірқатар бағдарламалардан өтті.

6

Директорлар кеңесі



МӘЖИТ ТӨЛЕУБЕКҰЛЫ ЕСЕНБАЕВ (1949 ж.т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі, «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ өкілі

Мәжит Төлеубекұлы Есенбаев 2014 жылғы сәуірде Halyk Bank Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды және көрсетілген лауазымға 2020 жылғы мамырда қайта сайланды.

Еңбек мансабының әр жылдарында Бас салық инспекциясының бастығы – ҚР Қаржы министрінің бірінші орынбасары, Мемлекеттік Салық комитетінің төрағасы, Қарағанды облысының әкімі, ҚР қаржы министрі, ҚР индустрия және сауда министрі, Ақмола облысының әкімі, ҚР бәсекелестікті қорғау агенттігінің төрағасы, ҚР Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитетінің төрағасы сияқты жауапты мемлекеттік лауазымдарда қызмет еткен. Әр жылдары түрлі халықаралық қаржы ұйымдарында Қазақстанның мүддесін білдірді.

2014 жылғы ақпаннан бастап осы уақытқа дейін – «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ Басқарма Төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі.

Мәжит Төлеубекұлы В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын «Тау-кен өнеркәсібінің экономикасы және ұйымдастыру» мамандығы бойынша, сондай-ақ КСРО Мемжоспары жанындағы Өндіруші күштерді зерттеу жөніндегі кеңесі аспирантурасының күндізгі бөлімін бітірген. Экономика ғылымдарының кандидаты, доцент.



КРИСТОФ РЁЛЬ (1958 ж.т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор

Кристоф Рёль 2007 жылдың маусым айында Halyk Bank Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды және көрсетілген лауазымға 2020 жылғы мамырда қайта сайланды. Калифорния, Лос-Анджелес Университетінде экономика профессорының ассистенті ретінде жұмыс істеді. Вашингтонда Дүниежүзілік Банк тобында бас экономист лауазымын, Мәскеуде аға экономист және Бразилияда жетекші экономист және сектор жетекшісі лауазымдарын атқарған. «BP plc» компаниясында бас экономистің орынбасары лауазымында қызмет етті, топтың бас экономисті және «BP plc» компаниясының Вице-президенті болды. 2008 жылы Лондондағы British Institute of Energy Economics Төрағасы болып тағайындалды. 2014 жылғы шілдеден бастап 2019 жылғы мамырды қоса алған аралықта Рёль мырза Абу-Даби (Aby Dhabi Investment Authority) Зерттеулер бөлімінің Бірінші Жаһандық басшысы болып жұмыс істеді. 2019 жылғы қарашадан бастап – Колумбия университетінің Халықаралық және қоғамдық байланыстар мектебінің жанындағы Жаһандық энергетикалық саясат жөніндегі орталығында аға ғылыми қызметкер (Senior Research Scholar in the Center on Global Energy Policy at Columbia University's School).

Кристоф Рёль Германияның Бремен Университетінің «Экономика Магистрі» дәрежесіне ие.



ПЁТР РОМАНОВСКИ (1969 ж.т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор

Пётр Романовски 2020 жылғы мамырда Halyk Bank Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

1998 жылдан бастап 2008 жылды қоса алған кезеңде Польша, Варшава, McKinsey & Company консалтингтік компаниясында жұмыс істеді. 1998 жылдан бастап 2004 жылды қоса алған кезеңде менеджер/аға менеджер, 2005 жылдан бастап 2008 жылды қоса алған кезеңде компанияның серіктесі болды. 2008 жылдан бастап 2009 жылды қоса алған кезеңде Басқарма мүшесі болып сайланып, Польша, Варшава, Миллениум Банкінде корпоративтік банктік бөлімшеге жетекшілік етті. 2009 жылдан бастап Польша, Краков, Selvita & Ryvu Therapeutics компаниясында бірінші сыртқы инвестор. 2011 жылдан бастап Қадағалау кеңесінің Төрағасы болып табылады. 2011 жылдан бастап 2014 жылды қоса алған кезеңде Польша, Варшавада Орталық және Шығыс Европа елдерінің/ТМД-ның PwC-дағы қаржы қызметтері саласында жетекші қызметкері, серіктес болды. Сонымен қатар 2014 жылдан бастап 2018 жылды қоса алған кезеңде Орталық және Шығыс Европа /ТМД елдері бойынша PwC кеңесшісі және 2017 жылдан бастап 2018 жылды қоса алған кезеңде ТМД елдері нарығында клиенттерді сүйемелдеу және қызмет көрсету жөніндегі тәжірибені басқарды. 2021 жылғы ақпаннан бастап Kevin EU, UAB (Литва) компаниясында директорлар кеңесінің төрағасы.

2017 жылы АҚШ, Массачусетс, Кембридж, Гарвард бизнес мектебін деректерді талдау бағдарламасы (data analytics program) бойынша бітірді. 2016 жылы АҚШ, Калифорния, Маунтин-Вью, Сингулярлық университетінің басшыларға арналған бағдарламасын (executive program) аяқтады. 1995 жылдан бастап 1997 жылды қоса алған кезеңде Ұлыбритания, Кембридж, Кембридж университетінде білім алды. Wellcome / CRC ғылыми-зерттеу институтының молекулярлық биология саласында философия докторы дәрежесін алды.

1987 жылдан бастап 1994 жылды қоса алған кезеңде Польша, Гданьск, Гдань медициналық академиясында оқыды. 1995 жылғы мамырда обыр генетикасы бойынша философия докторының дәрежесіне ие болды.

6

Директорлар кеңесі



ҮМІТ БОЛАТХАНҚЫЗЫ ШАЯХМЕТОВА (1969 ж.т.)


Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма Төрайымы

2009 жылғы 22 қаңтарда Үміт Болатханқызы Шаяхметова Halyk Bank Басқарма Төрайымы болып тағайындалды, 2009 жылғы сәуірде Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды және көрсетілген лауазымға 2020 жылғы мамырда қайта сайланды. Әр жылдарда ол «ABN AMRO Asset Management» ЗАБК Басқарма Төрайымы, «АБН АМРО Банк Қазақстан» ЕБ ЖАҚ Басқарма Төрағасының орынбасары сияқты лауазымдарда жұмыс істеді. 2004 жылдың қараша айынан бері Halyk Bank Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымында қызмет атқарды. 2011 жылғы мамыр айынан бастап 2021 жылғы ақпанды қоса алған кезең аралығында Қазақстанның гимнастика федерациясының президенті болып табылды. 2015 жылғы маусым айында Алматы қаласы кәсіпкерлерінің палатасы тұсындағы Іскер әйелдердің өңірлік кеңесінің Төрайымы болып тағайындалды. 2016 жылғы маусымда «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Төралқасының Қаржы секторы комитетінің Төрайымы болып және UnionPay International Шығыс Европа, Орталық Азия және Кавказ бойынша өңірлік кеңесінің төрайымы болып сайланды. 2018 жылғы маусым айынан бастап «Altyn Bank» АҚ-та Директорлар кеңесінің мүшесі, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ өкілі болып табылады.

Үміт Болатханқызы П.Лумумба атындағы Халықтар Достығы Университетін «Экономика ғылымдарының бакалавры» біліктілігімен және Rutgers University (АҚШ) «Іскерлік әкімшілендіру магистрі» дәрежесімен тәмамдады.

7

Басқарма



7

Басқарма



ҮМІТ БОЛАТХАНҚЫЗЫ ШАЯХМЕТОВА (1969 ж.т.)

Басқарма Төрағасы

Өмірбаянын «Директорлар кеңесі» бөлімінен қараңыз.



АЙВАР ЖИРЕНШЕҰЛЫ БОДАНОВ (1962 ж.т.)

Басқарма Төрағасының орынбасары: Қауіпсіздік және Проблемалық кредиттер

Айвар Жиреншеұлы өзінің еңбек жолын 1984 жылы Жамбыл электржелілерін таратушы кәсіпорнындағы жоғары вольттік әуе жүйесінің шебері қызметінен бастады. 1985 жылы «Гражданстрой» ҚБ-да шебер, жұмыстардың аға өндірушісі болып еңбек етті. 1986-1988 жж. – «Джамбулстрой» тресінің «Культбытстрой» ҚБ-да бас инженер. 1988-1989 жж. КСРО ІІМ Свердлов жоғарғы курстарының тыңдаушысы болды.

Айвар Жиреншеұлы Боданов бұдан бұрын Halyk Bank 2014 ж. қыркүйектен бастап 2017 ж. мамыр айына дейін Қауіпсіздік департаменті директоры, Halyk Bank Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымдарында қызмет етті. 2018 жылғы 26 наурызда Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымына қайта қабылданып, Басқарма мүшесі болып сайланды. 2021 жылғы 19 наурызда «Halyk Инкассация» ЖШС Байқау кеңесінің мүшесі болып сайланды, 2022 жылғы ақпаннан бастап «Halyk Инкассация» ЖШС Байқау кеңесінің төрағасы болып сайланды. 2018 жылғы 28 тамызда «Халық Актив» ЖШС және «КУСА Халық» ЖШС Байқау кеңесінің төрағасы болып сайланды.

1990-2014 жылдары: ішкі істер, мемлекеттік тергеу комитеті органдарында, салық және қаржы полициясында қызмет атқарды. Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) Төрағасының орынбасары, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің Алматы, Батыс Қазақстан облыстары бойынша департаментінің басшысы; Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің Экономикалық және қаржылық қылмыстарды ашу бойынша департаментінің басшысы, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан және Атырау облыстары бойынша Қаржы полициясы департаменті басшысының орынбасары лауазымдарында жұмыс жасады және басқа лауазымдарда еңбек етті. 2017 жылдың мамыр айынан бастап 2017 жылдың желтоқсан айына дейін – ҚР Бас прокуратурасының Ішкі тергеу департаменті басшысы, үшінші қызметтің басшысы, 2018 ж. ақпаннан бастап наурызға дейін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің ішкі қауіпсіздік және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды. Қаржы полициясының генерал-майоры атағына ие.

1984 жылы Жамбыл гидромелиоративтік құрылыс институтын «Өзен құрылыстарының және гидроэлектростанциялардың гидротехникалық құрылысы» мамандығы бойынша, 1996 жылы ҚР ІІМ Қарағанды жоғарғы мектебін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген.

7

Басқарма



МҰРАТ ҰЗАҚБАЙҰЛЫ КӨШЕНОВ, CFA, FRM (1973 ж.т.)

Басқарма Төрағасының орынбасары: Халықаралық қызмет, Қаржы және бухгалтерлік есеп, Еншілес компаниялар.

Мұрат Ұзақбайұлы Көшенов қаржы-банк жүйесінде 2000 жылдан бастап қызмет етеді. 2000-2010 жылдары мына лауазымдарды атқарды: «ABN AMRO Asset Management» ЗАБК ЖАҚ-тың брокерлік-дилерлік бөлімінің бастығы, «ДАБ «ABN AMRO Bank Казахстан» АҚ тәуекел-менеджер, Тәуекел-менеджмент басқармасының бастығы, Басқарма Төрағасының орынбасары (кейінірек «RBS (Казахстан)» ЕБ АҚ).

Halyk Bank жүйесінде 2010 жылғы қаңтардан бастап Тәуекел-менеджменттің басшысы, Compliance-бақылаушы лауазымдарында болды. 2014 жылғы қыркүйектен бастап қазіргі уақытқа дейін Halyk Bank Басқарма Төрағасының орынбасары, 2018 жылғы қыркүйектен бастап қазіргі күнге дейін – «Tenge Bank» АКБ Байқау кеңесінің Төрағасы, 2014 жылғы қараша мен 2022 жылғы желтоқсан аралығында «Москоммерцбанк» КБ (АҚ) Директорлар кеңесінің Төрағасы болып табылады.

Мұрат Ұзақбайұлы Көшенов Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін «Физика» мамандығы бойынша бітірген, сондай-ақ Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институтын «Іскерлік әкімшілендіру магистрі» дәрежесімен тәмамдады.



ЕРТАЙ ИСМАИЛҰЛЫ СӘЛІМОВ (1974 ж.т.)

Басқарма Төрағасының орынбасары: ОПЕРБ блогы, Кеңсе департаменті, Ресурстар, Байланыс орталығы, Қазынашылық.

Ертай Исмаилұлы Сәлімов Halyk Bank жүйесінде 1995 жылғы тамыздан бастап жұмыс істейді. Әр уақытта: Валюталық операциялар департаментінің саудалық емес операциялар бөлімі басшысының орынбасары, валюталық операциялар департаментінің қымбат металдармен жұмыс жөніндегі бөлім басшысының орынбасары, Халықаралық операциялар департаментінің қымбат металдармен жұмыс жөніндегі бөлімнің жетекші банкирі, Халықаралық операциялар департаментінің қымбат металдар бөлімнің жетекші банкирі, Саудалық қаржыландыру департаментінің Commodity бөлімінің бас банкирі, коммерциялық департаменттің Commodity бөлімінің бас банкирі, қазынашылықтың аға дилері, Forex, Money market қазынашылық операциялары басқармасының басшысы, қазынашылықтың саудалық операциялар басқармасының басшысы, қазынашылық директорының орынбасары, қазынашылық директоры, бас ОПЕРБ басшысы, бас операциялық директор лауазымдарында қызмет атқарған, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың Директорлар кеңесі мүшесі – тәуелсіз директоры және «Halyk Finance» АҚ-тың Директорлар кеңесінің Төрағасы болып жұмыс жасаған. 2015 жылғы ақпаннан бастап 2019 жылғы қазанды қоса алған аралықта Halyk Bank Басқарма Төрағасының орынбасары болып қызмет етті және Басқарма мүшесі болып сайланды, 2019 жылғы қазаннан бастап 2020 жылғы 31 тамызға дейін Басқарма Төрағасының орынбасары – Астана өңірлік филиалының директоры лауазымдарын иеленіп, Басқарма мүшесі болып сайланды. 2020 жылғы 1 қыркүйектен бастап Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі лауазымына ауыстырылды. 2018 жылғы тамыздан бастап 2022 жылғы қарашаны қоса алған кезеңде «Халық Банк Тәжікстан» ЖАҚ-тың Байқау кеңесінің мүшесі болды. 2021 жылғы наурыздан бастап 2022 жылғы ақпанды қоса алған кезеңде – «Halyk Инкассация» ЖШС Байқау кеңесінің Төрағасы. 2019 жылғы 8 тамызда «Halyk Finance» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

Ертай Исмаилұлы Қазақ мемлекеттік басқару академиясын «Қаржы және кредит» мамандығы бойынша бітірді.

7

Басқарма



ОЛЬГА ВЛАДИМИРОВНА ВУРОС (1983 ж.т.)

Басқарма Төрағасының орынбасары: Корпоративтік бизнес

Әр уақытта ол: Корпоративтік клиенттермен жұмыс департаментінің директоры, Корпоративтік клиенттермен жұмыс департаментінің Басқарма бастығы, Корпоративтік клиенттермен жұмыс департаментінің №1 Басқармасының бас менеджері, Корпоративтік клиенттермен жұмыс департаментінің №1 Басқармасының аға менеджері қызметтерін атқарды.

2022 жылдың 1 сәуірінен бастап «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары қызметіне тағайындалды.

Ольга Владимировна Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетін «Халықаралық экономика» мамандығы бойынша бітірген. Халықаралық бизнес академиясының «Менеджмент» мамандығы бойынша MBA дәрежесіне ие.



ДӘУРЕН ЖАНКІСЕЙҰЛЫ САРТАЕВ (1982 ж.т.)

Басқарма Төрағасының орынбасары: Шағын және орта бизнес

Банк қызметін «Казкоммерцбанк» АҚ-та 2004 жылы бастады. Шағын және орта бизнес бөлімінің менеджері, басшысы, Шағын бизнес басқармасы басшысы лауазымдарын атқарды. 2010 ж. бастап 2012 ж. дейін «Темірбанк» АҚ-та еңбек етті – Кредиттік тәуекелдер басқармасының басшысы, филиал директоры, Проблемалық кредиттермен жұмыс департаменті директорының лауазымдарында қызмет етті. 2016 жылдың маусым айынан бастап «Казкоммерцбанк» АҚ-тың Басқарма мүшесі, басқарушы директоры болып тағайындалды, корпоративтік кредиттеуге, ШОБ секторы мен филиал желісіне жетекшілік етті. 2017 жылғы шілдеден бастап «Казкоммерцбанк» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары болып тағайындалды. Одан бұрын «Kcell» АҚ-та жұмыс жасады, ол жерде Шымкент қаласындағы филиалын басқарды, сондай-ақ Алматы қ. және Алматы облысындағы офистің жұмысына жетекшілік жасады. Сонымен қатар Ernst&Young халықаралық аудиторлық компаниясының қазақстандық өкілдігінде қызмет атқарды.

2018 жылғы шілдеден бастап «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың Басқарма Төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

Д.Ж. Сартаев Алматы қ. Қазақ гуманитарлық-заң университетінің «құқықтану» мамандығы бойынша түлегі. «МИРБИС» Мәскеу халықаралық жоғары бизнес мектебінің стратегиялық менеджмент және кәсіпкерлік саласында, сондай-ақ Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің «MBA стратегиялық менеджменті» мамандығы бойынша MBA дәрежесінің иегері.

2019 жылғы 15 мамырда «Халық-Лизинг» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайланды.



РОМАН АЛЕКСАНДР МАШЧЫК (1966 ж.т.)

Басқарма мүшесі, Басқарма Төрағасының орынбасары, Бас компаленс-бақылаушы: комплаенс, тәуекелдер және DS блогы, кепіл қызметі.

Роман Halyk Bank жүйесінде 2020 жылдың қазан айынан бастап мынадай қызметтерді атқарып келеді: Цифрлық кредиттеу тәуекелдері департаментінің директоры-жоба жетекшісі, Chief Data Scientist офисінің директоры, 2022 жылдың 1 сәуірінен бастап Басқарма Төрағасының орынбасары, Бас компаленс-бақылаушы, Басқарма мүшесі қызметіне ауыстырылды.

Бұрын Банкке дейін: «БанкЦентрКредит» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары, Тәуекелдер департаментінің директоры, Asseco Kazakhstan коммерциялық директоры, CRO Басқарма Төрағасының орынбасары, Еуразиялық Банк АҚ Басқарма Төрағасының кеңесшісі, Bank Pocztowy Кеңесі Төрағасының кеңесшісі, PKO BP SA Польша Басқарма Төрағасының кеңесшісі, тәуекелдер бойынша, Тәуекелдер басқармасының басқарушы директоры, Басқарма Төрағасының орынбасары, CRO Nadra Банк, Киев қ., Украина, Президенттің тәуекелдер жөніндегі бас кеңесшісі, Атқарушы комитеттің мүшесі, CRO «Траст» Ұлттық Банкі, Мәскеу қ. Ресей, тәуекелдер бойынша, тәуекелдер басқармасының басқарушы директоры, PKO BP SA Банк, Қадағалау кеңесінің мүшесі, PKO BP SA Банк, PKO-Inwestycje, Bankowy Fundusz Leasingowy Варшава қ., Қаржылық тәуекелдер департаментінің директоры, PKO BP SA Банк, банк операциялары бойынша аға талдаушы, Қазынашылық Банк Handlowy, активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі бас талдаушы, Бақылау және қаржылық талдау факультеті, BISE S.A. Bank, Варшава университетінің физика факультетінің профессоры қызметтерін атқарған.

Білімі бойынша Роман мынадай дәрежелерге ие: Варшава университетінің ғылым магистрі, «теориялық физика» мамандығы бойынша; Оксфорд университетінің аспирантурасы, «математика» мамандығы бойынша; Варшава университетінің ғылым докторы, «теориялық физика» мамандығы бойынша,

Варшаваның «банк ісі және қаржы» жоғары мектебінің аспирантурасы, «банк ісі» мамандығы бойынша.

7

Басқарма



НАРИМАН НҰРЛАНҰЛЫ МҰҚЫШЕВ (1984 ж.т.)

Басқарма Төрағасының орынбасары: Цифрлық мемлекеттік сервистер және экожүйелер блогы

Нариман Нұрланұлы Halyk Bank жүйесінде 2021 жылғы мамырдан бастап Басқарушы директор қызметін атқарды, 2022 жылғы 1 сәуірден бастап Басқарма Төрағасының Орынбасары, Басқарма мүшесі лауазымына ауыстырылды.

Бұрын банкке дейін мынадай лауазымдарды атқарған: еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі, бизнесті трансформациялау жөніндегі басқарушы директор және Басқарманың АТ-мүшесі, инновациялар жөніндегі басқарушы директор және Басқарманың АТ-мүшесі, АТ жөніндегі бас директор, «Қазпошта» АҚ Ақпараттық технологиялар департаментінің басқарушы директоры, директоры, «Қазкоммербанк» АҚ Инновациялық технологиялар департаментінің маман лауазымынан директорына дейін.

Нариман Нұрланұлы Сүлейман Демирел атындағы университетті «есептеу техникасы мен желілерін бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша, сондай-ақ Халықаралық бизнес академиясын «менеджмент» мамандығы бойынша бітірген, іскерлік әкімшілендіру магистрі дәрежесіне ие.



ЖҰМАБЕК ЖАРЫЛҚАСЫНҰЛЫ МАМЫТОВ, БАСҚАРМА МҮШЕСІ (1982 ж.т.)

Басқарма Төрағасының орынбасары: Бөлшек бизнес


Жұмабек Жарылқасынұлы Мамытов банк саласында 2004 жылдан бері жұмыс істейді. 2004 жылдан бастап 2008 жылды қоса алған аралықта: «ABN AMRO Банк Казахстан» «Заңғар» ЕБ АҚ филиалының директоры, Бөлшекбизнесдепартаментібөлшекбизнесбөлімшесінің басшысы, «ABN AMRO Банк Казахстан» ЕБ АҚ бизнесті дамыту менеджері, «ABN AMRO КаспийМунайГаз Казахстан» ЖЗҚ АҚ-та Маркетинг департаментінің филиалдарымен жұмыс жөніндегі маманы лауазымдарын иеленді. 2008 жыл мен 2009 жыл аралығында «Казинвестбанк» АҚ Эксклюзивті клиенттермен жұмыс жөніндегі департаменті сату басқармасының және Өңірлік басқармасының басшысы қызметтерін атқарды. 2010 жылғы қаңтардан бастап 2014 жылғы қаңтарды қоса алған, 2015 жылғы шілдеден бастап 2017 жылғы мамырды қоса алған кезеңдерде «Казкоммерцбанк» АҚ-та жұмыс істеді және Басқарма Аппаратының басқарушы директоры, атқарушы директоры, Карта бизнесін дамыту департаментінің атқарушы директоры, Банк карталары департаментінің атқарушы директоры, Басқарма Аппараты Басқарма Төрағасының кеңесшісі, Атқарушы дирекция Басқарма Төрағасының кеңесшісі, Бөлшек бизнес департаментінің директоры лауазымдарын иеленді. 2014 жылғы ақпаннан бастап 2015 жылғы шілдені қоса алған аралықта «Сбербанк» ЕБ АҚ Бөлшек бизнес стратегиясын жоспарлау және орындалуын бақылау департаментінің директоры лауазымында жұмыс істеді. 2017 жылғы мамырдан бастап 2018 жылғы ақпанды қоса алған аралықта «Банк Kassa Nova» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымын иеленіп, Басқарма мүшесі болып сайланды, «Nova Лизинг» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымында қызмет етті. 2018 жылғы ақпаннан бастап 2019 жылғы қазанды қоса алған кезеңде «Forte Bank» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымын иеленіп, Басқарма мүшесі болып сайланды.

2019 жылғы 28 қазаннан бастап Halyk Bank Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымына тағайындалды және Басқарма мүшесі болып сайланды. 2021 жылғы 4 қарашада «Halyk Finservice» ЖШС Байқау кеңесінің мүшесі болып сайланды.

Жұмабек Жарылқасынұлы Т. Рысқұлов ат. Қазақ экономикалық университетін «Статистика» мамандығы бойынша бітірген.

8

Жыл ішіндегі негізгі оқиғалар



8

Жыл ішіндегі негізгі оқиғалар

ЖЫЛ ІШІНДЕГІ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

Қаңтар айында:

- Halyk Bank Қазақстанның жетекші қаржы институты бола отырып және елімізде төтенше жағдай (ТЖ) режимінің енгізілуіне байланысты біздің отандастарымыз тап болған жағдайға жанашырлық таныта отырып, мынадай көмек көрсетті:

  - Қазақстан Үкіметі мен ҚНРДА шараларын қолдады және ТЖ режимі кезеңінде кредиттер бойынша төлемдерді кейінге қалдыруды ұсынды;

  - шағын және микро-бизнес секторынан зардап шеккендерге көмек көрсету үшін, сондай-ақ қираған объектілерді тез арада қалпына келтіруге және шұғыл шешуді талап ететін өзге де міндеттерге 3 млрд теңге бөлді;

  - қаза тапқан құқық қорғау органдарының отбасыларына 5 млн теңгеден берді.

- Halyk Finance қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын қоспағанда, шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға лицензия алды.

- AM Best рейтингтік агенттігі «Халық» сақтандыру компаниясының болжамын жағымсыздан тұрақтыға өзгертті және B++ (Good) деңгейіндегі қаржылық тұрақтылық рейтингін және «bbb» (Good) деңгейіндегі эмитенттің ұзақ мерзімді кредиттік рейтингін растады.

Ақпан айында:

- Tenge Bank Tenge 24 мобильді қосымшасын іске қосты.

- Халық Банк Қырғызстан Мегакпен бірлесіп клиенттерді қашықтан сәйкестендіру жобасы іске қосты.

- Halyk Finance Global Finance халықаралық басылымының нұсқасы бойынша Қазақстанның үздік инвестициялық банкі болып танылды.

Наурыз айында:

- AM Best агенттігі Халық-Life қаржылық тұрақтылығының рейтингін «B+» деңгейінде және эмитенттің ұзақ мерзімді кредиттік рейтингін «bbb-» деңгейінде растады, болжам – «Оң».

- Halyk Finance компаниясы AIX биржасының «Бөлшек сауда сегментін дамытқаны үшін» сыйлығын алды.

- Halyk Finance KASE биржасының «Биржаның технологиялық жобаларын қолдағаны үшін» және «Инвесторларды тартуға қосқан үлесі үшін» наградаларын алды.

Сәуір айында:

- Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі Halyk Finance эмитенттің шетелдік және ұлттық валютадағы дефолтының ұзақ мерзімді рейтингтерін «тұрақты» болжамымен «BBB –» инвестициялық деңгейінде растады.

- Halyk Finance Halyk Bank-тің айналым мерзімі 3 жыл болатын 200 млн АҚШ доллары көлеміндегі долларлық облигациялар шығарылымының қаржылық кеңесшісі және андеррайтері ретінде әрекет етті.

- Halyk Bank және «Сбербанк» АҚ ЕБ келісімге қол қойды, оның шеңберінде цессия шарты бойынша бөлшек бизнес клиенттерінің кредиттік портфелінің бір бөлігі сатып алынды.

Мамыр айында:

- Ташкенттегі халықаралық ПЛАС-Форумда Halyk Bank-тің IT және инновациялар жөніндегі бас басқарушы директоры Антон Мусин форумда қаржы институтын таныстырып, «Цифрлық трансформацияның маңызды элементі ретінде финтехте және ритейлде инновацияларды енгізу» сессиясының спикері болды. Панельдік сессия аясында Антон Мусин Қазақстан мен Өзбекстан нарықтарының мысалында банк секторында цифрландыруды дамытудың негізгі аспектілерін атап өтті.

- Halyk Bank заңды тұлғалар (ЖШС) үшін шотты қашықтан ашу мүмкіндігін әзірледі.

- Tenge Bank Mastercard халықаралық төлем жүйесінің карталарын шығаруды іске қосты.

- Халық-Life 2021 жылдың нәтижелері бойынша өмірді жинақтаушы сақтандырудың 24 мың шарты арасында сақтандыру дивидендтері түріндегі инвестициялық қызметтен 168,5 млн теңге пайданы бөлуді жүзеге асырды.

- «Халық» СК Tenge Bank-тің сақтандыру серіктестерін қайта сақтандыру бойынша жаңа жобаны іске асырды.

- Halyk Finance айналым мерзімі 3 жыл болатын 500 млн АҚШ доллары көлемінде «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-тың АҚШ долларымен көрсетілген еурооблигацияларын шығару және орналастыру шеңберінде Бірлескен Жетекші Менеджер және Букраннер ретінде әрекет етті.

- Halyk Finance «Халық Банк Грузия» АҚ-тың айналым мерзімі 3 жыл болатын 15 млн АҚШ доллары көлеміндегі долларлық облигациялар шығарылымының қаржылық кеңесшісі және андеррайтері ретінде әрекет етті.

- S&P Global Ratings Halyk Bank рейтингтерін – BB+/B, kzAA деңгейінде растады, болжам «Тұрақты».

8

Жыл ішіндегі негізгі оқиғалар

Маусым айында:

- SME Banking Agency Halyk Bank-ті бизнес үшін ең жақсы экожүйелердің бірі бар банк деп атады.
- Halyk Bank Қазақстаннан Өзбекстанға ақшаны жылдам аудару қызметін енгізді.
- ҚР Ішкі істер министрлігі мен Halyk Bank автокөліктің тарихын тексеру сервисін іске қосты.
- Халық банк Қырғызстан «Халық» онлайн кредиттерін және Visa, Элкарт цифрлық карталарын мобильді интернет-банкингте шығаруды енгізді.

Шілде айында:

- Халық-Life «My car» МҚҰ-мен қарыз алушыларды сақтандыру бойынша жаңа жобаны іске асырды.
- Халық банк Қырғызстан «Копилка» онлайн депозиттерін және Visa (Visa Direct) карталарына аударымдарды енгізді.
- Tenge Bank онлайн микрозаймдарды іске қосты.
- Halyk Finance «Қазақстанның үздік инвестициялық банкі», «Қазақстанның үздік басқарушы компаниясы», «Қазақстанның облигациялар нарығы бойынша үздік аналитика», сондай-ақ «Қазақстандағы инвестицияларға арналған үздік мобильді қосымша» номинациялары бойынша Cbonds Awards-тан төрт марапаттың иегері атанды.
- Halyk Finance «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ-тың айналыс мерзімі 2 жыл болатын 118,9 млрд теңге көлеміндегі облигацияларын орналастырудың бірлескен андеррайтері болды.

Тамыз айында:

- Halyk Bank заңды тұлғаларға арналған интернет-банкингте салық декларацияларын тапсыру бойынша сервисті енгізді.
- S&P Global Ratings рейтингтік агенттігі Халық-Life-ке «BBB-» (елдік рейтинг) деңгейінде қаржылық тұрақтылықтың ұзақ мерзімді рейтингін және «kzAAA» қазақстандық ұлттық шкаласы бойынша рейтингті берді, болжамы «Тұрақты».
- Халық-Life Tenge Bank сақтандыру серіктестерін қайта сақтандыру бойынша жаңа жобаны іске асырды.
- Халық-Life Homebank мобильді қосымшасында «Халық Қазына» сақтандыру шартын жасасудың онлайн процесін енгізді.
- Халық-Life қызметкерлерді андеррайтингпен міндетті сақтандыру шартын жасасудың онлайн процесін енгізді.
- «Халық» сақтандыру компаниясы «Жазылым бойынша сақтандыру» (үй, каско және пәтер) өнімін іске қосты.
- «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ QR-төлемдерін іске қосты.
- Tenge Bank картоматтар арқылы карталарды шығаруды бастады.
- Halyk Finance «Қазақстанның үздік инвестициялық банкі» және «Қазақстанның үздік брокері» номинациялары бойынша EMEA Finance халықаралық басылымының наградаларына ие болды.

Қыркүйек айында:

- «Halyk Finance» АҚ және «Halyk Global Markets» АҚ инвестициялық банкингтің командалары екі компанияны одан әрі тиімді дамыту үшін біріктірілген.
- Қостанай облысындағы өрттен зардап шеккен отбасыларға Halyk Bank-тен бір миллион теңгеден ақшалай көмек берілді.
- «Қазтелепорт» АҚ Алматы қаласында 120 тірекке (серверлік және желілік жабдықтарды орналастыруға арналған серверлік шкафтар) арналған «Сайрам» жаңа өңдеу орталығы ашылды.
- «Халық» сақтандыру компаниясы «Жазылым бойынша сақтандыру» өнімін сату жөніндегі сайтты іске қосты https://sub.polisonline.kz/, өнім сонымен қатар Homebank-ке енгізілген. 01.01.2023 жылғы жағдай бойынша бірегей пайдаланушылар саны 66 мыңды құрады.

Қазан айында:

- Halyk Bank Қазақстандағы ШОБ үшін ең үздік банк болып танылды.
- «Қазтелепорт» АҚ Өзбекстан Республикасында еншілес ұйымды тіркеді.
- «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ мобильді интернет-банкингте және төлем терминалдарында мемлекеттік қызметтерге ақы төлеуді іске қосты.
- Halyk Finance ҚНРДА-да «Самұрық-Энерго» АҚ облигациялық бағдарламасын 120 млрд теңге номиналды көлемінде тіркеді.
- «Halyk Finance» АҚ Еуразиялық Даму Банкі облигацияларын 2 жыл айналым мерзімімен 22,5 млрд теңге көлемінде орналастырудың андеррайтері болды.
- Банк акционерлерінің 2022 жылғы 21 қазандағы кезектен тыс жалпы жиналысында бір жай акцияға 12,71 теңге есебінен 2021 жылдың қорытындысы бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданды.

8

Жыл ішіндегі негізгі оқиғалар

Қараша айында:

- Halyk Bank «Тәжікстанның Халықаралық Банкі» ЖАҚ-пен «Халық Банк Тәжікстан» ЖАҚ акцияларының 100%-н сату туралы келісім жасасқаны туралы жариялады. «Тәжікстанның Халықаралық Банкі» ЖАҚ барлық қажетті реттеушілік мақұлдауларды алды.
- «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ Visa Token Service (Google Pay, Garmin Pay) іске қосты.
- Halyk Finance «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ облигацияларының 7 шығарылымын 48,8 млрд теңге жиынтық көлемде орналастырды.
- Halyk Finance БЖЗҚ-мен зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруға шарт жасасты.
- Fitch Ratings рейтингтік агенттігі «Халық Банк Грузия» АҚ-тың ұзақ мерзімді рейтингін BB+ деңгейінде растады, болжам «Тұрақты».

Желтоқсан айында:


- Halyk Bank Asiamoney нұсқасы бойынша бірден үш номинация бойынша елдің үздік банкі деп танылды: Best Investment Bank («Үздік инвестициялық банк»), Best Bank for ESG («ESG саласындағы үздік банк»), Best Bank for Diversity & Inclusion («Әртараптандыру және инклюзивтілік саласындағы үздік банк»).
- Өзбекстан Республикасында Halyk Finservice Tenge Bank-пен бірлесіп Tenge Market маркетплэйсін іске қосу процесін бастады.
- «Қазтелепорт» АҚ IaaS қызметтерін сату үшін Kaztelepor tCloud бұлтты инфрақұрылымы, микросервистер мен PaaS үшін платформа пайдалануға берілді.
- Халық-Life өмірді жинақтаушы сақтандырудың «Тұмар» (өмірді онлайн сақтандыру) жаңа өнімін енгізді.
- Халық-Life сақтандырудың жинақтаушы түрлері бойынша төлемдерді есептеу процесін автоматтандырды.
- Халық-Life «мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі шеңберінде өмірді сақтандыру» сақтандырудың жаңа сыныбын енгізе отырып, жаңа лицензия алды.
- Halyk Finance IPO шеңберінде «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ акцияларын сату бойынша мәмілені аяқтады. Нәтижесінде «Самұрық-Қазына» қоры AIX және KASE-де жалпы сомасы 153,9 млрд теңгеге 18 303 584 жай акцияны сатты, бұл айналыстағы ҚМГ жай акцияларының жалпы санының 3%-на сәйкес келеді. 154 млрд теңге сомасына орналастырудың жиынтық көлемінің 34% немесе 52 млрд теңгесі Halyk тобына және оның клиенттеріне тиесілі болды. IPO шеңберінде қанағаттандырылған өтінімдердің 71%-н Halyk тобы және оның клиенттері берді.
- 2022 жылдың қорытындысы бойынша Halyk Finance Cbonds басылымының нұсқасы бойынша 287,9 млрд теңге облигациялар шығарылымдарының жиынтық көлемімен және 31,9% нарықтық үлесімен Қазақстан облигацияларының нарықтық шығарылымдарын ұйымдастырушылар рэнкингінің көшбасшысы болды.

Жыл бойы:

- Қаржылық сауаттылықты арттыру бағдарламасы аясында Халық-Life компанияның филиалдарында басшылықтың 230-дан астам өңірлік БАҚ журналистерімен бетпе-бет кездесулерін өткізді.
- Халық-Life компания жүйелерін мемлекеттік деректер базасымен («МДБ» АҚ) интеграциялауды жүзеге асырды.

9

Марапаттары



9

Марапаттары

2022 ЖЫЛҒЫ МАРАПАТТАРЫ

HALYK BANK

SME BANKING AGENCY

Бизнес үшін ең жақсы экожүйелердің бірі бар Банк

ASIAMONEY

ESG саласындағы үздік банк (экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару «Best Bank for ESG»)

Әртараптандыру және инклюзивтілік саласындағы үздік банк («Best Bank for Diversity & Inclusion»)

Үздік инвестициялық банк («Best Investment Bank»)

GLOBAL FINANCE

Қазақстандағы шағын және орта бизнеске арналған үздік банк – 2023 («Best SME Bank in Kazakhstan 2023»)

INTERNATIONAL BUSINESS MAGAZINE

Үздік цифрлық трансформация – Қазақстан 2022

Үздік бөлшек бизнес банкі – Қазақстан 2022

PWC

2021 жылдың жылдық есебі / ESG есебі ESG ақпаратты ашу рейтингінің үздік 10-на кірді

KASE

2021 жылдың үздік жылдық есебі /

2021 жылдың үздік ESG есебі

АО «HALYK FINANCE»

KASE

Инвесторларды тартуға қосқан үлесі үшін

Биржаның технологиялық жобаларын қолдағаны үшін

CBONDS

Қазақстанның облигациялар нарығы бойынша үздік талдау

Қазақстанның үздік басқарушы компаниясы

Қазақстандағы инвестициялар үшін үздік мобильді қосымша

Қазақстанның үздік инвестициялық банкі

EMEA FINANCE

Қазақстандағы үздік инвестициялық банк

Қазақстандағы үздік брокер

GLOBAL FINANCE

Қазақстандағы үздік инвестициялық банк 2022

ASTANA INTERNATIONAL EXCHANGE

Бөлшек сауда сегментін дамытқаны үшін

TENGE BANK

ASIAMONEY

Үздік шетелдік банк 2022

ОАО «ХАЛЫК БАНК КЫРГЫЗСТАН»

VISA

- Best Tap to Phone Acquire (Visa Tap to Phone өнімі бойынша үздік эквайер банк);
- Google Pay launch (Google Pay-ді іске қосқаны үшін)

«GLOBAL BANKING AND FINANCE» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖУРНАЛЫ:

- «Halyk» мобильді қосымшасы үшін «Most Innovative Retail Banking App in Kyrgyzstan – 2022» сыйлығы, 2022 жылы Қырғызстандағы бөлшек сауда банк өнімдері арасындағы ең инновациялық қосымша

ҚЫРҒЫЗ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАНКАРАЛЫҚ ПРОЦЕССИНГТІК ОРТАЛЫҒЫ:

белсенді сауда-сервистік кәсіпорындардың саны бойынша жыл Банкі деп танылды (QR-код бойынша төлем)


ТОО «HALYK ИНКАССАЦИЯ»

STANDARD CHARTERED RATING

Мінсіз іскерлік бедел

10

Макроэкономикалық ахуал



10

Макроэкономикалық ахуал

2022 ЖЫЛҒЫ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ АХУАЛ


2022 жылы Қазақстан экономикасы жалпы әлемдік экономика сияқты қиындықтарға тап болды – тұтынушылық инфляциясының рекордтық қарқыны, ақша-кредит шарттарының (ЖКШ) тез және кеңінен қатаюы, үй шаруашылықтарын тұтыну шығыстарының қысқаруы, тұрғын үй жылжымайтын мүлік нарығының жай-күйінің нашарлауы, сондай-ақ Украинадағы әскери қақтығыстың теріс салдары. Сонымен қатар, Қашағандағы апатқа байланысты осы кен орнында мұнай өндіру кемінде 10%-ға қысқарды, ал республикада өндірудің жалпы көлемі 2017 жылдан бастап ең төменгі деңгейге дейін төмендеді (84,1 млн тонна). 2022 жылы республика экономикасына бюджеттік серпін, көмірсутектерге сыртқы сұраныс пен жоғары баға, сондай-ақ дәнді дақылдардың рекордтық өнімін жинау ынталандырушы әсер етті. Осының арқасында экономика 2022 жылы 3,2% өсім көрсетті.

2021 жылғы 4,3% ж/ж-мен салыстырғанда экономиканың өсу қарқынының баяулауы іскерлік белсенділік пен үй шаруашылықтарының ішкі тұтынуына әсер еткен қаңтар айындағы оқиғалардың салдары болды. Одан кейінгі Украинадағы қақтығыс елдің негізгі сауда серіктестерінің экономикасына әсер етті және елдер арасындағы жеткізілімдердің қалыптасқан логистикасында іркілістер туғызды, бұл жанама түрде республикадағы тұтынушылық инфляция қарқынын 1990 жылдардан бастап рекордтық деңгейге дейін жеделдетуге ықпал етті.

ХВҚ бағалауы бойынша, 2022 жылы әлемдік ЖІӨ-нің өсуі 2021 жылғы 6,2%-дан 3,4%-ға дейін баяулады. Өткен жылы Украинадағы әскери қақтығыс, тұтынушылық инфляцияның жоғары қарқыны, ақша-кредит шарттарының синхронды қатаюы түріндегі әлемдік экономиканы қамтыған көптеген қиындықтар экономиканың өсуіне негізгі кедергілер жасады.

ЖІӨ өсу қарқынының баяулауы аясында өткен жылдардағы серпілістен кейін біртіндеп тұрақтандыру кезеңіне өткен тұрғын үй нарығын да атап өткен жөн. Сонымен қатар, нарықтағы жоғары белсенділік 2022 жылдың 1 тоқсанында сақталды, бірақ зейнетақы жинақтарының ағыны азайғаннан кейін ол төмендей бастады. Тұрғын үй нарығындағы белсенділіктің төмендеуіне жеңілдікті ипотекалық бағдарламалардың қысқартылуы, ҚРҰБ базалық мөлшерлемесінің көтерілуі және соңғы екі жылда бастапқы нарықта кемінде үштен бір есеге ұлғайған жылжымайтын мүліктің өзіндік құнының айтарлықтай өсуі ықпал етті.

Қазақстан экономикасы және мұнай бағасы



Ақпарат көзі: БНС, Блумберг

Жалпы ұстамды жалпы экономикалық жағдайда 2022 жылғы қолайлы климаттық жағдайлар соңғы онжылдықта дәнді дақылдардың рекордтық мөлшерін жинауға ықпал етті, нәтижесінде ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің динамикасы екі таңбалы өсу мәндеріне жақындады (ж/ж +9,1%).

Әлемдегі сыртқы геосаяси шиеленістің, сондай-ақ тұтыну бағасының рекордтық өсуінің салдарынан мемлекеттің экономикаға қолдау көрсетуі айтарлықтай өсті. Бюджеттік импульс 2022 жылы мемлекеттік бюджет шығыстарының ж/ж 19,9%-ға 21,5 трлн теңгеге дейін (2021 жылы ж/ж +7,3% 18 трлн теңге) өсуі есебінен едәуір кеңейді.

2022 жылы өнеркәсіптік өндірістің өсу қарқынының 2021 жылы ж/ж 3,8%-дан ж/ж 1,1%-ға дейін баяулауы байқалды. Соңғы жылдары өнеркәсіптік өндірістің өсу қарқыны елдің ЖІӨ-нің өсу қарқынына сәйкес келді (~4%), сектордағы өсудің мұндай төмен қарқыны дағдарысты 2020 жылды есептемегенде 2017 жылдан бері алғаш рет қалыптасты. Өнеркәсіптегі өндіріс динамикасының баяулауына тау кен секторы қатты әсер етті (ж/ж -1,0%). Сонымен, 2022 жылы мұнай өндіру көлемі (ж/ж -1,9%) ғана емес, сонымен қатар газ (ж/ж -1,0%), көмір (ж/ж -0,7%) және кен өндіру (ж/ж -3%-дан ж/ж -16%-ға дейін) қысқарды.


10

Макроэкономикалық ахуал

Мұнай өндірудің қысқаруына республикадағы барлық мұнайдың 60%-ға жуығы өндірілетін үш ірі мұнай кен орындарындағы жөндеу жұмыстары, сондай-ақ қазақстандық көмірсутектерді сыртқы нарықтарға жеткізудің негізгі арнасы – ҚҚК мұнай құбыры жұмысындағы іркілістер әсер етті. Нәтижесінде республикада мұнай өндіру 2022 жылы 84,1 млн тоннаны құрады. Естеріңізге сала кетейік, мұнай өндірудің ең жоғарғы деңгейі 2019 жылы тіркеліп, 90,6 млн тоннаны құрады. Алайда, негізгі сауда әріптес елдердегі тұрақты сыртқы сұранысты сақтау есебінен сыртқы сауда шарттары Қазақстан үшін қолайлы болып қалыптасты. Мәселен, 2022 жылғы экспорттық бағалар индексі ж/ж 31,9%-ға өсті.

2022 жылы мұнай бағалары республика үшін өте ыңғайлы деңгейде болды. Жалпы, бір жыл ішінде Brent маркалы мұнайдың орташа құны барреліне $99,8 құрады және 2021 жылғы көрсеткіштен 41,7%-ға жоғары және 2014 жылдан бері ең жоғары деңгейде қалыптасты. Бағаның бұл серпініне ковидтік шектеулер төмендегеннен кейін өсіп келе жатқан әлемдік сұраныс, ОПЕК+ тарапынан энергия тасымалдаушылардың ұсынысын реттеу және әлемдегі мұнай қорының сақталып отырған төмен деңгейі – соңғы 5 жылдағы ең төменгі деңгей ықпал етті, ал АҚШ-тағы көмірсутектердің стратегиялық резервтері соңғы 40 жылда ең төменгі деңгейге дейін қысқарды. «Қара алтын» бағасының құбылмалылығына әлемдегі ең ірі мұнай өндірушілердің үштігіне кіретін Ресей Федерациясына қатысты санкциялар да ықпал етті.

ҚР мұнай өндіру динамикасы



Дереккөз: БНС

Өңдеу өнеркәсібіндегі өсу қарқыны өткен жылы ж/ж 3,4% құрады. Жалпы шығарылым динамикасының баяулауы фармацевтикалық өнім (ж/ж -10,3%), қара металлургия (ж/ж -3,2%) өндірісінің төмендеуінен, сондай-ақ мұнай өңдеу өнеркәсібінде (ж/ж 6,5%-дан ж/ж 1,8%-ға дейін), машина жасауда (ж/ж 20,4%-дан ж/ж 9,4%-ға дейін) және басқа да бірқатар салаларда шығарылымның өсу қарқынының баяулауынан көрінді.

Ауыл шаруашылығы 2022 жылы құрылыс секторынан кейінгі өсу қарқыны бойынша екінші сала болды. Өнім өсімі өсімдік шаруашылығының (ж/ж +15%) жалпы өнімі өндірісінің көлемін ұлғайту есебінен ж/ж 9,1% (2021 ж. ж/ж -2,2%) құрды. Бейінді ведомствоның мәлімдемесіне сәйкес, өткен жылы дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың түсімі ж/ж 39%-ға 22,8 млн тоннаға дейін ұлғайды. Бидайдың жалпы өнімі 44%-ға артып, 17 млн тоннаны құрады. Бұл 2022 жылы 13,2 млн тоннадан астам астық пен ұнды астық баламасында экспорттауға мүмкіндік берді (2021 жылы 9,1 млн тонна), бұл республика тарихындағы абсолютті рекорд болды. Айта кетейік, ауыл шаруашылығының үлесі елдің ЖІӨ құрылымында 5%-дан асады және сарапшылардың бағалауы бойынша одан әрі өсу үшін жақсы әлеуетке ие.

Өнеркәсіптен басқа, өсу қарқынының баяулауы телекоммуникация секторында да байқалды, бірақ бұл ретте динамика айтарлықтай жоғары деңгейде сақталды ж/ж 8,0% (2021 жылы ж/ж +12,9%). Ішкі сауда (көтерме және бөлшек сауда) саласында өсу динамикасы ж/ж 5,0%-ға дейін баяулады (2021 жылы ж/ж +9,2%). Құрылыс саласындағы өсу қарқыны жыл ішіндегі аралас динамикаға қарамастан, 2022 жылдың қорытындысы бойынша 2021 жылы ж/ж 8,3%-дан ж/ж 9,4%-ға дейін жеделдеді. Саладағы өсудің негізгі драйвері тұрғын емес ғимараттар салу болды (ж/ж +21,7%), ал тұрғын үй құрылысының көлемі ж/ж 13,7%-ға ұлғайды.

Нәтижесінде, ауыл шаруашылығында, құрылыста және телекоммуникацияда өсудің жоғары қарқынына қарамастан, олардың ЖІӨ құрылымындағы азғантай салмағы өнеркәсіптегі өнім көлемінің қысқаруын өтей алмады, бұл, сайып келгенде, республика экономикасының өсуіне әсер етті.

Тұрақты сыртқы сұраныс пен энергия тасымалдаушылардың салыстырмалы түрде жоғары құны қазақстандық экспорт көлемінің 2022 жылы шамамен 40%-ға өсуіне алып келді. Алдын ала бағалау бойынша сыртқы сауданың профициті $35,1 млрд деңгейінде қалыптасты, бұл 2021 жылғы көрсеткіштерден 82%-ға жоғары және 2020 жылмен салыстырғанда сыртқы сауданың өсімінен 4 есе көп болды. Украинадағы дағдарысқа байланысты туындаған логистикалық проблемалар республиканың сыртқы тауар айналымының өсуіне кедергі келтірмеді.

Тауарлар экспортының көлемі 84,4 млрд долларды құрады және бір жылда 40%-ға, ал 2020 жылы 78%-ға өсті. Экспорт өсімінің негізгі компоненттері мұнай мен металдар болды. Мәселен, 2022 жылы мұнай сатудан түскен табыс 51%-ға 46,9 млрд долларға дейін (экспорттың жалпы көлемінде 56%), мысты сатудан түскен табыс – 15%-ға 3,7 млрд долларға дейін, ферроқорытпалар сатудан түскен табыс – 51%-ға 3,4 млрд долларға дейін, уран сатудан түскен табыс – 95%-ға 3,4 млрд долларға дейін, мыс кендерін сатудан түскен табыс – 51%-ға 2,4 млрд долларға дейін өсті. Сондай-ақ өсудің жоғары қарқыны бидай (+37%), мұнай өнімдері (+73%), көмір (2,4 есе), мырыш (+43%), күкірт (+91%) сату есебінен болды.

2022 жылы Қазақстанға тауарлар импортының көлемі алғаш рет 50 млрд долларға жетіп, 2013 жылғы алдыңғы рекордтан асып түсті (48,8 млрд долл.). Импорттың өсуі машина жасау тауарларын 11%-ға 13,2 млрд долларға дейін, көлік құралдарын – 44%-ға 6,5 млрд долларға дейін, тамақ өнеркәсібі өнімдерін – 19%-ға 4,4 млрд долларға дейін, химия өнеркәсібін – 27%-ға 4,1 млрд долларға дейін ұлғаюымен байланысты болды.

Импорттың өсуі ішінара шикізаттың қымбаттауына, жеткізу тізбегінің бұзылуына байланысты 2022 жылы тіркелген жоғары әлемдік инфляцияны (ж/ж +9.7%), сондай-ақ инвестициялық тауарларға сұранысты қалыптастыратын республика аумағында инвестициялық жобаларды іске асырудың белсенді кезеңін көрсетті.


10

Макроэкономикалық ахуал

ҚРҰБ-ның алдын ала деректеріне сәйкес, 2022 жылы Қазақстан Республикасының ағымдағы шоты 6,3 млрд долл. профицитпен қалыптасты (2021 жылы дефицит 7,9 млрд долл.). Соңғы 11 жылда ағымдағы шоттың профициті рекордтық жоғары деңгейде қалыптасты (2014 жылы 6,1 млрд долл.). 2022 жылы ағымдағы шоттың профицитіне сауда шотының оң сальдосын 1,9 есе 35,1 млрд долларға дейін кеңейту және қызметтер шоты бойынша дефицитті ж/ж 24,8%-ға 1,4 млрд долларға дейін қысқарту ықпал етті. Бұл ретте бастапқы кірістер шоты бойынша дефицитті ж/ж 10,3%-ға 26,7 млрд долларға дейін және қайталама кірістер шоты бойынша ж/ж 33,7%-ға 814,4 млн долларға дейін кеңейту ағымдағы шот профицитінің одан әрі кеңеюіне тежейтін әсер етті.

2022 жылы ақша-кредит саясатының қатаңдауына және пайыздық мөлшерлемелердің жаһандық өсуіне қарамастан, республикадағы инвестициялық белсенділік жиынтық тұтыну тарапынан экономиканың өсуіне қолдау көрсете отырып, айтарлықтай өсті. Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 2021 жылғы ж/ж 3,7%-мен салыстырғанда ж/ж 7,9%-ға ұлғайды. Номиналды мәнде инвестициялар көлемі 15,1 трлн теңгені құрады, 2021 жылғы 13,2 трлн теңгеден ұлғайды. Долларлық баламада инвестиция 32,6 млрд долларды құрады, бұл алдыңғы 2 жылдағы көрсеткіштерден асып түсті және 2019 жылы 32,9 млрд долларға аздап жетпеді. Айта кетейік, негізгі капиталға салынған инвестициялардың ең көп мөлшері 2013 жылы тіркеліп, шамамен 40 млрд долларды құрады, ал ең азы 2016 жылы 22,7 млрд доллар деңгейінде қалыптасты. Осылайша, 2022 жылы ел экономикасындағы инвестициялық белсенділік пандемияға дейінгі деңгейге дейін қалпына келді.

Ағымдағы шоттың профициті $ млрд



Дереккөз: ҚХБ

Инвестициялардың өсу қарқынын жеделдетуге олардың мұнай өндіру секторындағы серпіні ықпал етті, онда олар бірден ж/ж 22,5%-ға ұлғайып, 3,4 трлн теңгені құрады. Көлемнің осындай өсуін ескере отырып, тау-кен өндіру саласының 2022 жылғы инвестицияларының үлесі ел экономикасына салынған барлық инвестициялардың 30%-на жуықтады. 2022 жылы өңдеу өнеркәсібіндегі негізгі капиталға инвестициялардың серпіні, керісінше, ж/ж 5,6%-ға 1,5 трлн теңгеге дейін (жалпы көлемнің 10%) қысқарып, теріс аймақта болды. Өңдеу өнеркәсібіндегі инвестициялардың қысқаруы олардың мұнай өңдеу және химия өнеркәсібі салаларындағы құлдырауымен, сондай-ақ олардың ж/ж 38,1%-ға өсуі аясында 2021 жылғы жоғары базамен түсіндірілді. Бұл ретте, мысалы, металлургияда олардың көлемі, керісінше, ж/ж 28%-ға, тамақ өнімдерін өндіру саласында – ж/ж 15,7%-ға және басқа металл емес минералды өнімдерді өндіру саласында ж/ж 14,5%-ға ұлғайды.

Инвестициялардың айтарлықтай өсуі жылжымайтын мүлікпен операциялар саласында (ж/ж +15,2%), құрылыста (ж/ж +65,9%), ішкі сауда секторында (ж/ж +17,3%) және телекоммуникация саласында (ж/ж +18,4%) орын алды.

2022 жылы бөлшек сауда айналымы ж/ж 2,1%-ға (номиналда ж/ж +15,0%) өсті. Номиналды мәнде бөлшек сауда көлемі 2021 жылғы 13,7 трлн теңгемен салыстырғанда 15,8 трлн теңгені құрады, оның ішінде азық-түлік өнімдерін сатуға 35,6% (2021 жылы 37,2%), ал азық-түліктік емес тауарларды сатуға 64,4% (2021 жылы 62,8%) тура келді.

2022 жылы азық-түлік тауарларын сату ж/ж 5,4%-ға қысқарды, бұл ретте сатылымның төмендеуі республика өңірлерінің жартысына жуығында байқалды. Азық-түлікті номиналды түрде сату айналымының ж/ж 12,8%-ға артуын ескере отырып, 2022 жылы халық ақшалай түрде едәуір көп ақша жұмсады, бірақ сонымен бірге азық-түлікті әлдеқайда аз сатып алды. Бұған азық-түлікке инфляцияның рекордтық қарқыны әсер етті, ол 2022 жылдың желтоқсанында республикада ж/ж 25,3%-ға дейін жеделдеді.


Өз кезегінде азық-түліктік емес тауарларды сату көлемі нақты мәнде ж/ж 6,6%-ға және номиналды мәнде ж/ж 21,0%-ға ұлғайды. Азық-түліктік емес тауарларды тұтынудың жоғары қарқынына тұтынушылық қарыздар ықпал етті, олардың көлемі 2022 жылы ж/ж 25,2%-ға өсті (2021 жылы ж/ж +40%).

ҚРҰБ ақша-кредит саясатының қатаңдауы үй шаруашылықтарының тұтыну шығындарына әсер етті, бұл нарықтағы пайыздық мөлшерлемелердің өсуіне байланысты олардың жинақтарының ұлғаюынан көрінді. 2022 жылы ЕДБ-дағы жеке тұлғалардың депозиттері ж/ж 18%-ға 15,6 трлн теңгеге дейін ұлғайды (2021 жылы зейнетақы жинақтарын алу есебінен ж/ж +22,9%). Үкіметтің теңгемен депозиттерге есептелетін 10% мөлшерінде сыйлықақы көздейтін бағдарламасы халықтың жинақ ақшасының өсуіне қосымша стимул болды.

Үкіметтің халықтың табысын қолдауға бағытталған шараларының бірі жалақы мен зейнетақы мөлшерін арттыру болды. Бұл шара тек бюджет саласының ғана емес, сондай-ақ экономиканың жеке саласының қызметкерлеріне де әсер етті. Бұған ең алдымен 2022 жылы ең төменгі жалақыны 42,5 мың теңгеден 60 мың теңгеге дейін (+41%) арттыру ықпал етті. 2022 жылы ең төменгі жалақы мөлшерінің өсуі, мемлекеттік органдардың бағалауы бойынша, бюджет саласындағы және квазимемлекеттік секторда жұмыс істейтін 1 миллионнан астам қызметкерді қамтыды. Сонымен қатар, 2,8 миллионға жуық ірі бизнес қызметкерлерінің табысы өсті, бұл халықтың тұтынушылық белсенділігіне белгілі бір қолдау көрсетті. Өткен жылы бюджеттен жалақыға жұмсалатын шығыстар 622 млрд теңгеге өсті, бұл инфляциялық шығындардың өсуін айтарлықтай өтеді.

10

Макроэкономикалық ахуал



Дереккөз: БНС

2022 жылы Ұлттық қордан (ҰФ) трансферттерді есепке алмағанда мемлекеттік бюджеттің кірісі ж/ж 38,1%-ға 15,7 трлн теңгеге дейін ұлғайды, бұл ретте өсу қарқыны 2021 жылғы көрсеткіштен екі еседен астам жоғары болды (ж/ж +16,4%). Бюджетке түсетін түсімдердің жақсаруына салықтық та, өзге де төлемдер де ықпал етті, салықтар бойынша түсімдер ж/ж 38,4%-ға, ал өзге салықтық емес түсімдер бойынша ж/ж 32,4%-ға ұлғайды.

2022 жылы ҰФ-тан бюджетке түсетін түсімдер 4,6 трлн теңгені құрады, бұл трансферттер көлемі 4,8 трлн теңгеге жеткен 2020 жылғы дағдарысқа қарағанда біршама аз болды. Трансферттердің елеулі көлеміне қарамастан, мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігінің өсуіне байланысты бюджеттің жалпы түсімдеріндегі трансферттердің үлесі төмендеді. 2022 жылы олардың үлесі 2021 жылы 28%-дан 23%-ға дейін қысқарды, сонымен қатар 2013 жылдан бастап ең төменгі деңгейде болды, бұл ең алдымен өткен жылы бюджет түсімдерінің айтарлықтай өсуіне әсер етті. Айта кетейік, 2022 жылы ҰФ-қа түсімдер 5,2 трлн теңгені құрады және одан алынғаннан 0,6 трлн теңгеге жоғары болды, яғни Қор өзінің мақсаты бойынша жұмыс істеді – активтерді жинақтады. Ал 2021 жылы алып қоюлар ҰФ түсімдерінен 1 трлн теңгеге асып түсті. 2022 жылы ҰФ трансферттерін ескере отырып, мемлекеттік бюджеттің жиынтық кірістері ж/ж 27,8%-ға 20,2 трлн теңгеге дейін ұлғайды.

Осылайша, 2022 жылы республиканың шикізат секторынан түсетін салық түсімдерінің әркелкілігіне қарамастан, бюджеттің кіріс бөлігіне салық төлемдерінің түсу жағдайы айтарлықтай жақсарды. Салық түсімдерінің 40%-ға жуық өсуі белгілі бір дәрежеде республикадағы рекордтық инфляцияның нәтижесі болғанын, оның қарқыны өткен жылы 20%-дан асқанын атап өту маңызды.

2022 жылғы мемлекеттік бюджет шығыстары 2021 жылғы 18 трлн теңгемен салыстырғанда 19,9%-ға 21,5 трлн теңгеге дейін ұлғайды. Нәтижесінде экономиканы мемлекеттік қолдау көлемін кеңейту ЖІӨ өсімін айтарлықтай ынталандырды. Денсаулық сақтау саласын қоспағанда, екі таңбалы өсу қарқынын көрсете отырып, шығыстар бюджеттің барлық дерлік баптары бойынша өсті (ж/ж -6,5%).

2022 жылы мемлекеттік бюджет шығыстарының жалпы ұлғаюы 3,6 трлн теңгені құрады. Шығындардың ең көп өсуі білім беру саласында байқалды (+841 млрд теңге). Мемлекеттік қолдаудың ұлғаюы аясында экономикаға бюджет шығыстары айтарлықтай өсті (+563 млрд теңге).

Халықты әлеуметтік қамсыздандыру шығындары шамамен 0,5 трлн теңгеге өсті, ал жалақы шығындары 0,6 трлн теңгеге өсті, бұл өз кезегінде өткен жылы қызметкерлердің инфляциялық шығындарының өсуін айтарлықтай өтеді. Жиынтығында 1 трлн теңгеден астам қорғанысқа (+368 млрд теңге), жалпы сипаттағы қызметтерге (+355 млрд теңге) және құқықтық тәртіп пен қауіпсіздікті қолдауға (+316 млрд теңге) шығыстар аясы кеңейді.


2022 жылы мемлекеттік борышқа қызмет көрсетуге арналған бюджет шығындары ж/ж 32%-ға (+329 млрд теңге) ұлғайды және бюджет шығыстарының жалпы өсімінен (ж/ж +19,9%) озып кетті. Мемлекеттік борышқа қызмет көрсетуге арналған шығыстар сомасы 1,4 трлн теңге белгісіне жақындады және инфрақұрылымға арналған бюджет шығындарымен салыстыруға болатын, сондай-ақ қорғанысқа арналған шығыстардан асып түсті.

Өткен жылы республиканың мемлекеттік қаржысына қатысты жағдай айтарлықтай жақсарды. Мәселен, қаңтар-мамыр айларында орташа айлық мәні 251 млрд теңгені құрайтын мемлекеттік бюджеттің тұрақты профициті байқалды. Алайда, экономиканың өсу қарқынының баяулауы бюджеттік серпіннің кеңеюімен ұштастыра отырып, нәтижесінде жыл қорытындысы бойынша мемлекеттік бюджет тапшылығына 2,2 трлн теңге деңгейінде әкелді. Алайда, ол 2021 жылғы 2,5 трлн теңге және 2020 жылғы 2,8 трлн теңге көрсеткіштерімен салыстырғанда тереңірек болды. Бұл ретте тапшылықтың нақты мәлшері ҚР Үкіметінің 2022 жылға жоспарлағанынан да жақсы болып шықты, 3 трлн теңгеге. Осылайша, 2022 жылы мемлекеттік бюджет тапшылығы дағдарысқа дейінгі деңгейге оралды.

10

Макроэкономикалық ахуал

ҚР Мемлекеттік бюджет тапшылығы



Дереккөз: ҚР ҚМ


2022 жылдың аяғында үкімет қарызының мөлшері 22 трлн теңгені (ж/ж +17,5%) құрады, бұл 2018 жылдан бері екі есеге өсті.

2022 жылғы тұтынушылық инфляция қарқыны жылдық мәнде 2021 жылғы 8,4%-дан 20,3%-ға дейін жеделдеді. Жылдық мәнде тұтыну бағасының өсуі жыл бойы байқалды, инфляция қарқыны 1996 жылдан бастап рекордтық мәндерге дейін жеделдеді (28,7%). 2022 жылғы ең жоғары өсу қарқыны азық-түлік тауарларының бағасын көрсетті, олар 2021 жылғы ж/ж 9,9%-дан 25,3%-ға қымбаттады және 2007 жылы қалыптасқан ең жоғары деңгейге ж/ж 26,6%-ға жақындады. Азық-түліктік емес тауарлар бағасының өсу динамикасы 2021 жылғы ж/ж 8,5%-дан 2022 жылы ж/ж 19,4%-ға дейін үдеді және 2015 жылы тіркелген ж/ж 22,6% максималды мәнге сәл жетпей қалды. Ақылы қызметтердің бағасы ұқсас уақыт кезеңінде ж/ж 6,5%-дан ж/ж 14,1%-ға дейін өсті және сонымен қатар 2007 жылғы ж/ж 15,4% максималды мәніне жақындады. Тұтыну бағалары индексінің өсу қарқынының шамамен 50%-ын азық-түлік тауарлары қамтамасыз етті.

Бұл ретте азық-түлікке сыртқы инфляциялық қысым төмендей берді. Дүниежүзілік азық-түлік ұйымының (FAO) мәліметтері бойынша, азық-түлік бағасының индексі 2022 жылдың желтоқсанында 9 ай қатарынан төмендегенін көрсетті. Желтоқсан айында азық-түлік бағасының индексі ж/ж 1%-ға 132,4-ке дейін төмендеді, бұл май бағасының ж/ж 19,1%-ға айтарлықтай төмендеуіне байланысты болды. Индекстің басқа компоненттерінің бағасы өткен жылдың көрсеткіштерінен жоғары болды: сүт өнімдері (ж/ж +7,9%), жарма (ж/ж +4,8%), ет (ж/ж +2,5%) және қант (ж/ж +0,6%).

Пандемияның салдары және экономиканы қолдаудың мемлекеттік шаралары, Украинадағы әскери қақтығыстармен қатар, 2022 жылы бағаның айтарлықтай өсуіне түрткі болды. 2022 жылы мемлекеттік бюджет шығындары ж/ж 19.9%-ға өсті және 2018 жылғы көрсеткіштен екі есе өсті. Мемлекеттік шығындардың өсуі республика бойынша ең төменгі және орташа жалақының өсуіне әсер етті, сонымен қатар тұрғын үй құрылысына инвестициялардың ұлғаюы, олардың көлемін кеңейту тұрғын үй бағасының өсуімен қатар жүрді. Бюджеттен тыс қаражатпен бірге бюджет импульсі республика экономикасына айтарлықтай про-инфляциялық қысым көрсетті.

Тұтынушылық инфляция, 1996-2022 жж.



Дереккөз: БНС

10

Макроэкономикалық ахуал

2022 жылы сыртқы жағымсыз фон ұлттық валютаның әлсіреуіне де әсер етті, оның бағамы АҚШ долларына 426 теңгеден 460,5 теңгеге дейін (орташа жылдық бағам) 8,1%-ға құнсызданған. Осы сәтте қазақстандық теңгенің бағамы бір АҚШ доллары үшін 512,2 теңгеге дейін жетті. Сонымен бірге теңге бағамы ресей рубліне 20%-ға әлсіреді, бұл Ресейден импорттың басым көлемін ескере отырып, экономикаға инфляциялық қысымды одан әрі күшейтті.

ҚРҰБ-тың ақша-кредит саясаты

2022 жыл ішінде Ұлттық банк базалық мөлшерлемені 9,75%-дан 16,75%-ға дейін арттыра отырып, АКС-ны едәуір қатаңдатты. Бұл ретте тұтынушылық инфляция қарқыны 2022 жылғы желтоқсанда ж/ж 8,4%-дан ж/ж 20,3%-ға дейін жеделдеді.

Заңды тұлғаларға арналған Теңге бизнес веб-банкингі 24/7 режимде төлемдердің әртүрлі түрлерін жүргізуді және онлайн режимде үзінді көшірмені қалыптастыруды көздейді. Ол 2022 жылдың мамырында іске қосылған, қазірдің өзінде клиенттердің жақсы қатысып жатқанын көрсетеді: 1 мыңға жуық пайдаланушы, айына 290 белсенді пайдаланушы және 2022 жылдың 4-тоқсанында бір белсенді операторға 134 транзакция. 2023 жылдың 1-тоқсанында Банк заңды тұлғаларға арналған мобильді қосымшаны іске қосуды жоспарлап отыр.

Tenge 24 мобильді банктік қосымшасы бөлшек бизнес клиенттеріне жылдам сәйкестендіру және онлайн тіркелу мүмкіндіктерін, қосымшаны картасыз пайдалану мүмкіндігін, P2P төлемдерін және валюталық транзакцияларды ұсынады. Жыл соңындағы жағдай бойынша қосымшаның 260 мыңнан астам қолданушысы болды. 4 тоқсанда белсенді пайдаланушылардың ай сайынғы саны 70 мыңды құрады.

12

Қызметтің негізгі бағыттарына шолу

Сақтандыру нарығы

«Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ

Банктің «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ еншілес сақтандыру компаниясы – бұл экономиканың көптеген секторларында жеке және заңды тұлғалардың барлық санаттарына негізгі сақтандыру қызметінің толық топтамасын ұсынатын, жалпы сақтандыру бойынша компания.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ Қазақстандағы ең ірі жалпы сақтандыру компанияларының бірі болып табылады (активтер бойынша 2-орын және меншікті капитал бойынша 4-орын).

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша компанияның активтері 158,4 млрд. теңгені құрады, бұл нарықтағы 13,8%-ға сәйкес келеді. 2021 жылы компанияның таза кірісі 10,4 млрд. теңгені құрады. Бір жылдағы компания қызметінің қорытындысы бойынша сақтандыру сыйақылары 106,1 млрд. теңге мөлшерінде жиналды, бұл жалпы сақтандыру нарығының 20,3%-ын құрайды (бұзылуды есепке алмағандағы нарық).

2022 жылғы қаңтарда A.M.BEST халықаралық рейтингтік агенттігі «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ-тың қаржылық сенімділігі мен жоғары іскерлік беделінің рейтингін «B++» (Good) деңгейінде растады. болжам «Жағымсыз»-дан «Тұрақты»-ға өзгерді.

2022 жылғы қазанда Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістерге сәйкес «қарыздарды сақтандыру» сақтандыру класының атауы «заңды тұлғалардың қарыздарын сақтандыру» болып өзгертілді, осыған байланысты «жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия қайта ресімделді: №2.1.5. 26.10.2022 ж.

«Халык-Life» АҚ

Банктің өмірді сақтандыру жөніндегі «Халық-Life» АҚ еншілес компаниясы аннуитеттік сақтандыру өнімдерін, жазатайым оқиғалардан сақтандыруды және сырқаттанған жағдайға байланысты сақтандыруды қоса, жеке сақтандырудың әртүрлі түрлерін, сондай-ақ өмірді сақтандыру бойынша өнімдердің ең кең ассортиментін ұсынады.

2022 жылдың қорытындысы бойынша «Халық-Life» АҚ 282,7 млрд теңгені (нарық бойынша активтердің жиынтық көлемінің 30,7%), 56,4 млрд теңгені (өмірді сақтандыру компаниялары нарығы бойынша жиынтық капиталдың 32,5%) және 125,3 млрд теңгені (жалпы сыйлықақылар бойынша нарық үлесі 33,2%) құраған активтер мен меншікті капиталдың мөлшері, сақтандыру сыйлықақыларының көлемі бойынша өмірді сақтандыру компаниялары арасында көшбасшы болып табылады. Компанияның 2022 жылғы таза табысы 17,5 млрд теңгені құрады.

2022 жылғы наурызда A.M. Best халықаралық рейтингтік агенттігі Қазақстандағы өмірді сақтандыру бойынша компаниялар арасында ең жоғары болып табылатын «Халық– Life» АҚ қаржылық тұрақтылық рейтингін B+ және эмитенттің кредиттік рейтингін «bbb–» деңгейінде растады, болжам «Позитивті» ретінде сақталды. 2022 жылғы тамызда S&P Global Ratings агенттігі компанияға «BBB-» қаржылық тұрақтылықтың ұзақ мерзімді рейтингін (елдік рейтинг) және «kzAAA» қазақстандық ұлттық шкаласы бойынша рейтингті берді, болжам – «Тұрақты».

Компанияның қызметкерлері сақтандырудың жинақтаушы түрлері бойынша төлемдерді тану үшін МТ-102 форматын енгізу бойынша атқарған жұмыстарының арқасында өмірді сақтандыру нарығында төлемдерді есептеу процестерін автоматтандыру мүмкіндігі пайда болды.

Homebank қосымшасында Халық-Қазына өнімі бойынша сақтандыру шартын жасасудың онлайн-процестері енгізілді, Компания жүйелерін МКБ-ның мемлекеттік дерекқорларымен интеграциялау іске асырылды.

Тумар өмірді жинақтаушы сақтандырудың жаңа онлайн өнімі әзірленді.

Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі (МБЖЖ) шеңберінде өмірді сақтандырудың жаңа класы бойынша лицензия алынды.

2022 жылы «Халық-Life» АҚ компанияның филиалдарында 230-дан астам өңірлік БАҚ журналистерімен басшылықтың бетпе-бет кездесулерін өткізу арқылы халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша белсенді жұмысын жалғастырды.

Инвестициялық бизнес

«Halyk Finance» АҚ

«Halyk Finance» АҚ Қазақстанда жетекші инвестициялық банктердің бірі болып табылады. Компания клиенттерге брокерлік қызмет көрсету, активтерді басқару, нарықтар мен эмитенттерді зерттеу және талдау, консалтинг пен андеррайтинг, зейнетақы активтерін басқару бойынша қызметтердің кең ауқымын ұсынады.

2022 жылдың 31 желтоқсанында «Halyk Finance» АҚ активтері 55,4 млрд теңгені, меншікті капиталы 24,5 млрд теңгені құрады. 2022 жылы «Halyk Finance» АҚ-тың таза залалы – 2,3 млрд теңге мөлшерінде болды.

«Halyk Finance» АҚ-тың меншікті инвестициялық портфелі (брутто) 2022 жылдың 31 желтоқсанында 52,8 млрд теңгені құрады. Брокерлік қызмет көрсетудегі клиенттердің бағалы қағаздарының жиынтық портфелі 2022 жылдың 31 желтоқсанында нарықтық құны бойынша 383,1 млрд теңгені құрады. 2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша басқарудағы активтер мөлшері 424,4 млрд теңгені құрады.

Компанияның қызметі 2022 жылы тағы да Global Finance, Cbonds, EMEA Finance сияқты танымал ақпараттық агенттіктер мен беделді баспалардың, сондай-ақ KASE және AIX қор биржаларының «Қазақстанның үздік инвестициялық банкі» наградаларымен марапатталды.

Сәуір айында Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі Halyk Finance эмитенттің шетел және ұлттық валютадағы дефолтының ұзақ мерзімді рейтингтерін «тұрақты» болжамымен «BBB-» инвестициялық деңгейінде растады.

Halyk Finance «ҚазМұнайГаз ҰК» АҚ IPO ұйымдастыру бойынша мәмілені аяқтады, онда «Самұрық-Қазына» қоры сатушы акционер болды. Нәтижесінде «Самұрық-Қазына» қоры AIX және KASE-де жалпы

12

Қызметтің негізгі бағыттарына шолу

сомасы 153,9 млрд теңгеге 18 303 584 жай акцияны сатты, бұл айналымдағы ҚМГ жай акцияларының жалпы санының 3%-на сәйкес келеді. 154 млрд теңге сомасына орналастырудың жиынтық көлемінің 34% немесе 52 млрд теңгесі Halyk тобына және оның клиенттеріне тиесілі болды. IPO шеңберінде қанағаттандырылған өтінімдердің 71%-ы Halyk тобы және оның клиенттері берді.

«Halyk Global Markets» АҚ

«Halyk Global Markets» АҚ өз қызметін брокерлік-дилерлік қызметке және инвестициялық портфельді басқаруға арналған лицензияға сәйкес жүзеге асырады.

2022 жылдың 31 желтоқсанында «Halyk Global Markets» АҚ-тың активтері 20,5 млрд теңгені, меншікті капиталы 20,5 млрд теңгені құрады. 2022 жылы «Halyk Global Markets» АҚ-тың таза залалы 0,2 млрд теңгені құрады.

«Halyk Global Markets» АҚ-тың меншікті инвестициялық портфелі (брутто) 2022 жылдың 31 желтоқсанында 20,2 млрд теңгені құрады. Брокерлік қызмет көрсетудегі клиенттердің бағалы қағаздарының жиынтық портфелі 2022 жылдың 31 желтоқсанында нарықтық құны бойынша 1,1 трлн теңгені құрады. 2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша басқарудағы активтер мөлшері 2,6 млрд. теңгені құрады.

2022 жылғы шілдеде «Halyk Global Markets» АҚ және «Halyk Finance» АҚ компанияларының жалғыз акционері болып табылатын Банк клиенттік бизнесті «Halyk Global Markets» АҚ-тан «Halyk Finance» АҚ-қа көшіру туралы шешім қабылдады. Интеграцияның мақсаты ресурстарды шоғырландыру, процестерді оңтайландыру және Halyk тобының инвестициялық блогы бизнесінің тиімділігін одан әрі арттыру болып табылады.

Ақпараттық-коммуникациялық бизнес және интернет-эквайринг

«Қазтелепорт» АҚ

«Қазтелепорт» АҚ – Halyk Bank-тің еншілес ұйымы, Қазақстанның ірі ақпараттық-коммуникациялық және бұлтты провайдері болып табылады. «Қазтелепорт» АҚ өзін жоғары қауіпсіздік деңгейі бар жоғары сапалы ИКТ-сервистерін жеткізуші ретінде көрсетеді. АТ инфрақұрылымы деңгейінде орта және ірі ұйымдарға тіректер мен есептеу ресурстарын жалға беруден бастап кибершабуылдардан қорғауға дейінгі кешенді шешімдерді ұсынады.

2022 жылы «Қазтелепорт» АҚ құрылысты аяқтап, TIER III Certification of Constructed Facility сенімділік деңгейімен 120 тірекке арналған ДӨО-ны пайдалануға берді, Астана қаласында ДӨО құрылысы басталды. Географиялық жайылуды кеңейту аясында компания Өзбекстан Республикасында еншілес ұйым ашты.

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша активтер 8 053,9 млн теңгені, меншікті капитал – 5 590,9 млн теңгені құрады, 2022 жылы таза пайда 272,7 млн теңгені құрады.

«Halyk Finservice» ЖШС

«Halyk Finservice» ЖШС – Halyk Bank-тің еншілес ұйымы, ол деректерді өңдеу және сақтау бөлігінде процессингке технологиялық қолдауды, атап айтқанда, банк карталарын ұстаушылардың және агент банктердің карталық операцияларды жүргізу барысында қалыптастырылатын деректерді жинауға, өңдеуге және сақтауға байланысты қызметтерді қамтамасыз етеді.

2022 жылдың желтоқсанында «Halyk Finservice» ЖШС «Tenge Bank» АКБ-мен бірлесіп Өзбекстан Республикасында Tenge Market маркетплэйсін іске қосуды бастады. 2022 жылғы 31 желтоқсанда «Halyk Finservice» ЖШС активтері 3 921 млн теңгені құрады, меншікті капиталы 3 051,9 млн теңгені құрады. 2022 жылдың қорытындысы бойынша «Halyk Finservice» ЖШС 1 496,2 млн теңге мөлшерінде таза пайда тапты.

Инкассаторлық қызметтер нарығы

«Halyk Инкассация» ЖШС

Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассалау қызметі нарығында көшбасшы, еліміздегі ең ірі инкассаторлық ұйым «Қазақстан Халық Банкінің «Halyk Инкассация» еншілес ұйымы» ЖШС бір жағынан «Halyk» қаржылық тобында клиенттерге дербес қызмет көрсететін еншілес ұйымдардың бірі ретінде, екінші жағынан Банктің сату арналарын қолма-қол ақшамен қамтамасыз ете отырып жайғасты.

2022 жылдың 31 желтоқсанында «Halyk Инкассация» ЖШС активтері 5 240,8 млн теңгені, меншікті капиталы – 3 795,5 млн теңгені, жарғылық капиталы – 406,5 млн. теңгені құрады. 2022 жылы «Halyk Инкассация» ЖШС таза табысы 99,4 млн теңгені құрады.

«Halyk Инкассация» ЖШС-ның филиалдар желісінің құрамына клиенттерге инкассалау қызметтерін барлық облыстық, аудандық орталықтарда, ірі және шағын қалаларда, яғни ҚР барлық аумағында көрсететін 20 филиал, 34 бөлімше кіреді. «Halyk Инкассация» ЖШС-ның материалдық-техникалық базасы ең заманауи талаптарға сәйкес келеді. Құндылықтар арнайы брондалған автокөліктермен ғана тасымалданады, олардың қозғалысы GPS-мониторинг жүйесі арқылы бақыланып отырады. «Halyk Инкассация» ЖШС іске асыратын инкассация операциялары қаржылық тұрақтылық рейтингі AA-дан төмен емес бірінші дәрежелі сақтандыру ұйымдарында Lloyd's сақтандыру нарығында тәуекелдерді қайта сақтандырумен сақтандырылған. «Halyk Инкассация» ЖШС үздіксіз қызмет көрсетеді және Банк пен клиенттердің өтінімдерін толық көлемде орындайды.

Стрестік активтерді басқару ұйымдары және басқа компаниялар

Компания қызметінің негізгі мақсаты Банктен заемдық қаражат есебінен күмәнді және үмітсіз активтерді сатып алу арқылы Банктің несие портфелін сауықтыру, активтерді сапалы басқару және «Halyk» тобының кредиттік шығындарын азайту үшін оларды оңалту, активтерді сәтті жүзеге асыру және Банк алдындағы компаниялардың міндеттемелерін толық өтеу болып табылады.

2022 жылдың 31 желтоқсанында «Halyk» тобының күмәнді және үмітсіз активтерін басқару жөніндегі компаниялардың активтерінің жалпы сомасы 166,3 млрд. теңгені құрады.

Бұл ретте, 2022 жылы «КУСА Халық» ЖШС активтерді 32,7 млрд. теңгеге, «Халық Актив» ЖШС 29,6 млрд. теңгеге сатты.

«КУСА Халық» ЖШС

Halyk Bank-тің «КУСА Халық» ЖШС еншілес ұйымы 2013 жылы ҚР қаржылық тұрақтылығы және қаржы нарығын дамыту жөніндегі кеңестің шешімімен мақұлданған ЕДБ активтерінің сапасын жақсарту концепциясының шеңберінде құрылды.

12

Қызметтің негізгі бағыттарына шолу

2022 жылы Банк «КУСА Халық» ЖШС-не 10,8 млрд. теңге сомасына 15 актив берді. 2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша активтер портфелі 51,7 млрд. теңгені құрады.

Активтерді сатудан және қызметтерді көрсетуден түскен кірістің сомасы 2022 жылы 39,4 млрд. теңгені құрады. «КУСА Халық» ЖШС-нің негізгі қызметінен түскен операциялық пайда 4,65 млрд. теңгені құрады.

«Халық Актив» ЖШС

«Халық Актив» ЖШС еншілес ұйымы 2013-2014 жылдары ҚР қаржылық тұрақтылығы және қаржы нарығын дамыту жөніндегі кеңестің шешімімен мақұлданған ЕДБ активтерінің сапасын жақсарту концепциясының шеңберінде құрылды.

2022 жылы Банк «Халық Актив» ЖШС-не 11,9 млрд. теңге сомасына 11 актив берді. 2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша активтер портфелі 88,1 млрд. теңгені құрады.

Активтерді сатудан және қызметтерді көрсетуден түскен кірістің сомасы 2022 жылы 7,8 млрд. теңгені құрады. Компанияның негізгі қызметінен түскен операциялық пайда 5,8 млрд. теңгені құрады.

Банктің Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 9 шешіміне сәйкес «Халық Жоба» ЖШС және «Халық Актив 1» ЖШС-нің «Халық Актив» ЖШС-не қосылу нысанында «Халық Актив» ЖШС-ні ерікті түрде қайта ұйымдастыру жүргізілді.


«Халық-Лизинг» АҚ

«Халық-Лизинг» АҚ ҚР-дағы алғашқы лизингтік компаниялардың бірі болып табылады. «Халық-Лизинг» АҚ-тың мәлімделген негізгі қызметі арнайы техниканы, оның ішінде ауыр және өзге құрылыс, жол-құрылыс техникасын, өндіріс жабдығын, мұнай жабдығын, өндіру және тау-кен өндіру жабдығын, ауылшаруашылық техникасын және жабдығын, жүктерді және жолаушыларды тасымалдауға арналған коммерциялық көлік құралдарын және т.б. сатып алу және қаржы лизингіне беру болып табылады. 2014 жыл мен 2019 жыл аралығында «Халық-Лизинг» АҚ-та жаңа лизинг шарттарын жасауға мораторий жарияланды. 2020 жылы «Халық-Лизинг» АҚ-тың лизингтік қызметі қалпына келтірілді. 2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «Халық-Лизинг» АҚ-тың активтері 16 446 млн. теңгені, меншікті капиталы – 7 917,4 млн. теңгені құрады. «Халық-Лизинг» АҚ-тың таза кірісі 2022 жылы 773,6 млн. теңгені көрсетті.

2022 жылы берілген лизингтің нақты көлемі 5 907 млн. теңгені, 2022 жылдың аяғына несиелік портфель брутто 9 114,4 млн. теңгені (нетто 8 984,2 млн теңге), сыйақылар бойынша кіріс 2022 жылы 1 250,4 млн. теңгені құрады. «Халық-Лизинг» АҚ Halyk Bank-те, «Даму» қорында, «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ-та қорланады.

13

Тәуекелдерді басқару



13

Тәуекелдерді басқару

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Топтың тәуекел-менеджмент саласындағы саясаты Топ қызметінің ауқымы мен сипатына, ол қабылдайтын тәуекелдердің бейініне сәйкес келетін, сондай-ақ бизнесті одан әрі дамыту сұранысына жауап беретін тәуекелдерді басқарудың біртұтас жүйесін қалыптастыруға бағытталған. Топ тәуекелдерді анықтау, оларды басқару, сондай-ақ бағалау және бақылау әдістерін жетілдіруге бағытталған іс-шараларды жоспарлы түрде және бірізді жүзеге асыра отырып, тәуекелдерді басқару жүйесін дамытуды одан әрі жалғастыруда.

1) Тәуекел-тәбетті басқару

Halyk Bank тәуекел-тәбетінің стратегиясы «Halyk» тобының жалпы даму стратегиясын іске асыру шеңберінде Банк қызметі жүзеге асырылатын қабылданатын елеулі тәуекелдер көлемінің нақты шекараларын айқындайды, сондай-ақ тәуекелдердің іске асырылуына жол бермеу не олардың Банктің қаржылық жағдайына теріс әсерін барынша азайту мақсатында Банк қызметінің тәуекел-бейінін айқындайды.

Тәуекел тәбетін басқару тәсілдері Директорлар Кеңесі бекіткен тәуекел-тәбеті стратегиясында регламенттелген.

Тәуекел-тәбеті – Банк қабылдауға дайын немесе стратегияны жүзеге асыру кезінде алып тастауға ниетті елеулі тәуекелдердің жиынтық деңгейі.

Тәуекел-тәбеті стратегиясы – тәуекел-тәбеті анықталатын, оны бақылау және Банктің ұйымдық құрылымының барлық деңгейлерінде тарату жүзеге асырылатын саясаттар, процестер, бақылаулар мен жүйелерді қоса алғанда, тәуекел-тәсілдерін басқарудың жалпы тәсілдері.

Тәуекелдердің әрбір елеулі деңгейі бойынша Тәуекел-тәбеті стратегиясы шеңберінде Директорлар кеңесінің шешімімен қабылданған бизнес-модельді, қызмет ауқымын, Банк операцияларының түрлері мен күрделілігін ескере отырып, тәуекел-тәбеті деңгейлерінің сандық көрсеткіштерінің жиынтығы бекітілді. Тәуекел-тәбеті деңгейлерінің сақталу мониторингі тәуекелдер бойынша басқарушылық есептілік шеңберінде мерзімді негізде жүзеге асырылады.

2) Кредиттік тәуекелдерді басқару

Кредиттік тәуекелдерді тиімді басқару мақсатында Банкте тәуекел-менеджмент жүйесі және сату мен тәуекелдерді басқару функцияларының бөлінуін ескеретін қолданыстағы бизнес-процестер енгізілді, кредиттік тәуекелдерді бағалауға және басқаруға қатысатын алқалы органдар мен бөлімшелерді қамтитын кредиттік тәуекелдерді басқарудың ұйымдық құрылымы жасақталды.

Банкте кредиттік тәуекелдерді басқару мыналар арқылы жүргізіледі:

- «үш жолды қорғаныс» – бастама жасайтын бөлімшенің кредиттік тәуекелді бастапқы талдауы және тәуекелдерді басқару бөлімшесінің талдауы, ішкі аудит бөлімшесі тарапынан бақылау;
- (кредиттік) операциялар немесе өнімдер түрлеріне байланысты контрагенттерге лимиттер белгілеу;
- заемшылар, салалар деңгейінде және географиялық бөліністе тәуекелдің шамадан тыс шоғырлануына жол бермеу мақсатында кредиттік портфельді әртараптандыру;
- ерте кезеңде сапаның нашарлауын сәйкестендіру үшін кредиттік портфельге мониторинг жүргізу;
- барабар резервтерді мүмкін болатын ысырапқа жасақтау.

Банкте кредиттік шешімдерді қабылдау жүйесі Директорлар кеңесінің тиісті алқалы органдарға белгілі бір өкілеттіктерді беруіне және әрбір орган үшін қаржыландыру лимиттерін белгілеуіне негізделеді. Корпоративтік заемшылар бойынша өтінімдерді қарауды КД жүзеге асырады. КД-ның өкілеттігінен асатын кредиттік өтінімдер, сондай-ақ Банкпен ерекше қарым-қатынастармен байланысқан тұлғалармен жасалатын мәмілелер әрі қарай Директорлар кеңесінің бекітуін талап етеді. ШОБ заемшылары бойынша өкілеттіктер ШБ ШҚО-ға/ФКК-не және ФЖКК-не берілген, бөлшек қаржыландыру мәселелері бойынша – ШҚО-ға және БКК-не берілген.

ШҚО және ББ БКК жұмыс істеуімен қатар жеке тұлғаларға кредит беру кезінде шешімдер қабылдау үшін автоматтандырылған тәсіл бар. Шешім қабылдауды автоматтандыру тәуекелге бағдарланған тәсілге, оның ішінде Risk Based Pricing тәсіліне және клиенттердің төлем қабілеттілігін бағалау кезінде қосымша параметрлерді қолдануға негізделген. Өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша сұратылған шарттар бойынша да, жеке тұлғалар өтініш берушілерінің барлық сегменттері үшін (жалақы жобасына қатысушылар/қатысушылар емес, зейнеткерлер және т.б.) балама шешімдерді ұсыну жолымен де кредиттік ұсыныстар қалыптастырылады. Мұндай тәсіл заемшының тәуекел-бейінін ескереді және шешім қабылдау кезінде тәуекелдерді барынша азайтуға мүмкіндік береді.

2021 жылы банк жеке тұлғаларға кредит берудің ипотекалық бағдарламалары бойынша кредиттік шешімдер қабылдау үшін автоматтандырылған тәсілді қолдану мүмкіндігін іске асырды. Скорингтік және антифрод модельдері қосымша енгізілді және жетілдірілді.

ШБ жеке кәсіпкерлерінің айналым қаражатын және инвестицияларды толықтыру мақсаттарына арналған стандартты кепілсіз/кепілді кредиттік өтінімдер бойынша шешімдер қабылдау өтініш берушінің кредит қабілеттілігі мен төлем қабілеттілігін, пайыздық мөлшерлемені және ішкі және сыртқы деректер негізінде кредит беру лимитін бағалайтын тәуекелді модельдердің көмегімен шешім қабылдаудың автоматтандырылған процесі шеңберінде жүзеге асырылады.

2021 жылы Банкте орта және корпоративтік бизнес сегментінде заңды тұлғаларға кредит беруді цифрландыру бойынша жоба басталды. Бұл жоба Oliver Wyman халықаралық консалтингтік компаниясымен бірлесіп жүзеге асырылуда. Жобаның негізгі мақсаты банк бөлімшелеріне бармай-ақ on-line режимінде кредиттеу бойынша шешімдер қабылдау болып табылады. Құрылатын электрондық платформа қазақстандық компанияларды айналым капиталын толықтыруға кредиттеуді және инвестициялық мақсаттарды қамтиды. Жобаның бірінші бөлігі 2022 жылдың наурызында жүзеге асырылды.

Еншілес банктердің кредит комитеттеріне оның аясында шешімдер қабылданатын белгілі бір өкілеттіктер берілген. Банк мерзімді негізде мониторинг жүргізеді және, қажет болған жағдайда немесе шекті ковенанттар бұзылған жағдайда, дербес шешімдер қабылдау лимиттерін және еншілес банктердің кредит комитеттері өкілеттіктерінің матрицасын қайта қарастырады.

ШБ ШҚО, ФКК/ФЖКК орта және шағын бизнес бойынша, ШҚО, ББ БКК үшін бөлшек бизнес бойынша бизнес мақсаттарға өз бетінше кредит берудің жаңа лимиттері белгіленген, ШОБ, бөлшек бизнестің кредиттік процесі оңтайландырылған.

Банктің сыртқы және ішкі нарықтардағы макроэкономикалық ахуалдағы теріс өзгерістердің әсер ету тәуекеліне ұшырауын бағалау, сондай-ақ стресті сценарийлерді (провизиялар деңгейі, кредиттік рейтингтердің көшуі, жұмыс істемейтін заемдар үлесі) іске асырудан болатын әсерді айқындау мақсатында Банк кезең-кезеңімен кредиттік портфельдің стресс-тестілеуін жүргізеді. 2022 жылы Банк әлемдік экономикалардың төмендеуі, инфляцияның өсуі, мұнай бағасының және ЖІӨ деңгейінің төмендеуі, сондай-ақ геосаяси тәуекелдер жағдайында жеткілікті консервативті болжамдарды қолдана отырып, стресс-тестілеуді бірнеше рет өткізді, нәтижелер капиталдың активтер сапасының төмендеуіне тұрақтылығын көрсетті.

13

Тәуекелдерді басқару


Банкте әрекет ететін ШБ және СБ клиенттері бойынша дефолт/онымен қауымдастырылған рейтинг ықтималдығын бағалау үшін Risk Analyst ішкі рейтингтік моделі заемның құнсыздану өлшемшарттарын айқындау үшін, сондай-ақ жеке маңызды заемдар бойынша стресс-тестілеу жүргізу, Банктің жоғары кредит беруге қабілетті клиенттері бойынша талдауды оңтайландыру және шешімдер қабылдау кезінде кеңінен пайдаланылады. Рейтингтік модельді өзекті жағдайда ұстап тұру мақсатында, сондай-ақ модель жұмысының сапасын жақсарту үшін Банк тұрақты негізде оның валидациясын жүргізеді; мәселен, Moody's халықаралық рейтингтік агенттігі өкілдерінің қатысуымен валидацияланған модель 2020 жылдың соңында Банктің кредиттік процесіне өзінің платформасы негізінде Risk Rate платформасында енгізілді.

2022 жыл ішінде проблемалық берешекпен жұмыс, кепіл мүлкін сату, талап-арыз жұмысы, активтерді КАБҰ басқармасына беру, сондай-ақ үмітсіз берешекті есептен шығару жолымен өтеуді қамтамасыз ету жалғастырылды. Өткізілген іс-шаралар нәтижесінде мерзімі өткен берешек үлесі азайды.


2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «Halyk» тобының несиелік портфелінің құрылымындағы елеулі үлес салмақты бөлшек заемдар – 30,6% (оның ішінде 25,9% – тұтынушылық заемдарды және 4,7% – ипотекалық заемдарды қоса алғанда) алады. Салалар бөлінісінде ең үлкен үлесті қызметтер көрсету (9,6%), көтерме сауда (7,8%), бөлшек сауда (6,4%), мұнай және газ (4,9%) және жылжымайтын мүлік (4,1%) секторларына берілген заемдар алады.

Экономика секторлары бойынша «Halyk» тобының несиелік портфелінің құрылымы, %

2022 жылғы 31 желтоқсан



2021 жылғы 31 желтоқсан



- Бөлшек заемдар
- Қызметтер
- Көтерме сауда
- Бөлшек сауда
- Мұнай және газ
- Жылжымайтын мүлік
- Энергетика
- Химия өнеркәсібі
- Қаржы секторы
- Өзге секторлар

- Бөлшек заемдар
- Қызметтер
- Көтерме сауда
- Бөлшек сауда
- Мұнай және газ
- Жылжымайтын мүлік
- Энергетика
- Химия өнеркәсібі
- Өзге секторлар


3) Активтерді/пассивтерді басқару

«Тәуекел-табыстылық» арақатынасын басқаруға теңдестірілген тәсілді қамтамасыз ететін банктік активтердің оңтайлы құрылымын жасақтау мақсатында Топ ішкі және сыртқы активтерге банктік өнім түрлері, экономика сегменттері, валюта түрлері және өтеу мерзімдері бойынша әртараптандырылған салымдарды іске асырады.


2022 жыл үшін Топ активтерінің құрылымы былайша көрсетілген:

«Halyk» тобы активтерінің құрылымы, %[9]

2022 жылғы 31 желтоқсан



2021 жылғы 31 желтоқсан



- Ақшалай қаражат және оның баламасы
- Міндетті резервтер
- Бағалы қағаздар портфелі
- Клиенттерге берілетін заемдар
- Кредиттік мекемелердегі қаражат
- Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер
- Басқа активтер

- Ақшалай қаражат және оның баламасы
- Міндетті резервтер
- Бағалы қағаздар портфелі
- Клиенттерге берілетін заемдар
- Кредиттік мекемелердегі қаражат
- Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер
- Басқа активтер

[9]Ақша қаражатына және олардың баламаларына басқаламен қоса бағалы металдар кіреді;

Бағалы қағаздар портфелі пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін, өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін, туынды қаржы құралдарын шегергендегі күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтерді шегергенде амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарды қамтиды.

Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерге іскерлік бедел, коммерциялық және инвестициялық жылжымайтын мүлік кіреді.

13

Тәуекелдерді басқару

2022 жылы «Halyk» тобының активтері 18,36%-ға өсті. Есепті кезеңдегі баланс валютасының өсуіне негізінен нетто-негізде несие портфелі көлемінің – 1 985,7 млрд теңгеге (33,81%-ға) және ақшалай қаражат пен оның баламасының – 589,0 млрд теңгеге (40,91%-ға) ұлғаюы әсер етті. Несие портфелі «Halyk» тобы активтерінің құрылымындағы ең ірі бап болып қалуда, 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша оның үлесі 54,9%-ды құрады. Баланс құрылымындағы басқа да ірі баптар бағалы қағаздар портфелі (бағалы қағаздардың сауда және инвестициялық портфелі), сондай-ақ ақшалай қаражат пен оның баламасы болып табылады, олардың активтер құрылымындағы үлесі тиісінше 24,2% және 14,2%-ды құрады.


Топ контрагент банктерге арналған қолданыстағы лимиттердің ағымдағы позициясына тұрақты мониторинг жүргізеді. Контрагент банктердің және/немесе олар операция жүргізетін елдердің қызметінде жағымсыз факторлар анықталған жағдайда, Топ жедел түрде белгіленген лимиттердің мерзімі мен мөлшерін қысқарту бойынша түзету шараларын жүргізді.

Сондай-ақ өтімділікті басқару мақсатымен Топ белгілі бір мерзімге тартылған ресурстарды және талап етілгенге дейінгі қаражатты қамтитын пассивтердің тұрақты әрі әртараптандырылған құрылымын қолдайды.


Топтың 2021 және 2022 жж. міндеттемелерінің құрылымы мынадай:

Топ міндеттемелерінің құрылымы, %

2022 жылғы 31 желтоқсан



2021 жылғы 31 желтоқсан



- Клиенттердің қаражаты
- Кредиттік мекемелердің қаражаты
- Шығарылған борыштық бағалы қағаздар
- Басқа міндеттемелер


- Клиенттердің қаражаты
- Кредиттік мекемелердің қаражаты
- Шығарылған борыштық бағалы қағаздар
- Басқа міндеттемелер

2022 жылы міндеттемелер құрылымындағы негізгі өзгерістер клиенттердің қаражаты бойынша орын алды. 2022 жылдың қорытындысы бойынша клиенттердің қаражаты абсолюттік мәнде 2 014,2 млрд теңгеге (23,8%-ға) ұлғайды және міндеттемелер құрылымында ең үлкен үлес салмаққа ие болуды жалғастыруда, ол 2021 жылғы 80,6%-ға қарағанда 84,6%-ға құрады.

Клиенттердің қаражаттары құрылымындағы мерзімді салымдар мен ағымдағы шоттарды бөлу айтарлықтай өзгерген жоқ, есепті күнге тиісінше 68,9% және 31,1% құрады, 2021 жылы 67,5% және 32,5% болды.

2022 жылы жеке тұлғалардан тартылған қаражат 18,2%-ға, заңды тұлғалардың қаражаты 29,8%-ға ұлғайды.

Топ клиенттерінің қаражаты, млрд теңге



Ішкі нарықтан қорландыруды тартуға көзделу Банкке клиенттердің қаражатын тарту бойынша нарықта көшбасшылық позицияны сақтауға мүмкіндік берді. Осылайша, 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Halyk Bank жиынтық үлесі 30,4%-бен (2021 жылдың соңында 32,1%) жеке тұлғалардан да, үлесі 35,5%-бен (2021 жылдың соңында 32,4%) заңды тұлғалардан тартылған қаражат көлемі бойынша нарықта көшбасшы болып табылады.

4) Нарықтық тәуекелдерді басқару

2022 жылы Банк барлық валюталар бойынша бейтарап позицияны ұстана отырып, валюталық позицияларды басқаруда консервативтік саясатын ұстануды жалғастырды.


Теңгедегі активтердің үлес салмағы Топтың қаржы активтерінен 2021 жылдағы 62,2% салыстырғанда 64,3% құрады, бұл ретте теңгедегі несиелік портфельдің үлесі 79,0%-дан 83,0% дейін ұлғайды.

Топтың теңгедегі депозиттік базасының үлесі ұлғайып, 2021 жылғы 51,7%-ға қарағанда 56,6% құрады.

13

Тәуекелдерді басқару


«Halyk» тобының қаржылық активтері, валюталар бөлінісінде, %



«Halyk» тобының несиелік портфелі (нетто), валюталар бөлінісінде, %



«Halyk» тобы клиенттерінің қаражаты, валюталар бөлінісінде, %



Топ пайыздық тәуекелдің мынадай көздерін айқындайды: бағалы қағаздардың портфелі бойынша пайыздық тәуекел, сондай-ақ пайыздық мөлшерлемелердің өзгерісіне (сыйақы мөлшерлемесінің өзгеру тәуекелі) сезімтал активтер мен пассивтерді өтеу мерзімдерінің сәйкес келмеуі (пайыздық мөлшерлемелерді қайта қарау) нәтижесінде туындайтын пайыздық тәуекел. Топ оң пайыздық маржаны қамтамасыз ете отырып, пайыздық мөлшерлемелер бойынша Топтың позициясын басқару арқылы пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелін және нарықтық тәуекелді басқарады.

Нарықтық тәуекелдің мөлшерін (валюталық, пайыздық, бағалық) шектейтін ішкі лимиттерді уәкілетті органдар тәуекел-тәбетінің бекітілген мөлшері аясында белгілейді, олардың сақталуына мониторинг күнделікті жүргізіліп отырады. Белгіленген лимиттердің мөлшері Банктің тәуекел-тәбеті мен нарықтық талаптарға өзектілігі мен сәйкестігіне үнемі қайта қаралып отырады.

2022 жыл ішінде инфляциялық қысымның өсуі орталық банктердің ақша-кредит саясатын тез және айтарлықтай қатаңдауына себеп болды: ҚР Ұлттық банкі базалық мөлшерлемені жыл ішінде алты рет 9,75%-дан 16,75%-ға дейін көтерді.

Өз кезегінде, пайыздық мөлшерлемелердің өсуіне қарамастан Банктің пайыздық тәуекелі айтарлықтай өскен жоқ, тәуекел-тәбетінің белгіленген лимиттері шеңберінде сақталады.

13

Тәуекелдерді басқару

5) Операциялық тәуекелдерді басқару

Банк өз қызметі барысында операциялық тәуекелге тап болуы мүмкін. Стратегиялық тәуекел мен беделтәуекелін қоспағанда, барабар емес және жеткіліксіз ішкі процестер, адам ресурстары және жүйелер немесе сыртқы оқиғалардың ықпалынан шығындардың пайда болу ықтималдығы операциялық тәуекелді білдіреді.

Банктің тәуекел-менеджмент қызметі құрамындағы операциялық тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшесі операциялық тәуекел-менеджменттің мынадай алуан түрлі құралдарын жасап, өз қызметінде қолданады:

- Банкте жаңа өнімдерді, қызмет түрлерін, процестерді, жүйелерді енгізген немесе қолданыстағы өнімдерге/қызметтерге, жүйелер мен бизнес-процестерге елеулі өзгерістер енгізген кезде операциялық тәуекелдің бар-жоғын бағалау жұмыстары жүргізілуде. ORAP құралы толық жұмыс істейді және 2010 жылдан бері Банк қызметінің маңызды салаларын қамтып, кең пайдаланылады.

- Банктіңоперациялықтәуекелдеріжүзегеасырылатыноқиғалардыжинақтаужәнеталдауұдайыжүргізіліп отырады. Операциялық тәуекелдердің оқиғалары тіркеледі және операциялық шығындарды талдау және тұтастай азайту бойынша түзету іс-шараларын қабылдау мақсатында кейіннен операциялық тәуекелдер бойынша реттеушілік және басқарушылық есептілік жасау үшін пайдаланылатын арнаулы деректер базасында тиісті түрде жіктеледі.

- Банк операциялық тәуекел-менеджменттің құралын – тәуекелдің негізгі индикаторларын дамытуды жалғастыруда. Қазіргі таңда Банкте Банк үшін аса маңызды АТ-жүйелер мен елеулі бизнес-процестер бойынша тәуекелдерді сәйкестендіруге мүмкіндік беретін түрлі бағыттар бойынша тәуекелдің негізгі индикаторлары жүйесі жұмыс істейді.

- Банк сценарийлік талдау, тәуекелдердің өзін-өзі бағалау сияқты операциялық тәуекел-менеджмент құралдарын дамытуды және пайдалануды жалғастыруда.

6) Қызметтің үздіксіздігін басқару

Төтенше жағдайлар барысында уақтылы және тиімді іс-шараларды жасау мақсатында Банк нормативтік құқықтық құжаттарды, инфрақұрылымды, құзырлы қызметкерлерді және Банктің тұтастай үздіксіз қызметінің процесін басқаруға мүмкіндік беретін басқа да құрамдас бөліктерді қамтитын қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жүйесінің бар болуын және қолдау көрсетілуін қамтамасыз етеді.

Банкте негізгі қызметкерлерді вахталық әдіс бойынша қашықтықтан жұмыс форматына жіберу арқылы жаңа формат аралас формат енгізілді.

ҚҮҚ процесіне қатысатын бөлімшелердің хабардар болу деңгейін арттыру мақсатында 2022 жылы қызметкерлер – Бас банктің қалпына келтіру бригадаларының мүшелері үшін де, облыстық, өңірлік филиалдардың қызметкерлері үшін де ҚҮҚ процесі бойынша оқыту ұйымдастырылды, одан кейін тестілеу және нәтижелерді алқалық органда қарау жүргізілді.

7) АТ және АҚ тәуекелдерін басқару

2022 жылы Банк АТ және АҚ тәуекелдерін басқаруды үйлестірумен, сондай-ақ АТ және АҚ тәуекелдерін басқару жүйесін дамытумен байланысты қызметін жалғастырды. 2022 жылы Банк АТ мен АҚ анықталған тәуекелдерін азайту жөнінде іс-шаралар жоспарын міндетті әзірлеумен АТ және АҚ тәуекелдерін басқару жөнінде іс-шаралар топтамасын (о.і. Банктің еншілес ұйымдарында маңызды ақпараттық активтерді өзектендіру үшін жұмыс тобын құру, АТ және АҚ тәуекелдерін басқарудың қолданыстағы жүйесін бағалау, өңдеу, мониторинг) жүргізді. Сонымен қатар, жұмысқа тартылған бөлімшелермен бірлесе отырып, әлеуметтік инженерия фрод-оқыс оқиғаларының тәуекелдерін талдау және азайту бойынша жұмыс жүргізілді және жүргізілуде.

8) Капиталды басқару

2022 жылы Банк Топтың барлық ұйымдарының үздіксіз қызметін қамтамасыз ету мен заемдық және меншікті қаражаттың арақатынасын оңтайландыру мақсатында капиталды басқаруды жүзеге асыруды одан әрі жалғастырды. Есепті кезең ішінде Банк реттеушінің нормативтерімен және Капитал туралы Базель келісімінің талаптарымен белгіленген, капиталға қатысты қойылатын талаптардың сақталуына бағытталған жұмыстарды жүзеге асырды.

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап Топ капиталының жеткіліктілігі қазақстандық реттеуші органы банктерге Базель Комитетінің ұсынымдарын есепке алып тағайындайтын пруденциялық нормативтерге сәйкес есептеледі. Жалпы, реттеушілік меншікті капиталды, оның компоненттерін есептеу бойынша ҚРҰБ әдістемесі Базель III стандарттарына сәйкес келеді. Онымен қоса, әдістемеде Базель III стандарттарымен көзделмеген, бірақ жергілікті реттеуші органдардың қосымша әдістемелік түзетулерді қолдануы бойынша Базель III ұсынымдары шеңберінде рұқсат етілген жекелеген реттеушілік түзетулер қолданылады.


Сондай-ақ капиталдың жеткіліктілігі тәуекелдерін басқару шеңберінде Банкте капиталдың жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесі – активтердің көлемін, қызметтің сипаты мен күрделілік деңгейін, ұйымдық құрылымды, стратегиялық жоспарларды, тәуекел-бейінін, нормативтік құқықтық базаны ескере отырып, елеулі тәуекелдерді басқару процестерінің жиынтығы, тұрақты қаржылық жағдай мен төлем қабілеттілігін қолдау үшін Банк капиталының жеткіліктілігінің нысаналы деңгейін айқындау мақсатында осындай тәуекелдерді бағалау және агрегаттау жұмыс істейді.

9) Комплаенс-тәуекелді басқару жүйесі

Банктің халықаралық және ұлттық экономикалық санкцияларды сақтауын бақылаудың қолданыстағы жүйесі туралы ақпаратты «Корпоративтік басқару» бөлімінен қараңыз.

14

Корпоративтік басқару туралы есеп



ЭКОЖҮЙЕЛЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

14

Корпоративтік басқару туралы есеп

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Банкті корпоративтік басқару құрылымы Банк қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың құқықтары мен қызығушылықтарын құрметтеуге негізделеді және Банктің табысты қызмет етуіне, оның ішінде оның құндылықтарының өсуіне, қаржылай тұрақтылығы мен табыстылығын қолдауға мүмкіндік береді және инвесторлар мен акционерлерге олардың ақшасының тиімді пайдаланылып жатқанына кепілдік береді.

Банкті корпоративтік басқарудың қолданыстағы кодексі Директорлар кеңесі мен Басқарма, Банк акционерлері мен лауазымды тұлғалары арасындағы қарым-қатынасты қоса алғанда, Банктің басқару процесінде қолданылатын негізгі стандарттар мен принциптерді, Банк органдарының жұмыс істеу және шешімдер қабылдау тәртібін белгілейді.

Банкті корпоративтік басқару кодексімен мынадай принциптер бекітілген:

- акционерлерге Банкті басқаруға қатысу құқығын жүзеге асыру үшін нақты мүмкіндіктерді беру, Банк акционерлерінің барлық санатына тең қарым-қатынасты қамтамасыз ету;
- Банк акционерлері үшін Банктің таза кірісін бөлуге (дивидендтер алу) қатысуға нақты мүмкіндік жасау;
- Банк акционерлері мен инвесторлардың негізді шешімдер қабылдауы үшін мүмкіндікті қамтамасыз ету мақсатында Банк акционерлеріне Банктің қаржылық жағдайына, экономикалық көрсеткіштерге, қызмет нәтижелеріне, Банкті басқарудың құрылымына қатысты шынайы ақпараттың уақтылы және толық берілуін қамтамасыз ету;
- Банктің Директорлар кеңесінің қоғам қызметіне стратегиялық басқаруды және өз тарапынан қоғамның атқарушы органының қызметіне тиімді бақылау жасауды, сондай-ақ Директорлардың оның акционерлеріне есеп беруін жүзеге асыру;
- Банк Басқармасына Банктің ағымдағы қызметіне тиімді басшылық етуді адал ниетпен жүзеге асыруы үшін мүмкіндіктерді беру, сондай-ақ Банк Басқармасының Банктің Директорлар кеңесіне және оның акционерлеріне есеп берушілікті белгілеу;
- Банк акционерлері үшін этикалық нормаларды белгілеу, сонымен қатар Банктің лауазымды тұлғалары қызметінің барынша ашық болуын қамтамасыз ету;
- барлық мүдделі тараптар үшін ұзақ мерзімді экономикалық құндылық құру;
- адам құқықтарын сақтау, инклюзивтілік, әртүрлілік, барлығына әділ және тең көзқарас;
- қоршаған ортаға ұқыпты қарау;
- ESG тәуекелдерін тиімді басқару және жауапты қаржыландыру тәжірибесін дамыту;
- барлық қолданыстағы заңнамалық нормаларды сақтау және өз міндеттемелерін орындау;
- этикалық іскерлік тәсілдерді ұстану және корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесін енгізу;
- ақпараттық ашықтықты жетілдіру.

Банктің Директорлар кеңесі мен Басқармасы Банк қызметінің Корпоративтік басқару кодексінде белгіленген корпоративтік басқарудың қағидаттары, ережелері мен рәсімдеріне сәйкес жүргізілетінін растайды.

Банкті Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін, Банк Жарғысын және басқа да ішкі нормативтік құжаттарды қабылдай, жетілдіре және мүлтіксіз сақтай отырып, Банк тиісті түрде корпоративтік басқару тәжірибесін дамытуға және жетілдіруге жәрдемдесуге өз ниетін растайды

Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексін сақтау

Жылдық есептің осы бөлімі Ұлыбританияның Қаржылық реттеу және қадағалау бойынша басқармасының ашу және транспаренттілік қағидаларының Корпоративтік басқару туралы ережеге (DTR 7.2.) сәйкес әзірленді.

GDR Лондон Қор Биржасының ресми тізіміне кіргізілген шетел компаниясы ретінде Банк қаржылық есептілік кеңесі – Ұлыбританияның тәуелсіз реттеушісі жариялаған Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексін ресми түрде орындауға міндетті емес. Алайда, DTR 7.2. сәйкес, Банк өзінің жылдық есебінде сақталуы ҚР заңнамасымен талап етілетін, тәжірибеге қосымша қолданылатын корпоративтік басқарудың қолданыстағы принциптері туралы ақпаратты сияқты қазақстандық Корпоративтік басқару кодексін де сақтайтыны туралы ақпаратты ұсынуға міндетті.

Банк Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексін корпоративтік басқаруды әрі қарай дамыту үшін бағдар ретінде қарастырады.

Банктің Корпоративтік басқару кодексінің Ұлыбританияның Корпоративтік басқару кодексінен біршама айырмашылықтары бар. Төменде негізгі айырмашылықтары келтірілген:

Ұлыбританияның Корпоративтік басқару кодексі:	Банкті Корпоративтік басқару кодексі мыналарды көздейді:
Директорларды қайта сайлау үшін ең жоғары үшжылдық мерзімді айқындайды	Директорлар кеңесін ұдайы қайта сайлауды талап етпейді. Оның орнына, акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін белгілеу кіреді. 2020 жылғы 22 мамырда өткізілген акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесі осы құрамының үшжылдық өкілеттігін белгіледі.

14

Корпоративтік басқару туралы есеп

Ұлыбританияның Корпоративтік басқару кодексі:	Банкті Корпоративтік басқару кодексі мыналарды көздейді:
Тәуелсіз директорлардың жылына кемінде бір рет, атап айқанда, Директорлар кеңесі Төрағасының қызметін бағалау үшін жекелеген отырыстар өткізуін көздейді.	2022 жылдың ішінде стратегия, корпоративтік басқару процестерін жетілдіру, Директорлар кеңесінің қызметі, Корпоративтік хатшының жұмысын жақсарту мәселелерін талқылаумен Корпоративтік хатшының және тәуелсіз директорлардың қатысуымен бейресми кездесулер өткізілді
Төрағаны қоспағанда, Директорлар кеңесі құрамының кем дегенде жартысы тәуелсіз директорлардан тұруы тиіс	Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Директорлар кеңесінің құрамында тәуелсіз директорлардың кемінде үштен бірі болуы тиіс. 2020 жылдың 22 мамырындағы акционерлердің жалпы жиналысында сайланған Директорлар кеңесінің құрамына Директорлар кеңесінің жеті мүшесінен тұратын бес тәуелсіз директор кіреді.
Атқарушы емес директорлар Басқарманың жұмысын оның келісілген мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігі тұрғысынан мұқият талдауы, оның қызметіне бақылауды жүзеге асыруы, сондай-ақ ұсынылатын қаржылық ақпараттың толықтығына, сондай-ақ қаржылық бақылау мен тәуекел-менеджмент жүйелерінің тиімді және сенімді екендігіне көз жеткізуі тиіс	Қазақстан заңнамасының талаптарына сәйкес Директорлар кеңесінің барлық мүшелері Басқарманың қызметіне бақылауды жүзеге асырады.
Директорлар кеңесі компанияның және Директорлар кеңесінің дағдылары мен тәжірибесінің тиісті теңгерімін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ Директорлар кеңесінің кадрлық құрамын біртіндеп жаңартуды қамтамасыз ету үшін Директорлар кеңесінің мүшелерін және компанияның жоғары басшылығын тағайындау кезінде сабақтастықты тиісті жоспарлаудың болуын қамтамасыз етуі тиіс	Директорлар кеңесінің тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті тәжірибе мен білімнің оңтайлы теңгерімін қамтамасыз ету мақсатында Директорлар кеңесінің құрамын қалыптастыру тәртібін және Директорлар кеңесіне кандидаттарға қойылатын белгілі бір талаптарды айқындайды.

Банктің Корпоративтік басқару кодексінің мәтіні Банктің сайтына мына сілтеме бойынша орналастырылған: https://halykbank.kz/about-bank/korporativnoe-upravlenie.


2022 жылғы корпоративтік басқару оқиғалары:

- Банк 2022 жылғы 22 сәуірде Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын өткізді, онда қаралатын мәселелер бойынша 9 шешім қабылданды, оның ішінде Банк пен оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне акционерлердің өтініштері туралы ақпарат назарға ұсынылды.
- Геосаяси жағдайдың күшеуі, жаһандық тәуекел-сентименттің нашарлауы және Қазақстанның қаржы нарығына, ұлттық валютаға және инфляция деңгейіне елеулі қысым әкелген жаһандық қаржы нарықтарындағы құбылмалылықтың күшеюі аясында сыртқы экономикалық жағдайлардың өзгеруін ескере отырып, АЖЖЖ Банктің жай акциялары бойынша дивидендтерді есептемеу және төлемеу, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың 2021 жылы таза кірісін бөлінбеген таза кірісті бөлмеу және бөлінбеген таза кіріске бағыттау туралы шешім қабылдады.
- Банк акционерлерінің 2022 жылғы 21 қазандағы кезектен тыс жалпы жиналысында бір жай акцияға 12,71 теңге есебінен 2021 жылдың қорытындысы бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданды. Жай акциялар бойынша дивидендтер төлеуді Банк өткен жылдардағы бөлінбеген таза кірістен жүзеге асырды. 2022 жылғы 25 қазанда сағат 00:00-дегі жағдай бойынша дивиденд алуға құқығы бар акционерлердің тізіміне сәйкес төленуге жататын Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер сомасы 138,6 млрд теңгені құрады, оның ішінде базалық активі Банктің шығарылған жай акциялары болып табылатын жаһандық депозитарлық қолхаттар бойынша – 39,5 млрд теңге. Банктен немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде дивидендтер төлеу үшін өзекті деректемелері бар Банк акционерлеріне нақты төленген дивидендтер сомасы 2022 жылғы 27 қазаннан бастап (дивидендтерді төлеу басталған күн) 2023 жылғы 17 қаңтарды қоса алғанда, 138,3 млрд теңгені құрады, оның ішінде жаһандық депозитарлық қолхаттар бойынша, базалық активі Банктің шығарылған жай акциялары болып табылады – 39,5 млрд теңге. Акционерлердің өзекті деректемелерінің болмауына байланысты есептелген, бірақ төленбеген, жалпы сомасы 360,4 млн теңгеге дивидендтерді Банк 2023 жылғы 18 қаңтарда «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңының талаптарына сәйкес талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ (бұдан әрі – Орталық депозитарий) ашқан шотқа аударған.
- АЖЖЖ «Делойт» ЖШС-ні 2022-2024 жылдардағы қызмет қорытындылары бойынша қаржылық есептілік аудитін жүзеге асыру үшін аудиторлық ұйым ретінде айқындау туралы шешім қабылдады.
- 2022 жылы үздік халықаралық практикаларға сәйкес Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау (өзін-өзі бағалау) жүргізілді. Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметіне жүргізілген бағалау (өзін-өзі бағалау) нәтижелері АЖЖЖ шеңберінде Банк акционерлерінің қарауына ұсынылды.
- 2022 жыл ішінде Банк акциялары бойынша дивидендтер төлеуге, Банк акционерлерінің дербес деректерін жаңарту қажеттілігіне, Банк акцияларына меншік құқығына, ұсталған табыс салығы туралы мәліметтерді ұсынуға және Банк қызметі туралы өзге де мәселелерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына қатысты Банк акционерлерінің 33 ресми өтініші қаралды.
- 2022 жылы АЖЖЖ-да Банктің корпоративтік басқару жүйесіне орнықты даму қағидаттарын және ESG-ні енгізу, сондай-ақ Директорлар кеңесі мен Басқарманың орнықты даму қағидаттарын және ESG-ні Банк қызметіне енгізуге бағытталған іс-шараларды іске асыру жөніндегі өкілеттіктері мен міндеттерін айқындау мақсатында Корпоративтік басқару кодексіне өзгерістер бекітілді. Сондай-ақ, орнықты даму мақсаттарына тиімді қол жеткізу үшін: орнықты даму саласындағы саясат; Қауымдастық бостандығын қолдау, ұжымдық келіссөздер жүргізу және жұмыс күшін әртараптандыру саясаты; Жеке деректерді жинау және өңдеу саясаты, Экологиялық кодекс және Этика кодексі әзірленді;
- 2022 жылы Банктің орнықты даму саласындағы қызметке көзқарастарын жүйелеу мақсатында Банктің 2021 жылғы орнықты дамуы туралы есеп дайындалып жарияланды;

14

Корпоративтік басқару туралы есеп

- 2022 жылы Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырыстарында орнықты дамудың 2022-2024 жылдарға арналған қағидаттары мен мақсаттарын енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарының іске асырылу барысы туралы есептер қаралды;
- 2022 жылы Директорлар кеңесі жанындағы әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет Орнықты даму жөніндегі комитет болып қайта құрылды, ESG функциялары Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер арасында бөлінді;
- 2022 жыл ішінде Басқарма құрамында өзгерістер болды;
- «Halyk» тобының корпоративтік хатшылары үшін семинарлар өткізу мақсатында корпоративтік басқару және орнықты даму мәселелері бойынша оқыту курсы әзірленді;
- 2022 жылы Банктің қазақстандық және шетелдік еншілес ұйымдарында корпоративтік басқару деңгейіне диагностика жүргізілді және оны жақсарту бойынша есеп пен ұсынымдар дайындалды;
- 2023 жылға арналған Банктің жалпы экономикалық сценарий бойынша (сценарийлік талдау арқылы) стресс-тестілеу нәтижелері қаралды.



Корпоративтік басқару құрылымы

Банктің Директорлар кеңесінің жанында мынадай консультациялық-кеңес беру органдары жұмыс істейді: Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет, Аудит жөніндегі комитет, Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитет, Орнықты даму жөніндегі комитет және Тәуекелдер жөніндегі комитет. Осы Комитеттердің жұмысы туралы толығырақ есеп төмендегі тиісті тарауда орналастырылған.

Басқарманың жанында директориялар арқылы бірнеше жұмыс органдары, Комитеттер және жұмыс топтары құрылған. Бұл жеке алынған әрбір сегмент бойынша ауқымды мәселелерді егжей-тегжейлі қарастыруға мүмкіндік береді. Қажет болған жағдайда және заңнама талап еткен кезде, осындай мәселелер бойынша жұмыс органдары қабылдаған шешімдер Басқарманың немесе Директорлар кеңесінің бекітуіне ұсынылады.

Корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелерін енгізу үшін Директорлар кеңесіне ішкі және сыртқы аудиторлар, Ішкі аудиттің басшысы, Тәуекел-менеджменттің басшысы, Бас комплаенс-бақылаушы, Бас заң кеңесшісі, Корпоративтік хатшы және т.с.с. жәрдемдеседі.

«Halyk» тобы ұйымдарының қаржылық есептілігін растау үшін Банк «Үлкен төрттік» аудиторлық компанияларын жұмысқа тартады. 2022 жылы бұл функцияны «Делойт» (Deloitte, LLP) ЖШС орындады.

Директорлар кеңесі мен Басқарма арасында функцияларды бөлу ҚР заңнамасына сәйкес жүргізілді.

Директорлар кеңесінің құрылымы

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Банктің Директорлар кеңесінің құрамы келесідей болды:

Директорлар кеңесінің құрамы

Александр Сергеевич Павлов	Директорлар кеңесінің төрағасы, тәуелсіз директор, Тәуекелдер жөніндегі комитеттің төрағасы
Арман Ғалиасқарұлы Дунаев	Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің төрағасы, Орнықты даму жөніндегі комитеттің төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор
Кайларс Фрэнк	Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитеттің төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор
Мәжит Төлеубекұлы Есенбаев	Директорлар кеңесінің мүшесі, «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ өкілі
Рёль Кристоф	Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы, тәуелсіз директор
Пётр Романовски	Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор
Үміт Болатханқызы Шаяхметова	Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрағасы
Барлығы	7 директор

14

Корпоративтік басқару туралы есеп

Директорлардың тәуелсіздігін айқындау кезінде Қазақстан заңнамасында белгіленген критерийлер пайдаланылды.

Директорлардың дағдылары мен тәжірибесі

Банк Директорлар кеңесі мүшелерінің тәжірибесі, дағдылары мен ой-өрісінің ең жақсы теңгерімін қалыптастыруға талпынады. Мәселелерді талқылау кезінде түрлі көзқарастардың болуы Директорлар кеңесіне өз функцияларын тиімді орындауға және акционерлердің мүдделерін білдіруге мүмкіндік береді.

Тәуелсіз директорлар халықаралық басқару тәжірибесін, стратегиялық көзқарасты, Банк операцияларды, корпоративтік басқаруды, тәуекел-менеджментті жүзеге асыратын ірі салалардың ерекшеліктері бойынша білімдерін үлес етіп қосады.

Сонымен қатар, барлық директорлар банктік бизнесте, жалпы қаржыда, адами ресурстарды басқаруда, соның ішінде сыйақы мәселелерінде білімге ие.

Төменде Директорлар кеңесі мүшелерінің дағдылары мен тәжірибесі туралы жиынтық ақпарат беріледі:

Директорлардың дағдылары мен тәжірибесі

Банк ісі	7 директор
Мұнайгаз және тау-кен саласы	3 директор
Нақты сектордың басқа да салалары	5 директор
Қаржы	7 директор
Көшбасшылық	7 директор
Тәуекелдерді басқару	4 директор
Медицина және биотехнологиялар	1 директор
Халықаралық тәжірибе	5 директор
Стратегиялық көзқарас	7 директор
Корпоративтік басқару	7 директор
Адами ресурстарды басқару	7 директор
Орнықты даму	7 директор

Басқарма құрылымы

2022 жылы Басқарма құрамы кейбір өзгерістерге ұшырады.

2022 жылдың 10 ақпанынан бастап Антон Германович Мусиннің Басқарма мүшесі ретіндегі өкілеттігі тоқтатылды – IT және инновациялар жөніндегі бас басқарушы директор лауазымына ауыстырылды.

Басқарма Төрағасының орынбасарлары лауазымдарына 2022 жылғы 1 сәуірден бастап тағайындалды:

Ольга Владимировна Вурос (бұрын № 1 Корпоративтік клиенттермен жұмыс департаментінің директоры болған);

Роман Александр Машчык (бұрын департамент директоры-Цифрлық кредиттеу тәуекелдері департаментінің жоба жетекшісі, Chief Data Scientist офисінің директоры қызметтерін атқарған);

Нариман Нұрланұлы Мұқышев (бұрын Банктің басқарушы директоры қызметін атқарған).

Әлия Сәкенқызы Қарпықованың, Асқар Сағидоллаұлы Смағұловтың Банк Басқармасының мүшелері ретіндегі өкілеттіктері 2022 жылғы 1 сәуірден бастап тоқтатылды.

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Басқарма құрамы мынадай болды:

Басқарма құрамы

Үміт Болатханқызы Шаяхметова	Басқарма Төрағасы
	Қызметкерлерді басқару департаменті, Заң блогы, Клиенттерге қызмет көрсету сапасы басқармасы, Ішкі қауіпсіздік басқармасы
Айвар Жиреншеұлы Боданов	Басқарма Төрағасының орынбасары
	Қауіпсіздік және проблемалық кредиттер блогы
Ольга Владимировна Вурос	Басқарма Төрағасының орынбасары
	Корпоративтік бизнес
Мұрат Ұзақбайұлы Көшенов	Басқарма Төрағасының орынбасары
	Қаржы блогы, Қаржы институттары және халықаралық қатынастар басқармасы, Еншілес компаниялар
Жұмабек Жарылқасынұлы Мамытов	Басқарма Төрағасының орынбасары
	Бөлшек бизнес
Роман Александр Машчык	Басқарма Төрағасының орынбасары
	Комплаенс, тәуекелдер және DS блогы
Нариман Нұрланұлы Мұқышев	Басқарма Төрағасының орынбасары
	Цифрлықмемлекеттікқызметтержәнеэкожүйелер блогы

Ертай Исмаилұлы Сәлімов	Басқарма Төрағасының орынбасары
	ОПЕРБ блогы, Қазынашылық, Ресурстар департаменті, Кеңсе департаменті, Байланыс орталығы
Дәурен Жанкісейұлы Сартаев	Басқарма Төрағасының орынбасары
	ШОБ блогы, Транзакциялық бизнес департаменті, Қызметкөрсету және сатуды дамыту департаменті, Маркетинг және PR департаменті
Барлығы	9 Басқарма мүшесі

Директорлар кеңесінің қызметі

Жалпы, Директорлар кеңесі мен оның Комитеттері өз жұмыстарын тиісті кезеңдерге арналған жұмыс жоспарларына сәйкес жүргізеді.

2022 жылы барлығы 55 мәселе қарастырылған 6 жүзбе-жүз отырыс және 636 мәселе қарастырылған «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің 57 сырттай отырысы өткізілді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің отырыстарға қатысу статистикасы мынадай:

ДК мүшесінің Т.А.Ә.	Жүзбе-жүз отырыстар (отырыстар саны/мәселелер саны)	Сырттай отырыстар (отырыстар саны/мәселелер саны)
Павлов А.С.	6 / 55	54 / 600*
Дунаев А.Г.	6 / 55	57 / 633**
Есенбаев М.Т.	6 / 55	53 / 588*
Кайларс Ф.	6 / 55	55 / 623****
Рёль К.	6 / 55	55 / 605****
Романовски П.	6 / 55	57 / 636
Шаяхметова У.Б.	6 / 55	53 / 600***
Барлығы:	6 / 55	57 / 636

* жыл сайынғы еңбек демалысын ескере отырып

** А.Г. Дунаев мырза «Halyk Finance» АҚ, «Халық Банк Грузия» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры болуына байланысты «Halyk Finance» АҚ, «Халық Банк Грузия» АҚ Директорлар кеңесінің мәселелері бойынша қарауға және дауыс беруге қатысқан жоқ.

*** У.Б. Шаяхметова ханым мәміле тарапы «Altyn Bank» АҚ болып табылатын мәселелер бойынша, сондай-ақ Қазақстан гимнастика федерациясы мен «Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиада комитеті» ҚБ қатысты қайырымдылық көмек көрсету мәселелері бойынша қарауға және дауыс беруге қатысқан жоқ

**** іссапарларда болуын ескере отырып

2022 жылы Директорлар кеңесі жұмысының маңызды және ірі блогы келесі мәселелерді қарастыру болды:

1) Директорлар кеңесі әлеуетті геосаяси, инфляциялық, эпидемиологиялық тәуекелдердің, сондай-ақ террористік шабуылдар/қауіптер тәуекелдерінің Банктің 2022 жылға арналған қаржылық тұрақтылығына әсері бойынша сценарийлік талдау нәтижелерін қарады;

2) 2022 жылға арналған «Halyk» тобының түзетілген бюджеті және 2023 жылға арналған Банктің екінші деңгейдегі бюджеті негізінде тиімділіктің кейбір негізгі көрсеткіштерін (KPI) түзетуге байланысты «Halyk» тобының 2022-2024 жылдарға арналған даму стратегиясына өзгерістер қаралды және бекітілді.

3) Банктің экологиялық, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару саласындағы қызметінің негізгі аспектілерін ашатын құжат болып табылатын Банктің 2021 жылғы орнықты дамуы туралы есеп дайындалып, жарияланды. Банк осы есепті жариялау арқылы орнықты даму саласындағы өз жұмысының нәтижелері туралы негізгі ақпаратты ашық жариялауға қатысты ерікті міндеттемелер қабылдады.

4) Банктің корпоративтік басқару жүйесіне орнықты даму қағидаттарын және ESG енгізу, сондай-ақ Директорлар кеңесі мен Басқарманың орнықты даму қағидаттарын және ESG-ді Банк қызметіне енгізуге бағытталған іс-шараларды іске асыру жөніндегі өкілеттіктері мен міндеттерін айқындау мақсатында Директорлар кеңесі Корпоративтік басқару кодексіне өзгерістер әзірледі және алдын ала бекітті. Кейінірек Банкті корпоративтік басқару кодексіне енгізілген өзгерістер АЖЖЖ-да бекітілді.

5) Банкті корпоративтік басқару кодексінің талаптарына сәйкес Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің 2021 жылғы қызметіне бағалау (өзін-өзі бағалау) жүргізілді, оның нәтижелері 2022 жылғы 22 сәуірде өткен Банк акционерлерінің жалпы жиналысының қарауына ұсынылды.

6) Директорлар кеңесі жанындағы Әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет Орнықты даму комитеті болып қайта құрылды, ESG функциялары Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер арасында бөлінді;

7) «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесіне «Қазақстан Халық Банкі» АҚ қызметі туралы басқарушылық ақпаратты ұсыну қағидаларының жаңа редакциясы әзірленіп бекітілді;

8) Банктің Директорлар кеңесі «Халық Банк Тәжікстан» АҚ (Тәжікстан) 100% акциясын және «Москоммерцбанк» КБ (АҚ) (Ресей Федерациясы) 100% акциясын сату туралы шешім қабылдады.

Жалпы, Директорлар кеңесі «Halyk» тобының алдына қойған және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың Қазақстандағы № 1 банктің позициясын ұстап қалуына, клиенттік сервисті жақсартуға және банк өнімдерін дамытуға байланысты міндеттерге қол жеткізілді.

Директорлар кеңесінің жүзбе-жүз отырыстары барысында төмендегідей аса маңызды стратегиялық мәселелер қарастырылды:

- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқармасының және еншілес ұйымдардың «Halyk» тобының 2022 – 2024 жылдарға арналған даму стратегиясының орындалуы туралы есептері (оның ішінде Банктің технологиялық трансформациясы және цифрлық өнімдер мен сервистерді дамыту мәселелері);

14

Корпоративтік басқару туралы есеп

- Банк және «Halyk» тобы ұйымдарының 2021 жылғы және 2022 жылғы бірінші жартыжылдықтағы қызметінің нәтижелері мен бюджетінің атқарылуы;
- 2023 жылға арналған «Halyk» тобының (ХҚЕС) және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ шоғырландырылған бюджетін бекіту;
- Ішкі аудит департаментінің 2023 жылға арналған жұмыс жоспары (бұдан әрі – ІАД) және 2024-2026 жылдарға арналған ІАД-нің ұзақ мерзімді жұмыс жоспары;
- Банк Басқармасының кейбір мүшелерін сайлау және мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесі жанындағы кейбір комитеттердің құрамын өзгерту;
- Банктің ірі жобаларын жасау;
- Банктің 2021 жылғы жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту және Басқарманың қызмет нәтижелері туралы тоқсандық есептері;
- Бас комплаенс-бақылаушының комплаенс-тәуекелдерді басқару және бақылау тиімділігі туралы, сондай-ақ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі бақылау мәселелері бойынша есептері;
- Банк портфелінің сапасын талдау;
- Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен жасалған мәмілелерді талдау және т.б.

2022 жылғы қаңтарда Банктің менеджмент тәуекелі қызметі әлеуетті геосаяси, инфляциялық, эпидемиологиялық тәуекелдердің, сондай-ақ террористік шабуылдар/қауіптер тәуекелдерінің Банктің 2022 жылға арналған қаржылық тұрақтылығына әсері бойынша жоспардан тыс сценарийлік талдауын жүргізіп, Банктің Директорлар кеңесінің қарауына ұсынды.

Әлемдік экономиканы дамыту сценарийлерін құра отырып, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ кредиттік портфелін стресс-тестілеу нәтижелері, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ несиелік портфелі мен капиталына әсерін айқындау қаралды.

Директорлар кеңесі ең нашар сценарийде де Банктің позициялары жеткілікті күшті болып қалатынына көз жеткізді.

Тәуекел-менеджмент басшысының, Бас комплаенс-бақылаушының «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-та және жекелеген еншілес ұйымдарда комплаенс-тәуекелді басқарудың тиімділігі туралы және кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында атқарылған жұмыстар туралы есептері тыңдалды.

Сырттай дауыс беру Директорлар кеңесінің құзыретіне заңнамалық және ішкі құжаттармен жатқызылған ағымдағы сипаттағы мәселелер және келесі жүзбе-жүз отырысқа дейін кейінге қалдыруға болмайтын неғұрлым шұғыл мәселелер бойынша өткізілді.

Комитеттердің жұмысы бойынша егжей-тегжейлі есеп

Жалпы ережелер

Директорлар кеңесінің жанындағы комитеттер Банктің Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңес органдары болып табылады. Комитеттер әзірлеген ұсыныстардың барлығы Банктің Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылатын нұсқаулар болып табылады.

Қазақстан заңнамасына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелері мен сарапшылар Комитет мүшелері болып табылады. Комитеттердің құрамы бойынша толығырақ ақпарат төменде тиісті Комитеттердің жұмысы туралы бөлімдерде беріледі.

Аудит жөніндегі комитет

Аудит жөніндегі комитет 2005 жылғы шілдеде құрылған.

Комитет Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің көпшілік дауысымен сайланатын Директорлар кеңесінің үш мүшесінен тұрады. Комитет Төрағасы Банктің тәуелсіз директоры болып табылады.

Комитет құрамы мыналар кіреді:

Рёль Кристоф – Комитет Төрағасы, тәуелсіз директор;

Александр Сергеевич Павлов – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;

Арман Ғалиасқарұлы Дунаев – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор.

Комитет мүшелерінің барлығы тәуелсіз директорлар болып табылады, бухгалтерлік және салық есебі, қаржылық есептілігі, ішкі және сыртқы аудит, тәуекелдерді басқару саласындағы білімі мен тәжірибесі бар.

Комитеттің құзыреті

Комитет Директорлар кеңесіне қаржылық және өзге де есептіліктің толықтығы мен дұрыстығы, Банк пен еншілес ұйымдардың заңнама және ішкі құжаттардың (комплаенс-бақылау) талаптарына сәйкестігі, сыртқы аудиторды таңдау және тәуелсіздігі, ішкі бақылау жүйесі мен тәуекелдерді басқару жүйесінің барабарлығы мен тиімділігі мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне жәрдем көрсетеді, сондай-ақ сыртқы және ішкі аудит жұмысын үйлестіреді.

Комитеттің қызметі

2022 жылы Комитеттің 3 жүзбе-жүз отырысы өткізілді, онда 7 мәселе қаралды және 46 сырттай отырысы өткізілді, онда 46 мәселе қаралды.

Аудит жөніндегі комитет мүшесінің Т.А.Ә.	Жүзбе-жүз отырыстар (отырыстар саны/мәселелер саны)	Сырттай отырыстар (отырыстар саны/мәселелер саны)
Рёль К.	3 / 7	46 / 46
Дунаев А.Г.	3 / 7	46 / 46
Павлов А.С.	3 / 7	43 / 43*
Барлығы:	3 / 7	46 / 46

*жыл сайынғы еңбек демалысын ескере отырып

Қаржы есептілігінің толықтығы мен шынайылығын қамтамасыз ету үшін Комитет аталған мәселе бойынша сыртқы аудитордың аралық (тоқсандық) есептерін, Банктің және еншілес компаниялардың басшылығына хаттарды қарастырды, сонымен қатар 2021 жылға жылдық қаржылық есептілікті мақұлдап, Директорлар кеңесінің қарауына шығарды. Аталған жұмыс шеңберінде Комитет бұдан бөлек, сыртқы аудитормен және Банктің қаржы блогымен маңызды бухгалтерлік пікірлердің, саясаттардың және рәсімдердің қағидаларын талқылады.

Сондай-ақ, 2022 жылы Комитет PricewaterhouseCoopers LLP тәуелсіз сыртқы кеңесшісінің Ішкі аудиторлар институтының Халықаралық кәсіби ішкі аудит стандарттарына және Ішкі аудиторлар этикасы кодексіне сәйкестігі тұрғысынан Банктің ІАД қызметін бағалау нәтижелерін қарады.

2022 жылы Комитет Ішкі аудит департаментімен мынадай мәселелерді қарау бойынша белсенді өзара іс-қимыл жасады: бюджет және ішкі аудит жұмыстарының жоспары; аудиторлық тексерулердің нәтижелері туралы мәліметтер, ішкі аудит мәселелері бойынша басқарушылық есептер, Ішкі аудит департаментінің кадрлық мәселелері, Ішкі аудит департаментінің қызметін реттейтін Банктің ішкі нормативтік құжаттарының жобалары.

2022 жылы Комитет тәуекел-менеджмент қызметі дайындаған Банк портфелінің сапасы бойынша тоқсан сайынғы талдамалық есептерді қарады.

Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитет

Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитет 2007 жылғы қыркүйекте құрылған.

Комитет Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің көпшілік дауысымен сайланатын Директорлар кеңесінің үш мүшесінен тұрады. Бұл ретте Комитеттің кемінде екі мүшесі тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

Комитет құрамына кіретіндер:

Кайларс Фрэнк – Комитет Төрағасы, тәуелсіз директор;

Александр Сергеевич Павлов – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;

Арман Ғалиасқарұлы Дунаев – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор.

Комитет мүшелерінің барлығы тәуелсіз директорлар болып табылады, Комитет мүшелерінің барлығы сыйақы мәселелерін қоса алғанда қызметкерлерді басқару бойынша ауқымды тәжірибеге ие.

Комитеттің құзыреті

Комитет Директорлар кеңесіне Директорлар кеңесінің мүшелігіне, Басқарма және еншілес компаниялардың Директорларкеңесімүшелігінеүміткерлертуралы, Директорларкеңесімен Басқарманың сыйақы жүйесі туралы, еншілес компаниялардың Директорлар кеңестері мен атқарушы органдарының еңбекақысын төлеу туралы ұсынымдар енгізеді, сондай-ақ Банкте корпоративтік мәдениетті арттыруға бағытталған этикалық стандарттарды жетілдіру туралы мәселелерді қарайды.

Комитеттің қызметі

2022 жылы Комитеттің 11 сырттай отырысы өткізілді, онда 21 мәселе қаралды.

Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитет мүшесінің Т.А.Ә.	Жүзбе-жүз отырыстар (отырыстар саны/мәселелер саны)	Сырттай отырыстар (отырыстар саны/мәселелер саны)
Кайларс Ф.	-	11 / 21
Дунаев А.Г.	-	11 / 21
Павлов А.С.	-	11 / 21
Барлығы:	-	11 / 21

*жүзбе-жүз отырыстар өткізілмеді

Комитет Директорлар кеңесіне Директорлар кеңесінің мүшелігіне, Басқарма және еншілес компаниялардың Директорларкеңесімүшелігінеүміткерлертуралы, Директорларкеңесімен Басқарманың сыйақы жүйесі туралы, еншілес компаниялардың Директорлар кеңестері мен атқарушы органдарының еңбекақысын төлеу туралы ұсынымдар енгізеді, сондай-ақ Банкте корпоративтік мәдениетті арттыруға бағытталған этикалық стандарттарды жетілдіру туралы мәселелерді қарайды.

2022 жылы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің сыйақысы төмендегіні құрады:

(теңгемен)

Банктің Директорлар кеңесі мен Басқармасының мүшелері	Барлық кірістер
	3 887 874 824,49

2021 жылы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің жоғарыда көрсетілген кірісінен келесі міндетті ұстап қалулар жүргізілді:

(теңгемен)

Директорлар кеңесі мен Басқармасының мүшелері	Жеке табыс салығы	Міндетті зейнетақы жарналары	МӘМС жарналары	Міндетті ұстап қалулардың барлығы
	386 039 044,86	27 900 000,00	1 272 000,00	415 211 044,86

Банк Басқармасы мүшелерінің еңбекақысы үш негізгі фактормен анықталады:

- ұйым үшін лауазымның маңыздылығын (құндылығын) анықтауға мүмкіндік беретін лауазымды бағалау, сонымен қатар басшының жұмыс нәтижелерінің Банктің қорытынды нәтижелеріне ықпал ету дәрежесі;
- еңбекақы төлеудің өңірлік нарығындағы салыстырмалы лауазымдар еңбекақысының деңгейі;
- Банк басшыларының қызметін бағалау, оның негізінде бір жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша сыйлықақы төленеді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы жүйесінің негізгі қағидаттары Директорлар кеңесі мүшелері сыйақысының:

- жеке біліктілік деңгейімен және Банк қызметінің нәтижелеріне қосқан үлесімен;
- өз міндеттерін орындаумен және Банк пен оның акционерлерінің мүддесіне жауап беретін міндеттерді орындауымен өзара байланысы болып табылады.

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет 2012 жылғы сәуірде құрылған.

Комитет Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің көпшілік дауысымен сайланған Директорлар кеңесінің бес мүшесінен және Банк қызметінің неғұрлым стратегиялық бағыттарына жетекшілік ететін Басқарма мүшелерінің төрт сарапшысынан тұрады.

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің төрағасы Банктің Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі болып табылады, Комитет құрамына Директорлар кеңесінің мүшелері және мынадай салаларда жұмыс тәжірибесі бар сарапшылар кіреді: ақпараттық технологияларды дамыту; банктік қызметтерді дамыту және көрсету; тәуекелдерді басқару және бюджеттік жоспарлау.

Комитет құрамына кіретіндер:

Арман Ғалиасқарұлы Дунаев – Комитет Төрағасы, тәуелсіз директор;

Александр Сергеевич Павлов – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;

Петр Романовски – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;

Мәжит Төлеубекұлы Есенбаев – Комитет мүшесі, директор;

Үміт Болатханқызы Шаяхметова – Комитет мүшесі, Басқарма Төрағасы;

Ольга Владимировна Вурос – Комитет мүшесі (дауыс беру құқығы жоқ сарапшы);

Мұрат Ұзақбайұлы Көшенов – Комитет мүшесі (дауыс беру құқығы жоқ сарапшы);

Дәурен Жанкісейұлы Сартаев – Комитет мүшесі (дауыс беру құқығы жоқ сарапшы);

Жұмабек Жарылқасынұлы Мамутов – Комитет мүшесі (дауыс беру құқығы жоқ сарапшы).

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің төрағасы Банктің Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі болып табылады, Комитет құрамына мынадай: ақпараттық технологияларды дамыту; банк қызметтерін дамыту және көрсету; тәуекелдерді басқару және бюджеттік жоспарлау салаларында жұмыс тәжірибесі бар Директорлар кеңесінің мүшелері мен сарапшылар кіреді.

Комитет құзыреті

Комитет Директорлар кеңесіне: «Halyk» тобының стратегиясын, Банктің орнықты даму саласындағы стратегиясын қарау және оның орындалуын мониторингілеу; орнықты даму саласындағы орта мерзімді/ ұзақ мерзімді мақсаттар мен тиімділіктің негізгі көрсеткіштерін (KPI) айқындау және оларға қол жеткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуын мониторингілеу; стратегияның орындалуы туралы есептерді талдау; сыртқы ортаны бақылау және оның Топтың стратегиялық жоспарларына әсері мәселелері бойынша жәрдем көрсетеді. Тиісті жылға арналған Банк бюджетінің жобасын алдын ала қарауды, сондай-ақ Банктің рентабельділігін басқару саясатының жобасын алдын ала қарауды жүзеге асырады, сондай-ақ Банктің және оның қызметкерлерінің аталған саясатты сақтауына мониторинг пен бақылауды жүзеге асырады.

Комитеттің қызметі

2022 жылы Комитеттің 3 жүзбе-жүз және 2 сырттай отырысы өткізілді, онда 10 мәселе қаралды.

Комитет мүшесінің Т.А.Ә.	Жүзбе-жүз отырыстар (отырыстар саны/мәселелер саны)	Сырттай отырыстар (отырыстар саны/мәселелер саны)
Дунаев А.Г.	3 / 8	2 / 2
Павлов А.С.	3 / 8	2 / 2
Есенбаев М.Т.	3 / 8	2 / 2
Романовски П.	3 / 8	2 / 2
Шаяхметова У.Б.	3 / 8	2 / 2
Кошенов М.У.*	3 / 8	2 / 2
Сартаев Д.Ж.*	3 / 8	2 / 2
Вурос О.В.*	3 / 8	2 / 2
Мамутов Ж.Ж.*	3 / 8	2 / 2
Барлығы:	3 / 8	2 / 2

*сарапшы (дауыс беру құқығы жоқ)

Комитет «Halyk» тобының 2019-2021 жылдарға арналған даму стратегиясының және «Halyk» тобының 2022-2024 жылдарға арналған даму стратегиясының 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында орындалу нәтижелерін қарады. Талдау қойылған мақсаттарға жеткізудің қанағаттанарлық нәтижелерін көрсетті.

Комитет «Halyk» тобының 2022-2024 жылдарға арналған даму стратегиясына енгізілген өзгерістерді қарады.

Сонымен қатар Банктің 2023 жылға бюджетінің жобасы және 2022 жылғы 1-жартыжылдықта Банк бюджетінің орындалу нәтижелері қаралды.

Комитет сыртқы ортаның өзгерістерін (реттеушілік, экономикалық, қаржылық және т.б.) талдайды және мұндай өзгерістердің «Halyk» тобының 2022-2024 жылдарға арналған даму стратегиясына әсерін бағалайды.

Орнықты даму жөніндегі комитет

2022 жылдың сәуірінде Әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет Орнықты даму жөніндегі комитет болып қайта құрылды.

Комитет Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің көпшілік дауысымен сайланған Директорлар кеңесінің төрт мүшесінен және ESG, демеушілік және қайырымдылық мәселелеріне жетекшілік ететін Басқарма мүшелерінің екі сарапшысынан тұрады. Комитет мүшелерінің көпшілігі тәуелсіз директорлар болып табылады.

Комитет құрамына кіретіндер:

Арман Ғалиасқарұлы Дунаев – Комитет төрағасы, тәуелсіз директор;

Фрэнк Кайларс – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;

Кристоф Рёль – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;

Үміт Болатханқызы Шаяхметова – Комитет мүшесі;

Мұрат Ұзақбайұлы Көшенов – Комитет мүшесі, сарапшы (дауыс беру құқығы жоқ);

Дәурен Жанкісейұлы Сартаев – Комитет мүшесі, сарапшы (дауыс беру құқығы жоқ).

Комитет құзыреті

Орнықты даму жөніндегі комитеттің негізгі мақсаттары Банктің Директорлар кеңесіне Банкте орнықты даму жүйесін қалыптастыру жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға жәрдемдесу, оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету және Банктің Директорлар кеңесін орнықты даму қағидаттарын және ESG-ді Банк қызметіне енгізу үшін іске асырылатын шаралар туралы хабардар ету болып табылады.

Комитеттің қызметі

2022 жылы 2 жүзбе-жүз отырыс өткізілді, онда 4 мәселе қаралды.

Орнықты даму жөніндегі комитет мүшесінің Т.А.Ә.	Жүзбе-жүз отырыстар (отырыстар саны/мәселелер саны)	Сырттай отырыстар (отырыстар саны/мәселелер саны)
Дунаев А.Г.	2 / 4	–
Рёль К.	2 / 4	–
Кайларс Ф.	2 / 4	–
Шаяхметова У.Б.	2 / 4	–
Кошенов М.У.**	2 / 4	–
Сартаев Д.Ж.**	2 / 4	–
Барлығы:	2 / 4	–

*сырттай отырыстар өткізілмеді

**Сарапшы (дауыс беру құқығы жоқ)

Келесі мәселелер қаралды және назарға алынды:

- Орнықты дамудың қағидаттары мен мақсаттарын енгізу жөніндегі іс-шаралардың 2022-2024 жылдарға арналған жоспарын іске асыру барысы туралы есептер;
- 2022 жылғы «Қазақстан Халқы Банкі» АҚ пен «Халық» қайырымдылық қоры» ЖҚ демеушілік және қайырымдылық жөнінде есебін қарау туралы;
- 2022 жылға Halyk Bank және «Халық» қайырымдылық қоры» ЖҚ демеушілік және қайырымдылық жөнінде негізгі іс-шаралар жоспары;

Тәуекелдер жөніндегі комитет

Тәуекелдер жөніндегі комитет 2020 жылғы мамыр айында құрылды.

Комитет құрамына келесі мүшелер кіреді:

Александр Сергеевич Павлов – Комитет Төрағасы, тәуелсіз директор;

Арман Ғалиасқарұлы Дунаев – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;

Петр Романовски – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;

Үміт Болатханқызы Шаяхметова – Комитет мүшесі, Басқарма Төрағасы;

Роман Александр Машчык – Комитет мүшесі (дауыс беру құқығы жоқ сарапшы);

Алмас Мұхтарұлы Маханов – Комитет мүшесі (дауыс беру құқығы жоқ сарапшы).

14

Комитет құзыреті

Тәуекелдер жөніндегі комитет Банктің Директорлар кеңесі жанындағы алқалы орган болып табылады, оның негізгі мақсаттары Банктің Директорлар кеңесіне Банкте тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімді жүйесін қалыптастыру, оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға жәрдемдесу және Банктің Директорлар кеңесін Банк қабылдайтын тәуекелдер деңгейі туралы хабардар ету болып табылады. Тәуекелдер жөніндегі комитет қызметінің негізгі бағыттары мен міндеттері:

1) Банктің қызметіне тән тәуекелдерді, оның ішінде тәуекелдер бойынша басқарушылық есептілікті қарау кезінде тұрақты бағалауды жүзеге асыру, сондай-ақ Банктің тәуекел бейінінің өзектілігін қолдау;

2) қажет болған жағдайда келесі мәселелер бойынша Банктің Директорлар кеңесіне арналған ұсыныстарды дайындау:

- Банктің тәуекел-тәбеті стратегиясына және тәуекел-бейініне қатысты жекелеген стратегиялық шешімдерді әзірлеу үшін Банк қызметіне тән тәуекелдердің негізгі түрлерін (кредиттік тәуекел, өтімділік тәуекелі, нарықтық тәуекел, капиталды басқару, операциялық тәуекел, қызметтің үздіксіздігін басқару, ақпараттық технологиялар тәуекелі, ақпараттық қауіпсіздік тәуекелі) басқару;
- Банктегі комплаенс-тәуекелдерді басқару;
- Банктегі ішкі бақылау жүйесінің барабарлығы мен тиімділігін қамтамасыз ету;
- Тәуекелдер жөніндегі комитеттің құзыретіне жатқызу заңнамаға және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына қайшы келмейтін өзге де мәселелер бойынша;

3) Банкте ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуін бақылауды жүзеге асыру;

4) Банк қарыз алушыларының ESG-тәуекелдерін сәйкестендіру, басымдық беру және басқару рәсімдерін енгізуді қамтамасыз ету;

5) жауапты қаржыландыру қағидаттарын енгізуді, ESG-өлшемшарттарын Банктің кредиттік саясатына енгізу жолымен жобаларды қаржыландыру туралы шешімдер қабылдау процестеріне енгізуді қамтамасыз ету;

6) кредиттік және инвестициялық қызметтің теріс әсерін барынша азайту үшін Банктегі тәуекел-менеджменттің жалпы жүйесіне ESG тәуекелдерін басқару процестерін енгізуді қамтамасыз ету;

7) климаттық тәуекелдердің бизнес-модельге және стратегиялық жоспарлауға әсерін бағалау рәсімдерін енгізуді қамтамасыз ету, сценарийлік талдау және стресс-тестілеу жүргізу.

Комитет қызметі

2022 жылы Комитеттің 5 жүзбе-жүз отырысы және 16 сырттай отырысы өткізілді, олардың шеңберінде 34 мәселе қаралды.

Тәуекелдер жөніндегі комитет мүшесінің Т.А.Ә.	Жүзбе-жүз отырыстар (отырыстар саны/мәселелер саны)	Сырттай отырыстар (отырыстар саны/мәселелер саны)
Павлов А.С.	5 / 13	14 / 18***
Дунаев А.Г.	5 / 13	16 / 21
Романовски П.	5 / 13	16 / 21
Шаяхметова У.Б.	5 / 13	14 / 19***
Машчык Р.А.*	2 / 6**	9 / 14***
Маханов А.М.*	5 / 13	16 / 21
Барлығы:	5 / 13	16 / 21

*Р.А.Машчык мырза мен А.М.Маханов мырза Директорлар кеңесінің Тәуекелдер жөніндегі комитетінің мүшелері болып табылады (дауыс беру құқығы жоқ сарапшылар)

**Р.А.Машчык 22.04.2022 жылдан бастап Директорлар кеңесінің Тәуекелдер жөніндегі комитетінің мүшесі болып тағайындалды (22.04.2022ж. №3 ДККО)

***еңбек демалысын ескере отырып

Тәуекелдер жөніндегі комитеттің жүзбе-жүз отырыстары барысында келесі мәселелер қаралды:

- әлеуетті геосаяси, инфляциялық, эпидемиологиялық тәуекелдердің, сондай-ақ террористік шабуылдар/қауіптер тәуекелдерінің Банктің 2022 жылға арналған қаржылық тұрақтылығына әсері бойынша сценарийлік талдау нәтижелері;
- капиталдың жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процестерін сақтау (өзін-өзі бағалау) және өтімділіктің жеткіліктілігін бағалаудың 2021 жылғы есебі;
- 2022 жылға арналған жалпы экономикалық сценарий (сценарийлік талдау әдісімен) бойынша Банктің қаржылық тұрақтылығын стресс-тестілеудің сценарийлерін, параметрлерін және нәтижелерін мақұлдау туралы;
- Тәуекелдердің біріктірілген сценарийін іске асырудың Банктің қаржылық тұрақтылығына әсерін бағалау нәтижелері;
- есепті тоқсандағы Банк бейінінің сапасын талдау бойынша таныстырылымдар;
- есепті тоқсандағы Банктің 20 ірі қарыз алушылары туралы есеп;
- Тәуекел-тәбет стратегиясын және тәуекел-тәбет деңгейлерін келісу (кредиттік тәуекел, нарықтық тәуекел, өтімділік тәуекелі, операциялық тәуекел, стратегиялық тәуекел, бедел тәуекелі бойынша).

Заочное голосование проводилось по вопросам текущего характера, которые законодательными и внутренними документами отнесены к компетенции Комитета, в том числе:

- управленческая отчетность по рискам Банка;
- рассмотрение/согласование результатов стресс-тестирования;
- внесение изменений и дополнений во внутренние нормативные документы Банка.

Заңнамамен және ішкі құжаттармен Комитет құзыретіне жатқызылған ағымдағы сипаттағы мәселелер бойынша сырттай дауыс беру өткізілді, оның ішінде:

- Банк тәуекелдері бойынша басқарушылық есептілік;
- Стресс-тестілеу нәтижелерін қарастыру/келісу;
- Банктің ішкі нормативтік құжаттарына өзгерістер және толықтырулар енгізу.

Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің 2022 жылғы қызметін бағалау нәтижелері

1. Директорлар кеңесінің жұмыс істеу стилі мен мәдениетін бағалау нәтижелері:

- Директорлар кеңесі өз қызметінде басқарудың классикалық моделін ұстанады, қолданыстағы заңнама талаптарын, акционерлердің тәуекелдері мен мүдделерін сақтау қажеттілігінен туындайды. Психологиялық атмосфера және Директорлар кеңесінің жұмыс стилі конструктивті және тиімді жұмыс істеуге ықпал етеді. Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілігі мүмкіндіктер болған кезде ақпарат алмасу және Банктің тұрақты дамуы үшін жаңа идеялар әзірлеу үшін Директорлар кеңесі, Басқарма мүшелерінің және Банктің өзге де негізгі қызметкерлерінің қатысуымен тұрақты жеке кездесулерді қолдау қажет деген пікір білдірді;
- Директорлар кеңесі корпоративтік басқаруды, ESG, экожүйені дамыту және өз жұмысының тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін жаңа құралдарды енгізу жөніндегі бастамаларды қолдайды. 2022 жылы Банкті корпоративтік басқару жүйесіне орнықты даму қағидаттарын (ESG) енгізу, сондай-ақ Директорлар кеңесі мен Басқарманың оларды Банк қызметіне енгізу жөніндегі өкілеттіктері мен міндеттерін кеңейту мақсатында Корпоративтік басқару кодексіне өзгерістер әзірленіп, бекітілді. Директорлар кеңесі жанындағы Әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет Орнықты даму жөніндегі комитет болып қайта құрылды.
- Директорлар кеңесі қаржы, қаржылық есептілік, ішкі бақылау және аудит, банк қызметі, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару саласында қажетті құзыреттерге ие. Директорлар кеңесінің жұмысында неғұрлым талап етілетін құзыреттер: цифрлық трансформация; инновацияларды дамыту; тәуекелдерді басқару; қаржы, ішкі бақылау және аудит; HR және таланттарды дамыту; стратегиялық басқару саласындағы тәжірибе; орнықты даму (ESG) болып табылады.
- Директорлар кеңесі мүшелерінің арасында оның қызметінің тиімділігіне әсер ететін айқын немесе жасырын қақтығыстар жоқ, Директорлар кеңесінің барлық мүшелері алқалы басқару органы ретінде Директорлар кеңесінің тиімді жұмысына бағдарланған.
- Директорлар кеңесі мен Банк Басқармасы арасындағы қатынастар сындарлы сипатқа ие және акционерлердің мүддесі үшін Банктің табысты қызметіне ықпал етеді.

2. Директорлар кеңесінің құрамын және құрылымын бағалау нәтижелері:

- Директорлар кеңесінің құрамы өзіне жүктелген функцияларды орындау, оның ішінде Банктің Даму стратегиясын іске асыруды бақылау үшін оңтайлы және теңдестірілген (оның мүшелердің білімі мен тәжірибесі тұрғысынан) болып табылады. Директорлар кеңесі Ақпараттық технологиялар, киберқауіпсіздік, жасанды интеллект, ESG, Big Data және Банк бизнесіндегі инновациялар саласындағы құзыреттерді дамытуға ниетті. Директорлар кеңесінің құрамына «Halyk» тобының 2022-2024 жылдарға арналған Даму стратегиясын тиімді іске асыруды қамтамасыз ету үшін ақпараттық технологиялар, цифрлық өнімдер мен экожүйелер, кибер-қауіпсіздік, Data Science, роботтандыру және ESG саласындағы сарапшыны (сарапшыларды) тарту ұсынылады;
- Банкте Директорлар кеңесі мүшелерінің құзыреті мен біліктілігін арттыру жүйесі оңтайлы болып келеді. Технологиялардың дамуын және банк бизнесін жүргізудің жаңа тәсілдерін ескере отырып, біз Қазақстанда да, Банк қатысатын өзге елдерде де осындай өзгерістерді қадағалап отырамыз, ал қажет болған жағдайда Директорлар кеңесінің мүшелері үшін қосымша оқыту ұйымдастырылатын болады. 2022 жылы Директорлар кеңесі мен Басқарма үшін банк ісі, қаржы, макроэкономика және стратегиялық басқару мәселелері бойынша ақпараттық сессиялар (семинарлар, тренингтер) өткізілді.
- Банктегі Директорлар кеңесінің мүшелерін іріктеу жүйесі өте тиімді және нағыз мамандарды тартуды қамтамасыз етеді. Банк Банктің және оның еншілес ұйымдарының тәуелсіз директорлары лауазымдарына үміткер болуға құқығы бар кандидаттардың тізілімін қалыптастырды.
- Қазіргі уақытта Банктің Директорлар кеңесінің гендерлік құрылымы 86% ерлер мен 14% әйелдерден тұрады. Үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес келу мақсатында Банктің Директорлар кеңесінің гендерлік құрылымында әйелдер санын 14%-дан 30%-ға дейін ұлғайту мүмкіндігін қарастыру ұсынылады (мысалы, АҚШ-та басқару органдарындағы әйелдер 30%-ды, Еуропада – 39%-ды құрайды).
- Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің орташа жасы – 62 жасты құрайды, бұл ретте Korn Ferry[10] халықаралық консалтингтік компаниясы дайындаған Қазақстандағы корпоративтік басқару практикасына шолуға сәйкес Қазақстандағы Директорлар кеңесі мүшесінің орташа жасы – 53 жасты, Еуропада – 60 жасты құрайды.

3. Директорлар кеңесі жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру тәртібін бағалау нәтижелері:

- Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған барлық мүшелері Кіріспе курс нысанында (Board Book) жеделдетіп бейімделу үшін қажетті Банктің және Директорлар кеңесінің жұмысы туралы ақпарат алады, онда мыналар қамтылады: Банктің даму тарихының негізгі кезеңдері, «Halyk» тобының Даму стратегиясы, есепті күнге негізгі қаржылық көрсеткіштер мен нәтижелер, Банктің ұйымдық

[10]https://forbes.kz/actual/stats/kak_vyiglyadyat_sovetyi_direktorov_kompaniy_v_kazahstane/

құрылымы, сондай-ақ Директорлар кеңесі/Басқарма жұмысының рәсімдері және Директорлар кеңесі мүшелерінің лауазымдық міндеттері. Сондай-ақ Директорлар кеңесінің барлық жаңадан сайланған және қазіргі мүшелері корпоративтік басқару және орнықты даму (ESG) мәселелері бойынша оқыту материалдарына қол жеткізе алады;

- Директорлар кеңесінің Банк жарғысында айқындалған құзыреті ағымдағы стратегиялық міндеттерге сәйкес келеді және Директорлар кеңесінің мүшелеріне Банкті дамытудың, цифрлық сервистер мен өнімдерді, ESG енгізудің, экожүйені және бөлшек бизнесті дамытудың жаңа бағыттары туралы мәселелерді әзірлеуге және талқылауға қатысу мүмкіндігін беру, сондай-ақ клиенттер үшін қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған шараларды әзірлеу бөлігінде елеусіз түзетулерді талап етеді.
- Директорлар кеңесі отырыстарының саны, жүйелілігі және ұзақтығы, оның ішінде жүзбе-жүз және сырттай отырыстардың арақатынасы Банктің қажеттіліктеріне сәйкес келеді. Директорлар кеңесінің мүшелері жұмысты гибридті форматта жалғастыруға ниетті (жеке кездесулер форматында 2-3 жүзбе-жүз отырыс, бейнеконференция форматында 2-3 жүзбе-жүз отырыс).
- Директорлар кеңесі мен Басқармаға Банктің бизнес міндеттері мен стратегиясын іске асыру бойынша тереңдетілген сессиялар өткізу үшін жұмыс кездесулері (мысалы, Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер алаңдарында) түріндегі коммуникациялар санын ұлғайту ұсынылады.

4. Корпоративтік рәсімдер және құжат айналымының тиімділігін бағалау нәтижелері:

- Қолданыстағы корпоративтік рәсімдер Директорлар кеңесіне сыртқы және ішкі қауіптерге жедел әрекет етуге және қажет болғанда Банк қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шараларды қолдануға мүмкіндік береді (пандемия, лаңкестік шабуылдар, әскери қақтығыстар, санкциялар және т.б.);
- Директорлар кеңесі отырыстарын дайындау мен өткізуді ұйымдастыру процесі Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен егжей-тегжейлі реттеледі және жұмыс алгоритмдері мен логистиканы штаттық режимде (шектеусіз) сипаттайды;
- Банктің Директорлар кеңесінің отырыстарын шақыруға және өткізуге байланысты құжаттарды дайындау жөніндегі қағидалардың жаңа редакциясы Директорлар кеңесінің мүшелері үшін қағаз материалдарының сапасын жақсартуға және көлемінің қысқаруына әсер етті (Директорлар кеңесінің қағаз жеткізгіштердегі басып шығарылатын материалдарының көлемі 2020-2021 жылдар кезеңімен салыстырғанда 70%-ға қысқарды).
- Covid-19 пандемиясы жағдайындағы жұмыс тәжірибесін ескере отырып, Банк жұмыс істейтін жағдайларға бейімделу мақсатында корпоративтік рәсімдер өзгертілді (қашықтан қол жеткізу форматында жұмыс істеу, бейне-отырыстар мен жұмыс кеңестерін өткізу үшін бағдарламалық жасақтаманы пайдалану, қала/ел шегінде жүріп-тұруға шектеулер, құжаттарды басып шығару және қол қоюға физикалық мүмкіндіктердің болмауы және т.б.).
- 2022 жылы Банк қағаздық құжат айналымын қысқарту және Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау мен өткізуге байланысты корпоративтік рәсімдерді жақсарту үшін электрондық құжат айналымының жаңа жүйесін енгізу және алқалы органдардың жұмысын автоматтандыру жөніндегі жобаға кірісті, сондай-ақ ЭЦҚ көмегімен құжаттарға қол қою жөніндегі функционалды іске асыруды жоспарлап отыр.
- Әзірлеу және/немесе бекіту Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын Банктің ішкі құжаттары мен саясаты үздік тәжірибелерге сәйкес келеді және Банк қызметінің ерекшелігін ескереді. Директорлар кеңесі тұрақты негізде Банктің ІНҚ-на талдау жүргізеді (оларды қарау және бекіту ДК құзыретіне кіреді) және оларды ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес келтіру, бюрократиялық нормаларды төмендету және корпоративтік басқару процестерін оңайлату мақсатында Басқарманың ұсыныстарын қарайды.

5. Директорлар кеңесі жұмысының функционалды салаларын бағалау нәтижелері:

- 2022 жылы орнықты даму мақсаттарын іске асыруға бағытталған Директорлар кеңесінің функционалдық міндеттерін кеңейту және оған орнықты даму қағидаттарын енгізу бөлігінде Банктің корпоративтік басқару кодексіне: 1) орнықты даму факторларын Банк стратегиясына интеграциялау тәсілдерін айқындау; 2) Директорлар кеңесінің жұмысында ESG тиісті рәсімдері мен практикаларын іске асыру; Директорлар кеңесі комитеттерінің орнықты даму мәселелеріндегі міндеттерін айқындау; 3) ESG мәселелерін реттейтін Банктің жоғарғы деңгейлі ішкі құжаттарын (саясатын) бекіту; 4) ESG-күн тәртібін іске асыруды бақылау бөлігінде өзгерістер енгізілді;
- Директорлар кеңесі Әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетті Орнықты даму жөніндегі комитетке айналдыру туралы шешім қабылдады. 2022 жыл ішінде Орнықты даму жөніндегі комитеттің екі жүзбе-жүз отырысы өткізілді, онда орнықты дамудың 2022–2024 жылдарға арналған қағидаттары мен мақсаттарын енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарының іске асырылу барысы туралы есептер тыңдалды.
- Директорлар кеңесінің отырыстарына ұсынылатын материалдар толық, сапалы болып табылады және Директорлар кеңесі мүшесінің негізделген шешім қабылдауы үшін күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қажетті және жеткілікті ақпаратты қамтиды. Банктің Директорлар кеңесінің отырыстары үшін материалдарды дайындау рәсімдері стандартталған және Банктің тиісті ІНҚ-де бекітілген, ол тұрақты негізде қайта қаралады және Банктің Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау және өткізу процестерінің өзгерістеріне бейімделеді.
- Банктің Даму стратегиясы мен жоспарларының (бағдарламаларының) орындалуын бақылауды күшейту үшін Директорлар кеңесі Стратегиялық жоспарлау комитетінің алаңында және Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің бейресми кездесулері шеңберінде бизнес, Банк стратегиясы, нарықтың қысқа және ұзақ мерзімді перспективаға даму үрдістері, Қазақстандағы және «Halyk» тобы қатысатын елдердегі бәсекелестерді талдау туралы пікірталастар ұйымдастырады.
- Директорлар кеңесі Банктің жоғары лауазымды адамдарының тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін айқындайды және бекітеді, Банк Басқармасының есепті кезеңдегі бюджеттік көрсеткіштер мен стратегиялық міндеттерді орындау шеңберінде жартыжылдықта кемінде 1 рет кезеңділікпен негізгі көрсеткіштерді орындау мәселелерін тұрақты негізде қарайды.

14

Корпоративтік басқару туралы есеп

Миноритарлық акционерлермен жұмыс

Банкте миноритарлық акционерлермен өзара іс-қимыл жүйесі үнемі жетілдіріліп отырады, соның арқасында акционер өз сұрағын қоя алады және өзіне ыңғайлы кез келген тәсілмен (жазбаша өтініш, электрондық пошта және/немесе телефон арқылы) қажетті кеңес ала алады.

Миноритарлық акционерлердің өтініштері мен олардың тілектерінің құрылымы үнемі талданады. Банк акционерлерді барлық маңызды жаңалықтар туралы, корпоративтік оқиғалар туралы және бағалы қағаздарды ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын қызметтегі өзгерістер туралы және жоспарланған іс-шаралар туралы Банктің корпоративтік сайты және қор биржалары мен қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурстары арқылы хабардар етіп отырады.

Қажет болған жағдайда Бас Банктің қызметкерлері филиалдардың қызметкерлеріне Банк акционерлерімен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша, дивидендтерді есептеу, акционерлердің банктік деректемелері мен дербес деректерін өзгерту, меншік құқықтарының мирасқорлық бойынша ауысуы және т.б. бойынша консультация береді.

Дивидендтік саясат

Акционерлердің дивидендтер алу құқықтары мен оларды төлеу рәсімі Банк акционерлерінің жалпы жиналыстарында бекітілген Банк Жарғысында және Банкті корпоративтік басқару кодексінде бекітілген.

2012 жылғы қыркүйекте Банктің Директорлар кеңесі Банктің дивидендтік саясатын бекітті. Банктің Дивидендтік саясатының негізгі мақсаты төмендегі талаптарды ескеріп, дивидендтерді төлеудің анық және түсінікті механизмін және дивидендтер төлеу, мөлшерін анықтау туралы шешім қабылдау тәртібін, оларды төлеу тәртібі мен мерзімдерін белгілеу болып табылады:

- Банктің бөлуге жататын таза пайдасының болуы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген дивидендтерді төлеуге шектеулердің, сондай-ақ Банк үшінші тұлғалармен, атап айтқанда шетелдік қаржы ұйымдарымен (ковенанттармен) жасасқан шарттарда қамтылған өзге де шектеулердің болмауы;
- Банктің халықаралық кредиттік рейтингтерін сақтау (ұстап тұру);
- тиісті кезең үшін Банктің қаржылық есептілігіне аудит жүргізу;
- Банк акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі;
- күнтізбелік жыл ішінде бір реттен артық емес дивидендтер төлеу;
- дефолтқа немесе төлем Банктің міндеттемелері бойынша дефолтқа әкелуі мүмкін жағдайға жол бермеу;
- Шоғырландырылған негізде негізгі капитал жеткіліктілігінің болжамды көрсеткішін дивидендтерді жоспарлы төлеуді ескере отырып, 17% кем емес деңгейде ұстап тұру.

Жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеудің бар шектеулері (ковенанттар) бойынша мыналарды бөліп көрсетуге болады:

- Банктің Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысына ұсынылатын дивиденд мөлшерін (бір жай акцияға есептегенде) айқындау кезінде Банктің меншікті капиталының мөлшерін ескереді, сондай-ақ жай акциялар бойынша дивидендтік төлемдерге жіберілетін ақша сомасы Банктің аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілігі бойынша анықталатын, есепті жылдағы таза кірістің жалпы мөлшерінің 50-ден 100%-на дейін құрайды. Дивидендтік төлемдерді қамтамасыз ету үшін Банк өзінің еншілес ұйымдарынан алған дивидендтік төлемдер есебінен қалыптастырылған ақшалай ресурстарды тартатын болады.
- Директорлар кеңесі Банктің стратегиялық мақсаттарына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысына Банктің аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілігі бойынша айқындалатын есепті жылдағы таза кірісінің бір бөлігін жай акциялар бойынша дивидендтік төлемдерге жібермеуді немесе жай акциялар бойынша дивидендтік төлемдерге жіберілетін ақша сомасын Банктің аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілігі бойынша анықталатын есепті жылдағы таза кірістің жалпы мөлшерінің 50%-нан төмен түсірмеуді ұсынуға құқылы.

Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірілмей Банкте немесе Банк акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болған кезде жай акциялар бойынша дивидендтер төленеді.

Банкте немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда, Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу Банк акционерлерінің жалпы жиналысы Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік тоқсан күн өткен соң бес жұмыс күні ішінде Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған талап етілмеген ақшаны есепке алуға арналған шотқа жүзеге асырылады.

Қаржы жылдарының қорытындысы бойынша Банк дивидендтерінің жалпы сомасы*:

млрд теңге

	2021	2020	2019	2018	2017	2016	2015	2014	2013	2012	2011
Артықшылықты акциялар бойынша			Айналыста жоқ				0.338	2.61	1.8	2.24	5.24
Жай акциялар бойынша	138.64	211.57	200.76	126.71	69.38	-	-	34.26	18.55	12.22	-
Жиыны	138.64	211.57	200.76	126.71	69.38	-	0.338	36.87	20.35	14.46	5.24

* – мәліметтер шоғырландырылмаған негізде берілді.

14

Корпоративтік басқару туралы есеп

Директорлар кеңесі мүшелерін ақпараттандыру және оқыту

Директорлар кеңесінің жаңа мүшелері үшін Банкте Банктің және «Halyk» тобының тарихы мен ағымдағы ұстанымдары, Банктің ұйымдық құрылымы, Директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттері, сондай-ақ соңғы есептік күнге шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізгі нысандары туралы негізгі ақпарат қамтитын кіріспе курс (Board Book) әзірленді.
Директорлар кеңесінің мүшелеріне банк заңнамасындағы негізгі өзгерістер туралы ақпарат жеткізіледі.
2022 жылы Банктің Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері үшін стратегиялық даму, компаниядағы өзгерістерді басқару және ақпараттық технологиялар мәселелері бойынша семинарлар мен тренингтер өткізілді.
Банк Директорлар кеңесі мүшелерінің хабардарлығы мен біліктілік деңгейін арттыру жөніндегі жұмысты одан әрі жүргізуге және жетілдіруге ниетті.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелері

Рөлі мен жауапкершілігі

Банкте тәуекелдерді басқаруға және ішкі бақылауға қатысты қызметтер мынадай тәсілмен бөлінген:

- Директорлар кеңесі Банк қызметіне ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша стратегиялық басшылықты жүзеге асырады, саясатты бекітеді және кезең-кезеңімен қайта қарайды. Директорлар кеңесінің тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау мәселелері жөніндегі жұмыс органы Аудит жөніндегі комитет болып табылады.
- Директорлар кеңесі Банктің ірі мәмілелерін, жасауға мүдделілігі бар мәмілелерді және Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен, оның ішінде жеңілдікті шарттардың болмауы тұрғысынан мәмілелерді қарайды.
- Басқарма тәуекелдерді басқару саясатын жүзеге асыруға жауапты орган болып табылады. Банкте тәуекелдерді басқару және бақылау бойынша әртүрлі функцияларды орындайтын келесі негізгі комитеттер бар: Бас банктің Кредиттік комитеті, филиалдар желісінің Кредиттік комитеті, Бөлшек кредиттік комитет, Проблемалық кредиттер жөніндегі комитет, Активтер мен пассивтерді басқару комитеті және Тәуекелдер жөніндегі комитет.
- Банктің құрылымдық бөлімшелері өз қызметіне тән тәуекелдерді сәйкестендіруге және бағалауға, бақылаудың барабарлығына және өз қызметінің үздіксіздігіне тікелей жауап береді.
- Тәуекел-менеджменттің тәуелсіз қызметтері мен комплаенс қызметтері кредиттік, операциялық, нарықтық және комплаенс-тәуекелдері мен өтімділік тәуекелдерін сәйкестендіруді, бағалауды, бақылауды және қадағалауды қамтамасыз ететін тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыруға жауапты. Тәуекел-менеджмент қызметін Тәуекел-менеджмент басшысы, ал комплаенс қызметін Бас комплаенс-бақылаушы басқарады.
- Ішкі аудит бөлімшесі тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерінің тиімділігіне тәуелсіз бағалау жүргізеді.

Банк банктік қызметке тән тәуекелдерді толығымен жою мүмкін емес екенін мойындайды. Алайда, Банк тәуекелдерді басқарудың енгізілген жүйесі оларды айтарлықтай азайтуға мүмкіндік беретініне сенімді.

Комплаенс-тәуекелді басқару жүйесі

Банкте комплаенс-тәуекелді басқарудың тиімді жүйесі (бұдан әрі – Жүйе) әзірленді, ол мыналарды қамтамасыз етеді:

- Банктің тиімді жұмыс істеуі және оның қызметінің стратегияға, тәуекел-бейінге және тәуекел-тәбетіне сәйкестігі;
- Банк операцияларының ағымдағы нарықтық жағдайына, стратегиясына, мөлшеріне, күрделілік деңгейіне сәйкес келетін комплаенс-тәуекелді басқару жүйесінің болуы;
- Банк қызметінің және оның әрбір қызметкерінің Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне, қызмет көрсету тәртібін регламенттейтін ішкі құжаттарға, шет мемлекеттердің қолданыстағы заңнамасына, сондай-ақ комплаенс саласындағы халықаралық стандарттарға, оның ішінде банк қадағалауы жөніндегі Базель комитетінің құжаттарына, АЖ/ТҚҚ саласындағы FATF және Вольфсберг қағидаттарына сәйкестігі;
- Банктің және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, Банктің қаржы нарығында қызметтер көрсету және операциялар жүргізу тәртібін регламенттейтін Банктің ішкі құжаттарын, сондай-ақ Банктің қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттердің заңнамасын сақтамауы салдарынан шығындардың туындауына байланысты жағымсыз салдарлардың туындау тәуекелдерін барынша азайту;
- Банкке барлық немесе жекелеген банк операцияларын жүргізуге лицензияны тоқтата тұру не одан айыру, айыппұл салу және өндіріп алу, уәкілетті органның шектеулі ықпал ету шараларын қолдануы түріндегі санкцияларды қолдануға байланысты жағымсыз салдардың туындау тәуекелдерін барынша азайту;
- Банкте комплаенс-тәуекелді басқарудың бірыңғай жүйесін құру;
- «Halyk» тобының іскерлік этикасы мен стандарттарын сақтай отырып, бизнесті жүргізу.

Үш қорғаныс желісіне негізделген тәуекелдерді басқару жүйесі

Банктегі тәуекелдерді басқару тәуекелдерді азайтуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру бойынша Банктің құрылымдық бөлімшелері арасында рөлдер мен өкілеттіктерді бөлу негізінде комплаенс-тәуекелді басқару жүйесін құруға интеграцияланған тәсілді білдіретін үш деңгейлі қорғау жүйесі негізінде құрылады.
Бірінші қорғаныс желісіне Банк қызметкерлері, оның ішінде бақылаудағы бөлімшелер, екінші қорғаныс желісі – Комплаенс қызметі, үшінші қорғаныс желісі – Ішкі аудит бөлімшесі кіреді.

- Банктегі бірінші қорғаныс желісі – бұл Банктің әртүрлі құрылымдық бөлімшелерінің күнделікті операцияларды дұрыс жүргізуін/күнделікті функцияларды жүзеге асыруын қамтамасыз ету үшін жасалған бақылау. Бақылауды құрылымдық бөлімшелер әзірлейді және процестердің, соның ішінде бизнес-процестердің ажырамас бөлігі болып табылады. Бақылаулардың нақты дизайны тәуекелдерді азайту және ішкі құжаттардың талаптарын сақтау, сондай-ақ сыртқы реттеу талаптарын сақтау үшін олардың барабар деңгейін болжайды. Бақылауды басқару мен мониторингті бөлімшелердің өздері

жүзеге асырады, бұл тәуекелдерді, бизнес-процестердің әлсіз жақтарын, ықтимал күтпеген оқиғаларды дербес анықтау және түзету шараларын қабылдау мүмкіндігін болжайды.

- Екінші қорғаныс желісі Комплаенс қызметі жүзеге асыратын комплаенс-бақылауды қарастырады. Комплаенс бақылау департаменті Қазақстан Республикасының азаматтық, салық, банк заңнамасының, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы заңнамасының, Қазақстан Республикасының валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы, төлемдер мен төлем жүйелері туралы, зейнетақымен қамсыздандыру туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы, кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы, коллекторлық қызмет туралы, депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы, акционерлік қоғамдар туралы заңнамалардың, Банк қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттердің заңнамасының, сондай-ақ Банктің қаржы нарығында қызметтер көрсету және операциялар жүргізу тәртібін регламенттейтін Банктің ішкі құжаттарының талаптарын сақтау үшін рәсімдерді ұйымдастырады және Директорлар кеңесіне комплаенс-тәуекелдің болуы туралы толық және сенімді ақпарат береді.

  Банктің ішкі құжаттарына сәйкес комплаенс-тәуекелді басқарудың жекелеген функциялары мүдделер қақтығысы болмаған жағдайда қажет болған жағдайда Банктің өзге құрылымдық бөлімшелеріне беріледі.

- Үшінші қорғаныс желісі ішкі аудит бөлімшесінің ішкі аудит бөлімшесінің комплаенс-тәуекелді басқарудың сапасы мен тиімділігін тәуелсіз бағалауды білдіреді («Ішкі аудит» бөлімін қараңыз).

  Банк банк қызметіне тән тәуекелдерді толығымен жою мүмкін емес екенін мойындайды. Алайда, Банк тәуекелдерді басқарудың енгізілген жүйесі оларды айтарлықтай азайтуға мүмкіндік беретініне сенімді.

Банктің халықаралық және елдік экономикалық санкцияларды сақтауын бақылау жүйесі

Банк халықаралық және елдік экономикалық санкцияларды сақтайды және өз қызметінде ашықтық, әділдік және әлемдік қоғамдастыққа интеграция қағидаттарын ұстанады.

Банктің халықаралық және елдік экономикалық санкцияларды сақтау қажеттілігі:

1) Банкті БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің қарарларында белгіленген санкциялар мен эмбарголарды сақтауға міндеттейтін Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымына (бұдан әрі – БҰҰ) мүшелігіне;

2) Лондон қор биржасында Банктің бағалы қағаздарының листингімен;

3) клиенттері өз қызметінде халықаралық экономикалық санкцияларды сақтауға міндетті АҚШ, Еуропалық одақ (бұдан әрі – ЕО), Ұлыбритания және басқа да елдердің банктерімен ностро корреспонденттік қатынастардың болуына;

4) халықаралық және елдік экономикалық санкцияларды қолданудың экстрааумақтық сипатына байланысты.

Ықтимал комплаенс-тәуекелдерді барынша азайту мақсатында Комплаенс қызметі Банктің мүдделі бөлімшелерімен бірлесіп Банк клиенті/контрагенті, Банк клиентінің контрагенті жүргізетін/жасайтын операцияларда/төлемдерде/ аударымдарда/мәмілелерде Банк арқылы жүргізілетін операциялардың/ төлемдердің/аударымдардың егжей-тегжейлерін, Банк қатысатын мәмілелердің құрылымын зерделеу арқылы санкциялық элементті анықтау бойынша жұмыс жүргізеді.

КлиенттергеқызметкөрсетукезіндеБанктіңхалықаралықжәнеелдікэкономикалықсанкциялардысақтамау тәуекелдерін болдырмау үшін Банк клиенттің, оның ішінде Банкте Лоро түріндегі корреспонденттік шоты бар Банктің операциясын/төлемін/аударымын жүргізуден бас тартуға немесе кез келген кезеңде, кез келген валютада жүргізуді тоқтата тұруға құқылы, егер мұндай бас тарту немесе тоқтата тұру:

1) халықаралық және елдік экономикалық санкциялардың қолданылуына;

2) тауарлардың, технологиялардың, жабдықтардың, табиғи ресурстардың және т.б. экспортын / импортын шектейтін халықаралық және елдік экономикалық санкциялардың қолданылуына байланысты болса.

Банк қолжетімді жария көздерді пайдалана отырып, халықаралық және елдік экономикалық санкциялар туралы ақпаратқа тұрақты негізде мониторинг жүргізеді, оның нәтижелері бойынша (қажет болған жағдайда) санкцияларды бұзу тәуекелдерін барынша азайтуға бағытталған рәсімдерді қайта қарайды/ өзектілендіреді.

Ішкі аудит

Үшінші қорғаныс желісінің функцияларын Банкте Ішкі аудит департаменті орындайды.

Ішкі аудиттің тәуелсіздігін және әділдігін қамтамасыз ету мақсатында ІАД Банктің Директорлар кеңесіне бағынады және есеп береді. Банктің Директорлар кеңесінің мүшелерімен өзара қарым-қатынас Аудит жөніндегі комитет арқылы да және тікелей де жүзеге асырылады. ІАД ағымдағы қызметіне Ішкі аудит басшысы жетекшілік етеді.

Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына (бұдан әрі – Стандарттар) сәйкес ішкі аудиттің миссиясы тәуекел-бағдарланған тәсіл негізінде тәуелсіз аудиторлық тексерулер мен консультациялар жүргізу және Топ қызметін жетілдіру бойынша ұсынымдар беру арқылы «Halyk» тобының құнын сақтау және арттыру болып табылады.

Ішкі аудит өз қызметінде заңнама нормаларын, реттеушінің талаптарын, Стандарттарды және Банктің ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

ІАД жылдық жоспарын және бюджетін Банктің Директорлар кеңесі бекітеді. ІАД есептері филиал Кеңестеріне, Басқармаға, Аудит жөніндегі комитетке және Банктің Директорлар кеңесіне беріледі. ІАД қызметі бойынша ағымдағы мәселелер жедел тәртіпте Басқарма Төрағасымен және Банктің Директорлар кеңесімен талқыладаны. ІАД қызметкерлерінің айтарлықтай үлесі халықаралық кәсіби сертификаттарға ие.

ІАД тұрақты түрде Банктің еншілес ұйымдарының ішкі аудит қызметі қызметтерінің ішкі аудиторлардың стандарттары мен этика кодексіне сәйкестік деңгейін арттыру бойынша әдістемелік көмек көрсетіп отырады.

2022 жылы тәуелсіз сыртқы консультант Банктің ІАД қызметіне кезекті (төртінші) бағалау жүргізді, оның нәтижелері бойынша Банктің ІАД қызметтің ішкі аудиторлардың стандарттары мен этика кодексіне «толық сәйкестігін» қайта растады.

14

Корпоративтік басқару туралы есеп

Этика және іскерлік мінез-құлық кодексі

Іскерлік этика принциптерін сақтау және жауапты мінез-құлық кез келген компаниядағы корпоративтік мәдениеттің негізгі элементтері болып табылады. Банктің әрбір қызметкері күн сайын Банк үшін қаржылық және беделді салдары болуы мүмкін, сондай-ақ адамдар мен қоғамға әсер етуі мүмкін шешімдер қабылдайды.

2022 жылы орнықты даму қағидаттары мен мақсаттарын енгізу жөніндегі қысқа мерзімді жоспарды іске асыру шеңберінде Банк этика және іскерлік мінез-құлық кодексін (бұдан әрі – Этика кодексі) әзірлеп, бекітті, ол Банктің бұрын қолданыста болған корпоративтік этика қағидаларының күшін жойды. Этика кодексі халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларына, Қазақстан Республикасының заңнамасына, корпоративтік басқару стандарттарына сәйкес, Жарғы, Корпоративтік басқару кодексі және Банктің өзге де ішкі құжаттары, сондай-ақ іскерлік айналым әдет-ғұрыптары негізінде әзірленді.

Этика кодексінің мақсаттары:

1) Банктің лауазымды адамдары мен қызметкерлері өз қызметінде басшылыққа алатын миссияны, құндылықтарды, қағидаттарды, іскерлік әдеп пен мінез-құлық нормаларын бекіту;

2) жоғары этикалық стандарттарға негізделген бірыңғай корпоративтік мәдениетті дамыту, ұжымда сенім, өзара құрмет және әдептілік ахуалын сақтау;

3) Банкке оның акционерлері, клиенттері, іскер әріптестері, мемлекеттік билік органдары, жұртшылық және өзге де мүдделі тұлғалар тарапынан сенімін арттыру және сақтау, қаржы нарығының ашық және адал қатысушы беделін нығайту;

4) мүдделі тұлғалармен тиімді өзара іс-қимылға жәрдемдесу;

5) Банк қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын бұзуын болдырмау болып табылады.

Этика кодексінде Банк қызметінің құндылықтары мен принциптері туралы жаңартылған түсінік, сондай-ақ Банкті білдіретін әрбір адам түсінуі және сақтауы тиіс жалпы этика ережелері берілген. Этика кодексі этика мен іскерлік мінез-құлықтың міндетті стандарттарын қамтиды және Банктегі жұмыс негізгі немесе қосымша жұмыс болып табылатынына, сондай-ақ өтеулі қызмет көрсету шарты бойынша тартылатын үшінші тұлғалар үшін атқаратын лауазымына қарамастан әрбір лауазымды тұлға мен қызметкер үшін дұрыс шешімдер қабылдау кезінде жолсерік және бағдар болып табылады.

Банктің барлық құжаттары, оның ішінде клиенттермен, іскер әріптестермен, мемлекеттік органдармен, бәсекелестермен және қызметкерлермен қатынасты ресімдейтін құжаттары Этика кодексінің ережелерін ескере отырып әзірленеді және бекітіледі. Бұл құжаттар жиынтықта іскерлік этика талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ету үшін нақты тұжырымдалған жалпы негіз болып табылады және Банктің іскерлік этика нормалары құрылымының маңызды компоненттері болып табылады.

Этика кодексі дұрыс шешім қабылдау кезінде эталон, ашық және адал бизнесті жүргізудің, сондай-ақ жауапты және кәсіби-этикалық мінез-құлықтың эталоны болып табылады.

Банк басшылары Банкке деген адалдығын жеке мысалмен көрсетуге тырысады, Банктің кадрлық резервін құруға, кеңес беру мен тәлімгерлікке, ұжымды ортақ миссиямен, құндылықтармен және қағидаттармен біріктірілген командаға біріктіруге уақыт бөледі.

Әрбір қызметкер Банктің имиджі мен іскерлік беделін жоғары деңгейде ұстайды.

Этика кодексінде белгіленген этикалық стандарттар іскерлік тәжірибе мен қолданылатын құқықта белгіленген стандарттардан жоғары болған жағдайда, Банк Этика кодексінің стандарттарын ұстанатын болады.

Директорларды тағайындау және олармен шарт бекіту туралы ақпарат (рәсімдер туралы жалпы ақпарат)

Директорлар лауазымға тағайындалған кезде Қазақстан Республикасының резидент емес банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының резидент емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының резидент емес сақтандыру брокерлері филиалдарының басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптарды, мінсіз іскерлік беделдің болмау критерийлерін және келісім алу үшін қажетті құжаттар тізбесін қоса алғанда, қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының резидент емес банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының резидент емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының резидент емес сақтандыру брокерлері филиалдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамның басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру қағидаларына сәйкес қазақстандық реттеушімен келісілуге тиіс.

Директорлармен шарттар жасасу Halyk Bank-тің басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу саясатының және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-та бір жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша сыйлықақы резервін қалыптастыру ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Директорларға (Директорлар кеңесінің Төрағасын және Банктің Басқармасы Төрағасын қоспағанда) сыйақыларды төлеу және олардың мөлшерін белгілеу туралы шешімді Директорлар кеңесінің Төрағасы Банктің Директорлар кеңесі жанындағы Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеттің ұсынымдары негізінде қабылдайды.

ҚР заңнамасына сәйкес сыйақыларды төлеудің және міндетті төлемдерді ұстап қалудың жеке мөлшерін, кезеңділігін, талаптарын айқындайтын шарттарды Директорлармен (Банк Басқармасының Төрағасын қоспағанда) Банк атынан Банк Басқармасының Төрағасы жасайды.


Банктің лауазымды тұлғаларының жауапкершілігін сақтандыру

Директорлар кеңесі мен Банк Басқармасы теріс немесе қате басқарушылық шешімдерінен немесе әрекеттерінен туындайтын тәуекелдерді түсінеді.

Акционерлерді осындай оқиғалардан болатын залалдан қорғау үшін Банк Директорлар мен лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін сақтандырады.

15

Әлеуметтік есеп



ЭКОЖҮЙЕЛЕРДІҢ
ҚАЛЫПТАСУЫ

15

Әлеуметтік есеп

ӘЛЕУМЕТТІК ЕСЕП

Halyk Bank өзінің демеушілік және қайырымдылық қызметін жоспарлы түрде жүзеге асыра отырып, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын тұрақты ұстанады. Банк бірқатар өткір әлеуметтік мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін және Банктің қағидаттары мен миссиясының тікелей салдары болып табылатын қоғамдық маңызы бар жобаларды тұрақты негізде іске асырады.

Он жыл бойы Halyk Bank тікелей және «Халық» қайырымдылық қоры арқылы мәдениетті, білім беруді, спортты қолдап, әлеуметтік қорғауға бағытталған жобаларға көмек көрсетіп келеді. Сондай-ақ, ауыр науқастарға көмектесетін қайырымдылық қорларына да қаражат үнемі түсіп отырады. Бұдан басқа, Банк төтенше жағдайлардан немесе табиғи апаттардан зардап шеккен адамдарға көмектесуден қалыс қалмауда.

2022 жыл ішінде демеушілік және қайырымдылық көмектің жалпы көлемі 6,5 млрд теңгеден асты. 2,5 млрд теңге «Халық» қайырымдылық қоры арқылы әлеуметтік жобаларды – спорт, білім және мәдениет саласындағы жобаларды дамытуға және қолдауға бағытталды. Halyk Bank өз қаражатынан қазақстандық спортты қолдауға 332,3 млн теңге, мәдениет саласындағы жобаларға – 195 млн теңге бөлді. Банк әлеуметтік салаға белсенді қолдау көрсетеді, оның ішінде төтенше жағдайлар кезінде: осы мақсаттарға 3,5 млрд теңге бағытталды.

Қазақстан спортын қолдау

Halyk Arena

5-жылдық демеушілік нейминг келісімшарты шеңберінде Halyk Банктің Halyk Arena спорт және мәдениет сарайымен серіктестігі жалғасын тапты. 2022 жылы Банктің демеушілік қаражатына көше мұз айдыны салынды. Мұз айдынының ресми ашылуы 2022 жылдың 3 желтоқсанында өтті. Бүгінгі таңда мұз айдыны – Алматы тұрғындары мен оңтүстік астана қонақтарының сүйікті қысқы демалыс орындарының бірі болып табылады.

Қазақстанның гимнастика федерациясы

Қазақстан гимнастика федерациясын қолдауға 2022 жылы Банк 100 млн теңге бөлді. Азия чемпионатының Әлем кубогының қорытындысы бойынша спортшылар 20 алтын, 15 күміс және 21 қола медаль жүлдегерлері атанды.

«Бірінші болу – батылдық» IX қайырымдылық марафоны

2022 жылы Halyk Bank Орталық Азиядағы ең ауқымды жыл сайынғы халықаралық жүгіру жарыстарының біріне қолдау көрсетті. Қатысушылардың бастапқы жарналарынан алынған қаражат «Кеңес» мүгедектердің қоғамдық бірлестігіне, әлеуметтік бейімдеу және еңбекпен оңалу орталығына, сондай-ақ басқа да әлеуметтік жобаларға бағытталды. Демеушілік сома 25 млн теңгені құрады.

Үстел теннисі федерациясы

2022 жылғы 13-18 наурыз аралығында Алматы қаласында WTT Contender Almaty үстел теннисінің халықаралық рейтингтік турнирі өтті. Турнирге әлемнің үздік теннисшілері қатысты, олар әлемдік рейтингтің үздік 100-не кіреді. Банк 20 млн теңге көлемінде көмек көрсетті.



Ұлттық Олимпиада комитеті, «Бейжің-2022» паралимпиадасы

2022 жылдың 4-13 наурызы аралығында Бейжіңде Қысқы Паралимпиада ойындары өтті. Паралимпиадада 78 медаль жиынтығы ойналды. Қазақстан құрамасының құрамына шаңғы жарысы және парабиатлон сияқты спорт түрлері бойынша жарысқан 5 спортшы кірді. Банк 2,25 млн теңге көлемінде көмек көрсетті.



Мәдениет және өнерді қолдау

Астана Опера

2013 жылдан бастап Halyk Bank «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрының бас серіктесі болып табылады. 2022 жылы V театр маусымы аясында «Алпамыс», «Щелкунчик», «Күлшекіз» сияқты опера және балет спектакльдерінің премьералары өтті. 2022 жылғы демеушілік сомасы 100 млн теңгені құрады.

Абай атындағы ҚҰАОБТ

Halyk Bank Абай атындағы Қазақ Ұлттық академиялық опера және балет театрына демеушілік көмек көрсетуін жалғастыруда. 2022 жылы Банктің қолдауының арқасында техникалық және климаттық жабдықтар сатып алынып, орнатылды, сондай-ақ премьералық қойылымдарға жұмсалатын шығындар өтелді. 2022 жылғы демеушілік көмектің жалпы көлемі 50 млн теңгені құрады.



«Сүйікті қаладағы жаз музыкасы» фестивалі

Банктің Абабй атындағы ҚазҰОБТ-ның бас демеушісі ретіндегі позициясын күшейту мақсатында театр ғимаратының алдында «Сүйікті қаладағы жаз музыкасы» атты үш күндік open air фестивалін ұйымдастыруға демеушілік көмек көрсету туралы шешім қабылданды. Демеушілік сомасы 30 млн теңгені құрады.

Әлеуметтік жобалар

Төтенше жағдайлар

2022 жылы Банк қайғылы және төтенше жағдайлардың құрбаны болған қазақстандықтарға көмек көрсетті:

- қаңтар оқиғаларынан кейін Қазақстан халқына «Қазақстан Халқына» қоры арқылы көмек – 3 млрд теңге;
- қаңтар оқиғасы кезінде қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасыларына көмек – 115,6 млн теңге;
- өрттен зардап шеккен Қостанай облысының тұрғындарына көмек – 82 млн теңге.



Ағаш отырғызу

«Орман отырғызу күні» – Қазақстан аумағында жыл сайын өткізілетін және Банк қолдау көрсететін экологиялық акция. 2022 жылы Банк Астана қаласының Президенттік саябағының аумағында аязға төзімді шие гүлінің 77 көшетін отырғызуға демеушілік көмек көрсетті. Көрсетілген қайырымдылық көмектің жалпы сомасы 950 мың теңгені құрады.

«Аяла» ҚҚ ЖҚ қолдау

2009 жылдан бастап Halyk Bank «Аяла» ҚҚ ЖҚ-на қайырымдылық көмек көрсетіп келеді, оның негізгі бағыты – түрлі кемістіктермен туылған сәбилердің өмірін құтқару. 2022 жылы Банк ретинопатиясы бар жаңа туған нәрестелерде көру қабілеті бойынша мүгедектікті төмендету үшін медициналық жабдықтарды, атап айтқанда: «3nethra neo» торлы камерасын сатып алуға және офтальмологтарды осы аппаратпен жұмыс істеуге оқытуға жалпы сомасы 24,25 млн теңгеге қолдау көрсетті.

Ақтау қаласында балалар ойын алаңын салу

Банк өңірлердің әлеуметтік көмірінебелсенді қатысады. Банктің әлеуметтік қызметінің басым бағыттарының бірі – балаларға қамқорлық жасау. Маңғыстау облыстық филиалының жаңа ғимаратының ашылуына орай Бас банк қайырымдылық акциясының бастамашысы ретінде өңір басшысына Ақтау қаласына сыйлық – ойын алаңын орнатуға 5 млн теңге сомасына сертификат табыс етті.



Жеңіс марафоны

Жыл сайын Банк Ұлы Отан соғысына (ҰОС) қатысушыларға қолдау көрсетеді. 2022 жылы Банк ҰОС-ның 101 қатысушысына жалпы сомасы 7 575 000 теңгеге – әрбір ардагерге 75 000 теңгеден қаржы көмегін аударды.

Генералдар кеңесі

2022 жылы Банк «Генералдар кеңесі» республикалық қоғамдық бірлестігін 5 000 000 теңге сомасында қолдау туралы шешім қабылдады. Осы сомаға Генералдар кеңесі Кеңес Одағының екі мәрте Батыры Талғат Бегелдиновтың «Өлместікке апаратын шың» кітабын қайта басып шығаруға және аты аңызға айналған ұшқыштың 100 жылдық мерейтойына арналған бірқатар іс-шараларға бастамашы болды.

Білім

Қазақ тілді БАҚ арасында «Еркін сөз» байқауы

2022 жылы Halyk Bank қазақ тілді БАҚ арасында қаржылық тақырыпта жазатын журналистердің кәсіби деңгейін арттыруға арналған «Еркін сөз» байқауын қолдауды жалғастырды. 2022 жылы бюджет 5 млн теңгені құрады. Конкурсқа қатысушылардың жалпы саны 316 адамды құрады, 10 адам жеңімпаз атанды.

15

Әлеуметтік есеп

Имидждік жобалар

Kazakhstan Growth Forum

Halyk Bank жыл сайынғы қаржыгерлер саммитін – CFO Idea Exchange&NETWORKING Event ұйымдастыруға демеушілік көмек көрсетті. CFO Summit – бұл Қазақстандағы экономика, қаржы, инвестициялар және IT-технологиялардың өзекті мәселелері бойынша тәжірибе алмасу және шешімдер іздеу үшін еліміздің үздік қаржыгерлері мен экономистерін біріктіретін кәсіби алаң. Демеушілік сомасы 1 млн теңгені құрады.

Іскер әйелдер форумы

Банктің кәсіпкер әйелдерге белсенді қолдау көрсетіп жүргеніне бірнеше жыл болды, сол себепті Алматы қаласының «Атамекен» іскер әйелдер кеңесі ұйымдастыратын «Women in Business» форумының демеушісі болып табылады. Демеушілік көмек сомасы 3 млн теңгені құрады.



Қазақстандық өндірушілердің «ULTTYQ ÓNIM 2022» көрмесі

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-пен ынтымақтастық аясында Halyk Bank Қор ұйымдастырған «ULTTYQ ÓNIM 2022» қазақстандық өндірушілер көрмесінің демеушісі болды. Көрме Банк басшылығының Астана қаласының кәсіпкерлерімен жеке сессиясын өткізуге мүмкіндік берді. Демеушілік сомасы 15 млн теңгені құрады.

ҚР Ішкі істер органдарының 30 жылдығына арналған IIM форумы

2022 жылғы 23 маусымда ҚР Ішкі істер органдарының 30 жылдығына арналған IIM форумы өтті. Форум алаңында қазақстандық ірі компаниялардың заманауи техникалық шешімдері көрсетілді. Halyk Bank өзінің GovTech өнімдерін IIM министріне ұсынды. Демеушілік көмек сомасы 5 млн теңгені құрады.

Digital Bridge-2022 форумы

Қыркүйекайындамемлекетбасшысының,ірікомпаниялардыңжәнехалықаралықспикерлердіңқатысуымен Digital Bridge-2022 ірі форумы өтті. Отандық IT-саланы дамыту және цифрлық трансформацияны ілгерілету мақсатында Банк форум өткізуге 15 млн теңге көлемінде демеушілік көмек көрсетті.

ESG халықаралық конференциясы

Банк жаһандық ESG-саясат қағидаттарымен бөліседі және орнықты даму туралы есептерді жариялай бастаған Қазақстандағы алғашқы қаржы институты болып табылады. Осыған орай, «ESG: қаржы нарығын дамытудың жаңа парадигмасы» халықаралық конференциясына демеушілік жасау туралы шешім қабылданды. Банк өкілдері конференция алаңында сөз сөйлеп, Банктің корпоративтік басқаруына орнықты даму қағидаттарын енгізу тәжірибесімен бөлісті. Демеушілік сомасы – 2 млн теңге.

«Халық» ҚҚ арқылы іске асырылған жобалар

«Халық» қайырымдылық қоры» ҚҚ 2016 жылы құрылған сәттен бастап ең алдымен әлеуметтік жобаларды (көрсетілген көмектің жалпы көлемінде 85%), спорт саласындағы (жалпы көлемде 9%), білім беру саласындағы (4%) және мәдениет саласындағы (жалпы көлемде 2,4%) жобаларды дамытуға және қолдауға бағытталған.

2022 жыл ел үшін нағыз сынақ болды – Қазақстанның көптеген өңірлерін қамтыған 2022 жылғы қайғылы қаңтар оқиғасы, таяу шетелдегі тұрақсыз геосаяси жағдай, «коронакризистің» жалғасып жатқан салдары – осының бәрі елдің әлеуметтік қорғау жүйесіне орасан зор жүктеме әкелді.

Сондықтан 2022 жылы Қор елге және халыққа әлеуметтік көмек көрсетуге, сондай-ақ Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың әлеуметтік бастамаларын толық қолдауға назар аударды.

Қор іске асырған жобалар саны – 13. Оның ішінде 9 жоба жалпы сомасы 2,5 млрд теңгеге Банк қаражаты есебінен іске асырылды:

- Алматы қаласында 2022 жылғы қаңтардағы қайғылы оқиғалардың салдарынан зардап шеккен микро- және шағын бизнеске қайырымдылық көмек – 500 млн теңге;
- Қостанай облысы Әулиекөл ауданында балабақша құрылысын қаржыландыру – 1,235 млн теңге;
- Жаңаөзен қаласында балалар спорт-ойын алаңдарын салу – 150 млн теңге;
- «SOS Қазақстанның балалар ауылдары» қорына қайырымдылық көмек – 54,4 млн теңге;

- Алматы қ. Республикалық физика-математика мектебі үшін 2 мамандандырылған мектеп автобусын сатып алуға қайырымдылық көмек – 10,8 млн теңге;
- «Мирас» халықаралық мектеп оқушыларына арналған гранттар – 23,9 млн теңге
- «Astana IT University» ЖШС қайырымдылық көмегі – 120 млн теңге;
- «NISKYRAN» робототехника бойынша мектеп командасын қолдау – 3 млн теңге;
- Астана қаласында әлеуметтік тұрғын үй құрылысын қаржыландыру – 402,8 млн теңге.

Halyk Bank қызметкерлерінің еңбегін ұйымдастыру жүйесі

Банктегі еңбекті ұйымдастыру жүйесі ҚР Еңбек кодексіне, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР кодексіне, «Банктер және Қазақстан Республикасындағы банк қызметі туралы» ҚР заңына және өзге нормативтік актілерге сәйкес реттеледі.

Банктің кадр саясатының негізгі бағыттары:

1. қызмет барысында заңдылық, әділдік және тең мүмкіндіктер қағидаттарын басшылыққа алу;
2. ұйымдастыру құрылымын жетілдіру, қызметкерлерді іріктеу және орналастыру;
3. жаңа қызметкерлерді бейімдеу, жұмыс істеп тұрған қызметкерлермен өзара әрекеттесу;
4. қызметкерлерді кәсіби және дағдыға оқыту және жеке дамыту, қызметкерлердің кадрлық резервін қалыптастыру;
5. қызметкерлердің нәтижелілігі мен ынталандырылуын басқару, еңбекке ақы төлеу;
6. қызметкерлерді әлеуметтік қолдау;
7. корпоративтік мәдениетті қалыптастыру.

Банктің кадр саясаты «Халық» тобының даму стратегиясына, ұйымдық құрылымына, Банктің тәуекелдер бейініне, қол жеткізілген нәтижелерге және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келеді.

«Қызметте заңдылық, әділдік және тең мүмкіндік қағидаттарына басшылық ету» және «корпоративтік мәдениетті қалыптастыру» бағыттары шеңберінде, сондай-ақ Банктің орнықты даму бағытын ұстана отырып, 2022 жылы жоғарғы деңгейлі құжат болып табылатын «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-та Этика және іскерлік мінез-құлық кодексі (бұдан әрі – Этика кодексі) бекітілді. Этика кодексі біздің құндылықтарымызды, миссиямызды және мәдениетімізді көрсете отырып, Банк қызметкерлерінің, лауазымды тұлғаларының тұлғааралық қатынастарын реттеп қана қоймайды, сонымен қатар акционерлер, іскери серіктестер, клиенттер, мемлекеттік органдар, бәсекелестер және, сайып келгенде, қоғам сияқты барлық мүдделі тараптармен бірлескен іс-әрекетте Банктің моральдық мәні туралы ұстанымы болып табылады (https://halykbank.kz/about-bank/korporativnoe-upravlenie).

Этика кодексін әзірлеу кезінде орнықты даму саласындағы халықаралық стандарттар ескерілді.

Этика кодексінде мынадай қағидаттар бекітілген:

1. адалдық принципі;
2. әділдік принципі;
3. ашықтық принципі;
4. қорғау принципі;
5. мүдделер қақтығысын реттеудің алдын алу қағидаты;
6. жауапкершілік қағидаты;
7. алаяқтық пен өкілеттіктерді теріс пайдалануға қарсы іс-қимыл қағидаты;
8. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қағидаты;
9. құжаттама мен есептілікті жүргізу және сақтау кезіндегі ұқыптылық пен дәлдік қағидаты.

Сондай-ақ, қызметкерлердің жұмыс бабын тереңірек түсінуі үшін Этика кодексі негізінде оқыту жүргізілді, оған қызметкерлердің жалпы санының 79,4% қамтылды.

2012-2021 жж. Банктің штат санының динамикасы

Бизнес-саласы	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022	Ауытқу 2022/2012	
Филиалдар	7 394	7 395	7 308	7 367	7 074	7 254	10 187	10 303	10 168	9 738	9 545	29%	2,151
Бас Банк	1 496	1 534	1 638	1 744	1 761	1 835	2894	3 072	3 285	3 315	3 330	123%	1,834
Барлығы	8 890	8 928	8 946	9 112	8 835	9 089	13 081	13 375	13 452	13 052	12 874	45%	3,984
Ауытқу	-72	38	18	166	-276	254	3 992	294	77	400	178		
% Филиалдар	-1,00%	0,00%	-1,20%	0,80%	-4,00%	2,50%	40,40%	1,14%	-1,31%	-4,20%	-1,99%		
% Бас Банк	0,30%	2,60%	6,70%	6,50%	1,00%	4,20%	57,70%	6,15%	6,92%	0,90%	0,44%		
Барлығы	-1%	0,40%	0,20%	1,90%	-3,00%	2,90%	43,90%	2,25%	0,58%	-2,90%	-1,36%		

15

Әлеуметтік есеп

Қойылған міндеттерді табысты іске асыру мақсатында Банктің құрылымы мен штаты тұрақты түрде қайта қаралып отырады, 2022 жылы да жекелеген бөлімшелер оңтайландырылып, жаңалары құрылды.

Өткен кезеңде барлық қолданыстағы еңбек шарттары бойынша деректер 18.09.2020 жылғы жағдай бойынша еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне (ЕШЕБЖ) берілді. Еңбек шарттары туралы деректерді ЕШЕБЖ-ға беру процесін автоматтандыру Банктің адами және уақытша ресурстарын барынша азайта отырып, қолданыстағы заңнаманы орындауға мүмкіндік береді.

Кадрлық іс-шаралар бөлігінде, сондай-ақ персонал бойынша басқарушылық есептілікті кеңейту үшін Банк персоналының өзіне-өзі қызмет көрсету процестерінің тізбесі кеңеюде.

Қызметкерлерді іріктеу

Halyk-ті өршіл кәсіби және мансаптық жоспарларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін инновациялық экожүйе ретінде жайғастыру үшін telegram арнасы іске қосылды және тиімді жұмыс істейді, онда Банктің бос жұмыс орындары күнделікті негізде жарияланады. Бүгінгі таңда 8000-нан астам жазылушы бар.

Жаңа қызметкерлерге еңбек процесіне және корпоративтік мәдениетке тезірек қосылуға көмектесетін бейімдеу бағдарламасы күшейтілді, соның ішінде Halyk Dos telegram-боты іске қосылды, соның арқасында жаңадан келген адам сынақ мерзімі кезеңінде туындайтын барлық сұрақтарға жедел жауап алады.

Банк 17 бос орындар жәрмеңкесіне, соның ішінде Digital Bridge қатысты.

Еліміздің жетекші жоғары оқу орындарымен өзара іс-қимылды дамыту мақсатында ХАТУ, ҚБТУ, СДУ жоғары оқу орындарының студенттері үшін 2 ашық іс-шара өткізілді. Бұл іс-шаралар туралы ақпарат біздің аккаунттарымызда (Telegram, Linkedin) жарияланды.

2022 жылы Банк «Halyk академиясы» әлеуметтік маңызы бар білім беру жобасы үшін HR-бренд Орталық Азия (2021 жылдың үздік жұмыс берушілер жобалары) сыйлығының «Өңір» номинациясы бойынша марапатқа ие болды.

Өңірлерде қызметкерлерді жалдаумен айналысатын мамандарды даярлауға ерекше назар аударылды. Олар үміткерлерді Банк моделіне сәйкес келетін құндылықтар мен құзыреттер бойынша іріктеуге мүмкіндік беретін заманауи рекрутинг құралдары туралы ақпарат алды. 130-дан астам адам оқудан өтті.

Іріктеуге 1300-ден астам өтінім өңделді, Бас банкке 700-ден астам қызметкер қабылданды. Талантты қызметкерлерге ішкі өсу мүмкіндіктерін ұсыну үшін цифрлық дағдылары бар және Big Data мамандарының сыртқы қабылдауынан ішкі орын ауыстыруларына назар аудару бойынша жұмыс жүргізілді. Нәтижесінде ішкі орын ауыстырулар 62%-ды, ал осы санат бойынша сыртқы қабылдаулар 38%-ды құрады.

Үміткерлерді келісу процесі оңтайландырылды, нәтижесінде стандартты қабылдаулар бойынша келісу уақытын 3,27 жұмыс күніне дейін қысқартуға қол жеткізілді.

Қызметкерлерді дамыту

2022 жылы басшылардың дағдыларын дамытуға және олардың көшбасшылық әлеуетін ашуға көп көңіл бөлінді, өйткені басшылар Банктегі барлық өзгерістер мен инновациялардың негізгі драйверлері мен жүргізушілері болып табылады.

Назарбаев Университеті Жоғары бизнес мектебімен бірлесіп алғаш рет академиялық білім мен оларды қолданудың практикалық құралдарын біріктіретін көшбасшылық әлеуетті дамыту бағдарламасы әзірленіп, іске қосылды. Бағдарлама Банктің қажеттіліктері мен басымдықтарын ескере отырып әзірленді және келесі модульдерді қамтыды:

1. Көшбасшылық және тиімді көшбасшының негізгі дағдылары
2. Стратегия және цифрлық трансформация, соның ішінде ESG
3. Стратегиялық және цифрлық маркетинг клиенттің қажеттіліктерін қанағаттандыру құралы ретінде.
4. FinTech және банк саласы
5. Өзгерістерді басқару

6 айда Қазақстанның 24 қаласынан Банктің 45 басшысы бағдарламаның 5 модулінен өтіп, Банктің процестері мен өнімдерін жақсартуға бағытталған шағын топтарда 20-дан астам жоба дайындады.

Қызметкерлерді басқару департаменті Бөлшек бизнес блогымен бірлесіп «Көшбасшылар академиясы» жобасын жалғастырды. 2022 жылы бұл ББ блогының басшылары үшін арнайы жасалған жаңа бағдарлама болды. Бағдарламаға 5 онлайн-модуль кірді, олар бағдарламаға қатысушыларға өздерінің soft skills және көшбасшылық құзыреттерін жетілдіруге мүмкіндік берді.

ББ «Көшбасшылар академиясы» арқылы қатысушылардың 2 легі өтті (1-лек 100 адам, 2-лек 87 адам), оқыту шағын топтарда, кешкі уақытта өтті. Көшбасшылар академиясының түлектері кадрлық резервті қалыптастырған ББ блогының 179 үздік басшысы болды. «Көшбасшылар академиясының» барлық түлектері жаттықтырушы М.Батыревтен «Нағыз көшбасшылық» тақырыбында қосымша дәріс алды.

«Көшбасшылар академиясы» ОПЕРБ блогы үшін де іске қосылды. Оның түлектері ОПЕРБ блогы бөлімшелерінің 28 үздік басшысы болды, олар ОПЕРБ бастығы/ЗТ қызмет көрсету бастығының орынбасары лауазымына резерв құрды.

Бірнеше жыл бойы кадрлық резервіне қатысушыларды дамыту бойынша жұмыс жалғасуда. 2022 жылы резервшілерге арналған даму бағдарламасы геймификация элементтері бар инновациялық форматта жүзеге асырылды. Бағдарлама резервшілерді бәсекелестік механикасы бар ортаға ендірді, бұл қатысушыларға мүмкіндіктерді барынша ашуға және олардың әлеуетін көруге мүмкіндік берді. Нәтижесінде: 2 оқу легі, 8 топ, 24 күндік тренинг, 3 айлық қарқынды оқыту және 100-ден астам бағдарлама түлектері.

Еншілес ұйымдар басшыларының лауазымдарына, сондай-ақ Бас банктің техникалық және сараптамалық позицияларына сыртқы кадрлық резерв қалыптастырылды.

Қызметкерлерді басқару департаменті 2022 жылы SHL компаниясының OPQ сауалнамасы арқылы басшылардың менеджерлік құзыреттерін алғаш рет бағалады. Мынадай:

- ББ департаментінің директоры;
- ББ департаменті директорының орынбасары;

15

Әлеуметтік есеп

- ББ басқарма бастығы;
- филиал директоры;
- филиал директорының орынбасары деңгейіндегі барлық басшылар бағалаудан өтті.

328 басшы сауалнамадан өтті, бұл көрсетілген үлгінің 92% құрады. Бағалауға жатқызылған әрбір қатысушы даму бойынша ұсыныстармен жеке кері байланысқа ие болды. Бұл бағалаудың нәтижелері басшыларға бизнесте жақсы нәтижелерге қол жеткізе алатын күшті жақтарды және даму үшін құзыреттерді көрсетуге мүмкіндік берді.

2022 жыл Банкте қызмет көрсету жылы болып жарияланғандықтан, корпоративтік оқыту жоспарларын қалыптастыру кезінде фронт-офис қызметкерлері үшін дамудың басым бағыты қызмет көрсету тақырыбы болды. Операциялық-кассалық жұмысшылар үшін стандарттар мен қызмет көрсету және жиі кездесетін қателіктер бойынша жұмыс бойынша ауқымды оқыту жүргізілді. Оқыту жыл бойы жүргізілді және 1800-ге жуық кассирді қамтыды. Заңды тұлғаларға қызмет көрсету жөніндегі менеджерлер үшін сервистік модельді өзгертуді қолдау мақсатында ішкі бизнес-тренерлер «Сервистің ДНҚ-сы. Сатылымдағы эмоциялар» тақырыбы бойынша вебинарлар, мобильді тренингтер және күндізгі көшпелі оқыту өткізді. ШОБ блогының 200-ден астам қызметкері қаржылық талдау және ХҚЕС негіздері бойынша оқудан өтті. 200-ден астам консультант «Клиенттік сервис. Homebank-ке клиенттерді тарту» тақырыбы бойынша оқуға жұмылдырылды. Транзакциялық бизнес орталықтарының қызметкерлері үшін сыртқы сарапшыдан «Сату эволюциясы» тақырыбы бойынша тренинг өткізілді.

Фронт-офис қызметкерлерін бөгде тұлғалар қатарынан даярлау үшін онлайн мектептер табысты жұмыс істеуін жалғастыруда, онда филиалдар желісі оқытушыларының теориялық білім беруі тәжірибелі тәлімгердің басшылығымен сату арналарындағы тәжірибемен ұштастырылады:

- ББ консультанттарды онлайн даярлау мектебі;
- кассирдің онлайн мектебі;
- ББ менеджерінің онлайн мектебі.

1200-ден астам сырттан келген тұлғалар мектеп түлектеріне айналды, олардың 1001-і (83%) Банкке жұмысқа орналастырылды.

Қызметкерлерді жүйелі тұрақты оқыту мақсатында:

- ШОБ блогының қызметкерлері үшін;
- ББ блогының қызметкерлері үшін;
- ОПЕРБ қызметкерлері үшін қашықтықтан оқыту курстары мен вебинарлық кездесулерді қамтитын бизнес бағыттар бойынша оқытудың мамандандырылған траекториялары әзірленіп, курстармен толтырылады.

Жаңадан бастаушыларға арналған бейімдеу бағдарламасы өз жұмысын жалғастыруда, Бас банкте және филиалдарда әрбір жаңа қызметкерге сынақ мерзімінде жаңадан келген адамды сүйемелдеп жүретін тәжірибелі бөлімше қызметкерлерінің тәлімгері бекітіледі. Жұмыстың алғашқы екі айында ББ жаңадан келгендерге арналған Welcome күндізгі тренингі және филиалдардағы жаңадан келгендерге және өңірлерде орналасқан ББ қызметкерлеріне арналған Welcome вебинары өткізіледі. Жаңадан келген 700-ден астам адам Welcome вебинарлары мен тренингтерінен өтті.

Корпоративтік оқыту еншілес компаниялардың қызметкерлеріне де өткізілді. Банктің бизнес-тренерлері «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ, «Халық Life» АҚ және «Tenge Bank» АКБ (ЕҰ-ның 273 қызметкері) қызметкерлері мен басшылары үшін оқыту өткізді.

Корпоративтік мәдениетті нығайту және командаларды біріктіру үшін алғаш рет көшпелі тимбилдингтер өткізілді. 10 тимбилдинг ұйымдастырылды, оған Банктің 400 қызметкері қатысты.

2022 жылы корпоративтік форматта (күндізгі/вебинар) сыртқы провайдерлерді тарта отырып, 23 оқыту іс-шарасы өткізілді, оған Бас банктен және филиалдардан 620 қызметкер қатысты.

Банктің 338 қызметкеріне жеке оқыту өткізілді. 2021 жылдағыдай білім беру технологиялары мен ресурстарына қашықтан қол жеткізу үрдісі байқалады, бүгінде бұл қажетті уақытта ыңғайлы қарқынмен оқуға мүмкіндік беретін ең перспективалы бағыт. 106 жұмысшы, негізінен АТ блогы, Coursera, Слёрм, Skillbox, SkillFactory, Data Boom, Datanomix.pro, Яндекс Практикум платформалары арқылы қашықтықтан оқытуды таңдады. 2022 жылы Банк Қазақстанда Skillbox, SlillFactory, GeekBrains жетекші онлайн мектептерінің эксклюзивті әріптес – интеграторы болып табылатын Lerna Corp онлайн оқыту корпоративтік платформасымен серіктестік келісім жасасты. Ынтымақтастық барлық курстарға корпоративтік жеңілдік (45% дейін жеңілдік) ала отырып, Банк қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерін оқытуға мүмкіндік берді.

Банктің 53 басшысы мен қызметкері кәсіби конференцияларға, форумдар мен саммиттерге, оның ішінде таяу және алыс шетелдерде (ТМД, Қытай, БАӘ) қатысты.

Банктің 162 қызметкері міндетті оқытудан өтті (ҚТ және ТБ, өнеркәсіптік және электр қауіпсіздігі, ЖТМ және т.б.). Мамандандырылған оқу орталығында АҚТҚҚ тақырыбы бойынша Комплаенс бақылау департаментінің қызметкерлеріне міндетті тестілеу өткізілді.

Облыстық және өңірлік филиалдардың директорлары үшін 2 семинар-жиын, сондай-ақ ШОБ және ББ блоктарының басшылары және ОПЕРБ бастықтары үшін директорлардың орынбасары семинар-кеңес өткізілді. Бірінші директорат шеңберінде «Жеке бренд стратегиясы – «Беделді басқару» және «Үш мұхит: BANI – VUCA – SPOD» тақырыптары бойынша бірден екі оқыту өткізілді. Екінші директорат шеңберінде «Банктердегі клиенттік сервис» тақырыбында оқыту жүргізілді, оның қорытындысы бойынша қатысушылар филиалдарда клиенттік сервистің сапасын жақсарту бойынша жеке жұмыс жоспарларын қалыптастырды және оқудан кейін бір айдан кейін қосымша онлайн сессияда клиенттік сервисті жақсарту жөніндегі бастамаларды енгізудің аралық нәтижелерін талқылады.

Банктің бірлесіп қаржыландыруы шарттарымен Ішкі аудит департаментінің 17 қызметкері емтихан тапсырды/кәсіби сертификат алды.

15

Әлеуметтік есеп

Филиал директорларын дамытудың кешенді бағдарламасы шеңберінде, сондай-ақ тәжірибе алмасу және басқа өңірлерден келген директорлар мен бизнес-бөлімшелер жұмысының ерекшеліктерін зерделеу үшін филиалдар желісінің барлық директорлары үшін тағылымдамалар ұйымдастырылды. Филиалдардың 35 қызметкері банкішілік тағылымдамадан өтті.

Қашықтықтан оқыту жүйесі жаңартылды. Жаңарту қатысушылардың үлкен топтары үшін курстар мен тесттерді жаппай тағайындау мүмкіндігін береді (бір уақытта 25000 тағайындауға дейін).

Бүгінгі күні Банктің, сондай-ақ еншілес ұйымдардың қызметкерлерін қашықтықтан оқыту және тестілеу ҚОЖ арқылы жүргізіледі. Еншілес ұйымдар арасында 2022 жылы «Халық» СК» АҚ, «Tenge Bank» АКБ, «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ, «Халық Банк Тәжікстан» ЖАҚ, «Халық-Лизинг» АҚ, «КУСА Халық» ЖШС белсенді түрде оқытылды/тестіленді.

Біз оқыту порталын soft skills, hard skills және басқару құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған қашықтықтан оқыту курстарымен толтыруды жалғастырамыз (30-дан астам курс). Бұл курстар өзін-өзі тағайындау үшін қол жетімді.

Қашықтан оқыту жүйесінің мобильді қосымшасы іске қосылды, соның арқасында Банктің барлық қызметкерлері курстардан өтіп, өзін-өзі дамыту, жеке тиімділік, психология және бизнес бойынша кітап оқуға 24/7 мүмкіндік алады. Мобильді қосымшада 200-ден астам кітап бар, 2022 жылдың соңында Банктің 1000-ға жуық қызметкері қосымшаны өздері орнатқан.

Біз қашықтықтан оқыту және тестілеуді арттыруды жалғастырамыз және 2022 жылдың аяғында тағайындаулар саны 323 508 бірлікті құрады, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 61%-ға көп.

Қызметкерлерді ынталандыру және олардың Банкке ниеттестігін арттыру

Қаржы секторындағы ең ірі жұмыс беруші бола отырып, Halyk тобы әрқашан бизнесті басқару мен адам әлеуетін дамытуда халықаралық тәжірибе мен қалыптасқан заманауи тәжірибелерді қолдануға тырысады. Соңғы бірнеше жылда біз эпидемиологиялық апаттардан, табиғи апаттардан бастап, күнделікті өмірімізге түзетулер енгізген геосаяси қиындықтарға дейінгі әртүрлі дағдарыстарды бастан өткердік.

Әр қызметкердің үйлесімді командалық жұмысын, еңбекқорлығы мен тиімділігін атап өтіп, Банк қызметкерлердің уәждемесін арттыруға және олардың Банкке деген адалдығын арттыруға ықпал ететін түрлі іс-шаралар өткізеді.

Еңбекке ақы төлеудің бәсекеге қабілетті деңгейін белгілеу, қызметкерлердің ынталандыру деңгейін, олардың қызығушылығы мен тиімділігін арттыру мақсатында Банк консалтингтік компаниялар жүргізетін жалақыларды, жеңілдіктер мен өтемақыларды шолуға қатысады. Алынған мәліметтер негізінде 2022 жылғы сәуірде Банк қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларына жүйелі түрде қайта қарау жүргізілді, нәтижесінде тіркелген жалақылар орта есеппен 10%-ға ұлғайтылды.

Банкте Банктің клиенттері үшін өнімді/сервисті әзірлеу, енгізу, іске қосу бойынша бірыңғай мақсатпен біріктірілген Банктің құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлерінен тұратын Трайбтар – кросс-функционалдық командалар құрылды және жұмыс істейді. Трайбтарға қатысудың тартымдылығын арттыру және жылдам нәтижелерге қол жеткізуге ынталандыру мақсатында жылдың қорытындысы немесе жобаның аяқталуы бойынша Трайбқа қатысушыларды марапаттау қағидаттары әзірленді.

Адалдыққа, тиімді жұмысқа, Halyk Bank қызметкерлерінің ісіне бей-жай қарамай, жай акциялар бойынша акционердің дивидендтерінен сыйлықақы төленді.

Well being бағдарламасы жұмыс істейді, оның шеңберінде әлеуметтік пакет кеңейтілді және кейбір жеңілдіктердің шарттары қайта қаралды.

Ниеттестікті арттыру бағдарламасы шеңберінде қызметкерлердің тартылуын зерттеу бойынша сауалнама жүргізілді, ол Банк қызметкерлерінің тартылуының жоғары деңгейін көрсетті және күтілетін деңгейден бірнеше тармаққа асып түсті. Енді Банктің алдында болашақта да жоғары деңгейді сақтау міндеті тұр.

Үздік қызметкерлерді көтермелеу мақсатында 2021 жылы Банк қызметкерлерінің жетістіктері бағдарламасы бойынша қорытындылар шығарылды. Үздік қызметкерлерді марапаттау, грамоталар, стелалар тапсыру және үш номинация бойынша ақшалай сыйақы төлеу ұйымдастырылды:

1) Банктің үздік қызметкері «Кәсібилік және Банктің құндылықтарына адалдық» (I дәрежелі номинация);
2) Банктің үздік қызметкері «Еңбекқорлық және табысқа ұмтылу» (II дәрежелі номинация);
3) Жылдың үздік қызметкері (III дәрежелі номинация).

Банк қызметкерлері мемлекеттік және қоғамдық мараппаттарға ие болды, оның ішінде ұлттық валюта – теңге күніне орай – үш «Мерей» ордені, бір «Еңбек сіңірген қаржыгер» ордені, сегіз «Үздік қаржыгер» медалі және Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының он бір алғыс хаты, сондай-ақ ҚР Ұлттық Банкінің алты алғыс хаты; Тәуелсіздік күніне орай – бір мерейтойлық медаль «Ерен еңбегі үшін»; құрмет наградасы – «Қазатомөнеркәсіп» УАҚ АҚ-қа 25 жыл» медалі.

2022 жылы Банк қызметкерлерінің корпоративтік және спорттық рухын нығайту үшін іс-шаралар мен байқаулар өткізілді:

мерекелік іс-шаралар:

- 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні;
- Наурыз мейрамы;
- Қозы Көрпеш-Баян сұлу;
- Отан қорғаушылар күні;
- Банк күні;
- Ұлттық валюта – теңге күні;
- Республика күні;
- Қазақстанның Тәуелсіздік күні;
- Жаңа жыл;
- Бас банктің 800-ден астам қызметкерінің «Табиғатта өткізілген тимбилдинг» корпоративтік демалысы;

15

Әлеуметтік есеп

Банк және сырт ұйымдар ұйымдастырған спорттық іс-шаралар:

- Банктің барлық филиалдарының футболдан іріктеу турнирлері ұйымдастырылды;
- Астана қаласында Халық тобының командалары арасында футболдан финалдық турнир ұйымдастырылды;
- Банк командаларының футбол бойынша жаттығулары ұйымдастырылды;

MyHalyk интрасайтындағы байқаулар:

- «АМБАССАДОРЛЫҚ ІСТЕР!", «ХАЛЫҚТЫҢ ИГІ ІСТЕРІ!» және «Өнімдер мен Қызметтер» жаңа айдарлары енгізілді;
- «Halyk Bank-тің ең стильді қызы!» фото байқауы;
- филиалдардың 8 наурыз мерекесімен бейне құттықтаулары;
- «Ұлттық әуендер» алғашқы музыкалық байқауы;
- ББ қызметкерлері арасында Банктің өз «Қозы-Көрпеші пен Баян-сұлуы» атағына жүргізілген сауалнама-конкурс;
- «Спорттағы жетістіктер» тақырыбында ерлер арасында алғашқы фото байқау өткізілді, онда Банктің ер азаматтары өздерінің спорттағы жетістіктерімен, грамоталарымен, медальдарымен, кубоктарымен түскен фотосуреттерін жіберді және олардың ішінен таңдалған ең жақсы фотосуреттер ББ үшін жасалған баннерлердің дизайны ретінде пайдаланылды;
- «Ең керемет!» атты дарынды балалар байқауы өткізілді, оған 3 жастан 13 жасқа дейінгі жастағы 151 бала қатысып, бізге 173-тен астам жұмыс жіберілді;
- қайырымдылық аукционы және «Halyk Küşi»/«Халық күші» онлайн NFT арт-көрмесі өткізілді;
- Жаңа жыл аясында мынадай байқаулар өткізілді: «Ең әдемі шырша», «Жұмыс орнын жаңа жылдық безендіру», «Радио-құттықтау», «ББ қызметкерлері арасында жаңа жылдық лотерея», «Сантаның немесе Аяз Атаның креативті және заманауи бейнесінің фото байқауы».

Банк және оның қызметкерлері әлеуметтік маңызды оқиғалар мен жобаларға белсенді қатысады:

- 2022 жылғы қаңтар айындағы төтенше жағдай оқиғаларының шиеленісті кезеңінде қажырлы еңбегі үшін алғыс хаттар дайындалды: филиал қызметкерлері үшін – 363 дана, Бас банк қызметкерлері үшін – 381 дана;
- жыл бойы қайырымдылық акциялары өткізіліп тұрады және 9 мамырға және 1 қазанға, мерейтойлық күндерге Банктің жұмыс істемейтін зейнеткерлеріне көмек көрсетіліп тұрады;
- Банк қызметкерлерінің балалар үйлеріне қайырымдылық сапарлары (сәуір, маусым, қыркүйек). 2022 жылы балалар үйлері үшін 875 000 теңге қаражат жиналды;

Орнықты дамудың 2022-2024 жылдарға арналған қағидаттары мен мақсаттарын енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру шеңберінде мынадай жұмыстар атқарылды:


- «Жасыл кеңсе» тұжырымдамасын әзірлеу экологиялық бастамалар бойынша іс-шаралар жоспарын енгізе отырып, презентация түрінде ресімделді және бейнеролик түсірілді;
- «Halyk Extra» – Банк қызметкерлерінің әл-ауқат бағдарламасы әзірленіп, бекітілді;
- қызметкерлерге экологиялық білім беру мақсатында «Экологиялық қауіпсіздік» бойынша оқыту материалы әзірленді;
- «My cup, please» қозғалысын қолдау мақсатында қызметкерлер үшін ынталандырушы акция ұйымдастырылды. Банк кафетериясында сусын сатып алу кезінде көп рет пайдалануға болатын стаканды/термосты пайдаланған кезде жеңілдік беру;
- Іле-Алатау ұлттық саябағындағы «Аюсай» орталығында ағаш отырғызу (қарағай көшеттері) акциясы;
- Дүниежүзілік тазалық күнінде филиалдар мен Бас банкте сенбіліктер өткізіліп, кеңселердің ішінде тазалық жүргізілді;
- екі эко-сенбілік акциясы және «Алма-Арасан» шатқалының аумағындағы эко-бекетте акция өткізілді;
- «Бір күнді автокөліксіз өткізу» акциясы ұйымдастырылды;
- стрессті азайту және қызметкерлердің эмоционалды және психологиялық денсаулығына қамқорлық жасау мақсатында психологиялық тренингтер мен босаңсытатын медитацияларға тегін қол жеткізу мүмкіндігі іске қосылды;
- корпоративтік рухты қолдау, қызметкерлерді тарту және елшілік мәдениетін қалыптастыру мақсатында «Банктің корпоративтік түстеріндегі жұма» тұрақты акциясы енгізілді.

Қызметкерлердің денсаулығына қамқорлық жасау мақсатында:

1) сақтандырылған жұмыскерлер үшін тұмауға қарсы вакцинация;
2) Ковид-19-ға қарсы вакцинация және ревакцинация ұйымдастырылды.

16

Жауапкершілік туралы мәлімдеме



16

Жауапкершілік туралы мәлімдеме

ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

Осы арқылы бізге төмендегілер мәлім болғанына байланысты:

- осы жылдық есептегі шоғырландырылған қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес дайындалғанын және Halyk Bank пен оның еншілес ұйымдарының қаржылық жағдайын, сондай-ақ олардың қызметтерінің нәтижелерін, ақшалай қаражатының қозғалысын және капиталдағы өзгерістерін шынайы көрсететінін; және
- жылдық есептің шоғырландырылған есептілікте қамтылған әрі тұтастай қарастырылып отырған Halyk Bank пен оның еншілес ұйымдарының дамуына және қызметінің нәтижелеріне, қаржылық жай-күйіне, Halyk Bank тап болып отырған негізгі тәуекелдер мен тұрлаусыздықтарға жасалған әділетті шолуды қамтитынын растаймыз.


Ұ.Б.ШАЯХМЕТОВА

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ



17

Даму перспективалары



17

Даму перспективалары

ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

2022 жыл Қазақстан үшін сын-қатерлерге толы болды. Қаңтар оқиғалары және Қазақстанда ТЖ режимін енгізу. Украинадағы әскери қақтығыс түріндегі геосаяси тәуекелдерді жүзеге асыру және одан кейінгі Ресей Федерациясының банктері үшін Батыстың бұғаттау санкциялары. Нәтижесінде – Қазақстандағы «Сбербанк» АҚ ЕБ және «Альфабанк» АҚ ЕБ-нің кетуі/трансформациясы, қаржы нарықтарының құбылмалылығы, тұтынушылық инфляцияның жоғары қарқыны және басқа да жағымсыз салдар. Мұның бәрі Қазақстан экономикасы мен қаржы секторына айтарлықтай әсер етті. Halyk Bank жауап беру шарасы ретінде қаңтардағы оқиғалардан зардап шеккендерді қолдау үшін бұрын-соңды болмаған көмек пакетін көрсету, шетелдік корреспондент-банктердің талаптарына және халықаралық ережелерге сәйкес комплаенс-бақылау тобын күшейту сияқты бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылды. Банк барлық сын-қатерлерге уақтылы және өте үйлесімді жауап берді және осы оқиғалар аясында өзінің тұрақтылығын, сенімділігі мен іргелі екенін тағы да дәлелдеді. 2022 жылдың қорытындысы бойынша біз барлық көрсеткіштер бойынша нарықтың 30%-дан астам үлесін сақтай отырып, Қазақстанның банк жүйесінің көшбасшысы болып қаламыз (2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша): активтер мөлшері бойынша 31,1%, клиенттерге қарыздар (нетто) көлемі бойынша 34,2%, депозиттер мен ағымдағы шоттар көлемі бойынша 32,7%, таза пайда көлемі бойынша 32,9%.

2022 жыл – 2022-2024 жылдар кезеңіне бекітілген Топтың және Halyk Bank дамуының жаңа стратегиялық циклінің бірінші жылы. Әрине, Топ жаңа стратегияға нарықтың басқа алғышарттары мен үміттерімен кірді. Дегенмен, Банк өз миссиясын нақты орындай отырып, мынаны дәлелдеді: «Біз өз клиенттеріміз бен серіктестеріміз үшін сенімділік, жайлылық және сенім аумағын құрамыз». Топтың сенімділігі мен тұрақтылығы біздің басты артықшылығымыз және 9,9 млн бөлшек сауда клиенттердің және 300 мыңнан астам ірі бизнес пен ШОБ клиенттерінің таңдауы болып қала береді.

Банк ағымдағы стратегиялық циклде негізгі мақсаттарды айқындады және олардың әрқайсысында мынадай нәтижелерге қол жеткізді:

Клиентке бағдарлану

Барлық енгізілген шешімдер, өнімдер, қызметтер Банк клиенттерінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға және ең жақсы қызметті ұсынуға бағытталған. Банк «бір терезе» қағидаты бойынша Топтың кешенді қызметтерін ұсынуға және Банк клиенттерінің адалдығы мен қанағаттану деңгейін арттыруға басты назар аударады.

2022 жылы банк секторы клиенттерінің адалдық деңгейі бойынша нарықтық пікірге тәуелсіз зерттеулер жүргізілді. Өткен жылмен салыстырғанда физикалық және онлайн арналар арқылы қабылданған шағымдар саны 17%-ға азайды.

Клиенттер базасының үнемі өсуі және MAU және DAU артуы

Банк мобильді қосымшаларды дамытуға басты басымдық береді, ол арқылы үздік сервис ұсынылады, қызмет көрсетудің жеделдігі мен жылдамдығы артады. Оның нәтижесі Банк клиенттерінің жалпы санының артуы, сол сияқты Банк қосымшасын күнделікті негізде пайдалантын клиенттердің өсуі. Банк сондай-ақ қолма-қол ақшасыз төлемдер көлемінің өсуіне баса назар аударады (2022 жылдың аяғында 10 миллионға жуық). Банк сонымен қатар қолма-қол ақшасыз төлемдер көлемінің өсуіне назар аударады.

2022 жылдың қорытындысы бойынша:

ЖТ: Phygital моделі іске асырылды (оның бағыттарының бірі – клиенттерді желіге ауыстыру, Homebank өнімдері мен қызметтерін оқыту). Homebank клиенттерін ұстап қалу және белсендіру бойынша тұрақты науқандар басталды. 2022 жылы белсенді клиенттердің MAU үлесі 8%-ға өсті (46%-дан 54%-ға дейін).

ЗТ: Onlinebank клиенттерінің белсенділігін арттыру бойынша іс-шаралар өткізілді. Қосымшаның функционалы жаңа цифрлық өнімдер мен қызметтерге толы, клиенттің жолы жақсартылған. Клиенттермен байланыс кезінде ауқымды маркетингтік белсенділік пен деректер фабрикасы MAU өсімін арттырды: жылына +62% (156 мың пайдаланушыдан 254 мыңға дейін).

Бизнес шешімдерін масштабтау мүмкіндігі

Еншілес ұйымдардың кең желісінің болуын ескере отырып, еншілес ұйымдарда Банктің іске асырылған сервистерін жылдам және барынша аз қайта конфигурациялауға мүмкіндік беретін АТ-шешімдерін әзірлеу көзделіп отыр.

2022 жылы Өзбекстанда «Теңге бизнес» бизнеске арналған онлайн-қосымша іске қосылды, оның пайдаланушылары 2022 жылдың соңына қарай 986 кәсіпорын болды. Жеке тұлғаларға арналған «Теңге 24» мобильдік қосымшасы іске қосылды, MAU 2022 жылдың соңында 70 мың пайдаланушыны құрайды. Сондай-ақ, 2022 жылдың 3 тоқсанында Өзбекстанда процессингтік қызметтер мен бұлтты сервис ұсыну мақсатында «Қазтелепорт» АҚ еншілес кәсіпорны тіркелген.

Икемді, бейімделгіш және инновациялық амал

Барлық әзірленіп жатқан шешімдер икемді, әмбебап, заманауи болуы қажет. Банк клиенттерге барынша сапалы сервис көрсету үшін, оның ішінде клиенттердің инвестициялық мүдделерін де, ойын-сауық саласындағы мүдделерді де қамтуға мүмкіндік беретін экожүйелік сервистерді дамыту жолымен ең үздік АТ және бизнес-шешімдерді таңдауға бағытталған.

2022 жылы Деректер фабрикасы аясында real-time науқандары басталды, АТ шешімдерін дамытуға, жүйелердің қолжетімділік деңгейін және қызметтердің үздіксіздігін арттыруға басты назар аударылады.

Сондай-ақ 2022 жылы Банк бірқатар ауқымды жобаларды іске асырды:

- 2021 жылғы қаңтарда ЕДБ-ға заңды тұлғаларға ғана емес, жеке тұлғаларға да брокерлік қызмет көрсетуге мүмкіндік беретін «Банктер және банк қызметі туралы» ҚР заңына өзгерістер қабылданды. Halyk ЕДБ-дан бірінші болып жеке тұлғаларға брокерлік қызмет көрсету үшін осы мүмкіндікті пайдаланды. Halyk Invest экожүйесі аясында Қазмұнайгаздың алғашқы цифрлық IPO-сы өткізіліп, клиенттер үшін 90 мыңға жуық инвестициялық шот ашылды. Қосымшада ашылған шоттардың жалпы саны 300 мыңнан асты.

- ЖШС заңды тұлғаларына – орта және ірі бизнес клиенттеріне цифрлық кепілсіз кредит беру жобасы іске қосылды. 2022 жылдың соңында осылайша мыңға жуық қарыз берілді.

17

Даму перспективалары

- Банк мемлекеттік қызметтер мен сервистердің кең спектрін ұсынады. 2022 жылы Homebank қосымшасы арқылы мемлекеттік сервистерді біздің клиенттер 10 миллионнан астам рет пайдаланды, мемлекеттік анықтамалар 600 мыңнан астам рет алынды.

2023 жылға Банк өз алдына банк бизнесін цифрлық дамыту және Банктің экожүйелік өнімдерін одан әрі ілгерілету бойынша негізгі міндеттер қояды:

- Біз көптеген заңды тұлғалар үшін ірі серіктеспіз және Қазақстанда қызметтердің толық спектрін ұсынатын жалғыз банкпіз. Үздік сервисті ұсыну үшін Банк клиенттік жолдарды жақсартумен және ЗТ үшін Onlinebank мобильді қосымшасының жаңа функционалымен толтырумен үздіксіз айналысады;
- Homebank жеке тұлғалары үшін цифрлық шешім бойынша үздіксіз даму және сервистермен толтыру процесі де жүріп жатыр;
- Эквайрингтің дамуы Банк бағытының негізгі векторы болып қала береді;

Өзбекстан нарығының әлеуетін ескере отырып, Банк ресурстарды белсенді инвестициялайды және осы бағытта дамуда, 2023 жылы «Теңге маркет» маркетплейсін іске қосу жоспарлануда. «Halyk Finservice» ЖШС Ташкентте интернет-эквайрингті дамыту үшін ЕҰ ашады.

- сондай-ақ, lifestyle экожүйелік өнімдер бойынша қызметтерді байыту және Kino.kz қосымшасын (ойын-сауық іс-шараларына билеттерді сату бойынша сервис), Halyk Travel қосымшасын (әуе, теміржол, автобус билеттерін сату жөніндегі жоба) әрі қарай дамыту белсенді жалғасуда,
- Брокерлік шоттарды қашықтан ашуға және қашықтан сауда жүргізуге арналған Halyk Invest қосымшасында функционалдылықты кеңейту және клиенттік жолды жақсарту кезеңі жүріп жатыр,
- Halyk Market маркетплэйсінде ұсынылатын тауарлар ассортиментін кеңейту арқылы тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру.
- сондай-ақ, біздің клиенттеріміз бен серіктестерімізге сервистің жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін бірқатар басқа да маңызды міндеттер іске асырылуда.

Біз негізгі бастамаларды іске асырудың, сондай-ақ клиенттердің, серіктестердің және акционерлердің тарапынан көрсетілген қолдаудың арқасында «Halyk» тобы ағымдағы стратегиялық кезеңге қойылған мақсаттарға сәтті жететініне, өзінің кең мүмкіндіктерін және Қазақстанның қаржы жүйесінің даусыз көшбасшысы деген жоғары беделін растайтынына сенімдіміз.

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі



ЭКОЖҮЙЕЛЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

18

Мазмұны

МАЗМҰНЫ

1	**2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӨНІНДЕГІ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ**	95
2	**ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ**	96-98
3	**2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК:**	
	Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есеп	99-100
	Пайда мен шығындар туралы шоғырландырылған есеп	101-102
	Өзге жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп	103
	Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп	104-105
	Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп	106-108
	Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер	109-202

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӨНІНДЕГІ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ

Басшылық «Қазақстан Халық Банкі» АҚ («Банк») және оның еншілес кәсіпорындарының (бірлесіп – «Топ») 2022 жылғы 31 желтоқсанындағы қаржы жағдайын шынайы көрсететін шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындауға және аталған күні аяқталған жыл іші пайда мен шығындар және өзге жиынтық кіріс, капиталдағы өзгерістері мен ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы тиісті шоғырландырылған есепті, сондай-ақ есеп саясатының негізгі қағидаттары мен шоғырландырылған қаржылық есептілікке (бұдан әрі – «шоғырландырылған қаржылық есептілік») өзге ескертулердің Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес ашылуына жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық:

- есеп саясатының қағидаттарын дұрыс таңдауға және қолданылуын қамтамасыз етуге;
- ақпаратты, соның ішінде есеп саясаты туралы деректерді осындай ақпараттың орындылығын, шынайылығын, салыстырмалылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда беруге;
- пайдаланушыларға есептілікті түсіну үшін ХҚЕС талаптарының орындалуы жеткіліксіз болғанда, сондай-ақ өзге де оқиғалар немесе шарттар Топ қызметінің қаржылық жағдайы мен шоғырландырылған қаржылық нәтижелеріне әсер еткен жағдайларда қосымша ақпаратты ашуға; және
- Топтың өз қызметін келешекте жалғастыру қабілетін бағалауға жауапты.

Басшылық сонымен қатар:

- Топтың барлық кәсіпорындарында ішкі бақылаудың тиімді әрі сенімді жүйесін әзірлеуге, енгізуге және қолдауға;
- Топтың мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сондай-ақ Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайы туралы ақпаратты кез келген күні жеткілікті деңгейдегі дәлдікпен ұсынуға және шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысанда есепті жүргізуге;
- бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізуге;
- Топ активтерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін мүмкін болатын барлық тиісті шараларды қолдануға; және
- қаржылық және өзге теріс пайдалану фактілерін анықтауға және олардың алдын алуға жауапты.

Топтың 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігін Басқарма 2023 жылғы 10 наурызда шығаруға бекітті.

Басқарманың атынан:

Мурат У. Кошенов
Басқарма Төрағасының орынбасары

2023 жылғы 10 наурыз
Қазақстан, Алматы қаласы

Павел А.Чеусов
Бас Бухгалтер

2023 жылғы 10 наурыз
Қазақстан, Алматы қаласы

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлеріне

Пікір

Біз 2022 жылғы 31 желтоқсандағы қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есептен, аталған күні аяқталған жыл іші пайда мен шығын туралы, өзге жиынтық кіріс туралы, капиталдағы өзгерістер туралы және ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есептерден, сонымен қатар шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулерден, соның ішінде есеп саясатының негізгі қағидаларына қысқаша шолудан тұратын «Қазақстан Халық Банкі» акционерлік қоғамы мен оның еншілес кәсіпорындарының («Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса берілген шоғырландырылған қаржылық есептілік 2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржы жағдайын, сондай-ақ Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес осы күні аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржы нәтижелері мен шоғырландырылған ақшалай қаражат қозғалысын барлық маңызды аспектілерде шынайы көрсетеді.

Пікір білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына («ХАС») сәйкес жүргіздік. Аталған стандарттарға сәйкес біздің жауапкершілігіміз есебіміздің «Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлардың жауапкершілігі» бөлімінде көрсетілген. Біз Бухгалтерлерге арналған Халықаралық әдеп стандарттары бойынша кеңестің Кәсіби бухгалтерлердің әдеп кодексіне («Кодекс») сәйкес және Қазақстан Республикасында шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитіне қолданылатын әдеп талаптарына сәйкес Топқа қатысты тәуелсізбіз. Сонымен қатар, біз осы талаптарға және Кодексте сәйкес өзге де әдеп міндеттемелерін орындадық. Біздің пікірімізше, біз алған аудиторлық дәлелдемелер пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті әрі тиісті болып табылады.

Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері – бұл, біздің кәсіптік пайымдамамызға сәйкес, есепті кезең іші шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін ең маңызды болған мәселелер. Бұл мәселелер шоғырландырылған қаржылық есептілікке біздің аудиттің мәліметінде және де осы есептілік туралы біздің пікіріміздің қалыптасуында жалпы сипатта қаралған және біз осы мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.

Неге біз мәселені аудит үшін негізгі деп санаймыз?

Клиенттерге берілген қарыздар бойынша күтілетін кредиттік шығындарды ұжымдық бағалау

2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша клиенттерге берілген қарыздардың жалпы сомасы

8,280,290 миллион теңгені, оның ішінде клиенттерге берілген қарыздар 2,122,392 миллион теңгені құрады, оған қатысты күтілетін кредиттік шығындар ұжымдық негізде бағаланады, ол қарыздардың жиынтық жалпы сомасының 38% құрайды. Осы бағалау нәтижесінде алынған күтілетін кредиттік шығындар («ККШ») сомасы 193,694 миллион теңгені құрады.

Топ басшылығы қолданатын пайымдаулардың маңыздылығы мен субъективтілігінің және ұжымдық негізде бағаланатын клиенттерге берілетін қарыздардың құнсыздануын аудиттің негізгі мәселесі деп анықтадық. Атап айтқанда, біз негізгі жорамалдарға және ККШ бағалауындағы маңызды бастапқы деректерге және есептеулерде қолданылатын модельдердің тұтастығына назар аудардық.

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 4, 11 және 31-ескертулерінде Топ саясатының сипаттамасы ұсынылған және бұндай қарыздардың жалпы баланстық құнымен қатар оның тиісті резервтері ашып көрсетілген.

Аудит барысында не жасалды?

Ұжымдық негізде бағаланатын клиенттерге берілген қарыздар бойынша қарыз беруге, кредиттік тәуекелдерді басқаруға және ККШ бағалауға қатысты процестер мен бақылау рәсімдерін түсіндік.

Ұжымдық негізде бағаланатын қарыздар бойынша резервтерді есепке алу әдіснамасының негізділігін, оның ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» талаптарына сәйкестілігін талдадық.

PD және LGD бағалау модельдерінде пайдаланылатын бастапқы деректер мен негізгі жорамалдар шеккен кредиттік шығындар туралы тарихи деректерді, сондай-ақ бағалауға ықпал ететін макроэкономикалық факторларға қатысты болжалды ақпаратты ескеретінін тексердік.

Кредиттік тәуекелдерді бағалау жөніндегі біздің мамандарымыздың көмегімен біз тиісті бастапқы деректер негізінде есептеулерді іріктеп қайта орындап, ККШ модельдерінің тұтастығы мен математикалық дұрыстығын тексердік.

Біз шоғырландырылған қаржылық есептілікте клиенттерге берілген қарыздар бойынша ақпараттың барабарлығы мен ХҚЕС стандарттарына сәйкес толық ашылуын бағаладық.

Делойт» атауы «Делойт Туш Томацу Лимитед» (бұдан әрі — «ДТТЛ») құрамына кіретін және бірлесіп «Делойт» ұйымы» деп аталатын заңды тұлғалардың (олардың үлестес тұлғаларын қоса алғанда) біреуіне не кез келген санына жатады. «Делойт» халықаралық желісі» деп аталатын «ДТТЛ» компаниясы, «ДТТЛ» — ға қатысушы барлық фирмалар және олардың үлестес тұлғаларының әрқайсысы бір-бірінің атынан үшінші тұлғаларға қатысты міндеттемелер қабылдауға құқығы жоқ дербес және тәуелсіз заңды тұлғалар болып табылады. «ДТТЛ» компаниясы, сондай — ақ «ДТТЛ» әрбір қатысушы-фирмасы және әрбір үлестес тұлға бір-бірінің іс-әрекеттері мен олқылықтарына қатысты емес, тек өз іс-әрекеттері мен олқылықтарына қатысты жауапты болады. «ДТТЛ» компаниясы клиенттерге тікелей қызмет көрсетпейді. Толығырақ ақпаратты сайттан білуге болады www.deloitte.com/about.

© 2023 «Делойт» ЖШС. Барлық құқықтар қорғалған.

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

Клиенттерге қарыздар бойынша күтілетін кредиттік шығындарды жеке бағалау

2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жеке негізде бағаланатын Топ қарыздарының жалпы шамасы 5,157,898 миллион теңгені құрады, ол қарыздардың жиынтық жалпы сомасының 62% құрайды. ККШ тиісті сомасы 228,694 миллион теңгені құрады.

ККШ бойынша жеке елеулі қарыздарға қатысты резервтің шамасы оларды Топтың резервтер жүйесіндегі құнсыздануын белгілі бір деңгейіне жатқызудың дұрыстығына байланысты.

Кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюын немесе кредиттің құнсыздану оқиғасын тиісінше анықтау сандық және сапалық ақпарат негізінде елеулі пайымдауларды талап етеді, бұл мақсатты аудиторлық рәсімдерге әкеледі.

Жоғарыда көрсетілгендерден басқа жеке құнсызданған қарыздар бойынша ККШ-ны бағалау түрлі сценарийлер кезіндегі болашақ ақша ағындарын бағалауға негізделген.

Жеке негізде бағаланатын қарыздар бойынша күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтердің маңыздылығының, сондай-ақ басшылық пайымдамасының күрделілігі мен субъективтілігінің салдарынан біз ККШ жеке бағалауды аудиттің негізгі мәселесі ретінде анықтадық.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке 4, 11, 31-ескертулерде жеке елеулі қарыздар бойынша құнсыздану көрсеткіштері және бұндай қарыздардың жалпы баланстық құны және оларға тиісті резервтер ашып көрсетілген.

Біз қарыздарды беру процесі мен кредиттік тәуекелді басқару процесін түсіндік. Біз жеке негізде бағаланатын қарыздар бойынша кредиттік тәуекел мен ККШ бағалау үшін кредиттік құнсыздануды айтарлықтай ұлғаюына қатысты Топтың анықтамасын талдадық. Сондай-ақ біз клиенттерге берілетін қарыздар бойынша ККШ жеке бағалаумен байланысты бақылау рәсімдерін әзірлеуді және енгізуді бағаладық.

Таңдамалы тұрғыда біз 1-деңгейдегі қарыздар бойынша қарыз алушылардың кредит төлеу қабілетіне егжей-тегжейлі талдау жүргіздік және кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюына (2-деңгей) немесе дефолттың болуына (3-деңгей) қатысты Топтың талдауын бағаладық. Қарыздардың құнсыздануының тиісті деңгейін бағалау үшін біз ішкі кредиттік рейтингтер жүйесін (скоринг), кредиттік тәуекел факторларын талдадық және есептелген пайыздық кірісті немесе негізгі борышты төлеу мерзімін кешіктіру, қайта құрылымдау, сыртқы ақпарат және қаржы көрсеткіштерінің төмендеуі сияқты құнсыздану оқиғаларының уақтылы анықталуын тексердік.

Таңдамалы негізде біз 2-ші және 3-ші деңгейдегі жеке елеулі қарыздар бойынша ККШ резервтерін қайта есептедік, ол Топ жасаған қарыз алушылардың кредит төлеу қабілетіне талдауға шолуды, сондай-ақ болашақ ақша ағындарын болжау үшін және кепілмен қамтамасыз етудің әділ құнын бағалау үшін пайдаланылған жорамалдардың талдауын қамтыды.

Біз ХҚЕС талаптарына сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікте клиенттерге берілген қарыздар бойынша ақпараттың барабарлығы мен толық ашылуын бағаладық.

Өзге ақпарат – жылдық есеп

Басшылық өзге ақпарат үшін жауапты. Өзге ақпарат жылдық есепте бар ақпаратты қамтиды, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік пен ол туралы біздің есебімізді қамтымайды. Болжалды түрде, жылдық есеп бізге осы аудитор есебі күнінен кейін ұсынылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы біздің пікіріміз өзге ақпаратқа таралмайды және біз осы ақпаратқа қатысты қандай да болсын нысанда сенімділікті білдіретін қорытынды ұсынбаймыз.

Біздің шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит жүргізуімізге байланысты міндетіміз – бізге ұсынылған кезде жоғарыда аталған өзге ақпаратпен танысу және өзге ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептілік немесе аудит барысында алынған біздің біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің бар-жоқтығы және өзге ақпаратта басқа да ықтимал елеулі бұрмалаушылықтардың болуы туралы мәселені қарастыру болып табылады.

Егер жылдық есеппен танысқан кезде біз ондағы өзге ақпарат елеулі бұрмаланған деген қорытындыға келсек, біз ол туралы корпоративті басқару үшін жауапты тұлғаларды хабардар етуге міндеттіміз.

Басшылықтың және корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалардың шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауға және оның ХҚЕС сәйкес шынайы ұсынылуына, сонымен қатар басшылықтың пікірінше алаяқтық немесе қателесуден болатын айтарлықтай бұрмалаушылықтары болмайтын шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауға қажет болатын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау барысында басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, қызмет үздіксіздігіне байланысты деректерді тиісті жағдайларда ашып көрсетуге және қызмет үздіксіздігі жорамалы негізінде есептілікті дайындауға жауапты, алайда басшылық Топты таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеттенген жағдайларды, немесе оның тарату немесе қызметін тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындауын бақылауға жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлардың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаушылықтардың жоқтығына орынды сенімділік алу және біздің пікірімізді қосатын аудиторлық есеп шығару болып табылады. Орынды сенімділік – сенімділіктің жоғары дәрежесі болып табылады, бірақ ол ХАС сәйкес жүргізілген аудит барысында елеулі бұрмалаушылықтар бар болған жағдайда олардың әрдайым анықталуының кепілдігі болып табылмайды. Бұрмалаушылықтар ықылассыз әрекеттердің немесе қателесудің нәтижесінде туындауы мүмкін. Егер бұрмалаушылықтар пайдаланушылардың осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылдайтын экономикалық шешімдеріне жекеше немесе бірлесіп әсер ете алса, елеулі бұрмалаушылықтар болып есептеледі.

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

ХАС сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдау қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби күмәншілдік сақтаймыз. Бұған қоса, біз келесілерді орындаймыз:

- ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болуы үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Ықылассыз әрекеттер салдарынан елеулі бұрмалануды табылмау тәуекелі қателесу салдарынан болатын елеулі бұрмалануды табылмау тәуекелінен жоғары, себебі ықылассыз әрекеттерге сөз байласу, жалғандық, әдейі қалдырып кету, ақпаратты бұрмалап ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту арқылы әрекеттер жасау кіруі мүмкін;
- жағдайларға сәйкес аудиторлық рәсімдер әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін зерделейміз, бірақ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі жайында пікір білдіру мақсатында емес;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;
- басшылықтың қызмет үздіксіздігі жорамалын қолдануының заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде – Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алатынына елеулі күдік тудырта алатын оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздіктің бар немесе жоқ екендігі жайлы тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екені туралы тұжырымға келсек, біз аудиторлық есебімізде шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі тиісті ақпарат ашуға назар аударуымыз керек, немесе ақпарат тиісті түрде ашылмаған болса, пікірімізде ескертпе жасаймыз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық есебіміздің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, келешек оқиғалар немесе жағдайлар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылуына әкелуі мүмкін;
- шоғырландырылған қаржылық есептіліктің жалпы ұсынылуын, оның құрылымын және мазмұнын, соның ішінде ақпараттың ашылуын, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептілікте оның негізі болатын операциялар мен оқиғалардың шынайы көрсетілуінің қамтамасыз етілуін бағалаймыз;
- шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір білдіру үшін Топ ішіндегі ұйымдардың қаржы ақпаратына немесе Топ ішіндегі қызметке қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз Топтың аудитін басқару, бақылау және жүргізу үшін жауап береміз. Біз өз аудиторлық пікірімізге толықтай жауапты болып қаламыз.

Біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалармен ақпараттық әрекеттесуді жүзеге асырып, оларды аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері жөнінде, сондай-ақ аудит барысында анықталған елеулі ескертулер, соның ішінде біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы хабардар етеміз.

Біз сондай-ақ корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті әдеп талаптарын сақтағанымыз көрсетілетін және бұл тұлғаларға аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізді санауға болатын барлық өзара қарым-қатынастар мен өзге де мәселелер туралы, ал қажет болған жағдайларда – тиісті сақтық шаралары туралы хабарлағанымыз туралы мәлімдемені ұсынамыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға хабарлаған мәселелерден ағымдағы кезең іші шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін неғұрлым маңызды болған, демек, аудиттің негізгі мәселелері болып табылатын мәселелерді анықтаймыз. Біз бұл мәселелер туралы ақпаратты жария етуге заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған немесе өте сирек жағдайларда бұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оны хабарлаудан болатын қоғамдық маңызы бар пайдадан асып түсетінін негізді түрде болжауға болатындықтан, қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есепте хабарланбауы тиіс деген тұжырымға келген жағдайларды қоспағанда, осы мәселелерді есебімізде сипаттаймыз.

«Делойт» ЖШС

Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметпен айналысуға мемлекеттік лицензия № 0000015, МФЮ-2 түрі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 2006 жылғы 13 қыркүйекте берген.

Жангир Жилысбаев

Тапсырма бойынша серіктес Қазақстан Республикасының білікті аудиторы 2012 жылғы 22 қарашадағы №МФ-0000116 аудитордың біліктілік куәлігі, «Делойт» ЖШС бас директоры

2023 жылғы 10 наурыз
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есеп
(миллион теңгемен)

	Ескертулер	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
АКТИВТЕР			
Ақшалай қаражат пен оның баламалары	5	2,028,831	1,438,521
Міндетті резервтер	6	259,544	194,931
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	7	342,168	283,333
Кредиттік мекемелердегі қаражат	8	135,655	602,125
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	9	2,109,269	1,871,677
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтерді шегергенде амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	10	1,019,089	1,288,178
Клиенттерге берілген қарыздар	11, 35	7,857,902	5,872,228
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	12	35,541	28,007
Коммерциялық жылжымайтын мүлік	13	76,538	92,412
Сатуға арналған активтер	15	23,923	45,412
Ағымдағы салық активтері	20	1,521	1,942
Кейінге қалдырылған салық активтері	20	273	250
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	14	207,788	183,849
Сақтандыру активтері	16	53,233	54,111
Өзге активтер		160,097	134,394
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ		14,311,372	12,091,370
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ			
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Клиенттердің қаражаты	17, 35	10,487,615	8,473,407
Кредиттік мекемелердің қаражаты	18	878,665	1,071,642
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелері	7	10,628	2,276
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	19	462,817	499,812
Ағымдағы салық міндеттемесі	20	12,358	11,539
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	20	52,595	50,469
Резервтер	22	13,773	13,193

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есеп
(миллион теңгемен)

	Ескертулер	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Сақтандыру міндеттемелері	16	292,344	240,281
Өзге міндеттемелер		189,343	155,147
Міндеттемелер жиыны		12,400,138	10,517,766
КАПИТАЛ			
Жарғылық капитал	21	209,027	209,027
Эмиссиялық кіріс		7,966	9,067
Құны өтеліп сатып алынған өз акциялары	21	(260,535)	(259,322)
Бөлінбеген пайда және өзге резервтер		1,954,767	1,614,824
Топ меншік иелеріне жататын капитал жиыны		1,911,225	1,573,596
Бақыламайтын үлес		9	8
Капитал жиыны		1,911,234	1,573,604
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		14,311,372	12,091,370

Басқарманың атынан:

Мурат У. Кошенов
Басқарма Төрағасының орынбасары

2023 жылғы 10 наурыз
Қазақстан, Алматы қаласы

Павел А.Чеусов
Бас Бухгалтер

2023 жылғы 10 наурыз
Қазақстан, Алматы қаласы

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші. Пайда мен шығындар туралы шоғырландырылған есеп
(миллион теңгемен, теңгемен берілген акцияға шаққандағы пайданы қоспағанда)

	Ескертулер	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2021 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептелген пайыздық кірістер	23, 35	1,220,639	858,243
Басқа пайыздық кірістер	23	27,005	21,622
Пайыздық шығыстар	23, 35	(577,445)	(366,792)
КРЕДИТТІК ШЫҒЫНДАР БОЙЫНША ШЫҒЫСТАРҒА ДЕЙІНГІ ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС	23	670,199	513,073
	5, 8,		
Кредиттік шығындар бойынша қалпына келтіру/(құру)	10, 11	(106,778)	4,004
ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС		563,421	517,077
Қызметтер және комиссиялар бойынша кірістер	24	180,066	138,389
Қызметтер және комиссиялар бойынша шығыстар	24	(96,274)	(71,789)
Қызметтер және комиссиялар бойынша таза кірістер		83,792	66,600
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелер бойынша таза пайда/(шығын)	25	(3,634)	15,071
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінен іске асырылған таза пайда		(1,274)	1,401
Шетел валютасымен операциялардан түсетін таза пайда	26	178,900	30,536
Сақтандыру қызметінен түсетін кірістер	27	155,760	140,038
Қауымдастырылған ұйымның пайдасындағы үлесі	35	9,708	6,640
Банктік емес қызметтен кірістер	29	25,554	22,684
Басқа да (шығыстар)/кірістер		(2,166)	2,024
ӨЗГЕ ПАЙЫЗДЫҚ ЕМЕС КІРІСТЕР		362,848	218,394
Операциялық шығыстар	28	(202,159)	(171,450)
Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан шығын		(1,044)	(6,616)
Негізгі құралдардың құнсыздануын қалпына келтіру		5,103	787
Басқа кредиттік шығындар бойынша қалпына келтіру/(кредиттік шығындар бойынша басқа да шығыстар)	22	78	(4,002)
Еншілес ұйымның шығуынан болған шығын	2	(19,242)	-
Шеккен сақтандыру төлемдері және сақтандыру агенттері бойынша комиссиялық сыйақы	27	(133,948)	(96,175)
ПАЙЫЗДЫҚ ЕМЕС ШЫҒЫСТАР		(351,212)	(277,456)

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші. Пайда мен шығындар туралы шоғырландырылған есеп
(миллион теңгемен, теңгемен берілген акцияға шаққандағы пайданы қоспағанда)

	Ескертулер	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2021 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл
САЛЫҚ САЛЫНҒАНҒА ДЕЙІНГІ ПАЙДА		658,849	524,615
Табыс салығы бойынша шығыс	20	(105,097)	(62,237)
ТАЗА ПАЙДА		553,752	462,378
Келесілерге қатысты:			
Бақыламайтын үлеске		1	1
Жай акционерлерге		553,751	462,377
		553,752	462,378
АКЦИЯҒА ШАҚҚАНДАҒЫ ПАЙДА (теңгемен)	30		
Акцияға шаққандағы базалық және таратылған пайда		50.84	30.16

Басқарманың атынан:

Мурат У. Кошенов
Басқарма Төрағасының орынбасары

2023 жылғы 10 наурыз
Қазақстан, Алматы қаласы

Павел А.Чеусов
Бас Бухгалтер

2023 жылғы 10 наурыз
Қазақстан, Алматы қаласы

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші өзге жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп
(миллион теңгемен)

	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2021 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Таза пайда	553,752	462,378
Өзге жиынтық кіріс:		
Кейіннен пайда мен шығындар құрамына қайта жіктелмейтін баптар:		
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан түскен пайда (2022 және 2021 жж. – тиісінше 4,078 миллион теңге, 58 миллион теңге салықты шегергенде)	17,693	440
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік қаржы активтерін қайта бағалаудан түскен пайда/(шығын)	403	(1,938)
Кейіннен пайда мен шығындар құрамына қайта жіктелуі мүмкін баптар:		
Кезең ішінде құнсыздануды қоса алғанда өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық қаржы активтерін қайта бағалаудан түскен шығын (2022 және 2021 жж. – нөл теңге – салықты шегергенде)	(104,028)	(24,269)
Кезең ішінде өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің шығарылуы нәтижесінде пайда мен шығындар құрамына қайта жіктелді (2022 және 2021 жж.– нөл теңге – салықты шегергенде)	1,274	(1,401)
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық қаржы активтерін қайта бағалаудан қауымдастырылған ұйымның өзге жиынтық шығынының үлесі	(1,477)	(475)
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан қауымдастырылған ұйымның өзге жиынтық кірісінің үлесі	23	11
Шетелдік қызметті қайта есептеудің бағамдық айырмасы	13,136	1,066
Минус: шетелдік қызметтің шығуынан пайда мен шығындар құрамына қайта жіктелген шығын	(6,976)	-
	6,160	1,066
Жыл ішіндегі өзге жиынтық шығын	(79,952)_	(26,566)
Жыл ішіндегі жиынтық кіріс жиыны	473,800	435,812
Мыналарға қатысты:		
Бақыламайтын үлеске	1	1
Жай акционерлерге	473,779	435,811
	480,776	
	473,800	435,812

Басқарманың атынан:

Мурат У. Кошенов
Басқарма Төрағасының орынбасары

2023 жылғы 10 наурыз
Қазақстан, Алматы қаласы

Павел А.Чеусов
Бас Бухгалтер

2023 жылғы 10 наурыз
Қазақстан, Алматы қаласы

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп
(миллион теңгемен)

	Жарғылық капитал Жай акциялар	Эмиссиялық кіріс	Өтеуі төлеп сатып алынған өз акциялары	Бағамдық айырма қоры*	Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв*	Негізгі құралдарды қайта бағалау бойынша резерв*	Бөлінбеген пайда*	Капитал жиыны	Бақыламайтын үлес	Капитал жиыны
2021 ж. 31 желтоқсан	209,027	9,067	(259,322)	5,582	25,115	27,521	1,556,606	1,573,596	8	1,573,604
Таза пайда	-	-	-	-	-	-	553,751	553,751	1	553,752
Өзге жиынтық кіріс/(шығын)	-	-	-	6,160	(103,828)	17,716	-	(79,952)	-	(79,952)
Жиынтық кіріс/(шығын) жиыны	-	-	-	6,160	(103,828)	17,716	553,751	473,799	1	473,800
Өз акцияларын сатып алу (21-ескерту)	-	(1,101)	(6,044)	-		-		(7,145)	-	(7,145)
Өтеуі төлеп алынған өз акцияларын сату (21-ескерту)	-	-	4,831	-	-	-	-	4,831	-	4,831
Дивидендтер – жай акциялар	-	-	-	-	-	-	(138,341)	(138,341)	-	(138,341)
Сақтандырушыларға бонустар бойынша резервтерді қалпына келтіру	-	-	-	-	-	-	84	84	-	84
Еншілес ұйымдардың шығуы	-	-	-	-	64	(272)	4,609	4,401	-	4,401
Бұрын қайта бағаланған негізгі құралдардың тозуы және шығуы нәтижесінде негізгі құралдарды қайта бағалау резервін есептен шығару	-	-	-	-	-	(1,657)	1,657	-	-	-
2022 ж. 31 желтоқсан	209,027	7,966	(260,535)	11,742	(78,649)	43,308	1,978,366	1,911,225	9	1,911,234

* Бұл сомалар Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есептің Бөлінбеген пайда және өзге резервтер бабына енгізілген.

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп (жалғасы)
(миллион теңгемен)

	Жарғылық капитал Жай акциялар	Эмиссиялық кіріс	Өтеуі төлеп сатып алынған өз акциялары	Бағамдық айырма қоры*	Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв*	Негізгі құралдарды қайта бағалау бойынша резерв*	Бөлінбеген пайда*	Капитал жиыны	Бақыламайтын үлес	Капитал жиыны
2020 ж. 31 желтоқсан	209,027	5,741	(111,027)	4,516	53,198	27,802	1,304,004	1,493,261	7	1,493,268
Таза пайда	-	-	-	-	-	-	462,377	462,377	1	462,378
Өзге жиынтық (шығын)/кіріс	-	-	-	1,066	(28,083)	451	-	(26,566)	-	(26,566)
Жиынтық (шығын)/кіріс жиыны	-	-	-	1,066	(28,083)	451	462,377	435,811	1	435,812
Өз акцияларын сатып алу (23-ескерту)	-	(30)	(157,514)	-	-	-	-	(157,544)	-	(157,544)
Өтеуі төлеп алынған өз акцияларын сату (23-ескерту)	-	3,356	9,219	-	-	-	-	12,575	-	12,575
Дивидендтер – жай акциялар	-	-	-	-	-	-	(210,783)	(210,783)	-	(210,783)
Сақтандырушыларға бонустар бойынша резервтерді қалпына келтіру	-	-	-	-	-	-	276	276	-	276
Бұрын қайта бағаланған негізгі құралдардың тозуы және шығуы нәтижесінде негізгі құралдарды қайта бағалау резервін есептен шығару	-	-	-	-	-	(732)	732	-	-	-
2021 ж. 31 желтоқсан	209,027	9,067	(259,322)	5,582	25,115	27,521	1,556,606	1,573,596	8	1,573,604

* Бұл сомалар Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есептің Бөлінбеген пайда және өзге резервтер бабына енгізілген.

Басқарманың атынан:

Мурат У. Кошенов
Басқарма Төрағасының орынбасары

2023 жылғы 10 наурыз
Қазақстан, Алматы қаласы

Павел А.Чеусов
Бас Бухгалтер

2023 жылғы 10 наурыз
Қазақстан, Алматы қаласы

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп
(миллион теңгемен)

	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2021 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ БОЙЫНША АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:		
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінен алынған пайыздар	23,627	
Ақшалай қаражат пен оның баламаларынан және кредиттік мекемелердегі қаражаттан алынған пайыздар	39,651	
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінен алынған пайыздар	101,396	
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтерді шегергенде амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздардан алынған пайыздар	100,212	
Клиенттерге берілген қарыздардан алынған пайыздар	962,950	
Клиенттер қаражаты бойынша төленген пайыздар	(463,821)	
Кредиттік мекемелердің қаражаты бойынша төленген пайыздар	(63,549)	
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша төленген пайыздар	(38,247)	
Алынған комиссиялар	179,994	
Төленген комиссиялар	(91,836)	
Сақтандыру қызметінен алынған кірістер	155,760	
Қайта сақтандырушыға (табысталған)/алынған сақтандыру сыйлықақылары	(4,020)	
Туынды қаржы құралдарынан түсімдер	12,798	
Алынған өзге кіріс	23,388	
Төленген операциялық шығыстар	(178,481)	
Төленген сақтандыру төлемдері	(70,003)	
Таза операциялық активтердегі өзгерістерге дейін операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысы	689,819	529,912
Операциялық активтер мен міндеттемелер өзгерісі:		
Операциялық активтердің (ұлғаюы)/азаюы:		
Міндетті резервтер	(64,613)	(24,803)
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	(55,480)	(32,039)
Кредиттік мекемелердегі қаражат	499,146	128,117
Клиенттерге берілген қарыздар	(1,905,013)	(1,416,498)
Сатуға арналған активтер	8,398	13,423

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (жалғасы)
(миллион теңгемен)

	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2021 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Сақтандыру активтері	(4,925)	(10,550)
Өзге активтер	32,229	5,886
Операциялық міндеттемелердегі ұлғаю /(азаю):		
Клиенттер қаражаты	1,893,578	969,775
Кредиттік мекемелер қаражаты	(267,386)	768,765
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелері	8,264	(906)
Сақтандыру міндеттемелері	(1,847)	18,541
Өзге міндеттемелер	34,687	49,778
Табыс салығын төленгенге дейінгі операциялық қызметтен түсетін ақшалай қаражаттың таза түсімі	866,857	999,401
Төленген табыс салығы	(101,754)	(55,444)
Операциялық қызметтен түсетін ақшалай қаражаттың таза түсімі	765,103	943,957

		2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2021 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ БОЙЫНША АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:			
Еншілес ұйымдардың шығуы	2	(56,371)	-
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу және олар үшін алдын ала төлем		(30,547)	(24,665)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатудан алынатын түсімдер		9,037	745
Инвестициялық жылжымайтын мүлікті сатудан түсім		3,672	16,309
Коммерциялық жылжымайтын мүлікті сатудан түсім		22,286	29,865
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін сатудан түсімдер		368,482	408,519
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін сатып алу		(650,761)	(1,002,914)
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтерді шегергенде амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарды сатудан түсімдер		287,399	5,946

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (жалғасы)
(миллион теңгемен)

		2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2021 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтерді шегергенде амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарды сатып алу		(25,640)	(64,326)
Коммерциялық жылжымайтын мүлік бойынша күрделі шығындар		(4,789)	(3,373)
Инвестициялық қызметтен ақшалай қаражаттың таза (жылыстауы)/түсімі		(77,232)	(633,894)
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:			
Өтеуі төлеп алынған өз акцияларын сатудан түсім		4,831	12,575
Өз акцияларын өтеуін төлеп сатып алу		(7,145)	(157,544)
Дивидендтер төлеу – жай акциялар		(138,341)	(210,783)
Борыштық бағалы қағаздарды өтеу және сатып алу	19	(177,600)	(305,470)
Борыштық бағалы қағаздарды шығарудан түсім	19	127,886	-
Жалдау міндеттемелерін өтеу		(3,077)	(2,356)
Қаржылық қызметтен ақшалай қаражаттың таза жылыстауы		(193,446)	(663,578)
Айырбастау бағамындағы өзгерістердің ақшалай қаражатқа және оның баламаларына әсері		95,885	34,559
Ақшалай қаражаттың және оның баламаларының таза өзгерісі		590,310	(318,956)
АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ПЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жыл басында	5	1,438,521	1,757,477
АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ПЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жыл соңында	5	2,028,831	1,438,521

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші Топ ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есептен алынып, 12, 13, 15 және 21-ескертулерде ұсынылған, ақшалай емес аударымдарды жүргізді.

Басқарманың атынан:

Мурат У. Кошенов
Басқарма Төрағасының орынбасары

2023 жылғы 10 наурыз
Қазақстан, Алматы қаласы

Павел А.Чеусов
Бас Бухгалтер

2023 жылғы 10 наурыз
Қазақстан, Алматы қаласы

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

1. ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ (бұдан әрі – «Банк») және оның еншілес кәсіпорындары (бұдан әрі бірлесіп – «Топ») корпоративтік клиенттер мен жеке клиенттерге Қазақстанда, Қырғызстан, Грузия мен Өзбекстанда банктік қызметтерді, лизингтік қызметтерді және Қазақстанда активтерді басқару жөніндегі қызметтерді, сақтандыру қызметтері мен брокерлік қызметтерді ұсынады. Банктің бастапқы мемлекеттік тіркеуден өту рәсімі Қазақстанның әділет органдарында 1994 жылғы 20 қаңтарда жүргізілді. Банк өз қызметін Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі банктік және басқа да операциялар және бағалы қағаздар нарығында қызмет жүргізу үшін 2020 жылғы 03 ақпанда жаңартып қайта берген № 1.2.47/230/38/1 лицензияға сәйкес іске асырады. Банк «Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ ұсынған салымдарды міндетті сақтандыру жүйесінің мүшесі болып табылады.

Банктің негізгі қызметі клиенттерге қарыздар мен кепілдіктер беру, депозиттер тарту, бағалы қағаздармен және шетел валютасымен операциялар жүргізу, ақша аудару, ақшалай қаражат пен төлем карточкаларымен операциялар жүргізу және басқа да банктік қызметтер көрсету болып табылады. Мұнымен қатар Банк Қазақстан Республикасы Үкіметінің эксклюзивтік емес агенті ретінде өз филиалдарының желісі арқылы халыққа зейнетақы төлеу және жәрдемақылар беру қызметін атқарады.

Банктің бағалы қағаздары Қазақстан қор биржасының (бұдан әрі – «ҚҚБ») және Astana International Exchange-тің негізгі листингісіне қосылған. Банктің жаһандық депозитарлық қолхаттары (бұдан әрі – «ЖДҚ») Лондонның Қор биржасының, ҚҚБ-ның және Astana International Exchange-тің негізгі листингісіне қосылған.

Топ іс жүзінде «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ арқылы Тимур Құлыбаев пен оның зайыбы Динара Құлыбаеваның бақылауында тұр.

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, Банк өз қызметін Алматы қаласында орналасқан бас офисі және Қазақстан аумағымда орналасқан 24 облыстық филиал, 120 аудандық филиал және 428 есеп айырысу-кассалық орталықтар, (2021 жылдың 31 желтоқсанында – сәйкесінше, 24, 120 және 445) арқылы іске асырды. Банктің ресми түрде тіркелген офисі Қазақстан Республикасы, А26М3К5, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 40 мекенжайы бойынша орналасқан.

Топ жұмыскерлерінің іс жүзіндегі саны 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 16,325 жұмыскерді құрайды (2021 жылғы 31 желтоқсанда – 17,038).

Топтың осы 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілігін шығарылымға Басқарма 2023 жылғы 10 наурызда бекітті.

Сот талаптары

Топтың өз қызметін жүргізуі барысында клиенттер мен контрагенттер Топқа уақыт аралықтарында кінәрат талаптарын қойып отырады. Басшылықтың пікірінше, мұндай кінәрат талаптар бойынша іс жүргізілгенде Топқа елеулі шығын келтірілмейді, сондықтан шоғырландырылған қаржылық есептілікте бұл жағдай бойынша тиісті резервтер қарастырылмаған.

Операциялық орта

Қазақстанды қосаалғанда, дамушы елдердің нарықтарыәдеттедамыған нарықтардан өзгеше экономикалық, саяси, әлеуметтік, соттық және заңнамалық тәуекелдерге ұшырап отыруы мүмкін. Қазақстанда бизнес жүргізуді реттеуші заңдар мен нормативтік актілер бұрынғысынша айтарлықтай жиі өзгертіліп отыр және оларды еркін түсіндіру мүмкіндігі бар. Қазақстанның болашақ даму бағыты мемлекеттің жүргізетін салықтық және ақша-кредит саясатына, қабылданатын заңдар мен нормативтік актілерге, сондай-ақ еліміздегі саяси жағдайлардың өзгерістерімен байланысты.

Қазақстан мұнай және газды үлкен көлемде өндіруші және экспорттаушы ел болғандықтан, Қазақстанның экономикасы әлемдік нарықтағы мұнай мен газ бағасының өзгерістеріне өте сезімтал болып келеді. Сондай-ақ экономиканың жағдайына ірі инфрақұрылымдық жобаларға және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша түрлі бағдарламаларға кететін мемлекеттік шығындар елеулі әсер етеді.

2022 жылы Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы бір баррель үшін шамамен 99.8 АҚШ долларын құрады (2021 ж. бір баррель үшін 63.68 АҚШ доллары). 2022 ж. 12 айында экономика 3.2%-ға өсті. 2022 ж. желтоқсандағы инфляция жылдық есептеуде 20.3%-ды құрады. Азық-түлік тауарларының бағасы 25.3%-ға, азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасы 19.4%-ға, ақылы қызметтер 14.1%-ға өсті.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты комитеті базалық мөлшерлемені +/– 1 п.т. пайыздық дәлізімен жылдық 16,75%-ға дейін көтеру туралы шешім қабылдады. Бұл шешім болжамдар мен нақты деректерді талдауға негізделген. Оның негізіне геосаяси жағдайдың белгісіздігі және оның салдары, сондай-ақ әлемдегі азық-түліктің жоғары бағалары түріндегі қазіргі орта факторлары әсер етті. Ішкі экономика тарапынан тарихи ең жоғары инфляцияны күту, сұраныс пен ұсыныстың теңгерімсіздігі, сондай-ақ импорттың жеделдетілген өсуі кезінде сауданың қайта құрылуы байқалады. Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені көтеру циклінің аяқталуына жақындады. Оның қол жеткізген деңгейі жеткілікті жоғары деп бағаланады. Базалық мөлшерлемені ұзақ уақыт бойы ағымдағы мәндерде сақтау инфляцияны тұрақтандыруға және оны орта мерзімді перспективада біртіндеп төмендетуге мүмкіндік береді. Жаңа инфляциялық шоктар болмаған жағдайда ақша-кредит саясатын одан әрі қатаңдату ықтималдығы төмен деп бағаланады.

Ресейге қарсы санкциялардың әсері Топтың валюталық тәуекеліне шектеулі әсер етеді; ресейлік бағалы қағаздар мен ресейлік банктер бойынша тәуекелдер Топтың активтеріне қатысты материалдық емес болып табылады. Ресейлік банктерге қойылатын талаптар ностро шоттарындағы қалдықтардың шамалы көлемімен ұсынылған. Ресейлік бағалы қағаздар мен банктерге қатысты жалпы тәуекел 35,838 миллион теңгені құрайды, таза тәуекел 15,560 миллион теңгені құрайды. Іске асырылған геосаяси тәуекелдерден туындаған операциялық ортаның елеулі өзгерістеріне байланысты Банктің қаржылық тұрақтылығына кезектен тыс стресс-тестілеу жүргізілді. Стресс-тестілеу нәтижелері жеке қаржылық көрсеткіштердің біршама төмендегенін көрсетеді (күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтердің өсуі, таза пайданың төмендеуі және клиенттердің қаражатының кетуі). Сонымен қатар, Топтың меншікті капиталы мен өтімді активтері жеткілікті екенін ескере отырып, Топтың қаржылық жағдайының айтарлықтай нашарлауы және нормативтік талаптар мен нормалардың бұзылуы болжанбайды.

Операциялық ортадағы елеулі өзгерістер нәтижесінде Банктің ірі қарыз алушылары қызметінің қаржылық жай-күйінің айтарлықтай нашарлауы күтілмейді. Банктің клиенттері өздерінің жеткізу тізбегі мен

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(миллион теңгемен)

логистикасына қажетті өзгерістер енгізе алды, сондай-ақ бұрын басталған инвестициялық жобаларды жүзеге асыруды жалғастыра және аяқтай алды.

COVID-19 пандемиясы кезінде Топ өз клиенттеріне қолдау көрсету үшін өткізетін іс-шаралар Топтың және оның клиенттерінің қызметіне айтарлықтай әсер етпеуге мүмкіндік береді.

Топ басшылығы экономикалық және саяси жағдайдағы ағымдағы өзгерістерді, соның ішінде кез келген санкциялық тәуекелдерді бақылайды және жақын болашақта Топтың тұрақтылығы мен бизнесін дамыту үшін қажет деп санайтын шараларды қабылдайды.

Алдағы экономикалық және саяси оқиғалардың Топтың болашақ қызметі мен қаржылық жағдайына әсері айтарлықтай болуы мүмкін.

Иелену үлесі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсандағы мәліметке сәйкес Топқа мына акционерлер иелік етті, олардың үлесі Топ шығарған капиталдың 5 %-нан асады:

2022 ж. 31 желтоқсан

	Барлық акциялар (жай акциялар)	Айналымдағы акциялардың жалпы көлеміндегі үлесі
«АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ	7,583,538,228	69.7%
ЖДҚ ұстаушылары	3,090,660,400	28.4%
Өзгелері	209,669,751	1.9%
Айналымдағы барлық акциялар (шоғырландырылған негізде)	10,883,868,379	100%

2021 ж. 31 желтоқсан

	Барлық акциялар (жай акциялар)	Айналымдағы акциялардың жалпы көлеміндегі үлесі
«АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ	7,583,538,228	69.6%
ЖДҚ ұстаушылары	3,119,831,600	28.6%
Өзгелері	192,635,022	1.8%
Айналымдағы барлық акциялар (шоғырландырылған негізде)	10,896,004,850	100%

2. ЕСЕПТІЛІКТІ ҰСЫНУ ҚАҒИДАТТАРЫ

Сәйкестік туралы мәлімдеме

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес әзірленді.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілігін Топ үздіксіз қызмет қағидатының негізінде әрекет етті және өз операцияларын жақын арадағы болашақта да жалғастырады деген болжаумен әзірленді. Осы бағалауды жүргізу барысында басшылық ағымдағы және болашақтағы экономикалық жағдайларға қатысты ақпараттың, ақшалай қаражаты, пайда мен капитал ресурстарының қозғалысы туралы болжамдарды қоса, үлкен спектрін қарады.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілігі акцияға шаққандағы пайдадан бөлек, егер басқаша көрсетілмеген болса, миллион қазақстандық теңгемен («теңге») ұсынылып отыр.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілігі тарихи құн қағидаты негізінде әзірленген, әділдік құнмен бағаланатын белгілі бір қаржы құралдары және актуарлық есеп негізінде есепке алынатын сақтандыру міндеттемелері, сондай-ақ қайта бағаланған тозу құны ескерілген белгілі бір жылжымайтын мүлік, ғимараттар, жабдықтар, төмендегі есептік саясатта сипатталғандай, бұған кірмейді.

Тарихи құн әдетте тауарлар мен қызметтерге ауыстырылып берілген сыйақының әділ құнының негізінде анықталады.

Әділ құн, құнның тікелей бақыланатын немесе бағалаудың басқа әдістемесін пайдалану арқылы, есептік амалмен алынған болып табылатынына қарамастан бағалау күніне активті сатқан кезде алынатын немесе нарықтың қатысушылары арасындағы кәдімгі мәміленің шеңберінде міндеттемені өткізу кезінде төленген құнды көрсетеді. Активтің немесе міндеттеменің әділ құнын бағалаған кезде, егер нарықтың қатысушылары, бағалау күніне активтің немесе міндеттеменің құнын қалыптастырған кезде осындай сипаттамаларды ескеретін болса, Топ, активтің немесе міндеттеменің сипаттамаларын ескереді. Әділ құн бойынша бағалау жүргізу және /немесе әділ құнды бағалауға қатысты ақпаратты ашу үшін, әділ құн осы шоғырландырылған қаржылық есептілігінде, ХҚЕС («IFRS») 2 қолдану саласына жататын меншікті үлестік құралдардың негізінде төлемдері бар мәмілелерді, ХҚЕС («IFRS») 16 қолдану саласына жататын лизингтік операцияларды, сондай-ақ әділ құнмен салыстырылатын, бірақ бұл ретте мысалы ХҚЕС («IAS») 2-де мүмкін болатын жүзеге асырудың таза құны немесе ХҚЕС («IAS») 36-да пайдаланудың құндылығы сияқты әділ құн болып табылмайтын бағаларды қоспағанда, жоғарыда көрсетілген тәсілмен анықталады.

Сонымен қатар, қаржылық есептілігін дайындау мақсаттары үшін әділ құнды бағалау, әділ құнның иерархиясының негізінде жіктеледі (1, 2 немесе 3-деңгей). Деңгейлер, нарықтық деңгейлердің негізінде әділ құнды тікелей анықтау мүмкіндігіне сәйкес келеді және жалпы әділ құнды бағалаған кезде пайдаланылған бастапқы деректердің маңыздылығын көрсетеді:

- 1-деңгейдің бастапқы деректері бағалау күніне Топ қол жеткізе алатын ұқсас активтердің немесе міндеттемелердің активті нарықтарында түзетулерді талап етпейтін баға белгіленімдерін білдіреді;
- 2-деңгейдің бастапқы деректері 1-деңгей үшін анықталған баға белгіленімдері болып табылмайды, бірақ кейбіреулері актив не міндеттеме үшін нарықта тікелей немесе жанама бақыланады; және
- 3-деңгейдің бастапқы деректері актив немесе міндеттеме бойынша бақыланбайтын бастапқы деректерді білдіреді.

Топ өзінің қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есебін өтімділік тәртібімен ұсынады. Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есеп берілгеннен кейінгі 12 айдың ішіндегі (ағымдағы) және қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есеп берілгеннен кейінгі 12 айдан жоғары мерзімдегі (ағымдағы емес) орнын толтырудың немесе өтеудің талдауы 31-ескертуде ұсынылған.

Атқарымдық валюта

Топтың барлық кәсіпорындарының қаржылық есептілігінің атқарымдық валютасы, компания өз қызметін атқаратын негізгі экономикалық ортаның валютасы болып табылады (бұдан әрі – «Атқарымдық валюта»). Банктің атқарымдық валютасы теңге болып табылады. Осы шоғырландырылған қаржылық есептілігінің есептік валютасы да теңге болып табылады.

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(миллион теңгемен)

Шоғырландырылған еншілес кәсіпорындар

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік мынадай еншілес кәсіпорындарды қамтиды:

Еншілес кәсіпорындар	Қатысу үлесі, %		Елі	Саласы
	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан		
«Халық-Лизинг» АҚ	100	100	Қазақстан	Лизинг
«Қазтелепорт» АҚ	100	100	Қазақстан	Телекоммуникациялар
«Халық Банк Қырғызстан» ААҚ	100	100	Қырғызстан	Банк
«Halyk Finance» АҚ	100	100	Қазақстан	Брокерлік және дилерлік қызмет
«Halyk Инкассация» ЖШС	100	100	Қазақстан	Инкассациялау қызметтері
«Halyk-Life» АҚ	100	100	Қазақстан	Өмірді сақтандыру
«Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ	99.99	99.99	Қазақстан	Сақтандыру
«Халық Банк Грузия» АҚ	100	100	Грузия	Банк
«Halyk Global Markets» АҚ	100	100	Қазақстан	Брокерлік және дилерлік қызмет
«КУСА Халық» ЖШС	100	100	Қазақстан	Күмәнді және үмітсіз активтерді басқару
«Халық Актив» ЖШС	100	100	Қазақстан	Күмәнді және үмітсіз активтерді басқару
«Halyk Finservice» ЖШС	100	100	Қазақстан	Төлем карталары бойынша процессингтік операцияларды және басқа да байланысты операцияларды жүзеге асыру
«Tenge Bank» АКБ	100	100	Өзбекстан	Банк
«Москоммерцбанк» коммерциялық банкі АҚ	-	100	Ресей	Банк
«Халық Банк Тәжікстан» ЖАҚ	-	100	Тәжікстан	Банк
«Халық Жоба» ЖШС	-	100	Қазақстан	Күмәнді және үмітсіз активтерді басқару
«Халық Актив-1» ЖШС	-	100	Қазақстан	Күмәнді және үмітсіз активтерді басқару

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(миллион теңгемен)

2022 жылғы 16 мамырда Банктің Директорлар кеңесі Банктің «Халық Актив 1» ЖШС мен «Халық Жоба» ЖШС еншілес ұйымдарын Банктің «Халық Актив» ЖШС еншілес ұйымына біріктіру туралы шешім қабылдады.

Еншілес ұйымдардың шығуы

2022 жылғы 16 қарашада Банк «Тәжікстан Халықаралық Банкі» ЖАҚ-мен «Халық Банк Тәжікстан» ЖАҚ («ХБТ») акционерлік капиталындағы 100% сату туралы келісімге қол қойды.

2022 жылғы 1 желтоқсанда Банк ХБТ-ның 100% акциясын сату рәсімін аяқтады. Топ еншілес ұйымның шығуы нәтижесінде 462 миллион теңге шығынға ұшырады.

2022 жылғы 18 қарашада сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес Банк әрқайсысының номиналды құны 450 рубль болатын 7,923,455 қарапайым атаулы акциялар санындағы акцияларды сатты, бұл «Москоммерцбанк» коммерциялық Банкі АҚ («МКБ») жарғылық капиталының 100% құрайды. 2022 жылғы 20 желтоқсанда Банк МКБ акцияларының 100% сату рәсімін аяқтады. Топ 18,780 миллион теңге көлемінде шығынға ұшырады.

Еншілес компаниялардың шығуынан болған шығын Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінде алынған сыйақы мен еншілес компаниялардың таза активтерінің құны арасындағы айырмашылықты білдіреді.

«Москоммерцбанк» коммерциялық банкі АҚ мен «Халық Банк Тәжікстан» ЖАҚ-ның шығуынан ақшалай қаражаттың таза шығуы:

	МКБ шығуы	ХБТ шығуы	Жиыны
Алынған сыйақы сомалары	7,300	2,596	9,896
Минус: шыққан ақшалай қаражат пен оның баламалары	(57,991)	(8,276)	(66,267)
Ақшалай қаражаттың таза жылыстауы	(50,691)	(5,680)	(56,371)

«Москоммерцбанк» коммерциялық банкі АҚ мен «Халық Банк Тәжікстан» ЖАҚ-ның шығуынан болған шығын:

	МКБ шығуы	ХБТ шығуы	Жиыны
Алынған сыйақы сомалары	7,300	2,596	9,896
Шетелдік еншілес ұйымдар шыққан кезде пайда немесе шығын санатына қайта жіктелген бағамдық айырмашылықтар	(5,400)	(1,576)	(6,976)
Минус: таза активтер	(20,680)	(1,482)	(22,192)
Еншілес ұйымдардың шығуынан шығын	(18,780)	(462)	(19,242)

Топ басшылығы осы еншілес ұйымдардың шығуы Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер еткен жоқ деп есептейді, осыған байланысты бұл ақпаратты 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігінде ашпайды.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

Шоғырландыру қағидаттары

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік Банктің және Банк бақылайтын кәсіпорындардың (оның еншілес кәсіпорындарының) қаржылық есептіліктерінен құралған. Егер Банкте:

- кәсіпорын – инвестициялар нысанына қатысты билік өкілеттіктер болса;
- кәсіпорын – инвестициялар нысанының ауыспалы нәтижелері бойынша құқықтары болса /тәуекелдер арқаласа; және
- ауыспалы нәтиженің көлеміне ықпал ету мақсатында кәсіпорын – инвестициялар нысанына қатысты билік өкілеттікті пайдалана алатын болса, Компания бақылауда болып саналады.

Егер фактілер немесе жағдайлар жоғарыда көрсетілген үш бақылау элементтерінің біреуінде немесе одан көбінде өзгерістер болғандығын көрсететін болса, Банк оның инвестициялар нысанына бақылауының болуына баға жүргізеді.

Инвестициялар нысанының дауыс беруші акцияларының көбісі Банкке тиесілі болмаса, кәсіпорын – инвестициялар нысанының елеулі қызметін жеке-дара басқару мүмкіндігін беру үшін Банкке жеткілікті дауыс беру құқығы тиесілі болған жағдайда, ол кәсіпорын – инвестициялар нысанына қатысты жеткілікті билік құқығына ие болады. Кәсіпорын – инвестициялар нысанына ықпал ету өкілеттігіне ие болуына Банктің дауыс беру құқығы жеткілікті екендігін бағалағанда Банк барлық маңызды фактілер мен мән-жайларды қарастырады, мыналарды қоса:

- басқа ұстаушылардың дауыс беруінің үлестері мен бөлінуімен салыстырғанда дауыс беру құқығы бар Банк акцияларының үлесін;
- басқа дауыс беру ұстаушыларына немесе басқа тараптарға, Банкке тиесілі ықтимал дауыс беру құқықтары;
- басқа шарттық келісімдерден туындайтын құқықтар; және
- басқарушылық шешім, сонымен қатар акционерлердің алдыңғы жиналыстарында дауыстарды бөлу қажет болған сәтте Банктің елеулі қызметті басқару мүмкіндігінің бар немесе жоқтығын көрсететін кез келген қосымша фактілер мен мән-жайлар.

Еншілес кәсіпорынды шоғырландыру Банк еншілес кәсіпорынға бақылау алғанда басталады және бақылау аяқталған сәтте тоқтатылады. Соның ішінде, бір жылдың ішінде сатып алынған немесе сатылған еншілес кәсіпорынның табыстары мен шығыстары Банк бақылауды алған сәттен бастап Банк осы еншілес кәсіпорынды бақылауды тоқтататын күнге дейін пайда немесе шығын және өзге жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке енгізіледі.

Пайда немесе шығын және өзге жиынтық кірістің әр компоненті Банк акционерлері мен бақыламайтын үлестер арасында бөлінеді. Еншілес кәсіпорындардың жалпы жиынтық кірісі бұл кез келген бақыламайтын үлестер бойынша теріс қалдықтың туындауына әкеліп соқса да Банк акционерлері мен кез келген бақыламайтын үлестер арасында бөлінеді.

Қажет болғанда, еншілес кәсіпорындардың қаржылық есептілігіне түзетулер енгізіледі, бұл олардың пайдаланатын есепке алу саясаты қағидаттарын Топ пайдаланатын есеп саясаты қағидаттарымен сәйкестікке келтіру мақсатында жүргізілді.

Шоғырландыру кезінде барлық топішілік активтер мен міндеттемелер, меншікті капитал, пайда, шығындар мен Топ кәсіпорындарының арасындағы операциялар бойынша ақшалай қаражаттың қозғалысы алынып тасталады.

Бақыламайтын үлестер

Бақыламайтын үлестер еншілес кәсіпорынның капиталында тікелей немесе жанама түрде Банкке жатқызылмайтын қатысу үлестері болып табылады.

Бақыламайтын үлестер – пайда мен шығын туралы шоғырландырылған есепте жекелей, ал қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте – бас ұйымның акционерлік капиталынан бөлек, меншікті капиталдың құрамында ұсынылады.

Топтың еншілес кәсіпорындарында иелік ететін үлесінің өзгерістері

Топтың еншілес кәсіпорындарға бақылауын жоғалтуға әкеп соқпайтын еншілес кәсіпорындардағы Топтың қатысу үлесіндегі өзгерістер меншікті капиталда есепке алынады. Топ үлестерінің және еншілес кәсіпорында бақыламайтын иелік ету үлестерінің баланстық құны осы үлестер қатынастарының өзгеруін ескере отырып түзетіледі. Бақыламайтын үлестер түзетілетін сомалар және төленген немесе алынған сыйақының әділ құны арасындағы кез келген айырма Топ акционерлерінің меншікті капиталында көрінеді. Бақыламайтын үлестің акционерлерімен мәмілелер қаржылық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысында көрсетілген.

Топ еншілес кәсіпорынды бақылаудан айырылған жағдайда, пайда мен шығын, пайда мен шығын туралы шоғырландырылған есепте көрсетіліп, (i) алынған сыйақының әділ құны мен қалған үлестің әділ құны және еншілес кәсіпорынның активтерінің (ii) баланстық құны (гудвиллды қоса) мен міндеттемелері, сондай-ақ бақыламайтын үлестердің арасындағы айырма ретінде есептелінеді. Осындай еншілес кәсіпорынға жататын, өзге жиынтық кіріс құрамында танылған сомалар Топ еншілес кәсіпорынның тиісті активтері мен міндеттемелерін тікелей сатқандай болғанда есепке алынады (яғни пайда немесе шығын бойынша қайта жіктеледі немесе ХҚЕС бойынша қарастырылған/рұқсат етілгендей капиталдың басқа санатына жатқызылады). Бақылауды жоғалту күнінде бұрынғы еншілес кәсіпорынға қалған инвестициялардың әділ құны бастапқы танылу кезіндегі ХҚЕС (IFRS) 9-ға сәйкес әділ құн ретінде немесе (қолданылатын жағдайларда) қауымдастырылған ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға инвестициялардың бастапқы құны ретінде қабылданады.

Бизнестерді біріктіру бойынша мәмілелер

Бизнестерді біріктіру жөнінде мәмілелер сатып алу әдісі бойынша есепке алынады. Бизнестерді біріктіру кезінде төленетін өтеу Топ берген активтерді, сатып алынатын бизнестің бұрынғы иелерінің алдында Топ қабылдаған міндеттемелерді, сондай-ақ Топтың бизнеске бақылау алу үшін айырбас ретінде шығарған

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(миллион теңгемен)

үлестік бағалы қағаздарды сатып алу күніне әділ құн сомасы ретінде есептелетін әділ құн бойынша бағаланады. Осыған байланысты шығынның барлығы, әдетте пайда болу сәтінде пайда мен шығын арқылы көрсетіледі.

Сәйкестендірілетін сатып алынған активтер мен қабылданған міндеттемелер сатып алу күніне мыналарды қоспағанда, әділ құн бойынша танылады:

- Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері мен активтері «Табыс салығы» 12 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес танылады және бағаланады;
- Акцияларға негізделген төлемдер бойынша («АНТ») сатып алынатын бизнестің келісімдерімен немесе осындай төлемдер бойынша сатып алынатын бизнестің келісімдерінің орнына бекітілген, АНТ бойынша Топтың келісімдерімен байланысты міндеттемелер немесе іскерлік бағалы қағаздар сатып алу күніне «Акциялар негізінде төлемдер» ХҚЕС (IFRS) 2-ге сәйкес бағаланады; және
- «Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер және тоқтатылған қызмет» 5 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес сатуға арналған деп жіктелген активтер (немесе шығып жатқан актив топтары) ХҚЕС 5-ке (IFRS) сәйкес бағаланады.

Іскерлік бедел сатып алынған заттың құнын, сатып алынған кәсіпорындағы бақыланбайтын үлестердің құнын және сатып алынған кәсіпорынның капиталындағы бұрын сатып алушыға тиесілі болған үлестің (ол болған жағдайда) құнын сатып алу күніне оның таза сәйкестендірілетін активтері мен міндеттемелерінің шамасынан асыру ретінде есептеледі. Егер қайта бағалаудан кейін сатып алу күніне сатып алынған сәйкестендірілетін таза активтердің таза құны берілген өтеудің, сатып алынған кәсіпорындағы бақыланбайтын үлес құнының және сатып алынған компанияның капиталындағы сатып алушыда бұрын болған үлестің (ол болған жағдайда) әділ құнының сомасынан асатын болса, мұндай асыру әділ құннан төмен баға бойынша үлесін сатып алудан пайда ретінде пайдаға немесе шығынға жатқызылады.

Иелік ету үлестерін білдіретін және тарату кезінде кәсіпорынның таза активтерінің пропорционалды үлесіне құқық беретін бақыламайтын үлестер бастапқыда сатып алынған бизнестің сәйкестендірілетін таза активтерінің әділ құны немесе бақыламайтын үлестің пропорцияға сәйкес танылған құн бойынша бағалана алады. Бағалау әдісі әр мәміле үшін жеке таңдалады. Иеленудің бақыламайтын үлестерінің өзге түрлері әділ құн бойынша немесе қолданылатын жағдайларда басқа ХҚЕС-терге сәйкес бағаланады.

Ақшалай қаражат пен оның баламалары

Ақшалай қаражат пен оның баламаларына кассадағы қолма-қол ақша, корреспонденттік шоттардағы бос ақша қалдығы, кредит мекемелеріндегі қаражат және бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын кері РЕПО келісімі бойынша қаражат жатқызылады.

Міндетті резервтер

Міндетті резервтер Қазақстан, Қырғызстан, Грузия, Өзбекстан Ұлттық Банктеріндегі корреспонденттік шоттардағы қаражаттан және Топтың күнделікті қызметі үшін қаржыландыру мақсатында пайдалануға болмайтын кассадағы қолма-қол ақшадан құралады, осыған байланысты бұл қаражат ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есепте ақшалай қаражат пен оның баламасы деген бапқа қосылмайды.

Кредит мекемелеріндегі қаражат

Топ өз қызметін жүргізу барысында басқа банктерде қолдануы шектелген ағымдағы шоттарды ашады немесе белгілі бір мерзімдік кезеңге ақша салымдарын орналастырады. Кредит мекемелеріндегі өтеу мерзімі белгіленген қаржы кейін тиімді пайыздық мөлшерлеме әдістемесін пайдалану арқылы амортизациялық құны бойынша бағаланады. Белгіленген өтеу мерзімі жоқ қаржы бастапқы құнымен есепке алынады. Кредит мекемелеріндегі қаражат күтілетін кредиттік шығындар бойынша кез келген резервті шегеру арқылы есепке алынады.

Қаржы құралдарын тану және бағалау

Тиісті қаржы құралына қатысты шарт бойынша Топ тараптардың бірі болған жағдайда қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері Топтың қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Топ ұдайы сипаттағы қаржылай активтер мен міндеттемелерді сатып алулар мен өткізулерді есептесу күніндегі есепке алу әдісімен көрсетеді. Осындай әдіспен сатып алынған, кейіннен әділ құнымен бағаланатын қаржы құралдары мәміле жасалған сәттен бастап есеп айырысу белгіленген күнге дейін сатып алынған құралдар сияқты есепке алынады.

Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері бастапқыда әділ құны бойынша көрсетіледі. Қаржы активтерін және қаржы міндеттемелерін сатып алумен немесе шығарумен тікелей байланысты транзакциялық шығындар (пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінен басқа) бастапқыда танылғанда қаржы активтерінің немесе қаржы міндеттемелерінің әділ құнын тиісінше ұлғайтады немесе азайтады. Қаржы активтерін немесе қаржы міндеттемелерін сатып алуға тікелей қатысты, пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін транзакциялық шығындар тікелей пайдаға немесе шығынға жатқызылады. Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері құнын одан әрі бағалау үшін пайдаланылатын бухгалтерлік есеп қағидаттары есеп саясатының төмендегі сипатталған тиісті ережелерінде ашылады.

Қаржы активтері

Барлық қаржы активтері қаржы активін сату немесе сатып алу, талаптары тиісті нарықта белгіленген мерзімде жеткізуді талап ететін келісімшарт бойынша жүзеге асырылғанда, мәміле жасалған күні танылады және тану тоқтатылады және бастапқыда пайда немесе шығын арқылы әділ құны («ПШАӘҚ») бойынша бағаланатын ретінде жіктелетін қаржы активтерін қоспағанда, транзакциялық шығынға қоса әділ құны бойынша бағаланады. ПШАӘҚ бойынша бағаланатын ретінде жіктелген қаржы активтерін сатып алуға тікелей байланысты мәміле бойынша шығындар дереу пайда немесе шығынмен бірге танылады.

«Қаржы құралдары» ХҚЕС (IFRS) 9-ға сәйкес танылған барлық қаржы активтері қаржы активтерін басқаруға арналған ұйымның бизнес үлгісіне және қаржы активтерінің ақша ағындарының шарттық сипаттамаларына негізделген амортизацияланған құны немесе әділ құны бойынша бағалануы тиіс.

Бұл ретте:

- Шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін активтерді ұстап қалу. Бұл бизнес-үлгі қаржы құралдарының қаржы құралдарының қызмет ету мерзімі ішінде негізгі соманы және пайыздық төлемдерді алу арқылы

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(миллион теңгемен)

ақшалай қаражат қозғалысын жүзеге асыруға мүмкіндік береді деп болжайды. Осы бизнес-үлгі шегінде қаржы активін өтеуге дейін ұстап тұру басымдық болып табылады, алайда мерзімінен бұрын жүзеге асыруға тыйым салынбайды.

- Шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін активтерді ұстап қалу және қаржы активтерін сату. Бұл бизнес-үлгі қаржы активтерін басқару шарттық ақшалай қаражаттың ағындарын алуға және қаржы активтерін сатуға бағытталған деп болжайды. Осы бизнес-үлгі шеңберінде қаржы активін сатудан қолма-қол ақшаны алу – «Шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін активтерді ұстап қалу» бизнес-үлгісімен салыстырғанда сатудың жоғары жиілігі мен сату көлемімен сипатталатын басымдық болып табылады.
- Басқа мақсаттар үшін активтерді ұстап қалу. Осы бизнес-үлгі шеңберінде қаржы активтерін басқару мақсаты мыналар болуы мүмкін:
  - қаржы активтерін сату арқылы ақшалай қаражат ағындарын жүзеге асыруды басқару;
  - күнделікті қаржыландыру қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өтімділікті басқару;
  - басқару мен нәтижелілікті бағалау әділ құн негізінде жүзеге асырылатын портфель;
  - сауда-саттыққа арналған анықтамаға сай келетін портфель. Қаржы активтері саудаға арналған деп саналады, егер олар негізінен жақын уақытта сату (сатып алынған сәтке дейін), қысқа мерзімді пайда алу мақсатында сатып алынған болса (180 күнге дейін) немесе туынды қаржы құралдары болып табылса (хеджирлеу құралы ретінде анықталған қаржылық кепілдіктер немесе туынды қаржы құралдарын қоспағанда).

ХҚЕС (IFRS) 9-ға сәйкес, қаржы активтері мынадай түрде жіктеледі:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын активтер ретінде жіктелген банк қарыздары мақсаты шартпен көзделген негізгі қарыз сомасының шотына төленетін төлем және негізгі қарыздың өтелмеген бөлігіне пайыз болып табылатын ақша ағындарын алу болып табылатын бизнес-үлгі шегінде ғана ұсталынады, ол тек негізгі борыш сомасына төлемдер және пайыздық төлемдерді қамтиды («SPPI»);
- корреспонденттік шоттардағы қалдықтар, банкаралық қарыздар/депозиттер, РЕПО операциялары әдетте амортизацияланған құн бойынша бағаланатын актив ретінде жіктеледі, яғни бизнес үлгі шеңберінде басқарылады, оның мақсаты шартпен көзделген ақша ағындарын алу, соның ішінде SPPI;
- борыштық бағалы қағаздар таңдалған бизнес үлгіні және SPPI-ді сақтауды ескере отырып, үш жіктеу санатының кез келгеніне жатқызылуы мүмкін;
- үлестік бағалы қағаздар, әдетте, кезең ішіндегі пайда мен шығынның құрамында оның өзгерістерін көрсетіп, әділ құны бойынша бағаланатын құралдар санатына жіктеледі.
- саудаға арналған бағалы қағаздар және туынды қаржы құралдары кезең ішіндегі пайда мен шығын құрамында өзгерістерін көрсетіп, әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына жіктеледі.

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері немесе қаржы міндеттемелері

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері мыналарды қамтиды:

- Шарттық ақша ағындары борыштың негізгі сомасы мен пайыздары есебіне төлемдерді ғана қамтымайтын активтер және/немесе
- Шартпен көзделген ақша ағындарын алу немесе осындай ағындарды алу және активті сату мақсатында ұсталатын активтерді қоспағанда, бизнес-үлгі бойынша ұсталатын активтер;
- Әділ құны бойынша опционды қолдану арқылы ПШАӘҚ бойынша бағаланатын санатқа жататын активтер;
- Қаржылық міндеттемелер, егер қаржылық міндеттеме не саудаға арналған болса, не пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде бағаланса, пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі.

Қаржы міндеттемесі мына жағдайда саудаға арналған деп жіктелетін болады:

- егер ол негізінен жақын арада кері сатып алу үшін қабылданған болса;
- Топ бірлесіп басқаратын қаржы құралдарының сәйкестендірмелі портфелінің бір бөлігі болып табылса және осы нақты мақсаты қысқа мерзімді табыс әкелу болса; немесе
- хеджирлеу құралы ретінде жіктелмеген және қолданылмайтын туынды құрал болып табылса.

Пайда мен шығын арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері немесе қаржы міндеттемелері шоғырландырылған қаржылық есептілікте әділ құны бойынша есепке алынады. Әділ құнның өзгерістері пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері және міндеттемелер бойынша таза (шығында)/пайдада көрсетіледі. Пайда ретінде табылған немесе шығын ретінде шегерілген пайыздар келісімшарт талаптарына сәйкес тиісінше пайыздық кірістерде немесе шығыстарда есептеледі, ал дивидендтер алу құқығы белгіленген жағдайда дивиденд бойынша тапқан пайда «Басқа да кірістер» деген жолда есепке алынады.

Амортизацияланған құны бойынша немесе өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдар

Топ активті басқару үшін пайдаланылатын Топтың бизнес үлгісі мен ақша ағындарының шартта көзделген сипаттамаларының негізінде қаржы активі жіктелуіне бағалау жүргізеді және баға береді.

Активтерді амортизацияланған құны бойынша немесе өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша жіктеу және бағалау үшін, тиісті шарттың талаптары борыштың негізгі сомасына және негізгі соманың өтелмеген бөлігі бойынша пайыздарды ғана қамтитын ақша ағынының пайда болуын қамтуы тиіс.

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(миллион теңгемен)

Белгіленген талаптарға сәйкес шартпен көзделген ақша ағынын тексеру кезінде, негізгі қарыздың негізгі сомасы қаржы активінің бастапқы танудан кейінгі әділ құны ретінде қарастырылады. Қаржы активінің мерзімі ішінде қарыздың негізгі сомасы өзгеруі мүмкін (мысалы, негізгі сомаға төлемдер болған жағдайда). Пайыздар белгілі бір уақыт кезеңі ішінде өтелмеген берешектің негізгі сомасына қатысты кредиттік тәуекел үшін, сондай-ақ кредиттеуге байланысты басқа да қарапайым тәуекелдер мен шығыстар, сондай-ақ пайдаға қатысты пайдаға арналған шығындардың өтелуін қамтиды. Негізгі және пайыздық төлемдер бойынша төлемдер қаржы активі көрсетілетін валютамен жүргізіледі.

Шартпен көзделген, өзіне тек борыштың негізгі сомасына және пайыз ретінде ғана төлемді қамтитын ақша ағындары негізгі кредит шартының талаптарына сәйкес келеді. Нәтижесінде, шартпен көзделген ақша ағындарының тәуекелі немесе құбылмалылығын тудыратын шарт талаптары негізгі кредит шартына қатысы жоқ, мысалы, акциялар немесе тауарлар бағасының өзгеру тәуекелі шартпен көзделген ақша ағынын тудырмайды, онда тек қана негізгі қарыз сомасына төлемдер және негізгі қарыз сомасының өтелмеген бөлігі қамтылады. Құрылған немесе сатып алынған қаржы активі оның заңды нысанда қарыз болып табылатынына қарамастан, негізгі кредит шарты болуы мүмкін.

Қаржы активтерін басқару үшін пайдаланылатын бизнес-үлгілер қаржы активін жіктеу үшін ХҚЕС (IFRS) 9 бірінші қолдану күнінде бағаланды. Бизнес үлгісі ретроспективті түрде Топтың ХҚЕС (IFRS) 9 алғашқы қолдану күніндегі балансында танылған барлық қаржы активтеріне қолданылды. Ұйым пайдаланатын бизнес-үлгі сол немесе басқа бизнес мақсатқа жету үшін топтастырылған қаржы активтерін басқару механизмін көрсететін деңгейде анықталады. Топтың бизнес-үлгісі басшылықтың жеке құралға қатысты ниетіне байланысты емес болғандықтан, бизнес-үлгіні бағалау жеке негізде емес, біріктірудің неғұрлым жоғары деңгейінде жүзеге асырылады.

Өзінің қаржы құралдарын басқару үшін Топ ақша ағындарын тудыру мақсатында, ақша қаржы активтерін басқару тетігін сипаттайтын бірнеше бизнес үлгілерді пайдаланады. Осы бизнес-үлгілер Топтың ақша ағынының шартпен көзделген ақша ағындарын алудың, қаржы активтерін сатудың немесе екеуінің де нәтижесі болатынын анықтайды.

Бизнес-үлгіні бағалау кезінде Топ қолда бар барлық ақпаратты ескереді. Сонымен қатар, бағалау оның пайда болуын Топ болжамды түрде күтуге құқылы, мысалы, «нашар» сценарий немесе «күйзеліс» сценарийі тәрізді сценарийлер негізінде жасалмайды. Топ барлық тиісті деректерді ескереді, мысалы:

- осы бизнес-үлгі ұсталатын қаржы активтері мен бизнес-үлгісінің тиімділігін бағалау тетігі және негізгі басқарушы персоналға есеп беру;
- бизнес-үлгінің (осы бизнес-үлгі бойынша ұсталатын қаржы активтерінің) тиімділігіне және тәуекелдерді басқару әдісіне әсер ететін тәуекелдер; және де
- басшылыққа сыйақы төлеу тетігі (мысалы, сыйақы төлеу негіздері талданады: тиісті активтердің әділ құны немесе шартпен көзделген ақша ағымдары).

Қаржы активін бастапқы тану кезінде Топ жаңадан танылған қаржы активтері қолданыстағы бизнес үлгісінің бөлігі болып табыла ма соны анықтайды немесе жаңа бизнес үлгісінің пайда болуын көрсетеді. Топ алдыңғы кезеңдегі өзгерістерді анықтау үшін әрбір есепті кезеңде өзінің бизнес-үлгілерін қайта қарастырады. Ағымдағы есепті кезеңде Топ өзінің бизнес-үлгілерінде қандай да бір өзгерістерді анықтаған жоқ.

Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған борыштық құралдарды тануды тоқтатқаннан кейін бұрын өзге жиынтық кіріс арқылы танылған жинақталған пайда/шығын меншікті капиталдан пайда немесе шығын санатына қайта жіктеледі. Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған санатқа жатқызылатын үлестік құралдарды тануды тоқтатқаннан кейін, керісінше бұрын өзге жиынтық кіріс құрамында танылған жинақталған пайда немесе шығын, пайда немесе шығын санатына қайта жіктелмейді, бірақ меншікті капиталдың басқа бабының құрамына ауыстырылады. Бастапқы танудан кейін амортизацияланған құны бойынша немесе өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдар құнсыздануға жатады.

Кепілмен қамтамасыз ету

Топ клиенттердің міндеттемелеріне қатысты егер ол қажет деп санаса, кепілді қамтамасыз етуді алады. Әдетте, кепілді қамтамасыз ету клиенттің қолда бар міндеттемелеріне де, болашақ міндеттемелеріне қатысты мұндай активтер бойынша Топқа талап ету құқығын беретін клиент активтерінің кепіл түріне ие болады.

Қаржы активтерін қайта жіктеу

Топтың белгілі бір қаржы активтеріне сәйкес бизнес үлгісі өзгерген жағдайда, осындай активтер қайта жіктеледі. Жаңа санатқа жатқызу мен бағалауға қойылатын талаптар болашақта бірінші іскерлік модельдегі өзгерістерден кейін Топтың қаржы активтерін қайта жіктеуге әкелген бірінші есепті кезеңнің бірінші күнінен бастап қолданылады. Шартпен көзделген ақша ағындарындағы өзгерістер төмендегі есеп саясатына («Қаржы активтерін өзгерту және тануды тоқтату») сәйкес талданады.

Қаржы активтерін түрлендіру және тануды тоқтату

Қаржы активі бастапқы тану күні мен қаржы активін өтеу күнінің арасында активтің ақша ағындарын реттейтін шарт талаптарын қайта қарау немесе басқа түрдегі өзгерту болған жағдайда өзгертіледі. Өзгеріс шартпен көзделген ақша ағындарының сомасына және/немесе мерзіміне дәл сол уақыт сәтінде немесе болашақта уақыт сәтінде әсер етеді. Сонымен қатар, бұрыннан бар қарыз бойынша қолданыстағы ковенанттарды енгізу немесе түзету мұндай жаңа немесе түзетілген ковенанттар ақша ағындарына дереу әсер етпесе де өзгерістерді білдіреді, бұл ретте, олар сақталмаған болса, ақша ағындарына да әсер етуі мүмкін (мысалы, ковенантты бұзған жағдайда қарыз бойынша пайыздық мөлшерлеме артуы мүмкін).

Мүмкіндігінше, Топ қамтамасыз етуден құн өндірмей-ақ қарыздарды қайта құрылымдауды көздейді. Мұндай қайта құрылымдау өтеу мерзімін ұзартуды және жаңа несие шарттарын келісуді қамтиды. Талаптар қайта қаралғаннан кейін, құнсыздану шарттардың өзгеруіне дейін есептелген бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып бағаланады, ал несие мерзімі өткен деп есептелмейді. Басшылық барлық критерийлердің орындалуын және болашақ төлемдер өте жоғары деңгейде болуын қамтамасыз ету үшін қайта қаралған шарттармен несиені тұрақты түрде бақылайды. Қарыздар қарыз бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы жеке немесе ұжымдық түрде құнсыздану бойынша бағаланады. Қайта қарастырылған талаптар қаржылық жағдайдағы нашарлауы бар жеке негізде құнсыздануға бағаланған қарыздардың құнсыздануының дәлелі болып табылады.

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(миллион теңгемен)

Топ қаражаттың қайтарылуын барынша жоғарылату және дефолт тәуекелін азайту үшін қарыз алушымен қаржылық қиындықтар туындаған кезде клиенттерге берілген қарыздарды қайта қарайды. Санкциялардан бас тарту қарыз алушы түпнұсқа шарттық талаптарды орындауға барынша негізделген ықтимал шараларды қолданған жағдайда, әдепкі дефолт тәуекелінің бар екендігі немесе дефолттың жоғары болуы немесе қарыз алушы қайта қаралған келісімшарттық талаптарды орындай алатыны күтіледі. Талаптарды қайта қарау көбінесе қарызды өтеу мерзімін ұзартуды, несие бойынша ақша ағынының мерзімін өзгертуді (негізгі қарыз сомасы есебіне төлемдер және пайыздар), сондай-ақ кредиторға тиесілі (негізгі қарыз сомасы бойынша берешек немесе пайыздарды кешіруді) ақша ағынының сомасын азайтуды және ковенантті түзетуді қамтиды. Топта заңды тұлғаларға берілген қарыздарға, сондай-ақ жеке тұлғаларға берілген қарыздарға қатысты қолданылатын санкциялардан бекітілген бас тарту саясаты бар.

Қаржы активі өзгерген кезде Топ осы өзгерісті активті тануды тоқтатуға әкеп соға ма жоқ па соны бағалайды. Топтың саясатына сәйкес, егер түрлендіру шарт талаптарында елеулі айырмашылықтар тудырса, тануды тоқтатуға әкеп соқтырады. Өзгертілген шарттар бастапқы шарт талаптарынан айтарлықтай ерекшеленетінін анықтау үшін Топ сапалы факторларды талдайды. Мысалы, шартта көзделген талаптарды өзгерткеннен кейін ақша ағындары негізгі қарыз сомасы пен пайыздар бойынша төлемдерді қамтиды, шарт немесе контрагент валютасы өзгерді. Сондай-ақ пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру дәрежесі, өтеу мерзімі, ковенанттар да талданады.

Коммерциялық себептерге байланысты қаржы активін өзгерткен кезде, Топ әртүрлі сапалық факторларды (валютаның, пайыздық мөлшерлеменің, өтеу мерзімінің өзгеруі) ескереді және ескі қарызды тануды тоқтату және әділ құн бойынша жаңа қарызды тануды тоқтату керек пе деген қорытынды жасайды.

Қаржы активін тануды тоқтатқан жағдайда, ККШ бойынша бағалау резерві осы күнге активтің таза баланстық құнын анықтау үшін тануды тоқтату күніне қайта бағаланады. Жаңа қаржы активінің қайта қаралған баланстық құны мен жаңа әділ құнының арасындағы айырмашылық жаңа талаптарға сәйкес пайданың туындауына әкеледі немесе тануды тоқтатудан шығын тудырады. Жаңа қаржы активіне қатысты ККЗ бойынша бағалау резервінің мөлшері, егер жаңа несие пайда болған кезде кредиттік-құнсызданған деп қарастырылатын жағдайларды қоспағанда, келесі 12 айдағы ККШ мөлшері негізінде есептелетін болады. Бұл жаңа несиенің әділ құны оның қайта қаралған номиналды құнына айтарлықтай дисконтпен танылған кезде ғана қолданылады, себебі өзгеріс нәтижесінде төмендетілмеген дефолт тәуекелі жоғары болып қалады. Толығырақ ақпарат алу үшін 11-ескертуді қараңыз.

Құнсыздану

Қаржы активтерінің құнсыздануы мынадай факторларды ескере отырып есептелді:

- ККШ есептеу үшін Банк қарызды жеке және топтық негізде кредиттік тәуекелдің жалпы сипаттамаларына негізделген активтерді топтастырумен бағалайды.
- ККШ – олардың ықтималдығы ескеріле отырып, кредиттік шығындардың сәйкес құнын бағалауды білдіреді. Бұл шығындардың бағалануы шарт бойынша Топқа тиесілі ақшалай қаражат ағындарының және тиісті актив үшін ТПМ арқылы дисконтталған бірқатар экономикалық сценарийлердің ықтималдығын талдау негізінде Топ алатын ақшалай қаражаттың ағыны арасындағы айырмашылықтың сәйкес құнын білдіреді.
- Есептеу шамадан тыс шығындарсыз немесе күш-жігерсіз алуға болатын ақылға қонымды және расталған ақпарат негізінде жүзеге асырылады. Кепілдендірілген қаржы активінің күтілетін болашақ ақша ағымдарының дисконтталған құнын есептеу ақшалай қаражаттың ағындарын көрсетеді, бұл кепілдік беруді алудың және сатудың құнын, сатып алудың ықтималдығы немесе ықтималсыздығы болған жағдайда өндіріп алудың нәтижесі болуы мүмкін. Резервтер Топтың өздерінің шығындарын талдау тәжірибесіне және басшылықтың борышқа қызмет көрсету мүмкіндігіне және қарыз алушының кредиттік тарихына негізделген несие тәуекелінің әрбір санаты бойынша активтермен танылуы ықтимал шығындар деңгейіне қатысты жорамалдарға негізделген.
- Қазынашылық операциялар (борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар, «кері РЕПО» операциялары, банкаралық қарыздар мен депозиттер, корреспонденттік шоттар, қазынашылық операциялар бойынша дебиторлық берешек) бойынша құнсыздану есебі контрагенттің рейтингі, дефолт ықтималдығы, мәміле мерзімі және дефолт бойынша шығын деңгейін ескере отырып жасалады.
- Қазынашылық операциялар бойынша күтілетін несиелік шығындарды бағалау жеке негізде жүргізіледі (дебиторлық берешек түрінде белгілі бір талаптарды қоспағанда).

Қаржы активтері келесі тәсілге сәйкес қоржынға бөлінеді:

- 1-кезең: актив танылғаннан бергі уақытта кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы болмаған кезде, алдағы 12 айдағы құнсызданудан күтілетін шығындар сомасында танылады;
- 2-кезең: актив танылған кезден бастап кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы, құнсыздану қаржы активінің қызмет ету мерзімі ішінде күтілетін шығындар сомасында танылады;
- 3-кезең: қаржы активі дефолт болып табылады немесе құнсыздану белгісі бар.

Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтер

Күтілетін кредиттік шығындарды бағалауды өлшемі мыналарға тең бағалау резервінің көмегімен жүргізу қажет:

- күтілетін шығындар келесі 12 айда, яғни, қаржы құралының барлық мерзімі ішінде несие шығындарының бөлігі, бұл есепті күннен кейінгі 12 ай ішінде болуы мүмкін құрал міндеттемелері бойынша міндеттемелерді орындамау салдарынан күтілетін кредиттік шығындар («1-кезең»);
- міндеттемелердің қолданылу мерзімі ішінде құрал бойынша міндеттемелерді орындамаудың барлық ықтимал жағдайларының нәтижесінде туындаған қаржы құралының бүкіл мерзімі ішінде күтілетін кредиттік шығындар шамасы («2-кезең» және «3-кезең»).

Кезеңдер туралы егжей-тегжейлі ақпарат 5, 8, 9, 10 және 11-ескертулерде келтірілген.

Қаржы құралының бүкіл қолданылу мерзімі ішінде ККШ-ның толық шамасының құрамында бағалау резервін құру үшін құралды бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюы жағдайында талап етіледі. Барлық басқа жағдайларда ККШ-ға арналған резервтер ККШ-ға 12 ай ішінде тең сомада қалыптастырылады.

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(миллион теңгемен)

- Пайдаланылмаған кредиттік қаражатқа сәйкес ККШ Топ кредиттік қаражат іріктелген жағдайда алуды күтетін ақшалай қаражат ағыны және егер міндеттеме ұстаушы кредиттік қаражатты іріктеген кезде шарт бойынша Топқа тиесілі ақшалай қаражат ағындары арасындағы айырма құнын көрсетеді.
- Қаржылық кепілдік шарттарына қатысты ККШ ұстаушыдан, қарыз алушыдан немесе кез келген басқа тараптан алатын соманы алып тастағанда, кепілдік берілген борыштық құралдың иесіне өтем төлеуге күтілетін төлемдер арасындағы айырманы көрсетеді.

ККШ-ны бағалау жеке несиеге қатысты немесе тәуекелдің ұқсас сипаттамасы бар несие портфельдері бойынша жүргізіледі. ККЗ бойынша бағалау резервінің есебі (жеке немесе топтық негізде) бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені (бұдан әрі – «ТПМ») пайдаланып, актив үшін күтілетін ақша ағынының сәйкес құнының негізінде есептеледі.

ККШ шамасын анықтаған кезде, дефолттың анықтамасын қолдану өте маңызды. Дефолтты анықтау ККШ-ның сомасын бағалау үшін пайдаланылады және бағалау резерві келесі 12 айға немесе бүкіл кредиттеу мерзіміне есептелген бе, соны анықтау үшін қолданылады, себебі «дефолт» түсінігі ККШ-ны бағалауға ықпал ететін және кредиттік тәуекелді айтарлықтай артуын анықтайтын «дефолт ықтималдығы» түсінігінің бір бөлігі болып табылады (4-ескертуде көрсетілген).

Негізделген болжамды ақпараттар туралы толығырақ мәлімет алу үшін 31-ескертуді қараңыз.

РЕПО және кері РЕПО келісімдері және бағалы қағаздар ұсыну

Топ өз қызметінің барысында қаржы активтерін сату туралы және кері сатып алу туралы келісімдер (бұдан әрі – «РЕПО келісімдері»), сондай-ақ сатып алу туралы және қайтадан кері сату туралы келісімдерді (бұдан әрі – «кері РЕПО келісімдері») бекітеді. РЕПО және кері РЕПО операцияларын Топ сауда жасау мақсатында өтімділікті басқару элементі ретінде пайдаланады.

РЕПО келісімдері қамтамасыз етілген қаржыландыру операциялары ретінде қарастырылады. РЕПО келісімдері бойынша сатылған бағалы қағаздар қаржы ахуалы туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі, егер кепілзаттық қамтамасыз етуді алған тараптың оларды сату, не болмаса қайта кепілдікке беру құқығы болса, мұндай бағалы қағаздар РЕПО келісімдері бойынша кепілдікке салынған бағалы қағаздар ретінде жіктеледі. Тиісті міндеттеме кредит мекемелерінің немесе клиенттердің қаражатында атап көрсетіледі.

Кері РЕПО келісімдерінің негізінде сатып алынған бағалы қағаздар кредит мекемелеріндегі қаржы немесе клиенттерге берілген қарыздар немесе тиісінше ақшалай қаражаты және олардың баламасы ретінде есепке алынады. Сату мен кері сатып алу құны арасындағы айырма пайыздық пайда ретінде қарастырылады және РЕПО келісімдері әрекет ететін кезең үшін, тиімді пайыз мөлшерлемесі әдісін пайдалана отырып есептеледі.

Контрагенттерге қарызға берілген бағалы қағаздар қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Үшінші бір тарапқа сатылған, оларды сату мен сатып алу «пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша таза пайдада/(шығында)» есепке алынатындарды қоспағанда, тартылған бағалы қағаздар қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте көрсетілмейді. Оларды қайтару бойынша міндеттемелер саудалық міндеттеме ретінде әділ құнмен көрсетіледі.

Топ бағалы қағаздар бойынша РЕПО шарттарын және бағалы қағаздармен қарыздар бойынша мәмілелер бекітеді, олар бойынша Банк кәдімгі нарықтық тәжірибеге сәйкес қамтамасыз етуді алады немесе береді. Қазақстандағы және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы («ТМД») елдеріндегі кері сатып алу операцияларының стандартты талаптарына сәйкес қамтамасыз етуді алушы мәміле бойынша есеп айырысқан кезде баламалы бағалы қағаздарды қайтарған жағдайда қамтамасыз етуді сату немесе кепілге қайта салу құқығына ие.

Өзара есепке алу

Қаржы активтері мен міндеттемелер бойынша өзара есепке алу жүргізіліп, таза сомасы есепке алынған сомаларды есептеуге заңды тұрғыдан құқығы болған кезде және нетто-негізде реттеуді жүргізу немесе бір мезетте активті сату және міндеттемені өтеу ниеті болған кезде қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Шығып кеткен болып танылмайтын қаржы активін есепке алу кезінде Топ берілетін активті және оған сәйкес міндеттемені өзара есепке алуды орындамайды. Егер ол қандай да бір стандарт немесе түсіндіру бойынша талап етілмесе немесе рұқсат етілмесе, пайда мен шығын бойынша өзара есепке алу жүргізілмейді және жеке Топтың есепке алу саясаттарында ашылмайды.

Туынды қаржы құралдары

Топ туынды қаржы құралдарының бір бөлігі болып табылады, олардың кейбір бөлігі саудаға арналған, ал қалған бөлігі пайыздық, кредиттік және валюталық тәуекелдерді басқаруға арналған. Ұсталған туынды қаржы құралдарға шетел валютасындағы форвардтық келісімшарттар, пайыздық своптар, валюталық пайыздық своптар және кредиттік-дефолт своптары жатады.

Туынды қаржы құралдары бастапқыда туынды қаржы құралы жасалған күнгі әділ құн бойынша есепке алынады және кейінірек, әрбір есептік күнгі олардың әділ құнына қайта бағаланады. Осыдан туындайтын нәтиже тікелей пайда немесе шығын арқылы танылады.

Оң әділ құнымен анықталған туынды қаржы құралдары қаржы активі ретінде танылады, ал теріс әділ құнымен анықталған туынды қаржы құралдары қаржы міндеттемесі ретінде танылады.

Топ пайыздық мөлшерлеме мен валюталық тәуекелді анықтау үшін әртүрлі туынды қаржы құралдарын, пайыздық своптарды және валюталық своптарды, сонымен қатар валюталық форвардтық келісімшарттарды пайдаланады. Туынды қаржы құралдары туралы неғұрлым толық ақпарат 7-ескертуде берілген.

Топтың туынды келісімшарттар бойынша тәуекелі, Топтың нарықтық, кредиттік және өтімділік тәуекелін жалпылама басқару шеңберінде мұқият қадағаланады (31-ескерту).

Кредиттік-құнсызданған қаржы активтері

Ақша ағындарына кері әсерін тигізетін бір немесе бірнеше оқиғалар болған жағдайдағы қаржы активтер, кредиттік-құнсыздандырылған деп есептелінеді. Кредиттік-құнсыздандырылған қаржы активтеріне «3-кезеңнің» активтер термині қолданылады. Кредиттік құнсыздану белгілері келесі оқиғалар бойынша бақыланатын деректерді қамтиды:

- қарыз алушының немесе кредитордың елеулі қаржылық қиындықтары;
- шарт талаптарының бұзылуы, мысалы, дефолт немесе төлем мерзімінің өтуі;

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

- кредитор өзге жағдайда ұсынбайтын, қарыз алушының қаржылық қиындықтарына байланысты экономикалық себептер немесе шарт талаптарына сәйкес қарыз алушыға қойылған талаптар;
- қаржылық қиындықтар салдарынан бағалы қағаздарға арналған белсенді нарықтың жоғалуы; немесе
- кредиттік шығындарды көрсететін үлкен жеңілдікпен қаржы активін сатып алу.

Кейбір жағдайларда жеке оқиғаны анықтау мүмкін емес, өйткені қаржы активінің кредиттік құнсыздануы бірнеше оқиғалардың жиынтық әсерінен болуы мүмкін. Әр есептік күнгі жағдай бойынша Топ амортизацияланған құны бойынша немесе басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері болып табылатын, борыш құралдарының кредиттік құнсыздануына баға береді. Мемлекеттік және корпоративтік борыш құралдарының кредиттік құнсыздануын бағалау кезінде Топ облигациялардың кірістілігі, кредиттік рейтингтер және қарыз алушының қаржыландыру мүмкіндігін арттыру сияқты факторларды ескереді.

Қарыз, егер қарыз алушыға кеңшілік жасау нәтижесінде шартта көзделген ақша ағынына ие болмау тәуекелі айтарлықтай төмендегенде, айғақтар болмаған жағдайда қаржылық жағдайдың нашарлауына байланысты кеңшілік берілгенде және басқа да құнсыздану белгілері болмағанда кредиттік-құнсызданған деп саналады. Кеңшілік беру көзделген, бірақ ол берілмеген қаржы активтері, егер кредиттік-құнсыздануды байқалатын белгілері бар болса, оның ішінде дефолттың анықтамасына сәйкес келсе, кредиттік құнсызданған деп саналады. Шартты Дефолтты анықтау төлем ықтималдығының жоқтығы мен төлем мерзімінің аяқталуын белгілейді (90 күн немесе одан кейін кешіктіру). Кросс-дефолтты қолдану туралы шешім клиенттің объектісінің шарттарын, мысалы, кредиттік тәуекелдің қамтамасыз етілуін және маңыздылығын жеке бағалауға негізделген.

Сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған қаржы активтері («СҚКҚ»)

СҚКҚ қаржы активтері өзгеше ескеріледі, өйткені мұндай актив бастапқы тану сәтінде кредиттік-құнсызданған болып табылады. Осы активтерге қатысты Топ бағалау резерві ретінде бастапқы тану күнінен бастап активтің күтілетін қолданылу мерзімі ішінде кредиттік шығындар мөлшерінің барлық өзгерісін таниды; бұл ретте, барлық өзгеріс пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі. Осындай активтердің күтілетін кредиттік шығындар шамасының оң өзгерісі болған жағдайда, құнсыздануан болған шығын танылады (кредиттік шығындар бойынша шығысты қалпына келтіру).

Есептен шығару

Қарыздар мен борыштық бағалы қағаздар Топтың қаржы активін қайтару жөнінде мүмкіндіктің болмайтынына көз жеткізген кезде (толық немесе ішінара) есептен шығарылады. Бұл Топ қарыз алушының есептен шығарылатын соманы өтеу үшін жеткілікті ақша ағымын түрлендіретін активтері немесе кіріс көзі жоқ деп шешкен кездегі жағдай. Есептен шығару – бұл тануды тоқтату. Топ қаржы активтерін есептен шығару үшін мәжбүрлеу шараларын қолдануы мүмкін. Топ мәжбүрлеу әрекеттері нәтижесінде, құнсыздануан кейін кіріс киргізеді. Кепілдендірілген қарыздар, кепілзатпен қамтамасыз етуді сатқаннан кейін түскен, кез келген түсімді алғаннан кейін, есептен шығарылады. Кепілзатпен қамтамасыз етуді сатудың ықтимал таза құны анықталса және одан әрі қалпына келтіру болмаған жағдайда, есептен шығару мүмкін.

Қаржы активтері мен міндеттемелерді тануды тоқтату

Қаржы активтері

Қаржы активтерінің (немесе бұл орынды болған кезде, осындай қаржы активтерінің бір бөлігінің немесе осыған ұқсас қаржы активтері тобының бір бөлігінің) танылуын тоқтату мынадай жағдайда іске асырылады:

- егер активтен түскен ақшалай қаражат ағымын алу құқығының мерзімі аяқталған болса;
- Топ өзінің активтен ақшалай қаражат ағымын алу құқығын басқаға берген болса немесе активтен түскен ақшалай қаражаты ағымын алу құқығын сақтап қала отырып, бірақ оларды «аралық» келісімге сәйкес үшінші тарапқа көп кешіктірмей толық төлеу жөнінде міндеттеме қабылдаған жағдайда; және
- Топ іс жүзінде (а) актив бойынша тәуекелдің және сыйақының барлығын берген болса, не болмаса (б) актив бойынша тәуекелдің және сыйақының барлығын іс жүзінде ұстап қалмаған, бірақ активке бақылау жүргізуді берген болса.

Қаржы активі аударылғаннан кейін оны тану тоқтатылады және бұл аударым тануды тоқтату талаптарына сай болады. Аударуға сәйкес Топтан (а) актив бойынша ақша ағымдарын алуға келісімшарттық құқық беру немесе (б) актив бойынша ақша ағымдарына құқықты сақтау, алайда үшінші тарапқа қатысты осы ақша ағымын төлеу бойынша келісімшарттық міндеттеме қабылдау талап етіледі. Аударым жүргізілгеннен кейін Топ аударылған активтерге иелік етуден түскен пайданың және тәуекелдің сақталу деңгейіне қайта бағалау жүргізеді. Егер тәуекел мен пайданың барлығы негізінен сақталған болса, онда актив қаржы ахуалы туралы шоғырландырылған есепте одан әрі таныла береді. Егер тәуекел мен пайданың барлығы жалпы берілген болса, бұларды актив бойынша тану тоқтатылады. Егер кейіннен тәуекел мен пайданың барлығы сақталмайтын және берілмейтін болса, Топ активтерге жүргізілетін бақылаудың сақталуын бағалайды. Егер бақылау сақталмаған болса, онда актив бойынша тану тоқтатылады. Егер Топ активті бақылауды сақтайтын болса, онда ол оның қатысуы шеңберінде активті таңдауды жалғастырады.

Қаржы міндеттемесін өзгерту және тануды тоқтату

Топ қаржы міндеттемелерін тек егер олар өтелсе, күшін жойса немесе олар бойынша талап мерзімі аяқталса, тануды тоқтатады. Қаржылық міндеттеменің баланстық құны арасындағы тануды тоқтату және төленген немесе төленетін өтемақы арасындағы айырмашылық пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі.

Топ пен кредитор арасында айтарлықтай өзгеше шарттармен борыштық құралдарды айырбастау бастапқы қаржы міндеттемелерін реттеу және жаңа қаржы міндеттемесін тану ретінде ескеріледі. Топ бастапқы қаржы міндеттемесін өтеу және жаңа қаржы міндеттемесін тану ретінде қолданыстағы қаржы міндеттемесі немесе оның бір бөлігінің шартында елеулі өзгерісті есепке алады. Топ, егер ақша ағымының дисконтталған сәйкес құны жаңа шарттарға сәйкес, бастапқы тиімді комиссиялық мөлшерлеме бойынша дисконтталған, алынған комиссиялық сыйақыны ұстап қалғандағы комиссиялық сыйақыны қоса алғанда, міндеттеме талаптары айтарлықтай ерекшеленетінін ескере отырып, бастапқы қаржы міндеттемесі бойынша қалған ақша ағымының дисконтталған, сәйкес құнынан кемінде 10%-ға

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(миллион теңгемен)

айырмашылығы болатынын басшылыққа алады. Егер өзгерту айтарлықтай маңызды болмаса, онда мыналардың арасындағы айырмашылықтар: (1) өзгертуге дейін міндеттеменің баланстық құны; және (2) өзгертуден кейін ақша ағымының сәйкес құны түрлі кіріс пен шығыс құрамында өзгерістен кейін кіріс немесе шығыс ретінде пайда немесе шығын арқылы танылуы тиіс.

Салық салу

Табыс салығы бойынша ағымдағы шығындар Қазақстан Республикасының және Топ жұмыс істейтін басқа елдердің заңнамасына сәйкес есептеледі.

Мерзімі кейінге шегерілген салықтық активтер мен міндеттемелер уақыттық айырмашылыққа қатысты есепке алудың баланстық әдісін пайдалану арқылы есептеледі. Мерзімі кейінге шегерілген табыс салығы активтердің салықтық базасы мен міндеттемелері және баланстық құны арасында пайда болған барлық уақыттық айырмашылықтар бойынша, мерзімі кейінге шегерілген корпоративтік табыс салығы іскерлік беделдің, активтің немесе компанияны шоғырландыру емес және іске асыру сәтінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайда мен шығынға да әсері тимейтін операция бойынша міндеттеменің бастапқы көрсетілуі нәтижесінде туындайтын жағдайларды қоспағанда, қаржылық есептілігі мақсатында көрсетіледі.

Мерзімі кейінге шегерілген салықтық активтер уақыттық айырмашылықтар қарсы есепке алынуы мүмкін, келешекте салық салынатын табыс алу мүмкіндігі бар шамада көрсетіледі. Мерзімі кейінге шегерілген салықтық активтер мен міндеттемелер активті сату немесе міндеттемелерді реттеу кезеңі ішінде қолданылатын салықтық мөлшерлемелер бойынша есеп берілетін күні күшіне енген немесе нақты күшіне енетін салықтық мөлшерлемеге қарай бағаланады. Мерзімі кейінге шегерілген салық өзге жиынтық кірісте немесе капиталда есепке алынатын операцияға қатысты жағдайларды қоспағанда, мерзімі кейінге қалдырылған салық тікелей пайда мен шығындарда есепке алынады, мұндай жағдайда мерзімі кейінге қалдырылған салық тағы да тікелей жиынтық табыста немесе капиталда есепке алынады.

Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер, Топтың уақыттық айырмашылықты қалпына келтіру мерзімін бақылау мүмкіндігі бар және аталған айырмашылықтар көз жетерлік болашақта қалпына келтірілмейтініне жоғары ықтималдылық бар болатын жағдайларды қоспағанда, еншілес кәсіпорындарға, тәуелді кәсіпорындарға қатысты салық салынатын уақыттық айырмашылықтарды ескере отырып көрсетіледі.

Мерзімі кейінге шегерілген табыс салығы еншілес және қауымдастырылған компанияларға, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялармен байланысты уақыттық айырмашылық бойынша көрсетіледі, уақыттық айырмашылыққа сторно жасау уақытын бақылауға болатын және уақыттық айырмашылыққа жақын келешекте түзетпе жүргізілмеуі мүмкін болатын жағдайлар бұған жатпайды.

Топ мерзімі кейінге шегерілген салық активтері мен міндеттемелерге өзара есеп жүргізеді және Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есептілікте қорытынды айырмасын көрсетеді, егер:

- Топтың ағымдағы салықтық талаптар мен ағымдағы салықтық міндеттемелерге қарсы есепке алу жүргізу үшін заңды түрде бекітілген құқығы болса; және
- Мерзімі кейінге шегерілген салықтық активтер мен міндеттемелер бір салықтық субъектіден бір салықтық орган өндіріп алатын пайда салығына жатқызылатын болса.

Мұнымен қатар Қазақстан Республикасында және Топ жұмыс істейтін басқа елдерде Топ қызметіне қатысты қолданылатын әртүрлі операциялық салықтар әрекет етеді. Бұл салықтар пайда салығынан басқа салықтардың құрамында көрсетіледі.

Егер салықтық тексеру нәтижесі ретінде салық органдары Топтың төлемдерді жүргізуін міндеттейтін болса, Топ белгісіз салықтық позициялар бойынша резервті көрсетеді. Бұл резерв Топтың төлеуге жататын сомасына қатысты ең жақсы баға негізінде бағаланады. Резервтер, басшылық олардың енді талап етілмейтінін немесе заңды талаптармен сәйкес анықтаған кезеңде табыс салығы бойынша резервтегі табысқа қайтарылады.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған тозу мен құнының құнсыздануы шегерілгеннен кейінгі бастапқы құны бойынша көрсетіледі, ғимараттар мен құрылыстар бұған жатпайды, олардың құны қайта бағалау жүргізілетін күнгі әділ құны болып табылатын қайта бағаланған құнмен, кейін құнсызданудан жинақталған амортизация мен жинақталған шығындардың шегерілгеннен кейінгі құн бойынша көрсетіледі.

Нысанды амортизациялау оны пайдалануға қол жеткізу мүмкін болғанда басталады. Амортизациялау активтерді тиімді пайдаланудың мынадай бағалау мерзімдері ішінде құнды біркелкі шығынға жазу әдісімен есептеледі:

	Жылдар
Ғимараттар мен құрылыстар	20-100
Көлік құралдары	5-7
Компьютерлер мен банктік жабдықтар	5-10
Басқалары	7-10

Жалға берілген меншікті жақсартуларды амортизациялау жалданған тиісті активтерді пайдалы қолдану мерзімі ішінде есептеледі. Ағымдағы және күрделі жөндеу бойынша шығыстар пайда мен шығындар туралы шоғырландырылған есептілікте, егер капиталдандыру бойынша талаптарды қанағаттандырмайтын болса, операциялық шығындар құрамында олардың пайда болу кезеңінде көрсетіледі.

Негізгі құрал-жабдықтардың баланстық құны әрбір есептік күнге, есепке алуда көрсетілген соманың, оның орны толтырылатын құнынан асуы мүмкін мәніне талданады және, егер баланстық құн мұндай есеп айырысатын орын толтыру құнынан асатын жағдайда активтер құны орын толтыратын есеп айырысу құнынан артатын болса, онда активтер құны орны толатын құнға дейін төмендетіледі. Құнсыздануған болған шығын тиісті кезеңде танылады және операциялық шығыстар құрамына қосылады.

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

Қызмет көрсетуге немесе әкімшілік мақсатқа арналған қолда бар ғимараттар мен құрылыстар Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте қайта бағаланған құнымен көрсетіледі, бұл құн білікті тәуелсіз бағалаушылар нарықтық мәліметтер негізінде белгілеген, кейіннен жинақталған тозу мен құнсызданудан зияндар шегерілгеннен кейін анықталады. Активтердің баланстық құны есептік күнгі жағдайға сәйкес әділ құнмен есептеу әдісі бойынша анықталуы мүмкін болатын құннан елеулі айырмашылықта болмауы үшін қайта бағалау ұдайы түрде жүргізіліп отырады.

Қайта бағалау нәтижесінде жылжымайтын мүлік құнының кез келген ұлғайтылуы негізгі құралдарды қайта бағалау резерві құрамында көрсетіледі, пайда мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте бұрын танылған сол актив құнының азайтылған сомасы өтелетін жағдай бұған жатпайды. Бұл жағдайда ұлғайтылған құн сомасы пайда мен зияндар туралы біріктірілген есепте бұрын ескерілген активтердің азайтылған құны мөлшерінде танылады. Қайта бағалау нәтижесінде туындаған активтің баланс құнының азайтылуы пайда мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте аталған активтің бұған дейінгі қайта бағалану нәтижесінде пайда болған қайта бағалау құнынан қаншалықты асатын болса, сол мөлшердегі деңгейде танылады.

Қайта бағаланған ғимараттар мен жайлардың амортизациясы пайда мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Қайта бағаланған меншік одан әрі сатылған немесе шығарылған жағдайда Жылжымайтын мүлікті қайта бағалау резервінің құрамында ескерілген тиісті оң мәнді нәтиже бөлінбеген пайда есебіне аударылады.

Аяқталмаған құрылыс нысандары құнсыздануан шығындар шегерілген нақты құн бойынша есепке алынады. Құрылыстың құнына кәсіпкерлік қызметтердің құнын, сондай-ақ белгілі бір талаптарға сәйкес келетін активтер үшін Топтың есептік саясатына сәйкес капиталдандырылатын қарыздар бойынша шығындар кіреді. Осындай аяқталмаған құрылыс нысандары құрылысты аяқтау немесе жоспарланған пайдалануға дайын болу сәтіне негізгі құрал-жабдықтардың тиісті санаттарына жатады. Осы активтер бойынша амортизацияны есептеу негізгі құрал-жабдықтардың басқа нысандары бойынша сияқты активтердің жоспарланған пайдалануына дайын болу сәтінен басталады.

Негізгі құралдар нысаны сатылған жағдайда немесе активті пайдалануды жалғастырудан болашақ экономикалық пайда түсіру күтілмеген жағдайда, есептен шығарылады. Негізгі құрал-жабдықтар нысандарын сатудан немесе өзге шығуынан түскен кіріс немесе зиян осы нысандарды сату бағасы мен баланстық құны арасындағы айырмашылық ретінде анықталады және пайда немесе шығындарда танылады.

Материалдық емес активтер

Жеке сатып алынған материалдық емес активтер.

Жеке мәмілелер шеңберінде сатып алынған, пайдаланудың соңғы мерзімдері бар материалдық емес активтер құнсыздануан жинақталған амортизация мен жинақталған шығын шегерілген сатып алу құны бойынша есепке алынады. Тиімді пайдаланудың күтілудегі мерзімдері мен амортизацияны есептеу әдісі әр есептік кезеңнің аяғына талданады, бұл ретте бағалаулардағы барлық өзгерістер салыстырмалы көрсеткіштерді қайта қарастырмастан есептілікте көрсетіледі. Материалдық емес актив сатылған кезде немесе оны пайдаланудан не болмаса шығуынан болашақ экономикалық пайда түсімдері күтілмеген жағдайда есептен шығарылады. Активтің шығуынан таза түсімдер мен баланстық құнының арасындағы айырмашылықты білдіретін, материалдық емес активті есептен шығарудан түскен пайда немесе шығын есептен шығару сәтінде пайдаға немесе шығынға қосылады.

Жеке мәмілелер шеңберінде сатып алынған, пайдаланудың анықталмаған мерзімдері бар материалдық емес активтер құнсыздануан жинақталған шығын шегерілген нақты шығындар бойынша есепке алынады. Пайдаланудың анықталмаған мерзімдері бар материалдық емес активтерге амортизация есептелмейді.

Бизнесті біріктіру бойынша мәмілелерде сатып алынған материалдық емес активтер.

Бизнесті біріктіргенде сатып алынған және гудвиллдан бөлек көрсетілетін материалдық емес активтер сатып алу күніне әділ құн бойынша есепке қабылданады (сатып алу құны ретінде қарастырылатын). Бастапқы танылғаннан кейін бизнесті біріктіргенде сатып алынған материалдық емес активтер жекелеген мәмілелер шеңберінде сатып алынған материалдық емес активтерге ұқсас құнсыздануан жинақталған амортизация мен жинақталған шығындар шегерілген сатып алудың құны бойынша көрсетіледі.

Амортизациялау активтерді тиімді пайдаланудың мынадай бағалау мерзімдерінің ішінде құнды бір қалыпты есептен шығару әдісімен есептеледі:

	Жылдар
Клиенттік базаға жататын материалдық емес активтер	5
Бағдарламалық жасақтама	10
Бағдарламалық жасақтаманы пайдалану құқығына лицензиялық келісім	10
Басқалары	10

Сатуға арналған активтер

Ұзақ мерзімді активтермен тікелей байланысты ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер егер мұндай активтердің ағымдағы құны, негізінен, бұларды тұрақты түрде пайдалану арқылы емес, сату арқылы өтелу мүмкіндігі жоғары болса және мұндай активтер (немесе шығу тобы) бұлардың ағымдағы күйінде сатылуы мүмкін болса, сатуға арналған деп жіктеледі («шығу тобы»). Мұндай активтер сатуға арналған деп жіктелген сәттен бастап басшылық бұл активтерді бір жылдың ішінде сатуға ниетті болуға тиіс.

Сатуға арналған активтер сатуға жұмсалатын шығын шегерілгеннен кейінгі бұлардың баланстық және әділ құнымен бағаланады. Егер сатуға арналған активтің әділ құны сатуға жұмсалатын шығын шегерілгеннен кейін оның баланстық құнынан төмен болса, құнсыздану шығынын ұйым пайда мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте сатуға арналған активтер шығыны ретінде тануға тиіс. Активтің әділ құнындағы одан кейінгі кез келген ұлғаю шамасы, сату шығыны шегерілгеннен кейін, осы активтердің құнсыздануы бойынша бұрын танылған жинақталған шығын сомасы болып танылады.

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(миллион теңгемен)

Инвестициялық жылжымайтын мүлік

Инвестициялық жылжымайтын мүлік жалгерлік төлем алу, қосымша капиталдандыру үшін немесе сол жағдайлардың бірінде пайдаланылатын нысандарды білдіреді. Инвестициялық жылжымайтын мүлік нысандары бастапқыда, сатып алу шығыстарымен қоса сатып алу құны бойынша есепке алынады. Нәтижесінде олар әділ құн бойынша көрсетіледі. Инвестициялық жылжымайтын мүліктің әділ құнының өзгерістері, олар пайда болатын жылдағы пайдаға немесе шығынға қосылады.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің нысаны онымен байланысты экономикалық пайда түсіру енді болжамданбайтын жағдайда, пайдаланудан түпкілікті шығарылғанда баланстан шығарылады. Есептен шығару кезеңіндегі кез келген кіріс немесе зиян (шығудан таза түсімдер мен активтің баланстық құны арасындағы айырмашылық) есептен шығару жылындағы пайдаға немесе зиянға қосылады.

Коммерциялық жылжымайтын мүлік

Белгілі бір жағдайларда, Топ кредиттік шарттарды реттеу шеңберінде коммерциялық жылжымайтын мүлікті өтеуді жүргізе алады. Топ осы жылжымайтын мүлікті қалыпты қызмет барысында сатуды жоспарлайды, сәйкесінше бұл жылжымайтын мүлік бастапқыда сатып алу шығыстарымен қоса әділ құн бойынша есепке алынады, ал бастапқы танудан кейін екі құнның ең төменгісі бойынша бағаланады: өзіндік құн немесе сатудың таза құны бойынша. Сатудың таза құнын бағалау жүргізген сәтте, коммерциялық жылжымайтын мүлікті сату күтілетін сомалар бойынша бар дәлелдердің ең сенімділерінен негізделеді. Бұл бағалаулар кезең аяқталғаннан кейін болған жағдайларға тікелей қатысты құнның немесе өзіндік құнның құбылуын осындай жағдайлар осы жылдың аяғында болған шарттарды растайтындай мөлшерде есепке алады.

Клиенттер мен кредит мекемелерінің қаражаты

Клиенттер мен кредиттік мекемелерінің қаражаты бастапқыда мәмілемен тікелей байланысты шығындарды шегергендегі алынған қаражаттың әділ құны бойынша көрсетіледі.

Кейін алынған қаражат амортизациялық құны бойынша көрсетіледі, ал алынған қаражаттың мөлшері мен өтеу кезіндегі сома арасындағы тиісті айырмашылық тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, қарыз алу кезеңіндегі пайда мен шығын туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Егер Топ өзінің меншікті борыштық міндеттемесін сатып алса, онда ол қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептен алынып тасталады және міндеттеменің баланстық құны мен мәміледе төленген өтемақы арасындағы айырмашылық пайда мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Шығарылған борыштық бағалы қағаздар

Шығарылған борыштық бағалы қағаздар Топтың айналымға шығарған облигациялары болып табылады, олар клиенттер мен кредиттік мекемелердің қаражаттары сияқты қағидаттарға сәйкес көрсетіледі. Міндеттемелерді шығару шығындарын шегергендегі алынған сомалар және өтеу құны арасындағы кез келген айырмашылық тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, қарыз алу кезеңі бойынша пайда мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Капитал

Топ өзі шығаратын қаржы құралын келісімшарттық келісімнің мәніне сәйкес қаржы активі, қаржы міндеттемесі немесе үлестік құрал ретінде жіктейді. Егер ол ақшалай қаражат немесе басқа қаржы активін ұсыну бойынша, не болмаса қолайсыз жағдайларда қаржы активтерін немесе қаржы міндеттемелерін айырбастау бойынша келісімшарттық міндеттеме болса, құрал міндеттеме ретінде жіктеледі. Егер ол міндеттемелер шегерілгеннен кейін Топ активтеріндегі қалған үлеске ғана үміттенген болса, құрал капитал ретінде жіктеледі.

Топ шығарған күрделі қаржы құралдарының компоненті түрлі жағдайларға сәйкес қаржы активтері, қаржы міндеттемелері немесе капитал ретінде жеке жіктеліп, есепке алынады.

Жарғылық капитал

Компаниялар біріктірілетін жағдайды қоспағанда, жаңа акцияларды шығарумен тікелей байланысты үшінші тараптың қызмет ақысын төлеу шығыны капитал құрамында осы эмиссия нәтижесінде алынған соманың азаюы ретінде көрсетіледі. 2003 ж. 13 мамырға дейін алынған қаражаттың әділ құнының шығарылған акциялардың номиналдық құнынан асатын сомасы эмиссиялық кіріс ретінде көрсетілген. 2003 ж. 13 мамырдан бастап, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының жаңа редакциясы қабылданғаннан кейін «акцияның номиналдық құны» деген ұғым акцияларды қоғамның құрылтайшылары арасында орналастырған кезде ғана қолданылады. Барлық өзге инвесторлар үшін жарғылық капитал Топтың акцияларды орналастырудан алған сомасына тең орналастыру бағасы бойынша есепке алынады.

Өтеуі төлеп алынған меншікті акциялар

Топ меншікті акциялардың өтеуін төлеп алған жағдайда, мәміле бойынша тікелей шығындарды қоса алғандағы сатып алу құны, қолданылатын тиісті салық төлемі шегерілгеннен кейін, капитал құрамының өзгерісі ретінде танылады. Топтың өтеуін төлеп сатып алынған меншікті акциялары айналымнан алынады. Құны өтеліп сатып алынған акциялар өтеуі төлеп алынған меншікті акциялары ретінде жіктеледі және сатып алу құны бойынша көрсетіледі. Мұндай акциялар шығарылған акциялардың орташа есептелген санынан шегеріледі және олардың құны капиталдың азаюы ретінде көрсетіледі. Топ мүшелері сатып алған акциялары бойынша алынған дивидендтер шоғырландыру кезінде алынып тасталады.

Дивидендтер

Дивидендтер міндеттеме болып танылады және олар жарияланған күні капитал сомасының есебінен шығарылады. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есеп берілетін күнге дейін, сондай-ақ есеп берілетін күннен кейін, алайда шоғырландырылған қаржылық есептілікте шоғырландырылатын күнге дейін ұсынылған немесе жарияланған болса, есептілікте ашылып көрсетіледі.

Меншікті капитал қорлары

Топтың қаржылық жағдайы туралы есебіндегі меншікті капиталдың құрамында (өзге жиынтық кірісте) көрсетілген қорларға мыналар кіреді:

- Өзге жиынтық кіріс арқылы бағаланатын қаржы активтерінің әділ құнының өзгеруі мен өзге жиынтық кіріс арқылы бағаланатын қаржы активтерінің әділ құны бойынша бағаланатын борыштық қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтерді қамтитын қаржы активтерін қайта бағалау қоры;

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(миллион теңгемен)

- таза инвестицияларды шетел қызметіне қайта есептегенде туындайтын бағамдық айырмашылықтарды көрсету үшін пайдаланылатын бағамдық айырмашылықтар қоры;
- жер мен ғимараттарды қайта бағалау резервінен тұратын негізгі құралдарды қайта бағалау қоры.

Шартты міндеттемелер

Шартты міндеттемелер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте танылмайды, дегенмен, оларды өтеу нәтижесінде қаржының ағымы туындау ықтималдығы аз болған жағдайларды қоспағанда, шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылады. Шартты актив Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте танылмайды, бірақ экономикалық пайда табу мүмкіндігі болған жағдайда Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есептілікте ашылады.

Бизнесті біріктіргенде сатып алынған шартты міндеттемелер

Бизнесті біріктірген кезде сатып алынған шартты міндеттемелер сатып алу күні әділ құны бойынша есепке алынады. Кейіннен шартты міндеттемелер мыналар бойынша бағаланады: «Резервтер, шартты міндеттемелер мен шартты активтер» деген ХҚЕС (IAS) 37-ге сәйкес анықталған мөлшер және «Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім» деген ХҚЕС (IFRS) 15-ке сәйкес есептелген, жинақталған амортизация шегерілген, олар бастапқыда есепке алынған мөлшер.

Фидуциарлық қызмет

Топ өз клиенттеріне мүлікті сенімгерлікпен басқару қызметтерін ұсынады. Топ сондай-ақ депо шоттары бойынша бағалы қағаздармен операциялар жүргізуді қамтамасыз ете отырып, өз клиенттеріне депозитарий қызметтерін ұсынады. Фидуциарлық қызмет шеңберінде алынған активтер мен қабылданған міндеттемелер Топтың қаржылық есептілігіне енгізілмейді. Топ фидуциарлық қызметпен байланысты операциялық тәуекелдерді өзіне қабылдайды, алайда осы операциялар бойынша кредиттік және нарықтық тәуекелдерді Топ клиенттері көтереді. Сенімгерлікпен қызмет көрсетуден түскен түсім қызмет көрсету сәтінде танылады.

Кірістер мен шығыстарды тану

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін қоспағанда, барлық қаржы құралдарына арналған пайыздық кірістер және шығыстар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептелген пайда мен шығын туралы есепте «Пайыздық шығыстар» және «Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептелген пайыздық кірістер» ретінде «Таза пайыздық кіріс» түрінде танылады.

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары бойынша пайыздық кіріс пайда немесе шығын туралы шоғырландырылған есептің «Басқа да пайыздық кірістер» құрамына кіреді.

ТПМ – қаржы құралының күтілетін болашақ ақша ағындарының қаржылық активтің немесе міндеттеменің күтілетін мерзімі ішінде немесе (егер қолданылса) қысқа мерзім ішінде таза баланстық құнға дисконттау мөлшерлемесі. Болашақ ақша ағындары құралдың барлық шарттық талаптарын ескере отырып есептеледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын және кез келген қарыз туралы уағдаластықпен тікелей байланысты болған тараптар төлеген немесе алған барлық сыйақылар және сомалар, сондай-ақ мәміле бойынша шығындар және барлық басқа сыйақылар немесе жеңілдіктер ескеріледі. ПШАӘҚБ санатындағы қаржы активтері бойынша мәміле бойынша шығындар бастапқы тану кезінде пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі.

Пайыздық кірістер/пайыздық шығыстар кредиттік құнсызданбаған қаржы активтерінің (яғни, күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервті бағалау шамасын түзетуге дейінгі қаржы активінің амортизацияланған құнына) жалпы баланстық құнына немесе қаржылық міндеттемелердің амортизацияланған құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы есептеледі. Кредиттік құнсызданған қаржы активтері бойынша пайыздық кірістер мұндай активтердің амортизациялық құнына ТПМ қолдану арқылы (яғни, олардың күтілетін кредиттік шығындарға қатысты бағалау резервін шегергендегі олардың жалпы баланстық құны) есептеледі. СҚКҚ қаржы активтеріне арналған ТПМ қаржылық активтен күтілетін болашақ ақша ағындарын анықтау кезінде күтілетін кредиттік шығындар сомасын көрсетеді.

Клиенттерге қарыздар беру комиссиясы (тиісті тікелей шығындармен бірге) қарыздар бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемеге жасалған түзету ретінде танылады. Егер қарыз беру міндеттемелері болса, қарыз беру туралы шарт бекітілген болса, қарыз беру міндеттемесі үшін комиссия алдағы кезеңдердің кіріс құрамына (тиісті тікелей шығындарымен бірге) қосылады және одан әрі қарыз бойынша нақты табыстарға жасалған түзету ретінде көрсетіледі. Қарыз беру бойынша міндеттемелер қарыз беруге алып келу ықтималдығы төмен болып бағаланатын болса, қарыз беру міндеттемесі үшін комиссия қарыз беру бойынша міндеттеменің қалған кезеңі ішінде пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі. Қарыз беру міндеттемелерінің әрекет ету мерзімі қарыз берілмей аяқталғанда, қарыз беру міндеттемесінің комиссиясы оның әрекет ететін мерзімі аяқталатын күнгі пайда мен шығындар құрамында танылады.

Қызметтер мен комиссиялар бойынша кірістер

Комиссиялық кірістер клиенттерге осындай қызметтерге айырбас ретінде күтілетін сыйақыны көрсететін сомасы ретінде көрсетіледі. Топ қызмет көрсету бойынша міндеттемелерді, яғни клиентпен келісілген міндеттемелерді орындау бойынша қызметтерді көрсетуге сәйкес клиентпен келісілген сыйақыны таниды.

Әрбір орындалатын анықталған міндеттемеге Топ шарт жасаған кезде оның орындалатын міндеттемелерді ағымдағы уақыт ішінде немесе белгілі бір сәтте орындайтынын және өтеу тіркелімді немесе ауыспалы, өтеу шегін қоса алғанда, мысалы, Топтың ықпалына байланысты емес сыртқы факторлар, болып табылатынын анықтайды. Сыйақы кейіннен анықталған орындау міндеттемесіне бөлінеді.

Клиенттердің шоттарына және кассалық операцияларға қызмет көрсетуден түсетін комиссиялық кірістерге салымдардан алынған сыйақылардың орнына, депозиттерден алынған комиссиялар, салымшылардың өтініші бойынша транзакцияларға қызмет көрсету бойынша алымдар және Ақшалай қаражатын басқару бойынша операциялар жүзеге асырудан түскен комиссиялар кіреді. Депозиттер бойынша қызметтер үшін ақы төлеу, әдетте ай сайын тиісті қызмет көрсетілетін кезеңде танылады. Қызмет ақысы сұрау салынған қызмет көрсету транзакциясы аяқталғаннан кейін танылады. Ақшалай қаражатын басқарғаны үшін алынатын төлемдер көрсетілген қызметке қарай танылады.

Пластик карталарға қызмет көрсеткені үшін қызметтер мен комиссиялардан түсетін кіріс несие және дебеттік карталар транзакциясынан түсетін өзара ауысымдық кірістерді қамтиды және тиісті желімен

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(миллион теңгемен)

есептескеннен кейінгі уақытта танылады. Бір банктің екінші банкке оның кредиттік карталарымен жасаған операциялары үшін төленетін комиссияны, әдетте, тиісті желі сатып алу көлемі және басқа факторлар негізінде белгілейді. Карталармен байланысты басқа да комиссиялар транзакция аяқталған кезден кейінгі сәтте танылады.

Банктік қызмет көрсетудің басқа да кірістері мен комиссияларына банктік аударымдар, аккредитивтер бойынша алымдар және басқа транзакциялық қызметтер сияқты транзакциялық банктік операциялардың әртүрлі алымдар кіреді. Бұл алымдар, осылайша, транзакция жүргізілген және қызметтер көрсетілген уақытта танылады. Аккредитивтер бойынша алымдар негізінен аккредитив туралы келісімдерге байланысты алынатын алымдарды қамтиды және әдетте келісімшартты орындау кезінде танылады.

ХҚЕС (IFRS) 15 қолдану шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген ақпараттың немесе сомалардың ашылуына елеулі әсерін тигізген жоқ.

Шетел валютасында берілген баптарды қайта бағалау

Шоғырландырылған қаржылық есептілік, шетелдік еншілес компанияларды қоспағанда, Банк пен оның еншілес кәсіпорындарының функционалдық валютасы болып табылатын теңгемен беріледі. Шетел валютасындағы операциялар бастапқыда операция жүргізілетін күндегі айырбастау бағамы бойынша функционалдық валютамен қайта есептеледі. Шетел валютасындағы ақша активтері мен міндеттемелер ҚҚБ есептік күнге сәйкес белгілеген нарықтық айырбастау бағамы бойынша теңгемен қайта есептеледі. Шетел валютасымен мәмілені қайта есептеу нәтижесінде пайда болған пайда мен шығындар шетел валютасын және шетел валютасымен операцияларды қайта бағалаудан алынған таза пайдалар немесе шығындар ретінде пайда мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте танылады. Шетел валютасымен бастапқы құны бойынша бағаланған ақшалай емес баптар бастапқы мәмілелер күніне айырбастау бағамдарын қолдану арқылы қайта есептеледі. Шетел валютасымен әділ құны бойынша бағаланатын ақшалай емес баптар әділ құн айқындалған күнгі айырбастау бағамын пайдалана отырып қайта есептеледі.

Шетелдік еншілес кәсіпорындардың активтері мен міндеттемелері есепті күнгі жағдай бойынша, Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепті күні әрекет ететін айырбастау бағамы бойынша Топтың функциялық валютасымен қайта есептелінеді, ал еншілес кәсіпорындардың пайда мен шығындар туралы есептілігі бір жыл үшін орташа айырбастау бағамдары бойынша қайта есептеледі. Қайта есептеген кезде туындайтын айырмашылық капиталдың жеке компонентінде тура есепке алынады. Шетелдік еншілес кәсіпорын шығарылған жағдайда, капиталда танылған және тікелей осы еншілес кәсіпорынға қатысты мерзімі кейінге шегерілген жинақталған сома пайда мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Мәміленің келісімшарттық айырбастау бағамы мен мәміле жасалатын күнгі нарықтық айырбастау бағамы арасындағы айырмашылық шетел валютасымен жүргізілетін операциялар бойынша таза пайдаға немесе шығынға қосылған. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша нарықтық айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 462.65 теңгені, 1 ресейлік рубль үшін 6.43 теңгені, 1 еуро үшін 492.86 теңгені құрады (2021 жылдың 31 желтоқсанында – 1 АҚШ доллары үшін 431.67 теңге, 1 ресейлік рубль үшін 5.77 теңге, 1 еуро үшін 487.79 теңге болды).

Сақтандыру

Сақтандыру бойынша келісімшарттар – егер болашақтағы көрсетілген белгісіз оқиға сақтандыру полисін ұстаушыға теріс әсер ететін болса, сақтандыру полисінің ұстаушысына өтемақы төлеуге келісім берумен қоса, басқа тараптан едәуір сақтандыру тәуекелін беретін келісімшарттар. Топ Қазақстан Республикасындағы сақтандыру компаниялары үшін ҚРҰБ белгілеген есепке алу саясатын пайдаланады.

Қазақстан Республикасының нормативтік актілеріне сәйкес, сақтандыру шарттарында кепілдік берілген элементсіз дискрециялық қатысу болған жағдайда, сақтандырылушыларға қосымша төлемдер акционерлердің жылдық жалпы жиналысында қабылданған шешімге байланысты болады және бөлінбейтін табысты бөлу сияқты ұсынылуы тиіс; шығыстар емес.

Топ мүлікті сақтандыру, жазатайым жағдайдан сақтандыру, құқықтық жауапкершіліктен сақтандыру, жеке басты сақтандыру және өмірді сақтандыру бойынша түрлі өнімдер ұсынады.

Андеррайтингтен түсетін кіріс

Андеррайтингтен түсетін кіріс еңбекпен өтелмеген сыйлықақы резервіндегі таза өзгеріс шегерілгеннен кейін қайта сақтандыруға берілгеннен алынған комиссиялар мен сақтандыру бойынша таза сыйлықтан тұрады.

Келісімшарттың әрекеті басталғаннан кейін сыйлықақылар полисте көрсетілген сомада есепке алынады және сақтандыру шартының әрекет ету кезеңі ішінде пропорционалды негізде табысқа жатқызылады. Еңбекпен өтелмеген сыйлықтар резерві сақтандыру шартының аяқталмаған мерзіміне жататын барлық қабылданған сыйлықтардың бөлігін құрайды және қосаберілген Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте сақтандыру талаптарын реттеу резервіне қосылады.

Шығындарды реттеу бойынша шығындар мен шығыстар пайда мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте олардың шығуына қарай болуы мүмкін пайда мен шығындар резервін шығындарды реттеу бойынша қайта бағалау арқылы есепке алынады және қоса берілген пайда мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте іске асырылған сақтандыру төлемдері құрамына қосылады.

Қайта сақтандырушылармен келісімшарттар бойынша алынған комиссиялар қайта сақтандыру шартына қол қойған және ол күшіне енген сәттен бастап кіріс ретінде есепке алынады.

Сақтандыру полисін сатып алу құны жаңа бизнесті ашумен тікелей байланысты және түрленеді, мерзімі кейінге қалдырылған болып табылатын және сақтандыру активтерінің құрамында қоса берілген Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте сақтандыру активтерінде көрсетілетін сақтандыру агенттері мен брокерлерге төленген комиссиялардан тұрады. Мерзімі кейінге шегерілген сатып алу бойынша шығындарға жататын активтер кейіннен тиісті сыйақы еңбегі ақталған кезең ішінде амортизацияланады және оның баланстық құнының орны толатын болмауы мүмкін жағдайларда құнсыздануы тұрғысынан тексеріледі. Егер актив сомасы орны толтырылатын құн сомасынан көп болса, ол дереу есептен шығарылады. Қалған өзге шығындар пайда болу ретіне қарай шығыстар болып танылады.

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(миллион теңгемен)

Сақтандыру бойынша шығындарға резерв және шығындарды реттеу бойынша шығыстар

Сақтандыру қызметі бойынша мүмкін болатын шығындардың резерві және сақтандыру шығындарын реттеу шығыстары қоса беріліп отырған қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепке қосылған және әлі реттелмеген есептік күнге дейін сұратылған шығындардың ақысын төлеуге болжанған сомаға және болған, бірақ есептік кезеңге жатқызылатын жарияланбаған шығындар бойынша бағалауға негізделген.

Орын алған, бірақ жарияланбаған автокаско және жауапкершілікті сақтандыру бойынша шығындар резерві (бұдан әрі – «ОЖШР») актуарлық негізде анықталады және бизнестің санаттар мен қосалқы санаттар зияндары пайда болуы үшін қалыпты кезең үшін сақтандыру төлемдері бойынша статистикалық деректерге және Топтың алдыңғы тәжірибесіне негізделген.

Топтың нақты тарихи деректерінің және бизнестің басқа бағыттары бойынша салыстырмалы деректерінің болмауына байланысты ОЖЗР ҚРҰБ нұсқаулығын қолдану арқылы анықталды. Осы ОЖШР нұсқаулығы талаптарының деректеріне сәйкес сақтандырудың осы класында есептеу күнінің алдындағы соңғы он екі айдың ішінде күшіне енген сақтандыру шарттары бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақысы сомасының 5 %-ы мөлшерінде анықталды.

Мұндай бағалауларды анықтау тәсілі және соның нәтижесінде алынған резервтерді жасау тұрақты түрде қайта қаралып және жаңартылып отырады. Осының нәтижесінде алынған түзетулер олар анықталған кезеңде пайда мен шығын туралы шоғырландырылған есептерде көрінеді.

Қайта сақтандыру

Топ өзінің әдеттегі қызметін іске асыру барысында қайта сақтандыру операцияларын жүзеге асырады. Қайта сақтандыру туралы мұндай келісімдер бизнесті одан әрі әртараптандыруды қамтамасыз етеді, басшылыққа тәуекелдерді сақтандыру нәтижесінде пайда болатын ықтимал шығындарды бақылауды іске асыруға мүмкіндік береді және өсімге қол жеткізу үшін қосымша мүмкіндік туғызады.

Қайта сақтандыру активтері басқа қайта сақтандыру компанияларының төленген және төленбеген зияндар үшін берешек сомасынан және зияндарды реттеуге жұмсалатын шығыстардан, сондай-ақ әлі алынбаған сақтандыру сыйлығынан құралады. Қайта сақтандырушылардан алынатын ақша сомасы қайта сақтандыру полистеріне байланысты сақтандыру өтемдерін төлеуге жұмсалатын шығыс ретінде бағаланады.

Қайта сақтандыру міндеттемелері егер қайта сақтандырушыдан алынған комиссияға қарсы есепке алу құқығы жоқ болса жиынтық сомамен ескеріледі және қоса берілген Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте сақтандыру активтерінің құрамына қосылады.

Қайта сақтандыру бойынша келісімшарттар сақтандыру тәуекелі едәуір шығынның ақылға сыйымды мүмкіндігі ретінде анықталғанына, ал уақыттық тәуекел Топтың қайта сақтандырушыға берген ақшалай қаражаттың қозғалысы мерзімінің едәуір ауытқуының ақылға сыйымды мүмкіндігі ретінде анықталғандығына көз жеткізу үшін бағаланады.

Топ өзінің қайта сақтандыру активтеріне құнсыздану мәні бойынша үнемі бағалау жүргізеді. Егер Топ келісімшарт талаптары бойынша өзіне тиесілі соманы ала алмауы мүмкін болса және бұл оқиғаның қайта сақтандырушыдан Топтың алатын сомасына сенімді анықталған әсері бар екендігі туралы объективтік куәландыру болса, қайта бағаланатын актив құнсызданады.

Банктік емес қызметтен түскен кірістер мен шығыстар

Негізгі қызметі Банктен проблемалық инвестициялық активтер мен коммерциялық жылжымайтын мүлікті сатып алу, сондай-ақ оларды одан әрі басқару және / немесе осындай активтерді сату болып табылатын Топтың банктік емес еншілес кәсіпорындарының кірістері мен шығыстары банктік емес қызметтен түскен кірістер мен шығыстардың құрамында нетто негізде пайда мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте танылады. Банктік емес қызметтен түскен кірістер мен шығыстар инвестициялық жылжымайтын мүлікті, коммерциялық жылжымайтын мүлікті және сатуға арналған активтерді өткізуден түскен кірістерді / шығыстарды, сондай-ақ операциялық жалдаудан түскен кірісті, тіркеу шығыстарын және тиісті мүлікті сатудан түскен кірістерді / шығыстарды қамтитын жылжымайтын мүлікпен өзге де операциялар бойынша кірістерді / шығыстарды қамтиды.

Сегменттік есептілік

Сегмент өнімдер немесе қызмет ұсынумен (операциялық сегмент) немесе тәуекелге ұрынуы мүмкін және басқа сегменттердің тәуекелдері мен пайдаларынан ерекшеленетін пайда әкелетін және тәуекелдерге ұшырау қаупі бар белгілі бір экономикалық орта шеңберінде (географиялық сегмент) өнімдер мен қызмет ұсынумен айналысатын Топтың ерекше бір компоненті болып табылады.

Қаржы кепілдіктері мен аккредитивтері

Топ ұсынатын қаржы кепілдіктері мен аккредитивтері, егер дебитор борыштық құрал түрлендірілген немесе алғашқы талаптарына сәйкес өз уақытында ақы төлеу жүргізе алмайтын болса, басталатын шығындардың өтемақысы ретінде төлемді іске асыруды қарастыратын кредит операцияларын қамтамасыз ету болып табылады. Мұндай қаржы кепілдіктері мен аккредитивтері бастапқыда әділ құны бойынша көрсетіледі. Кейіннен олар резерв ретінде көрсетілген сомаға (а) және қаржы кепілдігі немесе аккредитиві бойынша алынған сыйлық түрінде келешектегі кезең табыстарының жинақталған амортизациясына жол берілуі шегерілгеннен кейін бастапқы көрсетілген сомаға (б) қатысты көрсетілген соманың қайсысының артық екендігіне байланысты бағаланады.

Топ жалға беруші ретінде

Топ жалдау шарты бойынша жалға беруші ретінде әрекет еткен жағдайларда, әрбір жалдау шарты операциялық жалдау немесе қаржылық жалдау ретінде жіктеледі. Жалға алынатын активтерге меншік құқығымен байланысты, бірақ оларға меншіктің заңды құқығы міндетті емес барлық тәуекелдер мен пайдаларды беруді көздейтін шарттар қаржылық жалдау ретінде жіктеледі. Жалдау басталған күні Топ өзінің қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есебінде қаржылық жалдаудағы активтерді таниды және оларды жалға алуға таза инвестицияға тең сомада дебиторлық берешек ретінде ұсынады. Бастапқы тікелей шығындар жалға берілетін таза инвестицияның бастапқы бағасына енгізіледі және жалдау мерзімі ішінде танылатын кіріс сомасын азайтады. Алынатын қаржылық кіріс жалдау мерзімі ішіндегі пайыздық кірістердің құрамында таза жалға берілетін инвестициялардың кірістілігінің тұрақты нормасын қамтамасыз ететіндей ескеріледі.

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(миллион теңгемен)

Жалға алынатын активтерге меншік құқығымен байланысты барлық тәуекелдер мен пайдаларды іс жүзінде беруді көздемейтін, бірақ оларға меншіктің заңды құқығы міндетті емес шарттар операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Операциялық жалдау мәні болып табылатын активтер олар жатқызылған санатқа (баланс бабына) сәйкес Топ балансында есепке алынуын жалғастырады. Операциялық жалдау шарттары бойынша дебиторлық берешек есептеу әдісімен жалдау мерзімі ішінде көрсетіледі.

Топ жалға алушы ретінде

Топ жалға алушы ретінде әрекет еткен жағдайларда жалдау шарттарын есепке алу пайдалану құқығының моделін қолдана отырып жүзеге асырылады. Бұл үлгі жалдау басталған күні жалға алушының жалдау мерзімі ішінде базалық активті пайдалану құқығы үшін жалға берушінің пайдасына жалдау төлемдерін жүзеге асыруға қаржылық міндеті бар деп болжайды. Пайдалану құқығы нысанындағы активтің бастапқы құны жалдау бойынша міндеттемені бастапқы бағалау шамасын, жалдау бойынша алынған ынталандыру төлемдерін шегергендегі жалдау басталған күнгі немесе осындай күнге дейінгі жалдау төлемдерін, сондай-ақ жалдау шартын жасасуға негізделген, егер жалдау шарты жасалмаса, көтерілмейтін қосымша шығындарды қамтиды.

Пайдалану құқығы нысанындағы активті кейіннен есепке алу бастапқы құны бойынша жүзеге асырылады:

- жинақталған амортизацияны және құнсыздануды түскен жинақталған шығындарды шегергенде; және
- жалдау бойынша міндеттемені қайта бағалауға түзетумен.

Амортизация жалдау шарты аяқталған күнге дейін желілік әдіспен жүргізіледі.

Жалдау жөніндегі міндеттеме осы күні әлі жүзеге асырылмаған жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бастапқы тану кезінде бағаланады. Келтірілген құн жалдау шартында кепілге салынған пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып немесе қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдалана отырып, жалдау төлемдерін дисконттау жолымен есептеледі.

Жалдау басталған күннен кейін топ жалдау міндеттемесін келесідей бағалайды:

- жалдау бойынша міндеттеме бойынша пайыздарды көрсету үшін баланстық құнын ұлғайта отырып;
- жүргізілген жалдау төлемдерін көрсету үшін баланстық құнды азайта отырып; және
- жалдау шарттарын қайта бағалауды немесе өзгертуді көрсету үшін баланстық құнын қайта бағалай отырып.

Пайдалану құқығының моделі базалық активті сатып алуға арналған опционды қамтымайтын қысқа мерзімді жалдау шарттарына (12 айдан аспайтын мерзімге), сондай-ақ базалық активтің құны төмен шарттарға (5,000 АҚШ долларына дейін) қолданылмайды. Мұндай жалдау бойынша жалдау төлемдері жалдау мерзімі ішінде есептеу әдісімен шығыс ретінде танылады.

Ағымдағы жылға қатысты күшіне енген жаңа және түзетілген ХҚЕС

Төмендегі стандарттар мен түсіндірулерге түзетулер топ үшін 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданыла бастады:

ХҚЕС (IAS) 16 Негізгі құралдар – Болжалды пайдалануға дейінгі түсімдер түзетулері

ХҚЕС-ты жыл сайын жетілдіру, 2018-2020 жылдар кезеңі (2020 мамыр)

ХҚЕС (IFRS) 3 (Мамыр 2020) «Тұжырымдамалық негіздерге сілтемелер» түзетулері

ХҚЕС (IAS) 37 (Мамыр 2020) «Шығынды шарттар – келісімшартты орындау құны» түзетулері

Жоғарыда көрсетілген стандарттар мен түсіндірмелер Топ басшылығы тарапынан қаралды, бірақ бұл мәліметтер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне елеулі әсер еткен жоқ.

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген жаңа және қайта қаралған ХҚЕС стандарттары

Осы қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті бекіту сәтінде Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген мынадай жаңа және қайта қаралған ХҚЕС қолданбаған:

Жаңа немесе қайта қаралған стандарт немесе түсіндірулер	Күшіне енетін күні – келесіден ерте басталмайтын жылдық кезеңдер үшін
ХҚЕС (IFRS) 17 (2020 маусымдағы және 2021 желтоқсандағы ХҚЕС (IFRS) 17 түзетулерін қоса алғанда	2023 жылғы 1 қаңтар
ХҚЕС (IAS) 1 – «Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді деп жіктеу» түзетулері	2023 жылғы 1 қаңтар
ХҚЕС (IAS) 1 түзетулері және ХҚЕС бойынша 2 Тәжірибелік нұсқаулық «Есептік саясатты ашу»	2023 жылғы 1 қаңтар
ХҚЕС (IAS) 12 – Бір операциядан туындайтын активтер мен міндеттемелерге байланысты кейінге қалдырылған салық түзетулері	2023 жылғы 1 қаңтар
ХҚЕС (IAS) 8 – «Бухгалтерлік бағаларды анықтау» түзетулері	2023 жылғы 1 қаңтар
ХҚЕС (IFRS) 16 – Кері жалдау арқылы сату кезінде жалдау міндеттемесі түзетулері	2024 жылғы 1 қаңтар
ХҚЕС (IAS) 1 – Ковенанттармен ұзақ мерзімді міндеттемелер түзетулері	2024 жылғы 1 қаңтар

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(миллион теңгемен)

Топ жоғарыда аталған стандарттарды қолдану төменде сипатталғандай «Сақтандыру шарттары» ХҚЕС (IFRS) 17 қоспағанда, болашақ кезеңдерде Топтың қаржылық есептілігіне елеулі әсер етеді деп күтпейді.

ХҚЕС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттары»

2020 ж. 25 маусымда және 2021 ж. 9 желтоқсанда енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды есептегенде 2017 ж. 18 мамырда шығарылған ХҚЕС 17 «Сақтандыру шарттары» сақтандыру шарттарына қатысты ақпаратты тану, бағалау, ұсыну және ашу қағидаттарын белгілейді және

ХҚЕС 4 «Сақтандыру шарттарын» ауыстырады. Оны Топ 2023 жылдың 01 қаңтарынан басталатын кезеңдерде қолданады. ХҚЕС 17 ХҚЕС 4-пен салыстырғанда айтарлықтай тұжырымдамалық өзгерісті білдіреді. Ол экономикалық тұрғыдан тиімдірек болуға және сала бойынша салыстыруды арттыра отырып, бизнестің негізгі кірістілігін жақсырақ көрсетуге бағытталған.

ХҚЕС 17 сақтандыру компаниясы да сақтандыру шарттарын ресімдеген жағдайда, ресімделген сақтандыру шарттарына, қайта сақтандыру шарттарына және қалауы бойынша қатысу талаптары бар шарттарға қолданылады. Ол сақтандыру шарттарынан келесі компоненттерді бөлуді талап етеді: (i) егер олар белгілі бір белгіленген критерийлерге сәйкес келсе, кіріктірілген туынды құралдар, (ii) жеке инвестициялық компоненттер және (iii) сақтандырылмаған тауарлар мен қызметтерді ұсыну бойынша жеке орындау міндеттемелері. Бұл компоненттер тиісті стандарттарға сәйкес бөлек есептелуі керек.

Стандарт сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелерді және тиісті кірістілікті бағалау үшін қолданылатын жинақтау деңгейін анықтайды. Сонымен қатар, ХҚЕС 17 ұқсас тәуекелдерге ұшыраған және бірлесіп басқарылатын шарттардан тұратын сақтандыру шарттарының портфельдерін анықтауды талап етеді. Сақтандыру шарттарын бағалаудың жалпы моделін қолдану мақсатында ХҚЕС (IFRS) 17 сақтандыру шарттары бойынша деректерді есепке алудың жаңа бірлігі болып табылатын шарттар тобының деңгейіне дейін біріктіруді көздейді. Бір топқа тек бір жылдан аспайтын айырмашылықпен шығарылған келісімшарттар кіруі мүмкін (жылдық когорта деп аталады). Сондықтан шарттардың әрбір портфелі (бірлесіп басқарылатын тәуекел бейіні бірдей шарттардың жиынтығы) жылдық когорталарға және одан әрі үш негізгі топқа бөлінеді:

1) бастапқы тану кезінде ауыртпалық түсіретін шарттар;

2) кейіннен ауыртпалықсыз болу ықтималдығы жоғары шарттар;

3) өзге де шарттар.

ХҚЕС 17 әдепкі бойынша келесі құрамдас элементтерге негізделген жалпы модельді (кезеңдік тәсіл) қолдануды талап етеді:

- мыналарды қамтитын шарттарды орындау бойынша ақша ағындары:
  - болашақ ақша ағындарын бағалау ықтималдығын ескере отырып өлшенген;
  - ақшаның уақытша құнын және осы болашақ ақша ағындарымен байланысты қаржылық тәуекелдерді көрсететін түзету (яғни дисконттау);
  - қаржылық емес тәуекелді түзету;
- шарт бойынша қызметтер үшін маржа.

Тәуекелге түзетуді айқындау кезінде резервтердің тәуекел факторларына қатысты белгілі бір сенімділік деңгейін көрсететін «қаржылық емес тәуекелге тәуекелді түзету» тәсілі пайдаланылады. Қаржылық емес тәуекелге тәуекелді түзету белгілі бір сенімділік деңгейіндегі ең көп шығынды білдіреді. Өмірді сақтандыру және жазатайым оқиғалардан сақтандыру шарттары үшін іске асыру сәл өзгеше. «Өмірді жинақтаушы сақтандыруға» қатысты шарттар топтары алдымен тәуекел факторынан кейін, болашақ ақша ағындарының ағымдағы құнының өзгеруін бағалау үшін сенімділіктің оңтайлы деңгейіне дейін жасалады.

Келтірілген шығындар бойынша жазатайым оқиғалардан сақтандыруға байланысты міндеттемелерге қатысты сенімділіктің оңтайлы деңгейін көрсететін қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетуді есептеу резервтерді толық бөлу ықтималдығына қолданылады. Қаржылық емес тәуекелге тәуекелді түзетуді бағалау кезінде сақтандыру процесіне тән статистикалық өзгергіштікті пайдаланылады, бұл күтілетін болашақ ақша ағындарына қатысты белгісіздікке әкеледі. Егер жеткілікті деректер болса, тәуекелді статистикалық талдаудың әртүрлі әдістері арқылы сандық түрде анықтауға болады.

Деректер шектеулі жерде Топ пайымдауға сүйенеді. Талдау үшін қолайлы көлемді бағалау кезінде тереңірек талдау жүргізуге жұмсалған күш-жігер мен тереңірек талдау маңызды және статистикалық тұрғыдан маңызды болып табылатын тәуекел мен белгісіздікті көрсету үшін пайдаланылатын бағалаулардың өзгеруіне әкелетіні арасындағы тепе-теңдік туралы пайымдау пайдаланылады.

Топ бастапқыда жалпы тәсіл негізінде бағаланатын шарттар топтары үшін қаржылық емес тәуекелге тәуекелді түзетуді есептейді. PAA әдісі бойынша бағаланатын қалған топтар үшін тәуекелге түзету тек келтірілген шығындар резервтері үшін есептеледі.

Сондай-ақ, неғұрлым күрделі модельдерді жоғары жинақтау деңгейінде іске қосу, содан кейін бағалау кезінде неғұрлым егжей-тегжейлі деңгейде пайдалану үшін факторлық матрицаларға дейін жеңілдету қарастырылады.

Дисконттау мөлшерлемесіне келетін болсақ, Топ «жоғарыдан төмен» тәсілін қолданғысы келеді. Базалық мөлшерлеме ретінде активтердің кірістілігіне анық енгізілмеген кредиттік тәуекел үшін сыйлықақыны ескере отырып түзетілген инвестициялық портфельдің болжамды кірістілігін пайдалану болжанады. Бұл түзету базалық мөлшерлемені кредиттік тәуекел үшін қосымша сыйақылардан тазартуға мүмкіндік береді. Кредит тәуекелі көптеген әдістермен бағалануы мүмкін. Байқалған тәжірибелерге «Нарықтық әдістер» (кредиттік/дефолттық своп), «Күтілетін/күтпеген кредиттік шығындар моделі» және т. б.

ХҚЕС 4-пен салыстырғанда шарт бойынша қызметтер үшін маржаны енгізу елеулі өзгеріс болып табылады. Шарт бойынша қызмет көрсету маржасы сақтандыру шарттары тобы бойынша алынбаған пайданы, басқаша айтқанда, акционерлерге тиесілі болашақ пайданың ағымдағы құнын білдіреді. Ол қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте бос ақша ағынынан бөлек міндеттеме ретінде ұсынылады және Топ сақтанушыларға қызмет көрсеткен кезде шарттардың қолданылу мерзімі ішінде пайда мен шығын туралы шоғырландырылған есепте танылады. Шарт бойынша қызметтер үшін маржа сақтандыру шарты күшіне енген күні теріс бола алмайды; сақтандыру шарты күшіне енген күні міндеттемелерді

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

орындау бойынша ақша ағындарының кез келген таза теріс сомасы пайда немесе шығын құрамында дереу көрсетіледі.

Әрбір келесі есепті кезеңнің соңында сақтандыру шарттары тобының баланстық құны қайта бағаланады және:

- болашақ қызметтерге қатысты бос ақша ағындарын және осы күнге арналған топтың келісімшарты бойынша қызметтер үшін маржаны біріктіретін қалған сақтандыру бойынша міндеттемелер сомасын; және
- осы күнге Топқа тағайындалған өткен қызметтерге қатысты бос ақша ағыны ретінде бағаланатын шығындар бойынша міндеттемелер сомасын білдіреді.

Шарт бойынша қызметтер үшін маржа техникалық болжамдардың өзгеруіне (өлім, сырқаттану, тоқтату, шығыстар, болашақ сыйлықақылар) байланысты күтілетін болашақ ақша ағындарындағы өзгерістерді ескере отырып, әрбір келесі есепті кезеңде түзетіледі. Алайда, шарт бойынша қызмет көрсету маржасы теріс бола алмайтындықтан, шарт бойынша қызмет көрсету үшін қалған маржадан асатын болашақ ақша ағындарының теріс өзгерістері пайда немесе шығын ретінде бірден танылады. Сондай-ақ, пайыздар шартты бастапқы тану кезінде белгіленген мөлшерлемелер бойынша шарт бойынша қызметтер үшін маржаға есептеледі (яғни, болжамды ақша ағындарының ағымдағы құнын анықтау үшін бастапқы тану кезінде пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемесі бойынша). Сонымен қатар, шарт бойынша қызметтер үшін маржа берілген төлемдер санын және топтағы қалған шарттарды жабудың күтілетін ұзақтығын көрсететін сақтандыру өтемінің бірліктері негізінде пайда немесе шығын құрамына енгізіледі. Сақтандыру шарттарының әртүрлілігін ескере отырып, сақтандыру өтеуінің бірліктерін анықтау шартта анықталған қамту деңгейі ретінде (мысалы, белгіленген мерзімде қайтыс болуына байланысты жәрдемақы, полис ұстаушылар шотының құны немесе кепілдіктердің жиынтығы) және шарт бойынша сақтандырудың күтілетін ұзақтығын ескере отырып, пайымдауларды пайдалануды шамалайды.

Топ ақылға қонымды және расталған тарихи ақпараттың болуына байланысты сақтандыру шарттары тобының деңгейінде ауысу тәсілін анықтады.

Топ өзгертілген ретроспективті тәсілді қолданады. Бұл тәсілде CSM міндеттемелерді орындауға көшкенге дейін нақты ақша ағындарын ескере отырып, ХҚЕС 17 рұқсат еткен түзетулерді пайдалана отырып есептеледі.

Топ өмірді сақтандырудан басқа өзі шығарған (қайта)сақтандыру шарттарының көпшілігіне және ауысу күнінде қолданылатын қайта сақтандыру шарттарына жеңілдетілген тәсіл қолданылатынын және ол ХҚЕС 17-ге сәйкес осындай шарттарға оңайлатылған тәсілді қолданатынын бағалады. Мұндай қолданыстағы шарттардың қысқа мерзімді сипатына байланысты, әдетте, толық ретроспективті өтпелі тәсіл қолданылады. Алайда, мерзімі өтпелі күнге дейін аяқталған, оған қатысты оңайлатылған тәсілді қолдануға жарамдылығын бағалау жүргізілмеген шарттар үшін Топ өтпелі кезеңнің кейбір рұқсат етілген модификациялары бар құрылымдық блоктар әдісін қолданатын болады.

Осы модификацияларды қолдану өзгертілген ретроспективті тәсілге сәйкес келтірілген шағымдар бойынша міндеттемені бағалауға әкеледі. Топ өз қызметі шеңберінде ең жақсы бағалау негізінде резервтеу әдісін қолданып жатқандықтан, ХҚЕС 17 енгізу өмірге қатысы жоқ номиналды резервтерге айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде.

Өтпелі кезеңдегі акционерлік капиталға әсер ету дисконттауды қолданудың өтемдік әсерінен (оң нәтиже) және шығынға Топтың резервтері үшін қаржылық емес тәуекелді түзетуден (теріс әсер) туындайды деп күтілуде.

Жалпы, біз ХҚЕС 17-ге көшумен өмірді сақтандырумен байланысты емес бизнеске қатысты капиталға айтарлықтай әсерді күтпейміз. Шарттардың ауыр топтарының әсері Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі үшін маңызды болмайды деп күтілуде.

ХҚЕС 17-ге сәйкес, түсіну үшін кірістер мен шығыстар туралы шоғырландырылған есепте танылған сомалар мыналарға бөлінуі керек:

- сақтандыру қызметтерін көрсету қорытындысы, оның ішінде сақтандыру кірістері (басқа салалардың кірістерімен салыстыруға болатын кезең ішінде көрсетілген сақтандыру қызметтеріне сәйкес келеді) және сақтандыру қызметтеріне арналған шығыстар (яғни, сақтандыру қызметтері бойынша келтірілген шығындар мен басқа да шығындар); және
- сақтандыру қаржылық кірістері немесе шығыстары, Топтың таза пайданың құбылмалылығын шектеу үшін сақтандыру қаржылық кірістерін немесе шығыстарын пайда және шығын туралы есеп пен басқа жиынтық кіріс арасында бөлу нұсқасын қолданады деп күтеді.

ХҚЕС 17-ге сәйкес, ХҚЕС 4-пен салыстырғанда, сақтандыру кірістері енді бір жыл ішінде қол қойылған сақтандыру сыйлықақыларын көрсетпейді, өйткені оларға:

- өмірді сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының негізгі бөлігін құрайтын кез келген инвестициялық компонент кірмейді;
- кезең ішінде алынған сыйлықақылардың бір бөлігін, яғни шарттарды орындау бойынша ақша ағындарын ашуды (кезең үшін күтілетін ақша ағындарын және тәуекелге түзетуді тиісті түрде ашуды), сондай-ақ шарт бойынша қызметтер үшін маржаны ашуды (кезең ішінде алынған пайданың бөлігіне сәйкес) көрсетеді.

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепті түсіндіруге қатысты ХҚЕС 4-пен салыстырғанда өзге де өзгерістер, атап айтқанда, мыналарға қатысты:

- кейінге қалдырылған аквизициялық шығыстарды және сатып алынған қолданыстағы сақтандыру шарттарының құнын алып тастау нәтижесінде азаятын материалдық емес активтер; бұл активтер ХҚЕС 17-ге сәйкес шарт бойынша қызметтер үшін маржаға алдын ала салынған ХҚЕС 4 стандартына сәйкес болашақ пайданың бір бөлігін құрайды;
- сақтандыру міндеттемелерінен бөлек ұсынылмайтын сақтандыруға байланысты дебиторлық (және кредиторлық) берешек, бұл активтер мен міндеттемелердің жалпы сомасының қысқаруына әкеледі.

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін бағалау әлі аяқталған жоқ. Оны сенімді сандық бағалау әлі мүмкін емес.

4. 4а. ЕЛЕУЛІ БУХГАЛТЕРЛІК БАҒАЛАУЛАР

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау, басшылықтан есептілікте шоғырландырылған қаржылық есептілігі жасалатын күнгі жағдайға сәйкес көрсетілген активтер және міндеттемелер сомасына және есеп берілетін кезең ішінде көрсетілген кірістер мен шығындар сомасына әсерін тигізетін бағалау мен тұжырымдар жасауды талап етеді. Басшылық үнемі өз бағалаулары мен жорамалдарын тұрақты қарастырып отырады. Басшылық өз бағалаулары мен жорамалдарын осы жағдайда ақылға қонымды деп саналатын тарихи тәжірибеге және басқа әртүрлі факторларға негіздейді. Нақты нәтижелер басқаша жорамалдар мен жағдайларда берілген бағалаулар мен тұжырымдардан ерекшеленуі мүмкін. Келесі бағалаулар мен жорамалдар Топтың қаржылық жағдайын көрсету үшін маңызды деп саналады.

Кредит тәуекелінің едәуір ұлғаюы

3-ескертуде келтірілгендей, ККШ шамасы 12 айдың ішінде (1-сатыдағы активтер үшін) немесе бүкіл кредиттеу ішінде (2-ші және 3-ші сатылардағы активтер үшін) күтілетін кредиттік шығындарға тең есептелген бағалау резервінің сомасында бағаланады. Актив бастапқы тану сәтінен бастап кредит тәуекелінің елеулі ұлғаюымен екінші кезеңге ауысады. Жеке актив бойынша кредиттік тәуекелдің ұлғаюының маңыздылығын бағалау кезінде Топ ақылға қонымды және растауға болатын сапалы және сандық болжамды ақпараттарды ескереді. Толығырақ ақпарат 31-ескертуде келтірілген.

Өнімнің/нарықтың әрбір түрі үшін болжанған сценарийлердің санын және салыстырмалы салмағын анықтау және әрбір сценарийге қатысты болжамдық ақпаратты анықтау

Қазынашылық операциялар бойынша Топ есепті күндегі контрагент/эмитенттің кредиттік сапасының ағымдағы бағалауларына ғана емес, сондай-ақ болашақта контрагент (эмитент) ортасының қолайсыз макроэкономикалық факторларының салдарынан қаржылық жағдайының ықтимал нашарлауын ескере отырып, ККШ-ны қаржы активі бойынша есептейді. Атап айтқанда, қазынашылық операциялар бойынша ККШ-ның деңгейіне дефолт ықтималдығына (PD) әсер ететін халықаралық рейтингілік агенттіктер тарапынан белгіленетін (позитивтік, тұрақты, жағымсыз) рейтингілік болжам ықпал етеді.

Банктік қарыздар бойынша ККШ-ның есебі болжалды ақша ағындарына, ұжымдық қарыздардың көші-қонына және кепілмен қамтамасыз етумен өтеуге макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгеруіне ықтимал бағалау әсерін есепке алады.

ККШ-ны бағалағанда Топ негізделген болжамды ақпаратты пайдаланады, ол ақпарат әртүрлі экономикалық факторлардың болашақ қозғалысына қатысты және аталған факторлардың бір-біріне қалай әсер ететініне қарай негізделген. Толығырақ ақпарат алу үшін 31-ескертуді қараңыз.

ККШ-ны бағалау үшін пайдаланылатын негізгі бастапқы деректері мыналардан құралады:

- Дефолттың ықтималдығы («PD»);
- Дефолт жағдайында болатын шығындар («LGD»);
- Дефолт тәуекеліне ұшырағыш болып келетін кредит талабының көлемі («EAD»).

Дефолттың ықтималдығы

Дефолттың ықтималдығы ККШ бағалауының негізгі кіріс параметрі болып табылады. Дефолт ықтималдығы – бұл есебі тарихи деректерден, болжамдар мен болашақ талаптарды күтуден тұратын берілген уақыт шегіндегі бағалау.

Қазынашылық операциялар бойынша дефолттың ықтималдығы дефолт ықтималдығының мәндері бар кестелік деректер жарияланатын халықаралық рейтингтік агенттіктердің (S&P, Fitch, Moody's) дефолтты зерттеу деректеріне сәйкес анықталады. Дефолт ықтималдығы өзекті күйде болуы қамтамасыз етіледі және дефолт статистикасының жаңартылуына қарай мерзімді негізде жаңартылады.

Корпоративтік, шағын және орта бизнестердің жеке қарыздары бойынша дефолт ықтималдығы қарыз алушының санды және сапалы сипаттамаларының негізінде ішкі рейтингтік үлгі көмегімен бағаланады. Ұжымдық негізде бағаланатын банктік қарыздар бойынша дефолттың ықтималдығын есептеу көші-қон және roll-rates матрицаларын қолдану арқылы тарихи деректер негізінде жүзеге асырылады.

Дефолт жағдайында болатын шығындар

Дефолт жағдайында болатын шығындар дефолт кезінде туындайтын шығындардың бағалануы болып табылады. Ол құнсыздануан және интегралдық кредиттік жақсартулардан болған ақша ағындарын есепке алғанда, шарт бойынша тиесілі және кредитор алуды күтетін ақша ағындары арасындағы айырмаға негізделген.

Қазынашылық операциялар бойынша дефолт кезіндегі шығындың деңгейі (LGD) халықаралық рейтингтік агенттіктердің (S&P, Fitch, Moody's) дефолттарды зерттеу деректеріне (Default Study) сәйкес анықталады және қаржы активі бойынша борыш түріне байланысты: үлкен қамтамасыз етілген/ қамтамасыз етілмеген, реттелген, тәуелсіз. Сонымен қатар LGD, егер актив бойынша қамтамасыз ету қарастырылған болса, сондай-ақ қаржы активі бойынша құнсыздану белгілері бар болған жағдайда (2-саты немесе 3-саты), түзетілуі мүмкін.

Ұжымдық негізде бағаланатын банктік қарыздар бойынша LGD есебі кепілмен қамтамасыз етуді іске асыру мерзімдеріне сәйкес келетін дисконттау мерзімдерін қолдана отырып кепілмен қамтамасыз ету іске асырылған жағдайда, міндеттемелердің қайтарымдылығын бағалау негізінде жүзеге асырылады.

Дефолт тәуекеліне ұшырағыш болып келетін кредит талабының көлемі

«Дефолт тәуекеліне ұшырағыш болып келетін кредит талабының көлемі» көрсеткіші борыштың негізгі сомасы мен пайыздарды қоса, есепті кезеңнен кейін тәуекелдердің күтілетін өзгертулерін, сонымен қатар мақұлданған кредит қаражатының күтілетін таңдауларын есепке ала отырып, болашақта дефолт күніне тәуекелдің бағалануы болып табылады. Топтың осы көрсеткішті модельдеуге деген көзқарасы амортизация профильдері, мерзімінен бұрын өтеу немесе артық төлеу, кредиттік міндеттемелер бойынша таңдалмаған сомаларды пайдаланудағы өзгерістер және дефолт басталғанға дейін тәуекелдерді жеңілдету үшін қабылданған шаралар сияқты ағымдағы шарттық талаптармен рұқсат етілген өтеу мерзімі ішінде өтелмеген соманың күтілетін өзгерістерін ескереді. Дефолт тәуекеліне ұшыраған кредиттік талаптарды бағалау үшін Топ тиісті портфельдердің сипаттамаларын көрсететін модельдерді пайдаланады.

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(миллион теңгемен)

Қолданылатын модельдер мен болжамдар

Қаржы активтерінің әділ құнын бағалағанда, сондай-ақ ККШ бағалағанда Топ әртүрлі модельдер мен болжамдарды пайдаланады. Активтің әрбір түрі үшін ең лайықты модельді анықтау үшін, сондай-ақ кредит тәуекелінің негізгі факторларына жататын болжамдарды қоса, осы модельдерде пайдаланылатын болжамдарды анықтау үшін пайымдау қолданылады. Күтілетін кредиттік шығындарға резервтер туралы толығырақ ақпарат алу үшін 5, 8, 9, 10, 11 және 31-ескертулерді, ал әділ құнын бағалау туралы толығырақ ақпарат алу үшін 34-ескертуді қараңыз.

Топ статистикалық деректер, нақты және болжамды ақпарат, сондай-ақ ағымдағы жағдайларда негізделген болып табылатын болашақ оқиғаларға қатысты күтулерді қоса алғанда, басшылық тәжірибесі негізінде үнемі талданатын бағалаулар мен пайымдаулар жасайды.

Басым макроэкономикалық жағдайлардың әсерін объективті түрде көрсету үшін және Халықаралық қаржы есептілігінің стандарттары жөніндегі Кеңестің ұсынымдарына сәйкес Топ

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржы есептілігінде көрсетілген сомаларға неғұрлым елеулі әсер ететін күтілетін кредиттік шығындардың деңгейін бағалаудың негізгі тәсілдерін түзетті:

- Топ 31-ескертуде ашылғандай, қарыз алушылардың дефолт ықтималдығының макроэкономикалық параметрлерін есептеу тәсілін пысықтады. Макроэкономикалық көрсеткіштердің әсері бағаланады, олар өзгеретін экономикалық жағдайларды дәл көрсетеді және ең өзекті ақпарат негізінде макроэкономикалық көрсеткіштердің жаңартылған болжамы қолданылады.

2022 жылы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі қаржылық активтер бойынша ККШ бойынша резервтер қазіргі экономикалық және саяси жағдайлар мен қолжетімді болжамды ақпарат негізінде айқындалды.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша клиенттерге берілген ККШ бойынша резервтердің баланстық құны 422,388 миллион теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсан – 378,032 миллион теңге).

Әділ құнын бағалау және бағалауды жүргізу тәртібі

Қаржы активінің немесе міндеттемесінің әділ құнын бағалағанда Топ қадағаланатын нарықтық деректерді олардың қолжетімді болу шамасына қарай пайдаланады. Егер мұндай 1-ші деңгейдегі шығыс деректер болмаса, Топ қаржы құралдарының әділ құнын анықтау үшін бағалау модельдерін пайдаланады. Әділ құнды бағалау туралы қосымша мәліметті 34-ескертуде қараңыз.

Қайта бағаланған құн бойынша ескерілетін негізгі құралдар

Ғимараттар мен құрылыстар қайта бағаланған құн бойынша көрсетіледі. Соңғы бағалау 2022 жылғы қарашада жүргізілді. Бағалау әдістемесі туралы ақпарат 14-ескертуде ұсынылған.

Салық салу

Қазақстанның салық, валюталық және кедендік заңнамасына әртүрлі өзгерістер мен түсіндірмелер айтарлықтай жиі енгізіледі деуге болады. Басшылықтың мұндай заңнамаға қатысты түсіндірмесі және оның Топ қызметі мен мәмілелеріне қатысты қолданылуы тиісті өңірлік немесе мемлекеттік органдар тарапынан дау туғызуы мүмкін. Салықтық кезеңдер тиісті органдардың тексеру жүргізуі үшін қарастырылатын жылға дейінгі алдыңғы күнтізбелік бес жыл бойынша ашық қалады.

2022 ж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша басшылық өзінің тиісті заңнамалық түсіндірмесін қолдануға ыңғайлы әрі Топтың салық, валюталық және кедендік мәртебесі тиісінше расталады деп есептейді. Тиісті тексеру органдары жүргізетін тексеруден кейін қосымша салықтар, айыппұлдар мен өтемақы есептелуі мүмкін, бұл Топтың тапқан таза пайдасына елеулі әсер етіп, тиісінше көрініс табуы мүмкін.

Сақтандыру шарттары бойынша туындайтын сақтандыру активтері мен резервтер

Сақтандыру шарттары үшін бағалау есепті күнге мәлімделген сақтандыру шығындарының күтілетін түпкілікті құнына да, есепті күнге ОЖШР бойынша сақтандыру зияндарының болашақ түпкілікті құнына да қатысты жасалуға тиіс. Бизнестің кейбір бағыттары үшін ОЖШР талаптары қаржылық жағдай туралы есептегі талаптар бойынша резервтің көп бөлігін құрайды. Сақтандыру зияндарының түпкілікті құнын дәл анықтау үшін ұзақ уақыт қажет. Жауапкершілік бойынша автокаско және сақтандыру полистері үшін Топ шығындарды өтеудің болашақ сомаларын болжау үшін өткендегі талаптарды өтеу үрдістерін пайдалана отырып, міндеттемені өзектілікпен айқындайды. Бизнестің қалған бағыттары үшін жарияланған шығындардың және ОЖШР құнын бағалау кезінде басшылық жеткілікті тарихи деректердің болмауына байланысты ҚРҰБ ұсынған ағымдағы мемлекеттік нұсқаулықты қолданады. Осы нұсқаулыққа сәйкес ОЖШР зияндары бойынша резерв нақты мәлімделген жиынтық шығындарды шегере отырып, бизнестің әрбір бағыты бойынша шығындардың күтілетін коэффициентін пайдалана отырып есептеледі. Сақтандыру шығындары бойынша жалпы резервтер ақша қаражатының уақытша құнын есепке алу үшін дисконтталмайды.

Талаптар бойынша брутто резервтер және қайта сақтандыру бойынша тиісті дебиторлық берешек басшылықта бар ақпаратқа негізделген және түпкілікті сомалар кейінгі ақпарат пен оқиғалардың нәтижесінде ерекшеленуі мүмкін және өтеу сомаларында түзетулерге әкелуі мүмкін. Зияндар бойынша нақты тәжірибе бағалау негізделетін тарихи деректерден өзгеше болуы мүмкін және жекелеген зияндарды өтеу құны бұрын бағаланған шығындардан өзгеше болуы мүмкін. Резервтер сомасындағы кез келген түзетулер қажетті түзетулер белгілі болатын және бағалануы мүмкін кезеңдегі шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілетін болады.

46. ҚАЙТА ЖІКТЕУ

2021 жылдың 31 желтоқсаны аяқталған жыл үшін пайда және шығын туралы шоғырландырылған есепте жіктеуді 2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін есеп беру нысанына сәйкес келтіру үшін ол өзгеріске ұшырады, себебі ағымдағы жылдың есеп беру нысаны Топтың қаржылық нәтижелері туралы анығырақ мәлімет береді.

5,158 миллион теңге сомасындағы операциялық шығыстарды қайта жіктеуге мыналар кіреді:

- Сақтандыру еншілес ұйымдарының 5,158 миллион теңге сомасында клиенттерді тартуына байланысты агенттік сыйақы бойынша шығыстардың жіктелуі. Бұл шығыстар сақтандыру қызметімен тікелей байланысты болғандықтан, Топ басшылығы оларды сақтандыру шығыстарының құрамына қайта жіктеу туралы шешім қабылдады.

	Бастапқы көрсетілгені 2021 ж. 31 желтоқсан	Қайта жіктеу сомасы 2021 ж. 31 желтоқсан	Қайта жіктеуден кейін 2021 ж. 31 желтоқсан
Төленген сақтандыру төлемдері және агенттер бойынша комиссиялық сыйақы	(91,017)	(5,158)	(96,175)
Операциялық шығыстар	(176,608)	5,158	(171,450)

5. АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ПЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

Ақшалай қаражат пен оның баламалары мыналардан құралады:

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Кассадағы қолма-қол ақша	274,961	245,615
Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының («ЭЫДҰ») мүшесі болып табылатын елдердің банктеріндегі корреспонденттік шоттар	493,639	156,830
ЭЫДҰ мүшесі болып табылатын елдердің банктеріндегі қысқа мерзімді салымдар	46,266	-
ЭЫДҰ мүшесі болып табылатын елдердің банктеріндегі «овернайт» салымдары	92,536	86,360
ҚРҰБ-дағы корреспонденттік шоттар	236,507	108,649
ҚРҰБ-дағы қысқа мерзімді салымдар	769,907	525,076
Қазақстан банктеріндегі корреспонденттік шоттар	30,874	
Қазақстан банктеріндегі қысқа мерзімді салымдар (кері РЕПО келісімдері бойынша қарыздарды қоса алғанда)	17,152	217,387
ЭЫДҰ мүшесі болып табылмайтын елдердің банктеріндегі корреспонденттік шоттар	40,199	47,543
ЭЫДҰ мүшесі болып табылмайтын елдердің банктеріндегі қысқа мерзімді салымдар	6,652	41,779
ЭЫДҰ мүшесі болып табылмайтын елдердің банктеріндегі «овернайт» салымдары	20,138	9,282
	2,028,831	1,438,521

2022 және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақшалай қаражат пен оның баламалары бойынша күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтер тиісінше 21 миллион теңгені және 42 миллион теңгені құрады.

Ақшалай қаражат пен оның баламаларына қатысты күтілетін кредиттік шығындарға жинақталған резервтердің қозғалысы былайша берілген:

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
	1-кезең	1-кезең
Жыл басына	(42)	(46)
Тәуекел өлшемдеріндегі өзгерістер	202	7
Шетел валютасын қайта бағалаудан айырмашылық және басқа да түзетулер	(181)	(3)
Жыл соңына	(21)	(42)

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(миллион теңгемен)

Пайыздық ақшалай қаражат пен оның баламалары көрсетілген пайыздық мөлшерлемелер мен валюталар келесідей берілген:

	2022 ж. 31 желтоқсан		2021 ж. 31 желтоқсан	
	Теңге	Шетел валютасы	Теңге	Шетел валютасы
ЭЫДҰ мүшесі болып табылатын елдердің банктеріндегі қысқа мерзімді салымдар	-	0.7%	-	-
ЭЫДҰ мүшесі болып табылатын елдердің банктеріндегі «овернайт» салымдары	-	2.5%	-	0.1%
ҚРҰБ-дағы қысқа мерзімді салымдар	15.8%	4.0%-4.5%	8.8%	0.3%
Қазақстан банктеріндегі қысқа мерзімді салымдар (кері РЕПО келісімдері бойынша қарыздарды қоса алғанда)	14.8%-22.0%	-	8.8%-10.8%	0.3%
ЭЫДҰ мүшесі болып табылмайтын елдердің банктеріндегі қысқа мерзімді салымдар	-	11.0%-15.0%	-	5.0%-14.0%
ЭЫДҰ мүшесі болып табылмайтын елдердің банктеріндегі «овернайт» салымдар	-	3.0%-13.0%	-	5.5%-10.5%

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша кепілге берілген активтердің әділ құны және кері РЕПО келісімдері бойынша қысқа мерзімді қарыздардың баланстық құны былайша берілген:

	2022 ж. 31 желтоқсан		2021 ж. 31 желтоқсан	
	Қарыздардың баланстық құны	Кепілдің баланстық құны	Қарыздардың баланстық құны	Кепілдің баланстық құны
Корпоративтік облигациялар	7,815	7,331	-	-
ҚРҰБ ноталары	6,216	6,367	10,774	10,774
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық вексельдері	1,711	1,623	169,204	168,195
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ облигациялар	1,317	1,294	-	-
Қазақстандық корпорация-лардың үлестік бағалы қағаздары	93	93	-	-
Қазақстандық корпорация-лардың облигациялары	-	-	18,053	18,058
Ресей Федерация-сының еурооблигация-лары	-	-	10,697	10,234
	17,152	16,708	208,728	207,261

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша кері РЕПО келісімдері бойынша қарыздарды өтеу мерзімі бір айдан аз мерзімді құрайды.

6. МІНДЕТТІ РЕЗЕРВТЕР

Міндетті резервтер мыналардан құралады:

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Міндетті резервтерге жатқызылған банктердің ақшасы мен қаржысы	259,544	194,931
	259,544	194,931

Міндетті резервтер Қазақстан Республикасының, Қырғызстанның, Грузияның және Өзбекстанның Ұлттық Банктері талап ететін және ең төменгі резервтік талаптарды есептеу кезінде пайдаланылатын депозиттік шоттардағы және кассадағы қолма-қол ақша түріндегі қалдықтарды ұстап тұру бойынша ең төменгі резервтік талаптарды білдіреді. 2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің еншілес кәсіпорындары – «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ, «Халық Банк Грузия» АҚ және «Tenge Bank» АКБ-ның міндетті резервтері 24,991 миллион теңгені құрайды (2021 ж. 31 желтоқсан – 17,401 миллион теңге).

7. ПАЙДА НЕМЕСЕ ШЫҒЫН АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰНЫ БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері мыналардан құралады:

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Сауда жасауға арналған қаржы активтері:		
Корпоративтік облигациялар	171,078	142,817
Қазақстандық корпорациялардың үлестік бағалы қағаздары	44,103	11,080
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ облигациялары	37,871	24,311
Шетел мемлекеттерінің еурооблигациялары	27,743	5,332
Шетелдік қаржы ұйымдарының облигациялары	18,590	5,070
Туынды қаржы құралдары	11,736	5,633
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық вексельдері	11,529	41,576
Қазақстандық банктердің облигациялары	9,250	22,855
Шетелдік ұйымдардың үлестік бағалы қағаздары	7,808	10,476
Шетелдік ұйымдардың облигациялары	2,460	14,183
	342,168	283,333

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелері былайша берілген:

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Сауда жасауға арналған қаржы міндеттемелері:		
Туынды қаржы құралдары	10,628	2,276

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің пайыздық мөлшерлемелері төменде берілген. Төмендегі пайыздық мөлшерлемелер тиісті қаржы активтері бойынша орташа алынған тиімді пайыздық мөлшерлемелер ретінде есептелген:

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Корпоративтік облигациялар	11.4%	10.2%
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ облигациялары	12.8%	10.2%
Шетел мемлекеттерінің еурооблигациялары	4.7%	4.8%
Шетелдік қаржы ұйымдарының облигациялары	10.7%	8.2%
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық вексельдері	7.6%	6.2%
Қазақстандық банктердің облигациялары	12.2%	10.5%
Шетелдік ұйымдардың облигациялары	7.1%	3.9 %

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(миллион теңгемен)

2022 және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің құрамына басқа банктермен РЕПО шарттары бойынша қамтамасыз ету ретінде берілген әділ құны 18,943 миллион теңге және тиісінше 24,719 миллион теңге болатын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық вексельдері енгізілді (18-ескертуді қараңыз). 2022 және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы барлық шарттар бойынша есеп айырысулар 2023 жылғы 25 қаңтарға және сәйкесінше 2022 жылғы 28 қаңтарға дейін жүргізілді.

Туынды қаржы құралдары мыналардан құралады:

	2022 ж. 31 желтоқсан			2021 ж. 31 желтоқсан		
	Әділ құны			Әділ құны		
	Номиналды сомасы	Активі	Міндеттеме	Номиналды сомасы	Активі	Міндеттеме
Шетел валютасындағы шарттар						
Своптар	473,979	10,455	9,288	267,388	5,069	1,660
Споттар	34,212	1,281	1,244	26,511	552	578
Форвардтар	4,627	-	96	12,155	12	38
		11,736	10,628		5,633	2,276

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, бағалау модельдері бойынша бақыланатын нарықтық деректер негізінде бағаланған туынды қаржы құралдарын қоспағанда, пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің әділ құнын айқындау үшін Топ бақыланатын тәуелсіз ақпарат көздерінен алынған баға белгілеулерін пайдаланды.

8. КРЕДИТ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ҚАРАЖАТ

Кредит мекемелеріндегі қаражат мыналардан құралады:

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Қамтамасыз ету түріндегі депозиттер	53,720	31,029
Кредит мекемелеріне берілген қарыздар	47,159	21,022
Мерзімдік салымдар және пайдалануда шектелген шоттар	35,121	550,272
	136,000	602,323
Минус – Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резерв	(345)	(198)
	135,655	602,125

Кредит мекемелеріндегі қаражаттың пайыздық мөлшерлемелері мен өтеу мерзімдері былайша берілген:

	2022 ж. 31 желтоқсан		2021 ж. 31 желтоқсан	
	Пайыздық мөлшерлеме, %	Өтеу мерзімі, жыл	Пайыздық мөлшерлеме, %	Өтеу мерзімі, жыл
Қамтамасыз ету түріндегі депозиттер	1.5%-4.1%	2046	0.1%-2.5%	2046
Кредит мекемелеріне берілген қарыздар	1.8%-8.9%	2023-2027	2.0%-13.0%	2022
Мерзімдік салымдар және пайдаланылуы шектелген шоттар	6.0%-18.0%	2023	0.3%-18.0%	2022-2023

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

Кредит мекемелеріндегі қаражат бойынша күтілетін кредиттік шығындар бойынша жинақталған резервтердегі қозғалыс былайша берілген:

	2022 ж. 31 желтоқсан 1-кезең	2021 ж. 31 желтоқсан 1-кезең
Жыл басына	(198)	(261)
Тәуекел параметрлеріндегі өзгерістер	(138)	59
Шетел валютасын қайта бағалаудан болған айырмашылық және басқа да түзетулер	(9)	4
Жыл аяғына	(345)	(198)

9. ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰНЫ БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

Борыштық бағалы қағаздар мыналардан құралады:

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық вексельдері	1,125,065	1,087,639
Шетел мемлекеттерінің еурооблигациялары	404,556	114,623
Корпоративтік облигациялар	236,879	199,402
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ облигациялары	133,508	216,932
Шетелдік ұйымдардың облигациялары	106,449	143,073
Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары	69,659	53,771
Қазақстан банктерінің облигациялары	13,621	13,818
Жергілікті муниципалды облигациялар	10,578	11,573
ҚРҰБ ноталары	-	21,685
	2,100,315	1,862,516

Үлестік бағалы қағаздар мыналардан құралады:

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Қазақстандық корпорациялардың үлестік бағалы қағаздары	8,954	9,161
	8,954	9,161
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің жиыны	2,109,269	1,871,677

2022 және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің құрамына Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің, Қазақстанның Даму Банкінің, «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ және «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ әділ құны 6,609 миллион теңге және тиісінше 8,990 миллион теңге, басқа банктермен РЕПО шарттары бойынша қамтамасыз ету ретінде берілген Қазынашылық вексельдері енгізілді (18-ескертуді қараңыз). 2022 және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы барлық шарттар бойынша есеп айырысулар 2023 жылғы 25 қаңтарға және сәйкесінше 2022 жылғы 28 қаңтарға дейін жүргізілді.

2022 және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтер 1,218 миллион теңгені және сәйкесінше 2,677 миллион теңгені құрады (10-ескерту).

Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің пайыздық мөлшерлемесі мен өтеу мерзімдері төменде көрсетілген. Төменде көрсетілген кестедегі пайыздық мөлшерлемелер тиісті бағалы қағаздар бойынша орташа сараланған тиімді пайыздық мөлшерлемелер ретінде есептелді:

	2022 ж. 31 желтоқсан		2021 ж. 31 желтоқсан	
	Пайыздық мөлшерлеме, %	Өтеу мерзімі, жыл	Пайыздық мөлшерлеме, %	Өтеу мерзімі, жыл
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық вексельдері	4.8%	2023-2045	4.6%	2022-2045
Шетелдік мемлекеттердің еурооблигациялары	1.6%	2023-2025	1.0%	2022-2025
Корпоративтік облигациялар	10.3%	2023-2047	10.1%	2022-2047
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ облигациялары	4.9%	2024-2032	5.1%	2022-2032
Шетелдік ұйымдардың облигациялары	2.2%	2023-2025	2.3%	2022-2025
Шетелдік қаржы ұйымдарының облигациялары	7.6%	2023-2026	7.8%	2022-2026
Қазақстан банктерінің облигациялары	11.7%	2023-2026	10.9%	2022-2026
Жергілікті муниципалды облигациялар	10.8%	2026	10.8%	2026
ҚРҰБ ноталары	-	-	9.2%	2022

10. КҮТІЛЕТІН КРЕДИТТІК ШЫҒЫНДАР БОЙЫНША РЕЗЕРВТЕРДІ ШЕГЕРГЕНДЕ АМОРТИЗАЦИЯЛАНҒАН ҚҰНЫ БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтерді шегергенде амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар мыналардан тұрады:

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық вексельдері	783,595	1,045,031
Корпоративтік облигациялар	191,141	178,538
Өзбекстанның қазынашылық облигациялары	25,234	
Шетелдік ұйымдардың облигациялары	8,221	56,793
Қырғыз Республикасының қазынашылық облигациялары	3,494	3,849
Грузия Ұлттық банкінің ноталары	3,002	2,436
Қырғыз Республикасы Ұлттық банкінің ноталары	2,689	-
Қазақстан банктерінің облигациялары	1,713	1,531
	1,019,089	1,288,178

2022 жылғы 3 шілдеде күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтерді шегергенде амортизацияланған

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(миллион теңгемен)

құны бойынша бағаланатын, купондық мөлшерлемесі 9.5% және айналыс мерзімі 5 жыл 250 миллиард теңге сомаға Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің борыштық бағалы қағаздарын толық өтеу жүргізілді.

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, амортизацияланған құн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар бойынша, күтілетін кредиттік шығындар бойынша резерв 350 миллион теңгені және тиісінше 545 миллион теңгені құрады.

2022 және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтерді шегергенде амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздардың құрамына әділ құны 505,588 миллион теңге және тиісінше 853,203 миллион теңге болатын, басқа банктермен РЕПО шарттары бойынша қамтамасыз ету ретінде берілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық вексельдері енгізілді (18-ескертуді қараңыз). 2022 және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы барлық шарттар бойынша есеп айырысулар 2023 жылғы 25 қаңтарға және сәйкесінше 2022 жылғы 28 қаңтарға дейін жүргізілді.

Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтерді шегергенде амортизацияланған құнмен бағаланатын борыштық бағалы қағаздардың пайыздық мөлшерлемесі мен өтеу мерзімдері төменде көрсетілген. Төменде көрсетілген кестедегі пайыздық мөлшерлемелер тиісті бағалы қағаздар бойынша орташа сараланған тиімді пайыздық мөлшерлемелер ретінде есептелді:

	2022 ж. 31 желтоқсан		2021 ж. 31 желтоқсан	
	Пайыздық мөлшерлеме, %	Өтеу мерзімі, жыл	Пайыздық мөлшерлеме, %	Өтеу мерзімі, жыл
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық вексельдері	9.2%	2023-2027	9.2%	2022-2027
Корпоративтік облигациялар	3.3%	2024	3.2%	2024
Өзбекстанның қазынашылық облигациялары	16.7%	2023	-	-
Шетелдік ұйымдардың облигациялары	2.5%	2025	4.1%	2025
Қырғыз Республикасының қазынашылық облигациялары	10.0%	2023-2024	8.0%	2022-2024
Грузия Ұлттық банкінің ноталары	9.6%	2024-2028	8.8%	2024-2028
Қырғыз Республикасы Ұлттық банкінің ноталары	12.8%	2023	-	-
Қазақстан банктерінің облигациялары	4.1%	2023	4.1%	2023

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(миллион теңгемен)

Күтілетін кредиттік шығындарға және өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтеріне резервтерді шегергенде амортизацияланған құн бойынша борыштық бағалы қағаздар бойынша күтілетін кредиттік шығындарға жинақталған резервтердің қозғалысы мынадай болды:

	2022 ж. 31 желтоқсан				2021 ж. 31 желтоқсан		
	1-кезең	2-кезең	3-кезең	Жиыны	1-кезең	3-кезең	Жиыны
Кезең басына	(1,628)	-	(1,594)	(3,222)	(1,262)	(1,022)	(2,284)
1-кезеңге аудару	(437)	437	-	-	-	-	-
2-кезеңге аудару	440	(440)	-	-	-	-	-
Тәуекел параметрлеріндегі өзгерістер *	207	(134)	177	250	251	1,247	1,498
Жаңадан берілген немесе сатып алынған қаржы активтері *	(208)	-	-	(208)	(678)	-	(678)
Қаржы активтерін тануды тоқтату *	205	-	-	205	35	-	35
Еншілес ұйымдардың шығуы	1	137	-	138			
Бұрын есептен шығарылған активтер бойынша резервтерді қалпына келтіру	-	-	-	-	-	(1,919)	(1,919)
Есептен шығарулар	23	-	1,246	1,269	-	102	102
Шетел валютасын қайта бағалаудан айырма және өзге де түзетулер	(1)	-	1	-	26	(2)	24
Кезең аяғына	(1,398)	-	(170)	(1,568)	(1,628)	(1,594)	(3,222)

* Пайда және шығын туралы шоғырландырылған есептегі «Кредиттік шығындар бойынша шығыстар» бабы мынадай баптардан тұрады: «Тәуекел параметрлеріндегі өзгерістер», «Қаржы активтерінің жаңа берулері немесе сатып алулары» және «Қаржы активтерін тануды тоқтату».

11. КЛИЕНТТЕРГЕ БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР

Клиенттерге берілген қарыздар мыналардан құралады:

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Клиенттерге берілген қарыздар	8,259,709	6,236,850
Овердрафттар	20,581	13,410
	8,280,290	6,250,260
1-кезең	7,549,514	5,469,752
2-кезең	106,694	245,157
3-кезең	586,787	502,058
Сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған қаржы активтері («СҚҚҚ»)	37,295	33,293
Жиыны	8,280,290	6,250,260
Минус – Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резерв	(422,388)	(378,032)
Клиенттерге берілген қарыздар	7,857,902	5,872,228

Клиенттердің қарыздары бойынша орташа пайыздық мөлшерлеме клиенттер қарыздарының орташа айлық балансына бөлінген бір жылдағы кредиттік портфель бойынша пайыздық кіріс сомасы ретінде есептеледі. 2022 жылғы 31 желтоқсанмен аяқталған жылға кредиттік портфель бойынша орташа пайыздық мөлшерлеме 14.2% құрады (2021 ж. 31 желтоқсанмен аяқталған жылға – 12,6%).

2022 жылғы 31 желтоқсанға Топтың ең ірі он клиенті бойынша шоғырланған қарыз көлемі 1,549,351 миллион теңге болды, бұл Топтың кредиттік портфелі жиынтығының 19 %-ын құрады (2021 жылдың 31 желтоқсанында – 1,192,775 миллион теңге, 19%) және Топ капиталының 81%-ын құрады (2021 жылдың 31 желтоқсанында – 76%). Жоғарыда аталған қарыздар бойынша

2022 жылғы 31 желтоқсанға 23,725 миллион теңге мөлшерінде күтілетін кредиттік шығындар бойынша резерв жасалды (2021 жылдың 31 желтоқсанында – 5,026 миллион теңге). .

Төменде берілген кестеде қарыздардың баланстық құнының осы қамтамасыз етудің әділ құны бойынша емес, алынған қамтамасыз ету түрінде талдауы көрсетілген:

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Жылжымайтын мүлікпен немесе жылжымайтын мүлікті иелену құқығымен қамтамасыз етілген қарыздар	2,085,862	1,643,667
Жалақы жобасының шеңберінде берілген тұтынушылық қарыздар*	1,456,127	1,091,952
Аралас қамтамасыз етумен қамтамасыз етілген қарыздар	1,128,130	698,877
Кепілдіктермен қамтамасыз етілген қарыздар	894,676	1,228,357
Ақшалай қаражатпен қамтамасыз етілген қарыздар	406,136	335,919
Жабдықпен қамтамасыз етілген қарыздар	357,587	101,313
Корпоративтік акциялармен қамтамасыз етілген қарыздар	344,630	148,009
Көлікпен қамтамасыз етілген қарыздар	337,480	210,002
Тауарлық-материалдық қорлармен қамтамасыз етілген қарыздар	218,538	67,379
Ауыл шаруашылық өнімдерімен қамтамасыз етілген қарыздар	183	276
Қамтамасыз етілмеген қарыздар	1,050,941	724,509
	8,280,290	6,250,260
Минус – Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резерв	(422,388)	(378,032)
Клиенттерге берілген қарыздар	7,857,902	5,872,228

* Бұл қарыздар жалақылық жоба шеңберінде компаниялардың жұмыскерлерінен болашақта түсетін ақшалай қаражатымен қамтамасыз етілген.

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(миллион теңгемен)

Қажеттікепілдікамтамасызетудіңсомасыментүріконтрагенттіңкредиттіктәуекелінбағалауғабайланысты болады. Сондай-ақ кепілді қамтамасыз ету түрлері мен бағалау параметрлерінің қолайлылығына қатысты ұсынымдар енгізілуде.

Алынған кепілмен қамтамасыз етудің негізгі түрлері төменде келтірілген

- қарызға берілген бағалы қағаздар және кері РЕПО операциялары бойынша – ақшалай қаражат немесе бағалы қағаздар;
- коммерциялық кредиттеу бойынша – жылжымайтын мүлік кепілі, жабдық, сыртқы рейтингі «B»-дан төмен емес заңды тұлғалардың кепілдіктері;
- жеке тұлғаларды кредиттеу бойынша – тұрғын үй-жайларды ипотекалық кепілге салу, автокөлік.

Топ клиенттерге берілген несиелер бойынша қамтамасыз ету ретінде ұсталатын және жыл соңында ұсталатын қамтамасыз етуді иелене отырып, жыл ішінде мынадай қаржылық және қаржылық емес активтерді алды. Топ Саясаты қамтамасыз етуді уақытылы сатуды көздейді. Кепілді қамтамасыз етудің негізгі мақсаты дефолт кезінде ықтимал кредиттік шығындарды азайту болып табылады. Басшылық күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтің жеткіліктілігін тексеру барысында алынған қамтамасыз етудің нарықтық құнын қадағалайды.

Қарыздар экономиканың мынадай секторлары бойынша беріледі:

	2022 ж. 31 желтоқсан	%	2022 ж. 31 желтоқсан	%
Бөлшек қарыздар:				
- тұтынушылық қарыздар	2,148,440	26%	1,625,469	26%
- ипотекалық қарыздар	388,416	5%	286,712	5%
	2,536,856		1,912,181	
Қызметтер	796,329	10%	747,595	12%
Көтерме сауда	649,849	8%	437,116	7%
Бөлшек сауда	528,459	6%	343,291	5%
Мұнай және газ	401,939	5%	332,966	5%
Қаржы секторы	356,178	4%	248,777	4%
Жылжымайтын мүлік	337,180	4%	306,401	5%
Көлік құралдары	330,642	4%	155,590	2%
Химия өнеркәсібі	327,215	4%	297,820	5%
Энергетика	320,085	4%	301,949	5%
Тамақ өнеркәсібі	304,746	4%	176,100	3%
Құрылыс	287,046	3%	220,524	4%
Ауыл шаруашылығы	268,233	3%	200,405	3%
Машина жасау	221,028	3%	113,060	2%
Металлургия	184,312	2%	95,767	2%
Тау-кен өндіру саласы	145,260	2%	118,584	2%
Байланыс	92,976	1%	76,359	1%
Жеңіл өнеркәсіп	53,278	1%	37,896	0%
Қонақ үй бизнесі	51,216	0%	58,591	1%
Басқасы	87,463	1%	69,288	1%
	8,280,290	100%	6,250,260	100%

Клиенттерге берілген қайта құрылымдалған және модификацияланған қарыздар

Банк қаржы активін, мысалы клиентке берілген қарызды тануды тоқтатады, егер шарт талаптары бойынша ол жаңа қарызға айналған жағдайда, ал айырмашылықты күтілетін кредиттік шығын бойынша резервке дейін тануды тоқтатудан алынған пайда немесе шығын ретінде танылған жағдайда қайта қаралатын болса. Бастапқы тануда клиенттерге берілген қарыздар, берілген және СҚҚК-ға жіктелген қарыздарды қоспағанда, күтілетін кредиттік шығындарды бағалау үшін 1-сатыға жіктелген. Егер модификация ақша ағындарының айтарлықтай өзгерісіне әкелмесе, онда қарызды тануды тоқтату болмайды. 2022 және 2021 жылдары клиенттерге берілген қарыздарды модификациялаудан түскен елеулі кіріс/(шығын) танылмады.

2022 жылғы 31 желтоқсанға қарыздар бойынша есептелген сыйақы сомасы 178,222 миллион теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсанда – 173,466 миллион теңге).

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде Топ кепілмен қамтамасыз етуден құн өндіру арқылы қаржылық және қаржылық емес активтерді алды. 2022 және 2021 жж.

31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бұл активтер «Сатуға арналған активтер» бабында тиісінше 4,032 миллион теңге және 14,524 миллион теңге сомасында көрсетілген.

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша клиенттерге берілген қарыздар құрамына талаптары қайта қарастырылған, тиісінше 273,204 миллион және 329,185 миллион теңге сомасына қарыздар қосылды, бұл ретте басқа жағдайда аталған қарыздардың мерзімі өткен болатын еді.

18

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша танылуы толығымен тоқтатылмаған, берілген қаржы активтері туралы ақпарат төменде көрсетілген.

Топ, РЕПО келісімдері бойынша қарыздарды Топтың операциялық қызметінің шеңберінде төлемдердің ағымын теңгемен қамтамасыз ету ретінде пайдаланады. Топ қысқамерзімді өтімділікті тарту құралының осы түрін үнемі қолданады және қаржыны қажеттілік туындаған жағдайда, РЕПО келісімдері бойынша қарыздар арқылы тартуды жалғастыруды жоспарлайды.

Топ мынадай қорытындыға келді, ол өзіне кредиттік тәуекелдерді, нарықтық тәуекелдерді қосатын сондай бағалы қағаздармен байланысты барлық тәуекелдер мен пайдаларды өзінде сақтайды, сондықтан оларды тануды тоқтатпайды. Бұдан өзге, Топ қамтамасыз ету ретінде алынған ақшалай қаражатқа қатысты қаржы міндеттемелерін таниды.

	Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтерді шегергендегі амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар (10-ескерту)	Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (7-ескерту)	Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (9-ескерту)
2022 ж. 31 желтоқсан:			
Берілген активтердің баланстық құны	505,588	18,943	6,609
Тиісті міндеттемелердің баланстық құны	502,620	19,129	6,668
2021 ж. 31 желтоқсан:			
Берілген активтердің баланстық құны	853,203	24,719	8,990
Тиісті міндеттемелердің баланстық құны	848,505	24,997	9,488

Топтың кейбір қаржылық келісімдерінде Топтың өз активтеріне ауыртпалық салу мүмкіндігін шектейтін ережелер бар. Егер Топ аталған ережелер бойынша міндеттемелерді орындамаса, бұл жағдай төлем мерзімін қиыспалы түрде қысқартуға және Топтың өзге қаржылық келісімдерінің талаптары бойынша төлемеулер тізбегіне әкеп соғуы мүмкін.

Басшылықтың пікірінше, 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топ ковенанттарды сақтап отырды.

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

19. ШЫҒАРЫЛҒАН БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

Шығарылған борыштық бағалы қағаздар мыналардан құралды:

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Амортизациялық құны бойынша көрсетілгені:		
Шығарылған реттелген борыштық бағалы қағаздар:		
Теңгемен көрсетілген, тіркелімді мөлшерлемесі бар облигациялар	90,341	86,952
Шығарылған реттелген борыштық бағалы қағаздардың жиыны	90,341	86,952
Шығарылған реттелмеген борыштық бағалы қағаздар		
Теңгемен көрсетілген облигациялар	232,597	333,310
АҚШ долларымен көрсетілген облигациялар	139,879	79,550
Шығарылған реттелмеген борыштық бағалы қағаздардың жиыны	372,476	412,860
Шығарылған борыштық бағалы қағаздардың жиыны	462,817	499,812

2021 жылғы 28 қаңтарда Банк купон мөлшерлемесі 7.25% және 2021 жылы өтеу мерзімімен 500 миллион АҚШ доллары сомасына еурооблигациялар бойынша борышын өтеді. Өтеу Банктің меншікті қаржысынан жүргізілді.

2021 жылғы 1 наурызда Банк купон мөлшерлемесі 5.5% және 2022 жылы өтеу мерзімімен 750 миллион АҚШ доллары сомасына еурооблигациялар бойынша борышын толық өтеді. Алдын ала төлем сомасы 248 миллион АҚШ долларын құрады және Топтың меншікті қаржысы есебінен жүргізілді. Топ еурооблигацияларды мерзімінен бұрын өтеуден 19,767 миллион теңге мөлшеріндегі зиянды «Басқа да кірістер» бабына қосылған пайда және шығын туралы аралық қысқаша шоғырландырылған есепте таныды.

2022 жылғы 19 қаңтарда Топ 8.75% купон мөлшерлемесімен және 2022 ж. өтеу мерзімімен 93,632 миллион теңге сомасына теңгемен көрсетілген жергілікті реттелмеген облигацияларды өтеді. Өтеу Топтың меншікті қаражатынан жүргізілді.

2022 жылғы 1 сәуірде Топ AIX-те листингтелген облигацияларды 3% купон мөлшерлемесімен және 2022 жылы өтеу мерзімімен 100 миллион АҚШ долларына төледі. Өтеу Топтың меншікті қаражатынан жүргізілді.

2022 жылғы 19 сәуірде Топ AIX-те листингтелген, 83 миллион АҚШ доллары сомасына облигацияларын 3% купон мөлшерлемесімен және 2022 жылы өтеу мерзімімен өтеді. Өтеу Топтың меншікті қаражатынан жүргізілді.

2022 жылғы 28 сәуірде Топ 2.5% купон мөлшерлемесімен 200 миллион АҚШ доллары сомасына AIX-те листингтелген облигацияларды шығаруды жүзеге асырды.

2022 жылғы 1 маусымда Топ 2.5% купон мөлшерлемесімен 100 миллион АҚШ доллары сомасына AIX-те листингтелген облигацияларды шығаруды жүзеге асырды.

Осы шығарылған борыштық бағалы қағаздардың купондық мөлшерлемелері мен өтеу мерзімдері былайша берілген:

	2022 ж. 31 желтоқсан		2021 ж. 31 желтоқсан	
	Купондық мөлшерлеме, %	Өтеу мерзімі, жыл	Купондық мөлшерлеме, %	Өтеу мерзімі, жыл
Шығарылған реттелген борыштық бағалы қағаздар:				
Теңгемен көрсетілген, тіркелімді мөлшерлемесі бар облигациялар	9.5%	2025	9.5%	2025
Шығарылған реттелмеген борыштық бағалы қағаздар:				
Теңгемен көрсетілген облигациялар	7.5%	2024-2025	7.5%-8.8%	2022-2025
АҚШ долларымен көрсетілген облигациялар	2.5%-4.0%	2025	3.0%	2022

2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша есептелген пайыздар сомасы 6,994 миллион теңгені (2021 жылғы 31 желтоқсанда – 14,943 миллион теңге) құрады.

Реттелген борыштық бағалы қағаздар Топтың қамтамасыз етілмеген міндеттемелері болып табылады және Топтың ағымдағы әрі болашақтағы барлық басымдықты берешектерінің төлеміне қатысты реттелген болып саналады. Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша купондық төлемдер жарты жылдық және жылдық негізде төленеді.

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

Қаржылық қызметпен шартталған міндеттемелердің қозғалысы

Төмендегі кестеде ақша ағындарымен шартталған өзгерістерді, сондай-ақ ақша ағындарымен байланысты емес өзгерістерді қосқанда, қаржылық қызмет нәтижесіндегі міндеттемелердің өзгерістері ұсынылған. Қаржылық қызметпен шартталған міндеттемелер, бұл олардың ақша ағындары ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есепте болған немесе алдағы уақыттағы ақша ағыны қаржылық қызметтің ақша ағыны ретінде жіктелетін міндеттемелер.

			Ақшасыз өзгерістер		
	2021 ж. 1 қаңтар	Қаржылық қызметтен ақша ағыны	Бағамдағы айырма	Амортизацияланған құнның өзгеруі	2022 ж. 31 желтоқсан
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	499,812	(49,714)	15,649	(2,930)	462,817

			Ақшасыз өзгерістер		
	2020 ж. 1 қаңтар	Қаржылық қызметтен ақша ағыны	Бағамдағы айырма	Амортизацияланған құнның өзгеруі	2021 ж. 31 желтоқсан
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	778,192	(305,470)	2,310	24,780	499,812

20. САЛЫҚ САЛУ

Банк пен оның еншілес кәсіпорындарына Топ өз қызметін атқаратын елдің салық заңнамасына сәйкес салық салынуға жатады.

Табыс салығы бойынша шығыстар мыналардан құралады:

	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2021 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Салық бойынша ағымдағы шығыстар	105,834	63,065
Кейінге қалдырылған салық бойынша үнем	(737)	(828)
Табыс салығы бойынша шығыс	105,097	62,237

Кейінге қалдырылған салық бойынша шығыстар/(үнем) мынадай мезгілдік айырмалармен байланысты:

	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2021 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын туынды құралдардың және қаржы активтерінің әділ құны	(555)	407
Негізгі құралдар, есептелген амортизация	675	1,517
Клиенттерге берілген қарыздар, күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтер	1,109	(384)
Басқасы	(1,966)	(2,368)
Пайда немесе шығын құрамында танылған, кейінге қалдырылған салық бойынша үнем	(737)	(828)

Қазақстандық заңды тұлғалар үшін 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар ішінде табыс салығының мөлшерлемесі 20% құрады. Мемлекеттік бағалы қағаздар мен кейбір бағалы қағаздар бойынша түскен кіріске табыс салығы салынбайды.

Қырғыз Республикасы, Грузия және Өзбекстан Республикасында табыс салығының мөлшерлемесі тиісінше 10%, 15% және 20% құрайды.

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

Табыс салығының тиімді мөлшерлемесі табыс салығының нормативтік мөлшерлемесінен өзгеше болады. Төменде 20% нормативтік мөлшерлемеге сәйкес есептелген табыс салығына жұмсалған шығынды нақты пайда салығының шығындарымен сәйкестендіру есебі берілген:

	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2021 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Салық салынғанға дейінгі пайда	658,849	524,615
Табыс салығының нормативтік мөлшерлемесі	20%	20%
Нормативтік мөлшерлеме бойынша табыс салығы бойынша шығыстар	131,770	104,923
Мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша салық салынбайтын кіріс және өзге бағалы қағаздар және туынды құралдардан түскен, салық салынбайтын кіріс	(38,247)	(37,110)
Басқа құзыретте операциялар жүргізетін еншілес кәсіпорындардың өзге салық мөлшерлемелерінің ықпалы	(588)	(245)
Шегерімге жатқызылмайтын шығыстар:		
- өзге провизиялар	7,301	99
- еншілес ұйымдардың шығуы	3,848	-
- жалпы және әкімшілік шығыстар	759	269
Басқасы	254	(5,699)
Табыс салығы бойынша шығыс	105,097	62,237

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелерге мыналар жатады:

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Шегерілетін мезгілдік айырманың салықтық тиімділігі:		
Есептелген сыйлықақылар	4,853	4,605
Туынды қаржы құралдарының әділ құны	1,650	296
Есептелген демалыс шығындары	688	767
Басқасы	126	14
Кейінге қалдырылған салық активі	7,317	5,682
Салық салынатын мезгілдік айырманың салықтық тиімділігі:		
Клиенттер қаражатының әділ құнын түзету	(38,721)	(40,397)
Негізгі құралдар, есептелген амортизация	(19,284)	(14,401)
Клиенттерге берілген қарыздар бойынша құнсыздану резерві	(1,406)	(297)
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын туынды құралдардың және қаржы активтерінің әділ құны		
Басқасы	23	1
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттеме	(59,639)	(55,902)
Кейінге қалдырылған таза салық міндеттемесі	(52,322)	(50,219)

Ағымдағы салық активтері мен міндеттемелері:

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Өтеуге жататын табыс салығы	1,521	1,942
Табыс салығы бойынша міндеттемелер	(12,358)	(11,539)
Ағымдағы салық міндеттемесі	(10,837)	(9,597)

Топ қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте өзара есепке алу құқығы бар жағдайларда мерзімі кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелерін өзара есепке алуды жүргізді. Өзара есепке алудан кейін ұсынылған сомалар мыналардан тұрады:

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Кейінге қалдырылған салық активі	273	250
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	(52,595)	(50,469)
Кейінге қалдырылған таза салық міндеттемесі	(52,322)	(50,219)

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

Қазіргі уақытта Қазақстанда және Топ өз қызметін жүргізіп отырған басқа елдерде уәкілетті мемлекеттік және өңірлік органдар енгізген түрлі салықтарға байланысты бірқатар заңдар әрекет етеді. Мұндай салықтарға қосымша құн салығы, табыс салығы, әлеуметтік салық, т.б. жатады. Қолданылатын ережелер көпшілік жағдайда онша айқын болмайды немесе бұрынғы оқиғалар санының шектеулілігіне байланысты мүлдем жоқ. Кейде ережелерге заңдық түсінік беру мәселесіне келгенде, түрлі ведомстволар арасында немесе тіпті бір ведомствоның өз ішінде түрлі пікірлер туындап жатады, ал бұл өз кезегінде пікір қайшылығына әкеп соғады. Салықтық декларациялар, сонымен қатар заңдық реттеудің басқа жақтары (мәселен, кедендік және валюталық бақылау мәселелері) бірнеше ведомствоның қолына берілген, олардың әрқайсысы бұзушылықтарға жол берілгенге өз тараптарынан заңға сәйкес елеулі сомада айыппұлдар мен өсімпұлдар салуға құқылы. Мұндай жағдай салықтық заңнама жүйесі елеулі жетілдірілген басқа дамыған елдермен салыстырғанда, Қазақстандағы салықтық тәуекелдер қаупінің деңгейі әлі де біршама жоғары екендігін көрсетеді.

Топ өз қызметін жүргізетін елдердің коммерциялық заңнамасы бойынша берілетін түсінік бір мәнді болмауы мүмкін. Сонымен қатар салық органдарында іскерлік қызметке қатысты еркін пікір қалыптасу тәуекелі де болады. Салық органдарының Топ қызметіне қатысты мұндай пікірлеріне байланысты басшылық тарапынан дауласу болған жағдайда қосымша салықтар, айыппұлдар мен өсімпұлдар туындауы мүмкін.

Мұндай белгісіздік, мәселен, қаржы құралдарына салықтық түсініктеме беру және мәмілелер бойынша баға көрсеткіштерінің нарықтық деңгейін анықтау мәселесіне қатысты туындауы мүмкін. Сондай-ақ клиенттерге берілген қарыздар мен қарыздарға теңестірілген берешек бойынша мүмкін болатын зиян резервін құрастыру және қалпына келтіру жөніндегі мезгілдік салықтық айырма салық органдары тарапынан салық салынатын базаны азайту ретінде қаралып, әртүрлі түсіндірілуі мүмкін.

Қазақстанда салық органдары соңғы бес жыл ішіндегі салықтық есептемеге тексеру жүргізе алады. Дегенмен, жоғарғы сатыдағы салық органы қажет болған жағдайда қосымша тексеру жүргізе алады. Мұнымен қатар сот органдарының түсініктемесіне сәйкес, сот тарапынан салық органдарының тексеру жүргізуіне кедергі келтіру фактісі анықталған жағдайда салықтық есептеме тексерілетін мерзім ұзартылуы мүмкін.

Басшылықтың пікірінше, Топ өз қызметін салықтық заңнамаға сәйкес жүргізеді, алайда тиісті органдардың салық мәселелері бойынша түсінік беруге қатысты басқаша көзқарас ұстану тәуекелі бар.

Кейінге қалдырылған таза салық міндеттемесінің қозғалысы:

	2022 ж.	2021 ж.
Жыл басындағы кейінге қалдырылған таза салық міндеттемесі	50,219	51,047
Пайда немесе шығын құрамында танылған, кейінге қалдырылған салық бойынша үнем	(737)	(944)
Өзге жиынтық кірісте танылған, кейінге қалдырылған салық бойынша шығыс	2,840	116
Жыл аяғындағы кейінге қалдырылған таза салық міндеттемесі	52,322	50,219

21. КАПИТАЛ

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы мәліметке сәйкес жарияланған, шығарылған және толығымен төленген акциялар саны мынадай түрде берілген:

	Шығаруға рұқсат етілген акциялар	Рұқсат етілген, бірақ шығарылмаған акциялар	Толығымен төленген және айналымға шығарылған акциялар	Құны өтеліп сатып алынған меншікті акциялар	Айналымдағы акциялар
2022 ж. 31 желтоқсан: Жай акциялар	25,000,000,000	(11,552,455,218)	13,447,544,782	(2,563,676,403)	10,883,868,379
2021 ж. 31 желтоқсан: Жай акциялар	25,000,000,000	(11,552,455,218)	13,447,544,782	(2,551,539,932)	10,896,004,850

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

Барлық акциялар теңгеде көрсетілген. Айналымдағы акциялар қозғалысы мынадай түрде берілген:

	Акциялар саны Жай акциялар	Номинал (орналастыру бағасы) (миллион теңгеде) Жай акциялар
2020 ж. 31 желтоқсан	11,684,340,715	98,000
Құны өтелген жай акцияларды сатып алу	(845,775,545)	(153,973)
Құны өтеліп сатып алынған акцияларды құнын өтеп сатып алу	(24,003,844)	(3,541)
Құны өтеліп сатып алынған акцияларды сату	81,443,524	9,219
2021 ж. 31 желтоқсан	10,896,004,850	(50,295)
Құны өтеліп сатып алынған акцияларды құнын өтеп сатып алу	(52,653,439)	(6,044)
Құны өтеліп сатып алынған акцияларды сату	40,516,968	4,831
2022 ж. 31 желтоқсан	10,883,868,379	(51,508)

2021 ж. желтоқсанда Банктің Директорлар кеңесі Банктің жарияланған жай акцияларының және Банктің жарияланған жай акциялары базалық активі болып табылатын жаһандық депозитарлық қолхаттардың құнын өтеп сатып алу шешімін қабылдады. Бір акция үшін бағасы 182.10 теңгемен 845,775,545 дана жай акцияны сатып алу, оның ішінде Банктің жарияланған жай акциялары базалық активі болып табылатын 3,675,151 дана нысанында 147,006,040 дана жаһандық депозитарлық қолхаттың бір данасын 16.78 АҚШ доллары бағасымен жалпы сомасы 154 миллиард теңгеге сатып алу Банктің Директорлар кеңесінің жоғарыда аталған шешімімен белгіленген шарттарда, тәртіпте және мерзімде жүргізілді. Құнын өтеп сатып алудың мақсаты – Топ капиталының құрылымын оңтайландыру.

Сатып алу көлемі сол сәтте Банктің айналымдағы акцияларының 7.2% құрады, есепті күнге нәтижесінде Банктің құнын өтеп сатып алынған меншікті акцияларының жиынтық мәні 2,539,270,930 дананы немесе Банктің жарияланған акцияларының жалпы санынан 18.9% құрады.

Сатып алынған бағалы қағаздар өздерінің сатып алынған акциялары ретінде сақталады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың күшін жоюға болмайды. Бұл ретте Банктің сатып алынған меншікті акциялары акцияға базалық және бөлінген пайданы және акцияға арналған дивидендті есептеу кезінде есепке алынбайды. Банк сатып алынған акцияларды өткізген жағдайда жарияланған, бірақ орналастырылмаған акциялар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген стандартты рәсім қолданылады.

Жай акциялар

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жарғылық капитал 209,027 миллион теңгені құрады. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ 260,535 миллион теңге сомасына саны 2,563,403 дана (2021 жылғы 31 желтоқсанда – 259,322 миллион теңге сомасына саны 2,551,539,932 данада) сатып алынған меншікті жай акцияларға ие болды.

Айналымдағы жай акциялардың әрқайсысының бір дауысқа және дивидендке құқығы бар. Құны өтелген акциялардың дауыс беру құқығы мен дивидендке құқығы жоқ.

Өткен қаржылық жылдарда төленген дивидендтер төмендегі кестеде келтірілген:

	2021 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жылға 2022 ж. төленген	2020 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жылға 2021 ж. төленген
Кезең ішінде жарияланған дивидендтер	138,341	210,783
Бір жай акцияға ақшалай дивидендтің мөлшері	12.71	18.00

Эмиссиялық кіріс

Эмиссиялық кіріс – енгізілген қаражат сомасының шығарылған акциялардың номиналдық құнынан артық түсімі.

22. ШАРТТЫ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Топтың шартты қаржылық міндеттемелері мыналардан құралады:

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Берілген кепілдіктер	603,028	626,319
Коммерциялық аккредитивтер	94,192	65,267
Қарыздарды беру бойынша міндеттемелер	69,122	58,101
Шартты қаржылық міндеттемелер	766,342	749,687
Минус – аккредитивтер бойынша ақшалай қамтамасыз ету	(63,730)	(35,469)
Минус – резервтер	(13,773)	(13,193)
Шартты қаржылық міндеттемелер, нетто	688,839	701,025

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(миллион теңгемен)

Берілген кепілдіктер клиенттердің өтініштері бойынша Топ шығарған және есеп берілетін күнге әрекет ететін банктік кепілдік болып табылады. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ең ірі он клиент/клиенттер тобы үшін шығарылған өтелмеген кепілдіктер Топтың жалпы қаржы кепілдіктерінің 45%-ын құрады (2021 жылдың 31 желтоқсанында – 60%), олар Топ капиталының 14% (2021 жылдың 31 желтоқсанында – 24%) құрды.

Коммерциялық аккредитивтер клиенттердің өтініштері бойынша Топ шығарған, олар бойынша есепті күні төлем жүргізілмеген аккредитивтерді білдіреді. 2022 ж. 31 желтоқсанға, он ең ірі өтелмеген аккредитивтерге Топтың коммерциялық аккредитивтерінің барлық сомасының 31% келді (2021 ж. 31 желтоқсанда – 44%) және олар, Топ капиталынан 1% құрады (2021 ж. 31 желтоқсанда – 2%).

Топ, қарыз алумен байланысты, егер бұл қажет болса, қаржы құралдары пайда болғанда, кепілмен қамтамасыз етуді талап етеді. Әдетте, Топ қарыз алушының кредит тәуекелін бағалау немесе топ ұстап отырған басқа депозиттерге талдау жасау арқылы, қажетсіздігі айқындалғаннан басқа жағдайларда, кепілмен қамтамасыз етуді талап етеді. Кепілмен қамтамасыз етудің түрлері көп және банктерде сақтаулы тұрған салымдардан, мемлекеттік бағалы қағаздардан және басқа да активтерден құралуы мүмкін.

Резервтер берілген кепілдіктер мен аккредитивтер бойынша резервтерді білдіреді.

Резервтегі қозғалыс былайша берілген:

2022 ж. 31 желтоқсан

	1-кезең	2-кезең	3-кезең	Жиыны
Жыл басына	(306)	(6,433)	(6,454)	(13,193)
2-кезеңге аудару	3	(7)	4	-
3-кезеңге аудару	3,156	25	(3,181)	-
(Қосымша резервтерді қалыптастыру)/ резервтерді қалпына келтіру	(3,346)	446	2,978	78
Еншілес ұйымдардың шығуы	176	-	403	579
Шетел валютасын қайта бағалаудан болған айырма	308	(745)	(800)	(1,237)
Жыл аяғына	(9)	(6,714)	(7,050)	(13,773)

2021 ж. 31 желтоқсан

	1-кезең	2-кезең	3-кезең	Жиыны
Жыл басына	(640)	(1,343)	(7,304)	(9,287)
2-кезеңге аудару	258	(258)	-	-
3-кезеңге аудару	14,004	1,419	(15,423)	-
(Қосымша резервтерді қалыптастыру)/ резервтерді қалпына келтіру	(14,044)	(6,289)	16,331	(4,002)
Шетел валютасын қайта бағалаудан болған айырма	116	38	(58)	96
Жыл аяғына	(306)	(6,433)	(6,454)	(13,193)

Күрделі шығындар бойынша алдағы кезеңдердің міндеттемелері

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың аяқталмаған құрылысқа қатысты күрделі шығындары бойынша шартты міндеттемелері 1,595 миллион теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсанда – 5,998 миллион теңге).

Операциялық жалдау шарттары бойынша алдағы кезеңдердің міндеттемелері

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың кейінге шегерілмейтін операциялық жалдау шарттары бойынша елеулі міндеттемелері болған жоқ.

23. ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС

	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2021 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Пайыздық кірістерге мыналар кіреді:		
Клиенттерге берілген қарыздар	983,415	634,858
- Корпоративтік бизнес	435,287	282,512
- Бөлшек бизнес	402,563	263,709
- ШОБ	145,565	88,637
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	97,309	94,649
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтерді шегергенде амортизациялық құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	91,388	99,429
Ақшалай қаражат пен оның баламасы және кредит мекемелеріндегі қаражат	41,026	18,228
Басқа қаржы активтері	7,501	11,079
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолданып есептелген пайыздық кірістер	1,220,639	858,243
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	27,005	21,622
Басқа да пайыздық кірістер	27,005	21,622
Пайыздық кірістердің жиыны	1,247,644	879,865
Пайыздық шығыстарға мыналар кіреді:		
Клиенттердің қаражаты	(477,102)	(303,169)
- Жеке тұлғалар	(227,010)	(165,142)
- Заңды тұлғалар	(250,092)	(138,027)
Кредит мекемелерінің қаражаты	(63,982)	(8,829)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	(35,317)	(45,853)
Басқа қаржы міндеттемелері	(827)	(677)
Басқа да пайыздық шығыстар және ұқсас шығыстар	(217)	(8,264)
Пайыздық шығыстардың жиыны	(577,445)	(366,792)
Кредиттік шығындар бойынша шығысқа дейін таза пайыздық кіріс	670,199	513,073

Басқа да пайыздық және ұқсас шығыстарға ұзақ мерзімді қаржылық дебиторлық берешекті бастапқы танудан болатын шығын кіреді.

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ТПМ әдісі бойынша есептелген жалпы пайыздық кіріс амортизациялық құн бойынша көрсетілетін қаржы активтері үшін 1,123,330 миллион теңге (2021 ж. 31 желтоқсан: 763,593 миллион теңге).

24. ҚЫЗМЕТТЕР МЕН КОМИССИЯЛАР БОЙЫНША КІРІСТЕР

Қызметтер мен комиссиялар бойынша кірістер мынадай табыс көздерінен алынған:

	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2021 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Жеке тұлғалардың транзакциялық кірісі	129,231	109,786
Заңды тұлғалардың транзакциялық кірісі	38,343	24,787
Берілген кепілдіктер және аккредитивтер	13,863	11,477
Басқасы	10,850	7,827
Ниеттестік бағдарламасы	(12,221)	(15,488)
Қызметтер мен комиссиялар бойынша кірістердің жиыны	180,066	138,389

Қызметтер мен комиссиялар бойынша шығыстарға мыналар кіреді:

	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2021 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Жеке тұлғалардың транзакциялық кірісі	(78,983)	(59,591)
Заңды тұлғалардың транзакциялық кірісі	(7,420)	(4,223)
Депозиттерді сақтандыру	(6,265)	(5,965)
Басқасы	(3,606)	(2,010)
Қызметтер мен комиссиялар бойынша шығыстардың жиыны	(96,274)	(71,789)

Жеке заңды тұлғалардың транзакциялық кірістеріне есеп айырысу шоттары мен жалақы бойынша банктік аударымдар бойынша комиссиялық кірістер, клиенттердің шоттарына қызмет көрсету және клиенттердің пластикалық карталары бойынша операциялар бойынша комиссиялық кірістер, сондай-ақ кассалық операциялар мен клиенттерге зейнетақы төлеу бойынша кірістер кіреді.

Жеке және заңды тұлғалардың транзакциялық шығындарына клиенттердің пластикалық карталары, банктік аударымдар және кассалық операциялар бойынша комиссиялық шығындар кіреді.

Топ басшылығы комиссиялық кірістер мен шығыстардың ашылуын өзгерту туралы шешім қабылдады және бұл таныстырылым шоғырландырылған қаржы есептілігінің осы бабы бойынша Топтың қаржылық нәтижелері туралы неғұрлым нақты көріністі береді деп санайды. Тиісінше, Топ 2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы таныстырылымды 2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға сәйкес келтіру үшін өзгертті.

25. ПАЙДА НЕМЕСЕ ШЫҒЫН АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰНЫ БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ БОЙЫНША ТАЗА(ШЫҒЫН)/ПАЙДА

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша таза (шығынға) / пайдаға мыналар кіреді:

	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2021 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Саудаға арналған деп жіктелген қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша таза (шығын) /пайда:		
Туынды құралдармен операциялар бойынша жүзеге асырылған таза пайда	12,798	8,289
Сауда операциялары бойынша таза (шығын)/пайда	(13,370)	1,764
Туынды құралдар бойынша жүзеге асырылмаған аза (шығын)/пайда	(3,062)	5,018
Саудаға арналған деп жіктелінген қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша таза (шығындың)/ пайданың жиыны	(3,634)	15,071

26. ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫМЕН ЖАСАЛҒАН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША ТАЗА ПАЙДА

Шетел валютасымен жүргізілетін операциялар бойынша таза пайда мыналардан құралады:

	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2021 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Сауда операциялары, нетто	172,982	38,175
Бағам айырмалары, нетто	5,918	(7,639)
Шетел валютасымен операциялар бойынша таза пайданың жиыны	178,900	30,536

27. САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІНЕН АЛЫНҒАН КІРІСТЕР МЕН ШЫҒЫСТАР

Сақтандыру қызметінен алынған кірістер мен шығыстар мыналардан құралады:

	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2021 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Сақтандыру сыйлықақылары, брутто	233,132	227,027
Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары	(75,223)	(79,371)
Әлі алынбаған сақтандыру сыйлықақысы резервіндегі өзгеріс, нетто	(2,149)	(7,618)
Сақтандыру қызметінен алынған кіріс жиыны	155,760	140,038
Сақтандыру резервтері	(58,486)	(32,933)
Сақтандыру төлемдері	(36,359)	(31,113)
Төленген сақтандыру төлемдерінің жиыны	(94,845)	(64,046)
Агенттерге комиссиялық сыйақы	(39,103)	(32,129)
Төленген сақтандыру төлемдері мен сақтандыру агенттеріне комиссиялық сыйақының жиыны	(133,948)	(96,175)
Сақтандыру қызметінен түсетін таза кіріс	21,812	43,863

28. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР

Операциялық шығыстар мыналардан құралады:

	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2021 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Жалақы және сыйлықақылар	115,817	100,252
Тозу және амортизация	17,274	14,909
Табыс салығын қоспағандағы салықтар	11,360	9,607
Ақпараттық қызметтер	6,980	6,909
Байланыс	6,848	5,546
Қайырымдылық*	6,542	2,944
Күзет	6,211	5,403
Жарнама шығыстары	4,743	4,261
Коммуналдық қызметтер	4,737	4,312
Жөндеу және қызмет көрсету	3,945	3,639
Жалдау	3,163	2,996
Кеңселік және офистік заттар	2,598	1,744
Кәсіби қызметтер	1,826	1,843
Басқасы	10,115	7,085
Операциялық шығыстардың жиыны	202,159	171,450

* Қаңтар айындағы оқиғалардың экономикалық салдарына жауап ретінде Үкімет қазіргі дағдарысты еңсеруге бағытталған бастамаларды дайындады. Қазақстан азаматтарына денсаулық сақтау, білім беру және өзге де әлеуметтік салада қолдау көрсету үшін "Қазақстан халқына" арнайы қайырымдылық қоры құрылды, ол жеке және мемлекеттік қаражаттан қаржыландырылады. Топ қорға қайырымдылық шығындарының бір бөлігі болып табылатын 3 миллиард теңге бөлді.

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

29. БАНКТІК ЕМЕС ҚЫЗМЕТТЕН АЛЫНҒАН КІРІСТЕР

	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл	Год, закончившийся 31 декабря 2021 г.
Коммерциялық жылжымайтын мүлікті сатудан алынған таза пайда	19,659	16,048
Инвестициялық жылжымайтын мүлікті сатудан алынған таза пайда	235	1,544
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтерді сатудан алынған таза пайда	1,304	2,754
Банктік емес қызметтен алынған басқа да кіріс	4,356	2,338
Банктік емес қызметтен алынған кірістер	25,554	22,684

30. АКЦИЯҒА ШАҚҚАНДАҒЫ ПАЙДА

Акцияға шаққандағы базалық және ажыратылған пайда бас компанияның акционерлеріне тиесілі бір жылдағы таза пайданы жыл ішінде айналымдағы таза пайданы бөлуге қатысатын акциялардың орташа өлшемделген санына бөлу арқылы есептеледі.

Акционерлік қоғамдар туралы қазақстандық заңнамаға сәйкес, жай акциялар бойынша дивиденд мөлшері осы кезең ішіндегі артықшылықты акциялар бойынша дивиденд мөлшерінен аспауға тиіс. Ендеше, кезең ішіндегі таза пайда жай және артықшылықты акциялар арасында олардың бөлінбеген пайдаға заңдық және келісімшарттық құқықтарына сәйкес бөлінеді.

Төменде бір акцияға шаққандағы базалық және ажыратылған пайда туралы мәліметтер келтірілген:

	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл	Год, закончившийся 31 декабря 2021 г.
Акцияға шаққандағы базалық және ажыратылған пайда		
Бас компанияның акционерлеріне қатысты кезең ішіндегі таза пайда	553,751	462,377
Жай акцияларды ұстаушыларға қатысты таза пайда	553,751	462,377
Акцияға шаққандағы базалық пайданың есебі үшін акциялардың орташа саны	10,891,001,418	11,684,338,205
Акцияға шаққандағы базалық және ажыратылған пайда (теңгемен)	50.84	39.57

ҚҚБ талаптарына сәйкес сауда-саттық тізіміне енгізілген компаниялар үшін бір жай акцияның баланстық құны 2022 және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мына төмендегі кестеде көрсетілген:

		2022 ж. 31 желтоқсан	
Акциялар түрі	Айналымдағы акциялар саны	Капитал (ҚҚБ ережесі негізінде есептелген)	Бір акцияның баланстық құны, теңгемен
Жай	10,883,868,379	1,896,920	174.29
		1,896,920	

		2021 ж. 31 желтоқсан	
Акциялар түрі	Айналымдағы акциялар саны	Капитал (ҚҚБ ережесі негізінде есептелген)	Бір акцияның баланстық құны, теңгемен
Жай	10,896,004,850	1,560,057	143.18
		1,560,057	

Жай акцияларға қатысты капитал сомасы капиталдың қорытынды сомасы мен материалдық емес активтердің қалдық құнының сомасы арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Топ басшылығы есеп беріліп отырған күнгі жағдайға сәйкес ҚҚБ талаптары толығымен орындалып отыр деп есептейді.

31. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ

Топтың қаржылық қызметі үшін тәуекелдерді басқарудың маңызы зор. Топ қызметіне тән болатын негізгі тәуекел түрлері мыналар:

- Кредит тәуекелі;
- Өтімділік тәуекелі; және
- Нарықтық тәуекел

Тәуекелдерді басқарудың пәрменді әрі тиімді саясатын қамтамасыз ету үшін Топ тәуекелдерді басқарудың негізгі қағидаттарын айқындады, бұлардың басты мақсаты Топты қазіргі бар тәуекелдерден қорғауға және жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізуге мүмкіндік беруді көздейді. Бұл аталған қағидаттарды Топ мынадай тәуекелдерді басқару кезінде пайдаланады.

Тәуекел-тәбетті басқару

Тәуекел-тәбет – тәуекелдердің жиынтықты деңгейі және түрлері, оларды Банк стратегиялық міндеттер мен бизнес-жоспарға қол жеткізу кезінде қабылдауға дайын.

Банктің тәуекел-тәбетін басқарудың тиімді жүйесін құру мақсатында «Қазақстан Халық Банкі» АҚ тәуекел-тәбетінің стратегиясы әзірленді және бекітілді.

Тәуекел-тәбет стратегиясы қабылданатын елеулі тәуекелдердің көлемінің анық шекарасын анықтайды, онда «Халық» тобы дамуының жалпы стратегиясын жүзеге асыру аясында Банк қызметі іске асырылады, сондай-ақ тәуекелдердің жүзеге асырылуын болдырмау не олардың Банктің қаржылық жағдайына теріс әсер етуін барынша азайту мақсатымен Банк қызметінің тәуекел-бейінін анықтайды.

Тәуекелдердің әрбір елеулі деңгейі бойынша тәуекел-тәбет стратегиясын әзірлеу және ендіру шеңберінде Директорлар кеңесі Банктің қабылданған бизнес үлгілерін, қызметінің ауқымын, операциялар түрлері мен олардың күрделілігін есепке алып, тәуекел-тәбеттің (кредит тәуекелі, нарықтық тәуекел, өтімділік тәуекелі, операциялық тәуекел бойынша) деңгейлерін бекітті.

Капитал жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесі

Екінші деңгейдегі банктер үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін қалыптастыру қағидаларының талаптарына сәйкес Топ Директорлар кеңесі бекіткен, капитал жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесін әзірледі және ендірді. Капитал жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесі («КЖБІП») – активтер көлемі, қызметтің сипаты мен күрделілік деңгейі, ұйымдық құрылым, стратегиялық жоспарлар, тәуекел-бейін, нормативтік құқықтық база ескерілген, елеулі тәуекелдерді басқару процестерінің жинағы, осындай тәуекелдерді тұрақты қаржылық жағдайды және төлем қабілеттілікті ұстап тұру үшін Топтың капитал жеткіліктілігінің мақсатты деңгейін анықтау мақсатымен бағалау және біріктіру.

КЖБІП әзірлеу мақсаты – Топ қызметіне тән тәуекелдерді, соның ішінде: кредит тәуекелін, нарықтық тәуекелді, өтімділікті жоғалту тәуекелін, операциялық тәуекелді жабу үшін жеткілікті капиталдың қажетті деңгейін анықтау мақсатында олардың елеулі түрлерін анықтау, бағалау, біріктіру және бақылау. Топ меншікті капиталдың жеткіліктілігін бағалауды тәуекел-тәбеттің ағымдағы деңгейін және даму стратегиясын есепке алумен, бекітілген бюджеттің негізінде жүзеге асырады. Меншікті капиталдың жеткіліктілігін бағалау Топқа тән тәуекелдердің стресс-тестілеу нәтижелері ескеріліп іске асырылады. Капитал жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесі оның нәтижелерін, тәсілдерін стресс-тестілеуге қолдануды, тәуекелдерді анықтауды және ақпарат жинау процесін, тәуекелдерді бағалау модельдерін валидтеуді қоса алғанда, сандық, сондай-ақ сапалық көрсеткіштерге үздіксіз шолу жасайды.

Кредит тәуекелі

Кредит тәуекелі – қарыз алушының/контрагенттің Топ алдындағы өз қаржы міндеттемелерін орындамауы, дер кезінде орындамауы немесе толығымен орындамауы салдарынан Топтың шығынға ұшырау тәуекелі.

Кредит тәуекелдерін басқару және бақылауда тәуекел-менеджмент бөлімшесі маңызды рөл атқарады. Бұл бөлімше кредит тәуекелін сәйкестендіру, бағалау, бақылау және мониторинг шараларын енгізуді жүзеге асырады. Кредит тәуекелін басқару жүйесі шеңберінде Топ провизиялардың жеткілікті деңгейін ұстап тұруды, шешімдер қабылдау үшін ақпараттың толықтығы мен шынайылығын қамтамасыз ету бойынша қажетті шараларды қолданумен, ішкі саясатты және бизнес бөлімшелерге тәуелді емес кредит тәуекелдерін бағалау рәсімдері бар рәсімдерді сақтаумен кредит тәуекелін бағалау процесіне бақылауды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Тәуекел-менеджмент бөлімшесі кредиттік шешімдер қабылдау, кредит беру ережелері мен бағдарламаларын келісу, кредит тәуекелін азайту үшін шаралар қолдану бойынша тәуелсіз нұсқаулар беру, лимиттерді бақылау, кредит тәуекелдері, кредит тәуекелі бойынша тәуекел-тәбеттің деңгейінің мониторингі, есептеме құрастыру, сондай-ақ сыртқы заңнамалық реттеу, сол сияқты ішкі талаптар мен рәсімдерге сәйкестікті бақылауды қамтамасыз ету процесіне тікелей қатысады.

Топ өзінің кредит тәуекелінің деңгейін бір қарыз алушыға /контрагентке немесе қарыз алушылар тобына қатысты, сондай-ақ салалық (және географиялық) сегменттер бойынша ең жоғары тәуекел мөлшерін анықтау арқылы айқындайды. Экономика салалары бойынша кредит тәуекелінің барынша жоғары шоғырлану лимитін Активтер мен Пассивтерді басқару (АПКОМ) комитеті белгілейді және бақылап отырады. Топ кредит беру түрлері: корпоративтік бизнес, шағын және орта бизнес, Банктің кредиттік портфеліне бөлшек бизнес түрлері бойынша несиелік портфельдің шоғырлануына, Банктің 10 ірі қарыз алушылары бойынша портфельдің шоғырлануына, валюталық қарыздар бойынша портфельдің шоғырлануына, кредит беру сегменттері бойынша кредиттік портфельде шағын және бөлшек бизнесте рейтингтің рұқсат етілген деңгейі, PD деңгейі және NPL деңгейі бойынша кредит портфелінің шоғырлануына тәуекел-тәбеттің деңгейін белгілейді. Кредит беру бағдарламалары (Шағын және орта бизнеске кредит беру, бөлшек

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

кредиттер) бойынша кредит тәуекелдерінің деңгейіне қатысты шектеулерді Басқарма бекітеді. Әрбір контрагент бойынша, оның ішінде банктер мен брокерлерді қоса алғанда, баланстық және баланстан тыс жекелеген тәуекелдер деңгейін тиісті Кредит комитеттері мен АПКОМ қарастырады. Белгіленген лимитті салыстырып отыру арқылы күн сайын тәуекелдердің нақты мөлшеріне мониторинг жүргізіледі.

Әрбір контрагент бойынша міндеттемелердің орындалмау тәуекелі баланстық және баланстан тыс тәуекелдерді қамтитын лимиттермен шектеледі.

Баланстан тыс кредиттік міндеттемелер пайдаланылмаған кредит желілері, кепілдемелер немесе аккредитивтер түрінде болады. Баланстан тыс шоттарда есепке алынатын қаржы құралдары бойынша кредит тәуекелі контрагенттің келісімшарт талаптары мен мерзімін орындай алмауынан мүмкін болатын шығын ретінде анықталады. Баланстан тыс қаржы құралдарымен байланысты кредит тәуекелдеріне қатысты Топ пайдаланылмаған кредит желілерінің жалпы көлеміне тең мөлшерде шығындалады. Дегенмен, ықтимал шығын көлемі жалпы пайдаланылмаған міндеттемелер көлемінен аз болады, өйткені көпшілік жағдайда кредит беруге байланысты туындайтын міндеттемелер контрагенттердің кредит төлеудің ерекше стандарттарына сай келу мүмкіндігіне тікелей қатысты. Шартты міндеттемелерге қатысты Топ қаржы құралдарының балансында көрсетілген несие беруді бекіту, тәуекелді шектейтін лимиттер пайдалану және ағымдағы мониторинг жүргізу рәсімдеріне негізделген кредит саясатын ұстанады. Топ кредиттің өтелу мерзімін жіті қадағалайды, өйткені қысқа мерзімділерге қарағанда ұзақ мерзімді міндеттемелердің кредит тәуекелінің қаупі жоғарырақ.

Кредит комитеттерінің құрылымы мен өкілеттігі

Топтың Кредиттік саясатын жүзеге асыруды және кредиттік шешімдердің ретімен қабылдануын қамтамасыз етуші алқалық кредиттік органдарға кредит комитеттері, АПКОМ, Басқарма, Тәуекелдер жөніндегі комитет және Директорлар кеңесі жатады.

Коммерциялық Дирекция («КД»)

Кредиттік операциялар және корпоративтік клиенттердің кредиттік өтінімдері бойынша Банктің ішкі кредиттік саясатын жүзеге асыру – басты мақсаты болып табылатын Банктің алқалық органы.

Филиалдардың және филиалдар желісінің кредит комитеттері («ФКК», «ФЖКК»)

Банктің ФКК, ФЖКК – олардың негізгі мақсаты филиалдар арқылы шағын және орта бизнес субъектілеріне қаржы құралдарын беру бөлігіндегі Банктің ішкі кредиттік саясатын жүзеге асыру болып табылады.

ФКК мен ФЖКК кредит беру лимитін филиалдар бойынша Банк Басқармасы белгілейді. ФКК үшін белгіленген кредит беру лимиті шеңберінде филиал қаржы құралын беруге байланысты мәселелер бойынша өз бетімен шешім қабылдайды. ФКК лимиттен тыс жобалары бойынша және олар бойынша шешім қабылдау ФКК өкілеттілігіне кірмейтін жобалар бойынша шешімді ФЖКК қабылдайды. ФЖКК шешімдер қабылдау рәсімінде сондай-ақ Банк қызметтерінің сарапшылық қорытындыларын кешенді талдау негізінде жасақталған кредиттік топтаманы қарастыруды қамтиды.

Бас Банктің бөлшек кредит комитеті («ББ БКК») және Шешімдер қабылдау орталығы («ШҚО»)

Филиалдар арқылы бөлшек бизнес субъектілеріне қаржы құралдарын беруге қатысты Банктің ішкі кредиттік саясатын жүзеге асыру – басты мақсаты болып табылатын Банктің ББ БКК және ШҚО.

ШҚО төрт көз қағидатында негізделген, шешімдерді қабылдау бойынша өкілеттігі бар кредиттік андеррайтерлерден құралады. ШҚО Банк Басқармасы бекіткен өкілеттіктер мен

ББ БКК бекіткен лимиттер шеңберінде шешімдер қабылдайды. ББ БКК лимиттен тыс және нормативтен тыс өтінімдерді және Банк Басқармасы бекіткен өкілеттіктер шеңберінде басқа да мәселелерді қарастыруға уәкілетті.

ШҚО мен ББ БКК жұмыс істеуімен қатар, жеке тұлғаларға кредит беру кезінде шешімдер қабылдау үшін автоматтандырылған тәсіл бар. Шешім қабылдауды автоматтандыру тәуекелге бағытталған тәсілге, соның ішінде Risk Based Pricing (тәуекелге негізделген баға белгілеу) және клиенттердің кредитті төлеу қабілетін бағалау кезінде қосымша параметрлерді қолдануға негізделген. Өтінімдерді қарастыру нәтижелері бойынша кредиттік ұсыныстар сұратылған талаптар бойынша, сол сияқты жеке тұлғалардың өтініш берушілерінің барлық сегменттері үшін (жалақы жобасына қатысатындар/қатыспайтындар, зейнеткерлер және т.с.с.) альтернативті шешімдер ұсыну жолымен жасалады. Мұндай тәсіл қарыз алушының тәуекел бейінін ескереді және шешім қабылдауда тәуекелдерді барынша азайтуға мүмкіндік береді.

Шағын Бизнес бойынша Шешімдер Қабылдау Орталығы («ШБ бойынша ШҚО»)

Шағын бизнес саласында 150 миллион теңгеден аспайтын мөлшердегі кредит өтінімдерін қарау – негізгі міндеті болып табылады.

ШБ бойынша ШҚО төрт көз қағидатында негізделген, шешімдерді қабылдау бойынша өкілеттігі бар кредиттік андеррайтерлерден құралады. ШҚО Банк Басқармасы бекіткен өкілеттіктер мен ФЖКК бекіткен лимиттер шеңберінде шешімдер қабылдайды.

Бас банктің, филиалдардың проблемалық кредиттері жөніндегі комитеті

Банктің алқалы органдары, олардың басты мақсаты – Банктің және оның филиалдарының проблемалық кредиттер бойынша қаражатты басқару, қызмет көрсету және олардың қайтарылуын қамтамасыз ету бойынша қызметін ұйымдастыруға және бақылауға қатысты Банктің ішкі кредит саясатын жүзеге асыру болып табылады.

Еншілес кәсіпорындардың уәкілетті /алқалы органдары

Еншілес кәсіпорындардың кредиттік өтінімдерін қарастыру және бекітуді еншілес кәсіпорнының ішкі құжаттарына сәйкес еншілес кәсіпорнының уәкілетті/алқалы органы жүзеге асырады. Нормативтен тыс және лимиттен тыс кредиттік өтінімдерді еншілес кәсіпорнының Директорлар кеңесі Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіпте Бас Банктің тиісті Кредит комитетінде алдын ала қарау кезінде бекітеді.

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(миллион теңгемен)

АПКОМ

Ақша тарту және оны орналастыруға байланысты банктік қызметтің кірістілігін ұлғайту және тәуекелдерді шектеу, сонымен қатар активтер мен пассивтерді басқару жөнінде орта мерзімді саясатты белгілеу мақсатын көздейтін Банктің алқалық органы. АПКОМ-ның басты мақсаттары: өтімділікті басқару, нарық тәуекелін басқару, Банктің қаржы тәуекелдерін басқару жөніндегі атқару органдарының қызметіне тиімді бақылауды қамтамасыз ету және Банк тәуекелдерін азайтудың басым бағыттарын анықтау.

АПКОМ, сондай-ақ контрагент банктерге елдік лимиттер мен лимиттер белгілеу функцияларын жүзеге асырады. АПКОМ Директорлар кеңесіне есеп береді.

Банк Басқармасы

Бас Банктің кредиттік комитетінің, филиал желісі кредиттік комитетінің, Бас Банктің бөлшек бизнестің кредит комитетінің өкілеттіктері шегінен шығып кететін немесе филиал желісі кредит комитетіне, Бас Банктің бөлшек бизнестің кредит комитетіне белгіленген лимиттен асатын кредиттік өтінімдер Банк Басқармасында қаралады.

Тәуекелдер жөніндегі комитет

Комитет Директорлар кеңесі жанындағы алқалы орган болып табылады және тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін және Банкте ішкі бақылауды қалыптастыру, оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша функцияларды жүзеге асыруда көмек көрсетеді және Директорлар кеңесін Банк қабылдайтын тәуекелдердің деңгейі туралы хабардар етіп отырады.

Директорлар кеңесі

Банктің меншікті капиталының 5%-нан асатын сомаға берілген кредиттік өтінімдер, сондай-ақ Банкпен ерекше қарым-қатынаспен байланысқан тұлғалармен жасалатын мәмілелер Директорлар кеңесінде қаралады.

Кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері

Топтың кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері нақты активтерге тән жекелеген тәуекелдер мен жалпылама нарықтық тәуекелдердің әсеріне қарай елеулі өзгеріске ұшырап отырады.

Төменде беріліп отырған кестеде қаржы активтері мен шартты міндеттемелер бойынша кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері көрсетілген. Баланс шоттарындағы қаржы активтері үшін кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері активтерді есепке алуды және міндеттемелер мен қамтамасыз етуді қоспағанда осы активтердің баланстық құнына тең болады. Қаржылық кепілдіктер мен басқа шартты міндеттемелер үшін кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері кепілдік төлемі қажет болған кезде немесе ашық кредит желілері бойынша несиелер талап етілген жағдайда Топ төлеуге тура келетін ең жоғары соманы білдіреді (22-ескерту). Кепілмен қамтамасыз ету осы кепіл қамтамасыз ету ретінде алынған қаржы құралының баланстық құнымен көрсетіледі.

	2022 ж. 31 желтоқсан	
	Есепке алудан кейінгі кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері және кредит тәуекелінің таза мөлшері	Қамтамасыз ету
Ақша баламалары*	1,753,870	17,152
Міндетті резервтер	259,544	-
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (үлестік бағалы қағаздар шегерілгенде)	290,257	-
Кредит мекемелеріндегі қаражат	135,655	-
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (үлестік бағалы қағаздар шегерілгенде)	2,100,315	-
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтерді шегергенде амортизациялық құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	1,019,089	-
Клиенттерге берілген қарыздар	7,857,902	6,806,961
Өзге қаржы активтері	75,774	-
Шартты қаржы міндеттемелері (провизиялар шегерілгенде)	752,569	63,730

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

	2021 ж. 31 желтоқсан	
	Есепке алудан кейінгі кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері және кредит тәуекелінің таза мөлшері	Қамтамасыз ету
Ақша баламалары*	1,192,906	208,728
Міндетті резервтер	194,931	-
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (үлестік бағалы қағаздар шегерілгенде)	262,066	-
Кредит мекемелеріндегі қаражат	602,125	-
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (үлестік бағалы қағаздар шегерілгенде)	1,862,516	-
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтерді шегергенде амортизациялық құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	1,288,178	-
Клиенттерге берілген қарыздар	5,872,228	5,158,676
Өзге қаржы активтері	71,233	-
Шартты қаржы міндеттемелері (провизиялар шегерілгенде)	736,494	35,469

* Бұл сома қысқа мерзімді қарыздар мен бастапқы өтеу мерзімі 90 күннен аспайтын салымдарды білдіреді, бұлар ақшалай қаражаты мен оның баламасының құрамына кіргізілген.

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша есепке алудан кейінгі кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері және кредит тәуекелінің таза мөлшері арасында айырмашылық жоқ.

Кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғаюы

4-ескертуде айтылғандай, Топ құнсыздануға қатысты талап етілетін барлық қаржы активін бастапқы таныған сәттен бастап кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғаю жағдайына мониторинг жүргізеді. Кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғаюы анықталған жағдайда Топ кезекті 12 айда ғана емес, кредит берудің бүкіл мерзімі ішінде күтілетін кредиттік шығындардың шамасы негізінде бағалау резервінің шамасын есептейді.

Топ кредит тәуекелінің бағалауын тәуекелдер үшін дефолт ықтималдылығының уақыттық құрылымын анықтаудағы негізгі үлес ретінде пайдаланады. Топ құзыреті немесе аймағы бойынша, сондай-ақ өнім мен қарыз алушы түрі бойынша, кредит тәуекелін жіктеу бойынша талданған кредит тәуекелі бойынша тиімділік және дефолт туралы ақпарат жинайды. Пайдаланылатын ақпарат бағаланатын портфельге байланысты ішкі және сыртқы болып табылады. Топ активтер портфеліне кредит тәуекелі айтарлықтай ұлғайғандығын анықтау үшін әртүрлі критерийлерді пайдаланады. Критерийлер ретінде дефолт ықтималдылығының сандық өзгерістері де сапалық өзгерістері де пайдаланылады.

Қазынашылық операциялары (банкаралық операциялар, бағалы қағаздар, кері РЕПО келісімдері) үшін кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғаюы әрбір қаржы активі үшін жеке бастапқы танылған сәтінен сандық көрсеткіштер (бастапқы танылған сәтінен 3 немесе одан көп тармаққа рейтингінің төмендеуі, бастапқы танылған сәтінен 1 немесе одан көп күнге мерзімін кешіктіру) және сапалық көрсеткіштер (эмитентке/контрагентке қатысты жағымсыз ақпарат, оның ішінде қаржы жағдайының нашарлауы, акционерлерінің ауысуы, беделін жоғалту тәуекелінің іске асуы, пруденциялық нормативтерді жүйелі түрде бұзу) негізінде анықталады.

Ұжымдық негізде бағаланатын банктік қарыздар бойынша – кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғаюы бастапқы танылған сәтінен 30 күннен асатын мерзімі өткен берешегі бар қарыздар үшін және сегменттелген біртекті портфельдер үшін белгілі бір шекті мәндерді пайдалана отырып бастапқы танылған сәтінен бастап кредит берудің бүкіл мерзімі ішінде дефолт ықтималдығының ұлғаюы негізінде, жеке негізде бағаланатын қарыздар бойынша – ішкі кредит рейтингі төмендеген кезде және ішкі рейтингтік үлгіге сәйкес 10 пайыздық тармаққа қалған әрекет ету мерзімінің бойына дефолт ықтималдығы ұлғайған кезде (3-кезеңге жіктеу үшін қаржы жағдайы нашарлаған кезде қайта құрылымдаудың болуы) қосымша анықталады, қарыз алушының сандық және сапалық көрсеткіштерінің өзгеруі, кепілді қамтамасыз етудің айтарлықтай нашарлауы және бастапқы танығаннан сәттен айтарлықтай қаржы қиындықтарының басқа да объективті растаулары негізінде Банк мамандарының сараптамалық қорытындылары анықталады.

Ұжымдық негізде бағаланатын қарыздар үшін 3-кезең берешектің мерзімі 60-90 күннен аса өткен кезде, жеке негізде бағаланатын қарыздар бойынша – 60 күннен аса мерзімі өткен, қаржы жағдайының нашарлауына байланысты қайта құрылымдалған, ішкі кредит рейтингі және Банк мамандарының сараптамалық пікірі нашарлаған кезде анықталады.

Топ төмен кредит тәуекелі бар кейбір қаржы құралдарының есеп беру күніндегі кредит тәуекелі айтарлықтай ұлғаймаған деп санайды. Топ тек тәуелсіз және қаржы мекемелері үшін ғана шығарылған қаржы құралдарына қатысты аталған саясатты қолданады. Топ қаржы құралының сыртқы кредиттік рейтинг халықаралық рейтингтік агенттіктер «инвестициялық деңгей» анықтамасына балама жасаған төмен кредит тәуекелі бар деп есептейді.

Топ кредиттің айтарлықтай ұлғайғанын анықтау үшін пайдаланылатын критерийлер тиімді болып табылатынына көз жеткізу үшін мониторинг жүргізу рәсімдерін ендірді, бұл дегеніміз кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғаюы тәуекел бойынша дефолтқа дейін және активтің 30 күнге мерзімі кешіктірілген деп саналғанда сәйкестендіріледі.

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(миллион теңгемен)

Болжамды ақпарат беру

Топ артық шығындарсыз және күш кетірмей қолжетімді болып табылатын болжамдық ақпаратты кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғаюын бағалаған, сонымен қатар ККШ бағалаған кезде пайдаланады.

Болжамдық элементтерді беру Топтың болжалын көрсетеді және әрбір сценарий үшін ықтималдылықты бағалауды қоса алғанда екі сценарий («базалық нұсқа» және «қолайсыз» сценарийлері) жасауды шамалайды. Күтілетін кредиттік зияндарға макроэкономикалық факторлар туралы жорамалдардың желілік емес ықпалын үлгілеу бірнеше сценарийді пайдалану мақсаты болып табылады. «Базалық» сценарийдің ықтималдығы 75%, ал «қолайсыз» сценарийдікі – 25%.

Болжамдарды әзірлеуді «Halyk Finance» АҚ тиісті экономикалық ауыспалының болашақ болжамының «базалық нұсқасын» және «қолайсыз нұсқасын» жасау үшін ішкі және сыртқы ақпаратты, сонымен қатар болжамның басқа ықтимал сценарийлерінің ауқымын пайдалана отырып, жүзеге асырады. Пайдаланылатын сыртқы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік органдар және ақша-кредиттік реттеу органдары жариялайтын экономикалық деректер мен болжамдарды қамтиды.

Топ белгілі бір болжамдау сценарийлеріне ықтималдылықты қолданады. Базалық сценарий аса ықтимал нәтиже болып табылады және Топ бюджетті жоспарлау және жасау үшін пайдаланатын ақпараттан тұрады. Топ қаржы құралдарының портфеліне әсер ететін негізгі көрсеткіштерді анықтады және құжаттады және тарихи деректердің статистикалық талдауын пайдалана отырып, макроэкономикалық ауыспалылар мен кредит тәуекелдері және кредиттік зияндар арасындағы өзара байланысты бағалады.

Көрсетілген стресс-факторларды қолданған кезде 2022 жылдың соңында жүргізілген стресс-тестілеу нәтижелері Топтың жеке қаржылық көрсеткіштерінің біршама төмендегенін көрсетеді (күтілетін кредиттік шығындарға резервтің ұлғаюы, таза пайданың азаюы және клиенттердің қаражатының кетуі).

Сол уақытта, Топтың меншікті капиталы мен өтімді активтерінің жеткілікті мөлшері бар екенін ескере отырып, Топтың қаржы жағдайының айтарлықтай нашарлауы және нормативтік талаптар мен нормалардың бұзылуы болжамдалмайды.

Тұтас алғанда, әрбір сценарий үшін болжамдалған макрофакторлардың нашарлауы және «қолайсыз» сценарийдің туындау ықтималдылығының ұлғаюы 1-кезеңнен 2-кезеңге өтетін қарыздар санының ұлғаюына да, ККШ бойынша шамаланған резервтердің ұлғаюына да алып келеді. Керісінше, болжамдалған макрофакторлардың жақсаруы немесе «базалық нұсқа» сценарийінің туындау ықтималдылығының ұлғаюы жағымды әсер етеді. Ауыспалылар арасындағы өзара байланыстың себебінен нақты бір сценарий үшін түрлі макрофакторлардағы өзгерістердің ықпалын, сонымен қатар нақты бір сценарийге тән пессимизм деңгейі мен оның туындау ықтималдылығы арасындағы өзара байланысты анықтау мүмкін емес.

Төменде келтірілген кестеде Топ өз қызметін жүргізетін ел және сәйкесінше ККШ-ға маңызды ықпал ететін ел болып табылатын Қазақстан үшін 2022 және 2021 жж. 31 желтоқсан жағдайы бойынша пайдаланылатын экономикалық сценарийлерге енгізілген негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер берілген.

	2022 ж. 31 желтоқсан		2021 ж. 31 желтоқсан	
Пайдаланылатын макрофакторлардың тізімі	Анықтау	Ауқымы	Анықтау	Ауқымы
ЖІӨ өсімі	% өзгеріс	1.6% мен 3.2% аралығы	% өзгеріс	2.5% мен 3.7% аралығы
Инфляция	Инфляция %	14.3% мен 16.0% аралығы	Инфляция %	7.5% мен 9.0% аралығы
Мұнай бағасы	баррель бағасы	60 АҚШ доллары мен 80 АҚШ доллары аралығы	баррель бағасы	50 АҚШ доллары мен 68 АҚШ доллары аралығы

Қаржы активтері халықаралық рейтинг агенттігінің ағымдағы кредит рейтингіне немесе Топтың ішкі бағалау жүйесіне сәйкес жіктеледі. Ең жоғарғы болатын рейтинг – AAA. Инвестициялық класқа жатқызылған қаржы активтеріне AAA-дан BBB-ге дейінгі рейтинг берілуі мүмкін. BBB-ден төмен рейтинг берілген қаржы активтері алып-сатарлық деңгей ретінде жіктеледі.

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

Топтың қаржы активтерінің кредит рейтингі (төменде егжей-тегжейлі көрсетілген клиенттерге берілген қарыздарды қоспағанда) күтілетін кредиттік шығындар резервіне дейін мынадай түрде берілген:

	AA	AA-	A	BBB	<BBB	Кредиттік рейтинг берілмеген	2022 ж. 31 желтоқсан Жиыны
Ақшалай қаражат пен оның баламалары*	338,678	111,290	181,764	1,049,429	57,175	15,555	1,753,891
Міндетті резервтер	-	-	-	234,552	24,992	–	259,544
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	29,028	14	11,283	247,191	40,838	13,814	342,168
Кредит мекемелеріндегі қаражат	8,624	25,466	37,215	7,369	36,486	20,840	136,000
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	312,270	66,912	92,885	1,569,202	60,220	8,998	2,110,487
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	-	-	-	975,153	42,570	1,716	1,019,439
Басқа қаржы активтері	-	-	-	-	-	108,500	108,500
Шартты қаржы міндеттемелері	-	-	-	-	-	766,342	766,342

	AA	AA-	A	BBB	<BBB	Кредиттік рейтинг берілмеген	2021 ж. 31 желтоқсан Жиыны
Ақшалай қаражат пен оның баламалары*	220,128	13,360	9,539	911,214	24,133	14,574	1,192,948
Міндетті резервтер	-	-	-	194,931	-	-	194,931
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	190	188	7,297	172,764	89,238	13,656	283,333
Кредит мекемелеріндегі қаражат	-	17,428	73,943	467,644	24,121	19,187	602,323
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	20,052	75,029	134,835	1,583,770	54,281	6,387	1,874,354
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	-	-	43,187	1,058,187	6,275	181,074	1,288,723
Басқа қаржы активтері	-	-	-	-	-	90,829	90,829
Шартты қаржы міндеттемелері	-	-	-	-	-	749,687	749,687

* Бұл сома қысқа мерзімді қарыздар мен бастапқы өтеу мерзімі 90 күннен аспайтын салымдарды білдіреді, бұлар ақшалай қаржы мен оның баламасының құрамына кіргізілген.

Банк секторының мекемелері тұтастай алғанда қаржы активтері мен шартты міндеттемелерге қатысты кредит тәуекеліне ұшырап отырады. Топтың кредит тәуекелдері Қазақстан Республикасында шоғырланған. Топ бекіткен Тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес кредиттер бойынша лимитті орындау және кредитті өтеу қабілетін қамтамасыз ету мақсатында кредит тәуекелінің деңгейіне ұдайы мониторинг жүргізіліп отырады.

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(миллион теңгемен)

Келесі кестеде құнсызданған активтердің және мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған активтердің баланстық құны көрсетіледі:

	Жеке-дара негізде бағаланатын қаржы активтері						
	Құнсызданбаған қаржы активтері		Құнсызданған қаржы активтері		Ұжымдық негізде бағаланатын қаржы активтері		
	Активтердің жалпы баланстық құны	Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтің сомасы	Активтердің жалпы баланстық құны	Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтің сомасы	Активтердің жалпы баланстық құны	Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтің сомасы	2022 ж. 31 желтоқсан Жиыны
Кредит мекемелеріндегі қаражат	135,807	(345)	-	-	193	-	135,655
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	2,110,487	(1,218)	-	-	-	-	2,109,269
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	1,016,434	(347)	-	-	3,005	(3)	1,019,089
Клиенттерге берілген қарыздар	4,740,903	(42,143)	416,995	(186,551)	3,122,392	(193,694)	7,857,902
Өзге қаржы активтері	-	-	68,239	(31,103)	40,261	(1,623)	75,774

	Жеке-дара негізде бағаланатын қаржы активтері						
	Құнсызданбаған қаржы активтері		Құнсызданған қаржы активтері		Ұжымдық негізде бағаланатын қаржы активтері		
	Активтердің жалпы баланстық құны	Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтің сомасы	Активтердің жалпы баланстық құны	Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтің сомасы	Активтердің жалпы баланстық құны	Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтің сомасы	2021 ж. 31 желтоқсан Жиыны
Кредит мекемелеріндегі қаражат	602,208	(198)	-	-	115	-	602,125
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	1,874,354	(2,677)	-	-	-	-	1,871,677
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	1,282,741	(539)	3,543	(3)	2,439	(3)	1,288,178
Клиенттерге берілген қарыздар	3,554,951	(59,805)	369,968	(175,000)	2,325,341	(143,227)	5,872,228
Өзге қаржы активтері	-	-	51,475	(18,539)	39,354	(1,057)	71,233

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құнсызданбаған мерзімі өткен қарыздардың баланстық құны 67,128 миллион теңгені құрады

(2021 жылғы 31 желтоқсанда – 32,761 миллион теңге). Бұл қарыздар бойынша өткізілген мерзім 90 күннен аспайды.

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(миллион теңгемен)

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі – Топтың өз міндеттемелерін дер кезінде өтеуі үшін ақшалай қаражаттың жеткіліктілігін қамтамасыз ету қабілетсіздігіне байланысты тәуекел. Топтың өтімділік тәуекелі активті операциялар бойынша талаптардың мерзімі міндеттемелер бойынша өтеу мерзімімен сәйкессіздік (сәйкес келмеу) салдарынан туындайды.

Екінші деңгейдегі банктер үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларының талаптарына сәйкес Топ болған және Директорлар кеңесі бекіткен, өтімділіктің жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесін (бұдан әрі – «ӨЖБІП») әзірледі және ендірді. ӨЖБІП қызмет, валюта түрлеріне қарай әртүрлі уақыттық интервалда өтімділіктің тиісті деңгейін ұстап тұру және өтімділік тәуекелін басқарудың тиісті жүйесін ендіру мақсатында өтімділік тәуекелін басқару процестерінің жинағын білдіреді. ӨЖБІП ағымдағы нарықтық және экономикалық жағдайды, тәуекелдердің бейінін және Қазақстан Республикасы заңнамасының екінші деңгейдегі банктер үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру бөлігіндегі талаптарын есепке алумен Тәуекел-тәбет стратегиясына, сондай-ақ өтімділік жеткіліктілігін бағалау процесінің негізгі тәсілдері мен қағидаттарын анықтауда Банктің ішкі мұқтаждықтарына сәйкес әзірленді. Директорлар кеңесінің тәуекел-тәбетін анықтау мақсатында өтімділік тәуекелі бойынша тәуекел-тәбеттің деңгейлерін бекітеді, сондай-ақ өтімділіктің ағымдағы, қысқа мерзімді, орташа мерзімді және ұзақ мерзімді тәуекелдерін шектейтін ӨЖБІП аясында өтімділік жеткіліктілігінің сандық ішкі көрсеткіші пайдаланылады. Әлсіз жақтарын анықтау мақсатында ӨЖБІП жылына кемінде бір рет үздіксіз шолуға жатады және бұл шолу Директорлар кеңесінің бекітуіне шығарылады.

Тәуекелдерді басқару жүйесі шеңберінде өтімділік тәуекелі мынадай құралдар арқылы өлшенеді және бақыланады:

- өтімділіктің реттеушілік (пруденциялық) нормативтерін сақтау мониторингі;
- өтімділік тәуекелі бойынша ішкі лимиттер мен триггерлерді белгілеу және тұрақты мониторингтеу: тәуекел-тәбет деңгейі, ӨЖБІП көрсеткіші, GAP-алшақтықтарға лимит, міндеттемелердің шоғырлану лимиттері, өтімділік тәуекелі туралы ерте ескерту индикаторлары;
- шартты өтеу мерзімдерін талдау (GAP-талдау) және ақша ағындарын болжау, оның ішінде: жоспарланған мәмілелер, клиенттердің тартылған қаражатын болжамды ұзарту (қорландырудың тұрақты бөлігін есептеуді ескере отырып);
- қорландыру көздерінің шоғырлануын талдау (ірі депозиторлар бойынша, валюта бойынша, қорландыру мерзімділігі бойынша, қорландыру көзі бойынша;
- өтімділік тәуекеліне мониторинг пен бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін өтімділік тәуекелі туралы ерте ескерту индикаторлары;
- өтімділікті тарту үшін кепілдік қамтамасыз ету ретінде пайдаланылуы мүмкін активтер көлемін талдау;
- төтенше жағдайлардағы өтімділік тапшылығын жою процесін сипаттай отырып, төтенше жағдайларды қаржыландыру жоспарын әзірлеу және үнемі тестілеу;
- түрлі макроэкономикалық және өзге факторлар мен параметрлердің өзгеруінің өтімділікке әсерін стресс-тестілеу.

Топтың қысқа мерзімді өтімділік тәуекелін басқару үшін Қазынашылық ақшалай қаражаттың қозғалысына күн сайын мониторинг және болжау жасайды. Ұзақ мерзімді өтімділік тәуекелін басқаруды өтімділіктің ұзақ мерзімді позицияларын талдау және елеуді кері позицияны түрлі әдістермен басқару бойынша шешімдер қабылдау арқылы АПКОМ жүзеге асырады.

Өтімділік тәуекелін басқару мақсатында топ болашақта өтімді активтердің әлеуетті тапшылығын анықтау үшін ақша қаражатының түсуі мен әкетілуін бағалауды жүргізеді. Топ баланстан тыс талаптар мен міндеттемелерді қоса алғанда, активтер мен міндеттемелер бойынша болжанатын ақша ағындарын өлшейді және болжайды, оның шеңберінде қаржылық активтер, қаржылық міндеттемелер бойынша ақша ағындары арасындағы алшақтықтардың құрылымы талданады(GAP-талдау). GAP талдау кезінде ақша ағындары келесі принциптерді ескере отырып, уақытша себеттер бойынша топтастырылады:

- активтер мен міндеттемелер экономикалық біртекті және маңызды баптарға бөлінеді;
- Клиенттерге берілген ұзақ мерзімді кредиттердің бір бөлігі «3 айдан 1 жылға дейін» себетіне жіктеледі, өйткені олар Топ тиісті хабарламаны жібергеннен кейін он ай ішінде Топ оларды біржақты тәртіппен қайтарып алуға құқылы;
- клиенттерге берілген ұзақ мерзімді қарыздардың бір бөлігі «3 айдан 1 жылға дейін» себетіне жіктеледі, өйткені Топ олар бойынша топ шығарған тиісті хабарламадан кейін он ай ішінде біржақты тәртіппен кері қайтарып алуға құқылы;
- клиенттерге қарыздар, Кредиттік мекемелердегі қаражат, өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері, амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар, өзге де қаржы активтері, клиенттердің қаражаты, кредиттік мекемелердің қаражаты, Шығарылған борыштық бағалы қағаздар, өзге де қаржы міндеттемелері өтімділіктің күтілетін келісімшарттық өтеу мерзімдері негізінде позицияны талдауға енгізілген;
- Жоғарыда аталғандардан басқа активтер мен міндеттемелер әдетте төлем кестесіне және есеп беру күнінен ең ерте шарттық төлем күніне немесе қолжетімді өтеу күніне дейінгі қалған кезеңге сәйкес жіктеледі.

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

Тиімді бақылау мақсатында Топ өтімділікті басқаруды мыналарға бөледі:

- ағымдағы (күнішілік)/қысқа мерзімді өтімділікті басқару – өтеу мерзімі 3 айдан аз активтер мен міндеттемелерді басқару;
- орта мерзімді/ұзақ мерзімді өтімділікті басқару – өтеу мерзімі 3 айдан 1 жылға дейін және 1 жылдан астам активтер мен міндеттемелерді басқару.

Өтімділік тәуекелін басқаруды жалпы АПКОМ жүзеге асырады, оның негізгі міндеттері активтер мен пассивтерді басқару саясатын және өтімділікті басқару саясатын іске асыруды бақылау, өтімді қаражатқа қажеттілікті айқындау болып табылады. Қазынашылық өтімділік тәуекелі бойынша тәуекел-тәбеттің белгіленген деңгейі және белгіленген лимиттер шеңберінде ақша ағындарын және Банктің қысқа мерзімді өтімділігін тікелей басқаруды жүзеге асырады. Қазынашылық өтімділікті жедел басқару жөніндегі шараларды әзірлейді және іске асырады. Тәуекел-менеджмент бөлімшесі өтімділік тәуекелін басқару процесін іске асыруға, ілеспелі талдаумен өтімділік тәуекелінің ағымдағы жай-күйі туралы мерзімді басқарушылық есептілік шеңберінде өтімділік тәуекелін анықтау, өлшеу, мониторингілеу, бақылау және талдау үшін жауап береді және қажет болған жағдайда тәуекелдерді азайту бойынша өз ұсынымдарын ұсынады. Сондай-ақ тәуекел-менеджмент бөлімшесі түрлі макроэкономикалық және өзге де факторлар мен параметрлердің өзгеруінің өтімділікке әсерін, оның ішінде клиенттер қаражатының кету сценарийін ескере отырып стресс-тестілеу жүргізеді.

Өтімділік тәуекелін басқару (өтімділік тәуекелін анықтау, өлшеу, мониторингтеу, бақылау және талдау) өтімділік тәуекелін басқару саясатына, сондай-ақ реттеушілік талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

Төмендегі кестелерде жоғарыда көрсетілген қағидаттар негізінде топтастырылған қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді талдау көрсетілген.

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

2022 ж. 31 желтоқсан

	1 айдан кем	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан жоғары	Жиыны
ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ:						
Ақшалай қаражат пен оның баламалары	2,028,820	11	-	-	-	2,028,831
Міндетті резервтер	144,759	14,670	71,901	16,814	11,400	259,544
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	331,736	-	-	10,432	-	342,168
Кредит мекемелеріндегі қаражат	79,867	6,894	20,744	28,028	122	135,655
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	57,289	150,169	395,275	1,278,991	227,545	2,109,269
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтерді шегеріп амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	14,113	17,305	283,541	703,146	984	1,019,089
Клиенттерге берілген қарыздар*	325,594	671,791	4,472,139	2,286,554	101,824	7,857,902
Өзге қаржы активтері	29,082	2,258	23,650	14,754	6,030	75,774
	3,011,260	863,098	5,267,250	4,338,719	347,905	13,828,232
ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ:						
Клиенттердің қаражаты	5,365,384	722,973	3,612,836	386,997	399,425	10,487,615
Кредит мекемелерінің қаражаты	679,972	9,577	3,174	19,112	166,830	878,665
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелері	9,955	-	-	673	-	10,628
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	-	3,785	3,209	455,823	-	462,817
Өзге қаржы міндеттемелері	132,549	1,273	1,569	547	503	136,441
	6,187,860	737,608	3,620,788	863,152	566,758	11,976,166
Нетто позиция	(3,176,600)	125,490	1,646,462	3,475,567	(218,853)	1,852,066
Жинақталған айырма	(3,176,600)	(3,051,110)	(1,404,648)	2,070,919	1,852,066	

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

2021 ж. 31 желтоқсан

	1 айдан кем	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан жоғары	Жиыны
ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ:						
Ақшалай қаражат пен оның баламалары	1,425,776	12,745	-	-	-	1,438,521
Міндетті резервтер	124,301	15,340	47,272	7,671	347	194,931
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	278,518	8	-	194	4,613	283,333
Кредит мекемелеріндегі қаражат	77,851	74,735	448,040	1,497	2	602,125
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	52,836	48,811	219,577	1,254,770	295,683	1,871,677
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтерді шегеріп амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	11,992	1,559	329,197	694,656	250,774	1,288,178
Клиенттерге берілген қарыздар*	180,410	401,881	3,333,341	1,790,844	165,752	5,872,228
Өзге қаржы активтері	15,146	6,281	4,044	42,006	3,756	71,233
	2,166,830	561,360	4,381,471	3,791,638	720,927	11,622,226
ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ:						
Клиенттердің қаражаты	4,040,155	946,963	2,363,147	721,714	401,428	8,473,407
Кредит мекемелерінің қаражаты	889,465	49,375	903	18,350	113,549	1,071,642
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелері	1,566	-	107	142	461	2,276
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	101,473	3,785	82,265	300,797	11,492	499,812
Өзге қаржы міндеттемелері	90,772	688	16,752	1,184	-	109,396
	5,123,431	1,000,811	2,463,174	1,042,187	526,930	10,156,533
Нетто позиция	(2,956,601)	(439,451)	1,918,297	2,749,451	193,997	1,465,693
Жинақталған айырма	(2,956,601)	(3,396,052)	(1,477,755)	1,271,696	1,465,693	

*«3 айдан 1 жылға дейін» бағанындағы клиенттерге берілетін қарыздарға стандарттық емес өтелу мерзімі бар қарыздар кіреді.

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

Есепті кезең ішінде өтімділіктің GAP-алшақтықтарының өзгеруі өтімді активтер көлемінің және/немесе құрылымының өзгеруіне, Топтың активтері мен міндеттемелерінің мерзімділік құрылымының өзгеруіне, оның ішінде активтерді өтеуге дейінгі мерзімнің өзгеруі (бағалы қағаздарды, клиенттерге берілген қарыздарды өтеуге дейінгі мерзімдердің қысқаруы/ұлғаюы) және міндеттемелер (клиенттердің қаражаты бойынша, кредиттік мекемелердің қаражаты бойынша, шығарылған бағалы қағаздар бойынша қорландыру мерзімдерінің қысқаруы/ұлғаюы) себебіне байланысты.

2022 және 2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ өтімділіктің негізгі көрсеткіштеріне және өтімділік бойынша заңнамалық талаптарға сәйкес келеді.

Міндеттемелерді өтеу мерзімі бойынша талдау дәстүрлі түрде жоғарыдағы кестелерде көрсетілгеннен ұзақ мерзімде өтелген клиенттердің ағымдағы шотындағы қалдықтарының тарихи тұрақтылығын көрсетпейді. Осыған байланысты басшылық талап етілгенге дейінгі және 1 айға дейінгі мерзіммен тартылған ағымдағы шоттар мен клиенттердің депозиттерінің ауқымды бөлігін құрайтынына қарамастан, мұндай депозиттерді салымшылардың санына және түріне қарай әртараптандыру, сондай-ақ Топтың өткен кезеңдерде жинақтаған тәжірибесі көрсетіп отырғандай, бұл депозиттер Топ қызметін қаржыландырудың ұзақ мерзімді және тұрақты көзін құрап отыр. Тиісінше, ағымдағы шоттардың елеулі үлесі өтімділікті талдау және басқару үшін тұрақты ресурс болып табылады. Бұдан басқа, жинақталған алшақтық рейтингі жоғары өтімді мемлекеттік және басқа да бағалы қағаздарды сату және кері сатып алумен сату туралы келісімдердің көмегімен қайта қаржыландыру немесе қажет болғанда капитал нарығында ұзақ мерзімді қарыздық қаржыландыруды тарту есебінен жеткілікті деңгейде өтелуі мүмкін.

Өтімділік тәуекелінің одан әрі талдамасы төменде келтірілген кестеде ХҚЕС (IFRS) 7-ге сәйкес берілген. Аталған кестеде көрсетілген көлемде қаржылық жағдай туралы біріктірілген есепте берілген мөлшерге сәйкес келмейді, өйткені осы презентацияға қаржы міндеттемелері және шартты қаржы міндеттемелері бойынша болашақта жасалатын төлемдерге шарт бойынша төлем мерзіміне қарай жасалған талдау қоса енгізілген (пайыздық төлемдерді қоса).

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР	1 айдан аз	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан жоғары	2022 ж. 31 желтоқсан Жиыны
Клиенттердің қаражаты	5,386,395	729,470	1 жылға дейін	418,929	459,846	10,728,253
Кредит мекемелерінің қаражаты	686,364	28,473	106,197	131,590	207,326	1,159,950
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	-	7,626	25,523	518,249	-	551,398
Өзге қаржы міндеттемелері	132,549	1,273	1,569	547	503	136,441
Берілген кепілдіктер	603,701	-	-	-	-	603,701
Коммерциялық аккредитивтер	94,192	-	-	-	-	94,192
Қарыздар беру бойынша міндеттеме	69,122	-	-	-	-	69,122
	6,972,323	766,842	3,866,902	1,069,315	667,675	13,343,057
Туынды қаржы құралдары бойынша активтер	358,493	102,895	-	52,614	-	514,002
Туынды қаржы құралдары бойынша міндеттемелер	375,114	103,250	-	55,971	-	534,335

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР	1 айдан аз	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан жоғары	2022 ж. 31 желтоқсан Жиыны
Клиенттердің қаражаты	4,041,427	950,688	2,434,737	743,815	499,564	8,670,231
Кредит мекемелерінің қаражаты	883,280	50,632	932	18,867	140,000	1,093,711
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	101,834	4,937	102,313	396,427	879	606,390
Өзге қаржы міндеттемелері	90,772	688	16,752	1,184	-	109,396
Берілген кепілдіктер	626,319	-	-	-	-	626,319
Коммерциялық аккредитивтер	65,267	-	-	-	-	65,267
Қарыздар беру бойынша міндеттеме	58,101	-	-	-	-	58,101
	5,867,000	1,006,945	2,554,734	1,160,293	640,443	11,229,415
Туынды қаржы құралдары бойынша активтер	231,935	4,318	14,249	9,742	39,365	299,609
Туынды қаржы құралдары бойынша міндеттемелер	233,470	4,388	15,196	10,222	39,917	303,193

Мемлекеттік мекемелермен және мемлекет бақылайтын компаниялармен операциялар

Топ өз қызметі барысында ҚР Ұлттық Банкімен, ҚР Үкіметі атынан ҚР Қаржы министрлігі және мемлекеттік мекемелермен, сондай-ақ мемлекет бақылайтын компаниялармен (капиталда иелену үлесі 50% және одан жоғары) операцияларды жүзеге асырады. Топ осы клиенттерге банк қызметтерін ұсынады, соның ішінде, бірақ олармен шектелмейді: салымдарды орналастыру, қарыздар беру, бағалы қағаздарды сату және сатып алу бойынша операциялар, салымдарға қаражат қабылдау және басқалар.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша олардың баланстық құны (ТОП 10) бойынша елеулі болып табылған мемлекеттік мекемелермен және мемлекет бақылайтын компаниялармен операциялар бойынша қалдықтар былайша берілген:

	2022 ж. 31 желтоқсан				
Контрагент/эмитент	Ақшалай қаражат пен оның балама-лары	Клиент-терге берілген қарыздар	Бағалы қағаздар	Клиент-тердің / кредиттік мекеме-лердің қаражаты	Жиыны
ҚРҰБ	1,259,773	-	-	341	1,260,114
Қазақстан Республикасының Үкіметі	218	2,780	1,929,425	40,138	1,972,560
Мемлекет бақылайтын өзге де мемлекеттік мекемелер мен компаниялар	1,742	441,768	682,583	1,691,460	2,817,553
Оның ішінде:					
Мемлекеттік бағдарламалар қаражаты	135	-	67	105,709	105,911
шартты салымдар	-	-	-	82,712	82,712
	1,262,699	444,548	2,612,008	1,731,939	

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(миллион теңгемен)

	2021 ж. 31 желтоқсан				
Контрагент/эмитент	Ақшалай қаражат пен оның балама-лары	Клиент-терге берілген қарыздар	Бағалы қағаздар	Клиент-тердің / кредиттік мекеме-лердің қаражаты	Жиыны
ҚРҰБ	1,272,373	-	21,685	94	1,294,152
Қазақстан Республикасының Үкіметі	-	3,820	2,169,078	40,283	2,213,181
Мемлекет бақылайтын өзге де мемлекеттік мекемелер мен компаниялар	21	452,023	648,540	1,323,640	2,424,224
Оның ішінде:					
Мемлекеттік бағдарламалар қаражаты	-	-	-	140,871	140,871
шартты салымдар	-	-	-	68,635	68,635
	1,272,394	455,843	2,839,302	1,573,523	

Ақшалай қаражат пен оның баламаларына ҚР Ұлттық Банкіндегі ностро шоттардағы және мерзімді депозиттердегі ұлттық және шетел валютасындағы қалдықтар кіреді.

Клиенттерге берілетін қарыздар ақылылық, мерзімділік, қайтарымдылық шарттарында жасалған, мемлекет бақылайтын компанияларды қаржыландыру жөніндегі мәмілелерді білдіреді.

Бағалы қағаздар сатып алу мақсаттарына қарай әділ немесе амортизацияланған құны бойынша бағаланатын, ұлттық және шетел валютасында номинацияланған борыштық және үлестік қаржы құралдарымен ұсынылған.

Кредиттік мекемелердің қаражаты / клиенттердің қаражаты мемлекет бақылайтын компаниялар алдындағы ағымдағы шоттардағы қалдықтар, мерзімді салымдар, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландырудың мемлекеттік бағдарламалары бойынша орналастырылған қаражат, сондай-ақ квазимемлекеттік компаниялар жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар шеңберінде орналастырған шартты салымдар түріндегі міндеттемелерді білдіреді.

Өтімділік тәуекелін басқару, оның ішінде активтер мен міндеттемелердің шоғырлануын мониторингтеу мақсатында топ клиенттерге қойылатын талаптар бойынша да, сол сияқты олардың алдындағы міндеттемелер бойынша да (ірі депозиторлар / қарыз алушылар бойынша, валюта себеттері бойынша, қорландыру көзі бойынша) клиенттердің жекелеген топтарына шоғырлану лимиттерін белгілейді; көрсетілген лимиттердің орындалуын тұрақты негізде бақылайды, көрсеткіштердің өзгеру серпінін талдайды, қажет болған жағдайда шоғырлану тәуекелін төмендету жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді.

Сонымен қатар, Топ тұрақты негізде Топтың қаржылық тұрақтылығына әртүрлі макроэкономикалық және басқа көрсеткіштердің ықтимал өзгеруінің әсері бойынша стресс-тестілеу өткізеді. Қарауға және талдауға міндетті сценарийлердің бірі клиенттер қаражатының күйзеліске ұшырауы (ағымдағы шоттардан алу, мерзімді депозиттерді мерзімінен бұрын бұзу), сондай-ақ клиенттердің қаражатын шетел валютасына (теңгеден шетел валютасына) айырбастау болып табылады, стресс-тест жүргізу нәтижелері бойынша қажет болған кезде топтың қызметіне теріс әсер етуге жол бермеу жөніндегі алдын алу шаралары әзірленеді.

Активтер мен міндеттемелердің шоғырлануына арналған лимиттер мониторингінің нәтижелері және стресс-тестілеулердің нәтижелері міндетті түрде топтың қызметіне тән тәуекелдің негізгі түрлерінің ағымдағы деңгейімен танысу және қажет болған кезде тәуекелді азайту бойынша түзету шараларын қабылдау үшін уәкілетті алқалы органдардың қарауына ұсынылады.

Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел дегеніміз – Топтың табысына немесе капиталына немесе оның іскерлік мақсатқа қол жеткізу қабілетіне пайыздық мөлшерлемелер, валюта бағамдары, бағалы қағаздардың котировкалары және басқа да негізгі параметрлері секілді нарықтық параметрлер өзгерістерінің кері әсерін тигізу тәуекелі.

Топ нарықтық тәуекелдерді мынадай құрамды бөліктерге бөледі:

- Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі (пайыздық тәуекел);
- Шетел валюталарының айырбас бағамдарының өзгеру тәуекелі (валюталық тәуекел);
- Бағалы қағаздар портфелінің бағасы өзгеру тәуекелі (бағалық тәуекел).

Нарықтық тәуекелді басқару мақсаты тәуекел/кірістілік арақатынасын оңтайландыру, қолайсыз оқиғалар жүзеге асырылған кезде шығынды азайту және іс жүзіндегі қаржылық нәтиженің күтілген нәтижеден ауытқу мәнін төмендету болып табылады.

Нарықтық тәуекелді басқару бағалы қағаздардың портфельдерін басқарудан, валюталар бойынша ашылған позицияларды басқарудан, пайыздық мөлшерлемелерді басқарудан және туынды қаржы құралдарын басқарудан құралады. Осы мақсатта АПКОМ бағалы қағаздар портфельдерінің, ашылған позициялардың, stop-loss лимиттерінің және басқа да шектеулердің лимиттерін белгілейді. Нарықтық тәуекел лимиттері жылына бір реттен сирек емес қайта қаралып отырады және тұрақты бақыланады.

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(миллион теңгемен)

Пайыздық тәуекел

Топ пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекеліне ұшырайды. Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің қолайсыз өзгерісі салдарынан пайыздық табыстың азаю, пайыздық шығыстардың ұлғаю немесе капиталға кері әсер ету тәуекелі ретінде айқындалады.

Топ пайыздық тәуекелдің екі түрін бөледі:

- Әділ құнының өзгерісі өзге жиынтық кіріс арқылы көрсетілетін бағалы қағаздардың портфельдері бойынша пайыздық тәуекел;
- Пайыздық мөлшерлемелердің өзгерісіне сезімтал (сыйақы мөлшерлемесінің өзгеру тәуекелі) активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерінің сәйкес келмеуінен туындайтын (пайыздық мөлшерлемелерді қайта қарау) пайыздық тәуекел.

АПКОМ оң пайыздық маржаны қамтамасыз ете отырып, Топтың пайыздық мөлшерлемелері бойынша позициясын басқару арқылы пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелін және нарықтық тәуекелді басқарады.

Топ Пайыздық тәуекелдерді басқару және бақылау қағидаттары туралы Базель құжатында сипатталған тәсілді пайдалана отырып, пайыздық тәуекелге ұшырағыштық деңгейін анықтау арқылы пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелін басқарады. Бұл тәсіл активтер және міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемелердің параллельдік өзгеру әсерін тестілеу жолымен Топтың пайыздық тәуекелге ұшырағыштық деңгейін анықтайды.

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгерісіне сезімталдықты талдау

Төмендегі кестеде өзгерістер негізінде мүмкін деп табылған пайыздық тәуекелдің өзгерісі негізінде пайыздық тәуекелге сезімталдықтың талдауы ұсынылған. Топ пайыздық мөлшерлемелердің мүмкін болатын өзгерістерін осы пайыздық мөлшерлемелердің түрлі құбылмалылығына байланысты, қаржы активтері мен міндеттемелері белгіленген теңгедегі және шетел валютасында жеке-жеке бағалайды. Сонымен қатар теңгедегі пайыздық мөлшерлемелер өзгерістерінің сценарийі (қарыздар/депозиттер, ҚРҰБ базалық мөлшерлемесінің және т.б.) нарықтық пайыздық мөлшерлемесінің динамикасын ескереді.

Салық төленгенге дейінгі пайдаға ықпал ету – пайыздық мөлшерлемедегі жол берілетін өзгерістердің қаржы активтері мен міндеттемелердің құбылмалы мөлшерлемесі негізінде 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы мәліметке сәйкес әділ құнмен есепке алынатын бір жыл ішіндегі таза пайыздық табысқа тигізетін әсері және тіркелімді пайыздық мөлшерлемелі құралдарды қайта бағалаудың әділ құнмен есепке алынатын әсері. Топ басшысының пікірінше, табыс салығы пайыздық тәуекелді басқаруға елеулі ықпал тигізбейді.

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы мәліметке сәйкес активтер құнынан салық төленгенге дейінгі пайдаға әсері былайша берілген:

	2022 ж. 31 желтоқсан		2021 ж. 31 желтоқсан	
	Пайыздық мөлшерлеме Теңге +3.75% Шетел валютасы +2%	Пайыздық мөлшерлеме Теңге -3.75% Шетел валютасы -2%	Пайыздық мөлшерлеме Теңге +3.75% Шетел валютасы +2%	Пайыздық мөлшерлеме Теңге -3.75% Шетел валютасы -2%
ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ:				
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	(24,595)	24,332	(24,977)	24,567
Теңге	(24,924)	24,924	(28,366)	28,366
Шетел валюталары	329	(592)	3,390	(3,799)
Кредит мекемелеріндегі қаражат	1,135	(1,135)	1,273	(1,273)
Шетел валюталары	1,135	(1,135)	1,273	(1,273)
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	613	(613)_	601	(601)
Теңге	613	(613)	601	(601)
Клиенттерге берілген қарыздар	2,590	(2,590)	1,863	(1,863)
Шетел валюталары	2,590	(2,590)		
Салық салғанға дейінгі пайдаға таза әсері	(20,257)	19,994	(24,977)	24,567

Капиталға ықпал – бұл бөлінбеген пайдадағы өзгерістер нәтижесінде туындаған пайыздық мөлшерлемедегі жол берілетін өзгерістер әсері және мөлшерлемесі тіркелімді, өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтерін қайта бағалаудың әсері.

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(миллион теңгемен)

2022 және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша активтер мен міндеттемелердің құнынан капиталға ықпалы былайша берілген:

	2022 ж. 31 желтоқсан		2021 ж. 31 желтоқсан	
	Пайыздық мөлшерлеме Теңге +3.75% Шетел валютасы +2%	Пайыздық мөлшерлеме Теңге -3.75% Шетел валютасы -2%	Пайыздық мөлшерлеме Теңге +3.75% Шетел валютасы +2%	Пайыздық мөлшерлеме Теңге -3.75% Шетел валютасы -2%
ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ:				
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	(24,595)	24,332	(24,977)	24,567
Теңге	(24,924)	24,924	(28,366)	28,366
Шетел валюталары	329	(592)	3,390	(3,799)
Кредит мекемелеріндегі қаражат	1,135	(1,135)	1,273	(1,273)
Шетел валюталары	1,135	(1,135)	1,273	(1,273)
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	(108,970)	108,970	(136,113)	136,113
Теңге	(55,330)	55,330	(68,606)	68,606
Шетел валюталары	(53,640)	53,640	(67,508)	67,508
Клиенттерге берілген қарыздар	2,590	(2,590)	1,863	(1,863)
Шетел валюталары	2,590	(2,590)	1,863	(1,863)
Капиталға таза әсері	(129,839)	129,577	(157,954)	157,545

Валюталық тәуекел

Топ валюталық тәуекелге ұшырауы мүмкін. Бұл тәуекел Топтың қаржылық жағдайына кері әсерін тигізе алатын, шетел валюталары бойынша ашық позициялардың болуына және нарықтық айырбас бағамдарының қолайсыз өзгерістерінің болуына байланысты туындайтын тәуекел.

АПКОМ валюталық тәуекелді басқаруды ашық валюталық позицияны анықтау арқылы, теңгенің құнсыздануының болжамына және өзге де макроэкономикалық индикаторларға сүйене отырып іске асырады, бұл жәйт Топқа ұлттық және шетел валюталарының айырбас бағамындағы елеулі ауытқулардан болатын шығынды барынша азайтуға мүмкіндік береді.

Қазынашылық Топтың ашық валюталық позициясының реттеуші орган талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ету мақсатында оған күнделікті бақылау жасап отырады.

Топ шетел валютасының (негізінен АҚШ долларының) әрекет етуші айырбастау бағамдарындағы ауытқулардың салдарынан туындайтын, қаржылық жағдайға, қызметтің нәтижелеріне және ақшалай қаражаттың қозғалысына әсерін тигізетін, күнделікті қадағаланып отыратын тәуекелге ұшырауы ықтимал. АПКОМ валюта түрлеріне қарай тәуекел деңгейінің лимиттерін Директорлар Кеңесі бекіткен өкілеттік шеңберінде белгілейді. Бұл лимиттер реттеуші орган белгілеген ең төменгі талаптарға сәйкес келеді.

Топтың негізгі ақша ағымдары негізінен теңгемен және АҚШ долларымен генерацияланады. Соның салдарынан теңгенің АҚШ долларына қатысты айырбастау бағамының келешек тербелістері Топтың АҚШ долларымен өрнектелген ақшалай активтері мен міндеттемелерінің баланстық құнына ықпалын тигізе алады. Валюталық тәуекел қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің баптарына және баланстан тыс позицияларға қатысты бағаланады. Топтың айырбастау бағамдарының ауытқуларына ағымдағы сезіктілігі баланстан тыс баптар қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есептің баптарын елеулі бейтараптандыратынына байланысты тиімді деңгейде болады.

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(миллион теңгемен)

Топтың валюталық тәуекелге ұшырауы төмендегідей берілген:

	АҚШ доллары	Еуро	Ресей рублі	Басқалары	Шетел валютасының жиыны	Теңге	2022 ж. 31 желтоқсан ЖИЫНЫ
ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ							
Ақшалай қаражат пен оның баламалары	1,212,787	44,706	25,727	243,665	1,526,885	501,946	2,028,831
Міндетті резервтер	19,865	10,333	-	154,546	184,744	74,800	259,544
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	69,214	-	71	902	70,187	271,981	342,168
Кредит мекемелеріндегі қаражат	76,533	8,896	20,666	22,789	128,884	6,771	135,655
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	1,294,923	135,359	10,742	-	1,441,024	668,245	2,109,269
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтерді шегергенде амортизациялық құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	201,171	-	-	34,419	235,590	783,499	1,019,089
Клиенттерге берілген қарыздар	1,091,803	83,335	50,354	113,423	1,338,915	6,518,987	7,857,902
Өзге қаржы активтері	3,035	322	6,397	2,334	12,088	63,686	75,774
	3,969,331	282,951	113,957	572,078	4,938,317	8,889,915	13,828,232
ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ							
Клиенттердің қаражаты	4,078,425	264,226	43,983	166,189	4,552,823	5,934,792	10,487,615
Кредит мекемелерінің қаражаты	49,176	16,425	52,718	2,139	120,458	758,207	878,665
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелері	-	240	673	983	1,896	8,732	10,628
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	139,879	-	-	-	139,879	322,938	462,817
Өзге қаржы міндеттемелері	2,118	778	91	2,914	5,901	130,540	136,441
	4,269,598	281,669	97,465	172,225	4,820,957	7,155,209	11,976,166
Баланс бойынша нетто позиция	(300,267)	1,282	16,492	399,853	117,360	1,734,706	1,852,066
Баланстан тыс нетто позиция	368,850	(2,181)	(19,378)	(315,886)	31,405	(41,816)	
Нетто позиция	68,583	(899)	(2,886)	83,967	148,765	1,692,890	

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(миллион теңгемен)

	2021 ж. 31 желтоқсан						
	АҚШ доллары	Еуро	Ресей рублі	Басқалары	Шетел валютасының жиыны	Теңге	ЖИЫНЫ
ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ							
Ақшалай қаражат пен оның баламалары	870,407	37,178	28,701	64,431	1,000,717	437,804	1,438,521
Міндетті резервтер	66,380	36,295	783	1,940	105,398	89,533	194,931
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	21,247	187	38,021	1,928	61,383	221,950	283,333
Кредит мекемелеріндегі қаражат	546,790	5,299	2	20,696	572,787	29,338	602,125
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	1,032,406	123,598	14,176	-	1,170,180	701,497	1,871,677
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтерді шегергенде амортизациялық құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	233,320	-	3,540	6,285	243,145	1,045,033	1,288,178
Клиенттерге берілген қарыздар	999,420	53,050	100,574	82,813	1,235,857	4,636,371	5,872,228
Өзге қаржы активтері	799	217	3,635	1,943	6,594	64,639	71,233
	3,770,769	255,824	189,432	180,036	4,396,061	7,226,165	11,622,226
ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ							
Клиенттердің қаражаты	3,770,642	162,153	55,674	107,543	4,096,012	4,377,395	8,473,407
Кредит мекемелерінің қаражаты	24,206	6,027	303	2,300	32,836	1,038,806	1,071,642
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелері	187	197	710	131	1,225	1,051	2,276
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	79,550	-	-	836	80,386	419,426	499,812
Өзге қаржы міндеттемелері	1,362	99	3,894	2,215	7,570	101,826	109,396
	3,875,947	168,476	60,581	113,025	4,218,029	5,938,504	10,156,533
Баланс бойынша нетто позиция	(105,178)	87,348	128,851	67,011	178,032	1,287,661	1,465,693
Баланстан тыс нетто позиция	150,410	(89,261)	(76,048)	1,377	(13,522)	11,697	
Нетто позиция	45,232	(1,913)	52,803	68,388	164,510	1,299,358	

18

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(миллион теңгемен)

Валюталық тәуекелге сезімталдықты талдау

